



Кіріспе

Құрметті автокөлік Иесі!

Тамаша қауіпсіздік, жайлылық, қуаттылық пен үнемділік сипаттамаларымен ерекшеленетін KAIYI X7 автокөлігін таңдағаныңыз үшін алғысымызды білдіреміз. Жоғары сапалы өнімдеріміз бен қызметтеріміз арқылы Сіздің жұмысыңыз бен өміріңізге көбірек ләззат сыйлайтынымызға қуаныштымыз. Автокөлікті алғаш қолданар алдында осы нұсқаулықты мұқият оқып шығыңыз. Бұл нұсқаулық Сізге болашақта KAIYI автокөлігін жақсырақ түсінуге және пайдалануға, сондай-ақ оны мінсіз күйінде ұстауға көмектеседі. Автокөлікпен танысу Сізге оның қауіпсіздігі мен мүмкіндіктері туралы айқынырақ түсінік алуға мүмкіндік береді.

Егер пайдалану барысында қандай да бір сұрағыңыз бен қажеттілігіңіз туындаса, KAIYI автокөліктерін сату және оларға қызмет көрсету жөніндегі ең жақын орналасқан дилерге жүгінуге кеңес береміз. Қызмет көрсету және жөндеу барысында біз Сізге ең сапалы қызметтер ұсынамыз. Қызмет көрсетуді осы нұсқаулықта көрсетілген нұсқауларға сәйкес орындауыңызды сұраймыз.

Осы нұсқаулықта берілген модельдің барлық жинақтамалары туралы ақпарат ұсынылған. Жинақтамалардың әртүрлі болуына байланысты осы нұсқаулықтағы кейбір нұсқаулар Сіздің сатып алған автокөлігіңізге қатысты болмауы мүмкін. Сатып алған автокөлігіңіздің нақты жинақтамасын ескеріңіз.

Осы нұсқаулықтағы кейбір бөлімдер автокөліктердің барлық модельдеріне бірдей қолданылмауы мүмкін және әртүрлі жинақтамалардың арасында айырмашылықтар болатын жағдайда олар «*» жұлдызшамен белгіленген.

Бұл нұсқаулық Сіздің автокөлігіңіз туралы ақпараттың негізгі көзі болып табылады. Оны сақтап қойыңыз. Автокөлігіңізді сатқан немесе өзгеге берген жағдайда осы нұсқаулықты автокөліктің жаңа иесіне беруіңізді сұраймыз.

Бізді қолдағаныңыз және KAIYI автокөлігіне сүйіспеншілігіңіз үшін рақмет айтамыз және Сізге автокөлікті пайдаланудан жағымды әсерлер алуыңызды тілейміз!

Барлық құқықтар қорғалған және Yibin Kaiyi Automobile Co., Ltd. компаниясына тиесілі.

Yibin Kaiyi Automobile Co., Ltd. компаниясының жазбаша рұқсатынсыз осы нұсқаулықты және оның бөліктерін жаңғыртуға немесе көшіруге тыйым салынады.

Ескертпе: осы нұсқаулықтағы суреттер анықтамалық мақсатта ғана берілген, ал нақты ақпарат нақты автокөлікке байланысты.



Мазмұны

Кіріспе

Пайдаланушыларға арналған ақпарат	7
Осы нұсқаулық туралы	7
Графикалық ақпарат	8

Автокөлікпен алғашқы танысу

Сыртқы элементтер	9
Интерьер элементтері	11

Автокөлік жабдықтары және басқару

Аспаптар тақтасы	15
Спидометр	17
Тахометр	17
Отын деңгейінің көрсеткіші	18
Салқындату сұйықтығы температурасының көрсеткіші	18
Одометр	19
Бір тәулікте жүрілген жол есептегіші	19
Беріліс қорабы режимінің индикаторы	19
Борттық компьютер	19
Ақпараттық дисплей	20
Қашықтан басқару пульті бар кілт	30
Механикалық кілт	33
Кілтсіз кіру*	34

Қашықтан басқару пульті бар кілтпен құлыпты ашу және құлыптау	35
Механикалық кілтпен құлыпты ашу және құлыптау	36
Орталық құлып	36
Балалар бекітпесі	37
Есіктер құлпының автоматты түрде ашылуы және жабылуы	37
Есіктің сыртқы тұтқалары	38
Есіктің ішкі тұтқалары	38
Электрлік әйнеккөтергіштер	39
Әйнеккөтергіштердің қысып қалудан қорғау функциясы*	41
Төбедегі панорамалық люк*	42
Төбедегі панорамалық люктің/электржетекті күнқағар қалқаның қысып қалудан қорғау функциясы*	45
Бассүйегіштер	47
Алдыңғы орындықтар	48
Екінші қатар орындықтары	51
Үшінші қатар орындықтары*	53
Сыртқы артқы көрініс айналары	54
Ішкі артқы көрініс айнасы	56
Рульді реттеу	57
Рульдегі басқару құралдары	57
Рульдің жылытқышы*	58
Дыбыс сигналы	58





Жарық аспаптарының орнатылған орындары ...	59	Жүксалғыш қақпағын ашу және жабу.....	71
Жарық ауыстырып қосқышы	61	Жүксалғыш қақпағының құлпын апаттық жағдайда ашу.	73
Автоматты жарықтандыру*	61	Отын бағының отын құю аузын ашу және жабу.....	74
Габарит шамдар.....	62	Отын құю	75
Таяу жарық	62	Климаттық қондырғыны басқару панелі.....	76
Фаралар түзеткіші	62	Климаттық қондырғының функциялары.....	79
Ілеспе жарық.....	63	Дефлекторлар.....	83
Шалғай жарық	63	Кондиционерді қолдануға қатысты ескертпелер	84
Бұрылыс көрсеткіштері	64	Мультимедиа жүйесін қолдану бойынша нұсқаулар	85
Артқы тұман шамы	64	Басқару түймелерінің функциялары	86
Күндізгі жүріс жарықтары	65	Ақпараттық-ойын-сауық жүйесін пайдалану бойынша нұсқаулық.....	89
Стоп-сигналдар	65	Сақтауға арналған орындар	90
Артқы жүріс шамы.....	65	Күнқағарлар	92
Алдыңғы төбе плафоны.....	65	Косметикалық айна	92
Артқы төбе плафондары.....	66	Төбедегі тұтқалар	93
Салонның эстетикалық көмескі жарығы*	66	Стақанқойғыштар.....	93
Жүксалғыш бөлімді жарықтандыру плафоны...	67	Алдыңғы орындықтардың арқалықтарындағы қалталар	94
Сәлемдесу жарығы*	67	Электрмен коректендіру ағытпасы.....	94
Әйнектазартқыштардың ауыстырып қосқышы	68	USB ағытпалары.....	95
Алдыңғы әйнектазартқыш.....	68	Мобильді телефондарды сымсыз зарядтау*	96
Алдыңғы әйнекжуғыш.....	69		
Артқы әйнектазартқыш	69		
Капотты ашу және жабу	70		





Қауіпсіздік құрылғылары

Қауіпсіздік белбеулерінің қорғау әрекеті	98
Дұрыс отыру	98
Тағылмаған қауіпсіздік белбеуінің сигнал шамы	101
Алдыңғы қауіпсіздік белбеуін биіктігі бойынша реттеу.....	102
Жүктілік кезінде қауіпсіздік белбеуін қалай пайдалану қажет.....	102
Қауіпсіздік белбеулерін тексеру	103
Қауіпсіздік белбеулерінің компоненттерін ауыстыру	103
Қауіпсіздік жастықтарының қорғау әрекеті	104
Қауіпсіздік жастықтарының орнатылған орындары	104
Қауіпсіздік жастықтарының іске қосылуы	106
Қауіпсіздік жастықтарының сигнал шамы	108
Қауіпсіздік жастықтары жүйесінің компоненттерін ауыстыру	109
Автокөлікті иеліктен шығару немесе кәдеге жарату	108
Автокөлікпен балаларды тасымалдау	109
Бала орындықтарының жіктемесі.....	110
Бала орындығын орнату	111
Автокөліктің айдап әкетуге қарсы жүйесі	115
Электрондық иммоилайзер.....	115

Жүргізу

Сынап жүргізу кезеңі	116
Заттарды тиеу	117
Сапар алдындағы бақылау қарап тексеруі	117
Түймемен оталдыру	119
Педалдар.....	120
Автоматтық беріліс қорабы.....	121
Электр-механикалық тұрақ тежегіші (EPB).....	122
AUTO HOLD функциясы*	124
Қозғалтқышты оталдыру	125
Қозғалтқышты өшіру	126
Қозғалысты бастау	127
Тұраққа қою	127
Жүру режимдерін ауыстырып қосу*	128
Тежегішті бұғаттау жүйесі (ABS).....	129
Тежеу күшін үлестіретін электрондық жүйе (EBD)	130
Бағдар тұрақтылығын ұстау электрондық жүйесі (ESP).....	130
Бос айнарудан сақтау жүйесі (TCS).....	132
Тежеу көмекшісі (EBA)	132
Өрге қарай орыннан қозғалу көмекшісі (HHC).....	132
Ылдиға қарай қозғалу көмекшісі (HDC)*	133
Рульмен басқару жүйесінің электр-механикалық күшейткіші (EPS)	134





Шиналардағы қысымды бақылау жүйесі (TPMS).....	134
Жылдамдықты асыру туралы ескерту*.....	135
Жолақпен қозғалу көмекшісі (LDW)*.....	135
Тұраққа қою көмекші жүйесі (PAS).....	137
Автоматты шұғыл тежеу жүйесі (AEB)/ ықтимал соқтығысу туралы ескерту жүйесі (FCW)*.....	141
Круз-контроль (CCS)*.....	144
Бейімделетін круз-контроль (ACC)*.....	147
Көзден таса аймақтарды бақылау (BSD)*.....	149
Айнала шолу жүйесі (AVM)*.....	151
Үнемді жүргізу.....	155
Автомагистральдармен жүру.....	156
Тұман жағдайларында жүргізу.....	157
Жаңбырлы ауа райында жүргізу.....	158
Тәуліктің қараңғы мезгілінде жүргізу.....	159
Ыстық ауа райында жүргізу.....	159
Суық ауа райында жүргізу.....	160

Төтенше жағдайдағы іс-әрекеттер

Апаттық жарық сигналын беру жүйесі.....	162
Апаттық аялдау белгісі.....	162
Апаттық кеудеше.....	163
Борттық құрал.....	163
Ауасы шыққан шина.....	164

Шағын қосалқы дөңгелек.....	164
Дөңгелекті ауыстыру.....	166
Қозғалтқыш оталмайды.....	169
Қозғалтқыш қозғалыс кезінде өшіп қалады.....	169
Сыртқы қорек көзінен оталдыру.....	169
Қозғалтқыштың қызып кетуі.....	170
Сақтандырғышты ауыстыру.....	171
Автокөлік батып қалды.....	173
Автокөлікті сүйреу.....	173

Күтім жасау және техникалық қызмет көрсету

Күтім жасау және техникалық қызмет көрсету бойынша нұсқаулар.....	176
Тазалықты сақтау.....	177
Автокөлікке күтім жасау.....	180
Мотор майы.....	181
Қозғалтқыштың салқындату сұйықтығы.....	183
Тежегіш сұйықтығы.....	184
Әйнекжуғыш сұйықтығы.....	186
Автоматтық беріліс қорабына арналған май ...	186
Аккумулятор батареясы.....	187
Салон сүзгісі.....	188
Ауа сүзгісі.....	189
Әйнектазартқыштар.....	190





Дөңгелектер 191

Техникалық қызмет көрсету мерзімділігінің
кестесі..... 195

Техникалық деректер

Көлік құралының сәйкестендіру
нөмірі (VIN)..... 200

Зауыттық тақтайша 201

Қозғалтқыштың моделі мен нөмірі 202

Ақпараттық жапсырмалар 202

Радиожиілікті сәйкестендіруге арналған
терезе..... 204

Автокөліктің техникалық сипаттамалары 205

Қозғалтқыштың техникалық сипаттамалары .. 207

Тежеу жүйесінің техникалық сипаттамалары . 208

Дөңгелек дискілері мен шиналардың
техникалық сипаттамалары..... 209

Басқа техникалық сипаттамалар 209

Пайдалану сұйықтықтары және
күю көлемдері..... 210





Пайдаланушыларға арналған ақпарат

Автокөліктің жабдықтауы

Осы нұсқаулық осы модельдік қатардың қазіргі кезеңдегі барлық стандартты және арнайы жинақтамаларының сипаттамасын қамтиды. Сондықтан осы нұсқаулықта сипатталған кейбір құрамдас бөліктер немесе функциялар сіздің автокөлігіңізде болмауы мүмкін. Жинақтама туралы нақты ақпарат алу үшін сәйкес құжаттарды қараңыз немесе автокөлікті сатып алу кезінде КАІҮІ дилерімен кеңесіңіз.

Керек-жарақтар, қосалқы бөлшектер және модификациялар

Егер автокөліктің бөлшектері мен тораптарын ауыстыру қажет болса, тек түпнұсқа қосалқы бөлшектер мен керек-жарақтарды ғана пайдалануға кеңес беріледі. Ауыстыру, орнату немесе модификациялау үшін түпнұсқа емес қосалқы бөлшектер мен керек-жарақтар қолданылған жағдайда біз ешқандай кепілдік бермейміз және ешқандай жауапкершілік және міндеттемелер көтермейміз. Сонымен бірге сапа кепілдігі түпнұсқа емес қосалқы бөлшектер мен керек-жарақтарды қолданудың нәтижесінде автокөліктің зақымдалуы немесе пайдаланушылық сипаттамаларының нашарлауы секілді кемшіліктерге қолданылмайды.

Автокөлікті кәдеге жарату

Автокөліктердің қауіпсіздік жастықтарында жарылу қаупі бар химиялық заттар бар. Егер автокөлік қауіпсіздік жастықтары шешіп алынбастан кәдеге жаратылатын болса, бұл өртке және басқа да жазатайым жағдайларға алып келуі мүмкін. Утильге өткізбес бұрын осы құрылғыларды тиісті біліктілігі бар ұйымның күштерімен кәдеге жаратып алуға кеңес беріледі.

Нұсқаулықтың жарамдылығы

Осы нұсқаулықта мазмұндалған ақпарат оның жариялану сәтіндегі актуалды ақпарат болып табылады. Алайда КАІҮІ компаниясының өз өнімдерін тұрақты түрде жетілдіріп және жаңғыртып отыратынына байланысты осы нұсқаулықтың мазмұны кез келген уақытта алдын ала хабарланбастан жаңартылатын болады. Өнімдердің жаңғыртылуы туралы ақпаратты КАІҮІ дилерінен алуға болады. Осы нұсқаулықтағы суреттер тек анықтамалық мақсатта ғана берілген. Толық ақпарат алу үшін нақты автокөлікті қараңыз.

Осы нұсқаулық туралы

Нұсқаулықтың мазмұнындағы бөлімдердің тізбесі мен суреттердің көрсеткіші сізге қажетті ақпаратты тез табуға көмектеседі.

Егер өзгесі көрсетілмеген болса, осы нұсқаулықтағы автокөліктің бағыттары мен тараптарының (алды, арты, сол жағы, оң жағы) нұсқаулары қозғалыс бағытына қатысты анықталған.

Осы нұсқаулықта жеке қауіпсіздік туралы немесе автокөлікті не зақымдайтыны туралы ескертетін ақпарат табасыз. Жарақаттардан және автокөліктің зақымдануынан сақтану үшін автокөлікті пайдалану кезінде ескерту ақпаратын ескеру қажет.





Осы нұсқаулықтағы ескерту хабарламаларының қолданылу түрлері, формалары мен әдістері төменде берілген:

Қауіп

- Елемеген жағдайда өмірге қауіпті болуы мүмкін жоғары қауіп-қатер туралы ескерту үшін қолданылады.

Сақтандыру

- Елемеген жағдайда жарақаттарға алып келуі мүмкін қауіп-қатер туралы ескерту үшін қолданылады.

Назар аударыңыз

- Елемеген жағдайда автокөлікке зақым келтіруі мүмкін қауіп-қатер туралы ескерту үшін қолданылады.

Хабарлама

- Сіздің қажетіңізге жарауы мүмкін қосымша ақпарат.

Қоршаған ортаны қорғау

- Қоршаған ортаны қорғау бойынша нұсқаулар

Графикалық ақпарат

Суреттерде көрсеткілермен көрсетілген жерлер




Түйінді жерлер, жедел әрекеттер және іс-әрекеттердің бағыты көрсетілген (мысалы, алға қарай жылжыту, жоғары қарай тарту, сағат тілінің бағытында бұрау, төменге қарай қозғалу және т. б.).






Сыртқы элементтер



- | | |
|--|--|
| ① Капот ➞ 69-бет | ⑧ Дөңгелек ➞ 191-бет |
| ② Алдыңғы әйнектазартқыш ➞ 67-бет | ⑨ Блок-фара ➞ 58-бет |
| ③ Төбедегі панорамалық люк ➞ 41-бет | ⑩ Габарит шамы 2 (тіс пішінді) ➞ 58-бет |
| ④ Отын құю аузы люгінің қақпағы ➞ 73-бет | ⑪ Таяу/шалғай жарық ➞ 62-бет |
| ⑤ Есіктің жасырын тұтқасы ➞ 37-бет | ⑫ Габарит шамы 1, (эмблема арқылы өтіп тұрған жолақ) ➞ 58, 59-беттер |
| ⑥ Есік ➞ 33-бет | ⑬ Сүйреу құлақшасының алдыңғы ұяшығының бітеуіші ➞ 174-бет |
| ⑦ Сыртқы артқы көрініс айнасы ➞ 54-бет | |





① Үстіңгі стоп-сигнал ➞ 64-бет

⑤ Нөмір белгісін жарықтандыру шамы ➞ 61-бет

② Артқы құрама шам ➞ 10-бет

⑥ Жүксалғыш бөлімнің қақпағы ➞ 70-бет

③ Сүйреу құлақшасының артқы ұяшығының бітеуіші
➞ 175-бет

⑦ Артқы тұман шамы ➞ 63-бет


④ Артқы әйнектазартқыш ➞ 68-бет

⑧ Артқы құрама шам (жүксалғыш қақпағындағы
жолақ) ➞ 10-бет





Интерьер элементтері



① Жарық ауыстырып қосқышы ☞ 60-бет

② Аспаптар тақтасы ☞ 15-бет

③ Әйнектазартқыштардың ауыстырып қосқышы
☞ 69-бет

④ Ортаңғы дисплей ☞ 82-бет

⑤ Ортаңғы дефлектор ☞ 80-бет

⑥ Шеткі дефлектор ☞ 80-бет

⑦ Алдыңғы жолаушы орындығы ☞ 47-бет

⑧ Орталық консольдағы ұсақ-түйек бөлімі ☞ 89-бет


⑨ Селектор иіңтірегі ☞ 124-бет

⑩ Акселератор педалі ☞ 119-бет

⑪ Тежегіш педалі ☞ 119-бет

⑫ Жүргізуші орындығы ☞ 47-бет

⑬ Сыртқы артқы көрініс айнасы реттегішінің және
фаралар түзеткішінің құрама ауыстырып қосқышы
☞ 54, 61-беттер



① Руль ➞ 56-бет

② Оталдыру жүйесі және стартер ажыратқышының түймесі ➞ 118-бет

③ Ұсақ-түйек бөлімі ➞ 89-бет

④ Климаттық қондырғыны басқару панелі
➞ 75-бет


⑤ Апаттық жарық сигналын беру жүйесінің түймесі
➞ 162-бет

⑥ Мультимедиа жүйесін қосу пернесі ➞ 85-бет

⑦ Капоттың құлпын ашу тұтқасы ➞ 69-бет

⑧ Электр-механикалық тұрақ тежегішінің пернесі
➞ 122-бет






① Есіктің ішкі тұтқасы ➞ 37-бет

② Жолаушылар есіктерінің әйнеккөтергіштерін бұғаттау пернесі ➞ 38-бет

③ Есіктегі ұсақ-түйек бөлімі ➞ 896-бет

④ Орталық құлып пернелері ➞ 35-бет

⑤ Жүргізуші есігіндегі әйнеккөтергіштердің пернелері ➞ 38-бет




- ① Бассүйегіш ➞ 46-бет
- ② Қауіпсіздік белбеуі ➞ 97-бет
- ③ Жолаушы есігіндегі айнеккөтергіш пернесі ➞ 38-бет
- ④ Екінші қатар орындығы ➞ 50-бет
- ⑤ Артқы дефлектор ➞ 82-бет
- ⑥ Артқы USB ағытпасы* ➞ 94-бет
- ⑦ Алдыңғы орындықтың арқалығындағы қалта ➞ 93-бет





Аспаптар тақтасы

Аспаптар тақтасы (7 дюйм)*




- | | |
|--|--|
| ① Сигнал және бақылау шамдары | ⑧ Сыртқы температура индикаторы |
| ② Сағат | ⑨ Салқындату сұйықтығы температурасының көрсеткіші |
| ③ Борттық компьютер | ⑩ Одометр |
| ④ Спидометр | ⑪ Жүріс қорының индикаторы |
| ⑤ Жүру режимінің индикаторы | ⑫ Беріліс қорабы режимінің индикаторы |
| ⑥ Тахометр | ⑬ Бір тәулікте жүрілген жол есептегіші |
| ⑦ Ақпараттық-ойын-сауық жүйесінің индикаторы | ⑭ Отын деңгейінің көрсеткіші |





Аспаптар тақтасы (12,3 дюйм)*



- | | |
|---------------------------------|--|
| ① Борттық компьютер | ⑧ Ақпараттық-ойын-сауық жүйесінің индикаторы |
| ② Сигнал және бақылау шамдары | ⑨ Салқындату сұйықтығы температурасының көрсеткіші |
| ③ Спидометр | ⑩ Одометр |
| ④ Сағат | ⑪ Беріліс қорабы режимінің индикаторы |
| ⑤ Жүру режимінің индикаторы | ⑫ Жүргізушінің көмекші жүйелерінің дисплейі (ADAS) |
| ⑥ Сыртқы температура индикаторы | ⑬ Бір тәулікте жүрілген жол есептегіші |
| ⑦ Тахометр | ⑭ Отын деңгейінің көрсеткіші |





Спидометр



Спидометр бір сағаттағы километрлер санымен (км/сағ) автокөліктің ағымдағы жылдамдығын көрсету қызметін атқарады.

⚠ Сақтандыру

- Көлік жүргізу қауіпсіздігі үшін жол қозғалысы ережелерін сақтаңыз және жылдамдықты асырмаңыз.

Тахометр



- ♦ Тахометр минутына 1000 айналым санымен (айн/мин) қозғалтқыштың ағымдағы айналу жиілігін көрсету қызметін атқарады.
- ♦ Қызыл түсті индикацияға қарай ауысу қозғалтқышқа жоғары жүктеменің түсіріліп жатқаны туралы ескертеді. Автокөліктің мұндай режимде ұзақ жұмыс істеуіне жол бермеу қажет.


⚠ Назар аударыңыз

- Қозғалтқыштың және оның компоненттерінің зақымдалуына жол бермеу үшін қозғалыс кезінде тахометрді бақылап отырыңыз және қозғалтқыштың ұзақ уақыт бойы жоғары айналу жиілігімен жұмыс істеуіне жол бермеңіз.





Отын деңгейінің көрсеткіші




- ♦ Отын деңгейінің көрсеткіші осы автокөліктегі отын мөлшері туралы ақпаратты көрсету қызметін атқарады.
- ♦ Е–F индикациялау шкаласында барлығы 8 сегмент бар, мұндағы «Е» отын бағының бос екенін, ал «F» отын бағының толы екенін білдіреді. Шкала сегменттерінің жанып тұрған саны отын деңгейіне сәйкес келеді. Төмен отын деңгейінің сигнал шамы  жанған кезде бұл отын бағындағы отын мөлшерінің жеткіліксіз екенін білдіреді, мүмкіндігінше тезірек отын құйып алыңыз.

Хабарлама

- Отын бағының құятын аузының тығыны автокөліктің артқы сол жақ бөлігінде орналасқан. Оны қалай ашу және жабу керектігін 77-беттегі «Автокөлік жабдықтары және басқару» бөліміндегі «Отын құю аузының тығынын ашу және жабу» тарауынан  қараңыз.

Салқындату сұйықтығы температурасының көрсеткіші



- ♦ Салқындату сұйықтығы температурасының көрсеткіші қозғалтқышты салқындату сұйықтығының ағымдағы температурасын көрсету қызметін атқарады.
- ♦ С–Н индикациялау шкаласында жалпы 8 сегмент бар, мұндағы «С» төмен температураны, ал «Н» жоғары температураны білдіреді. Жанып тұрған сегменттердің саны салқындату сұйықтығының температурасына сәйкес келеді.

- ♦ Қозғалтқышты салқындату сұйықтығының температурасы 40 °C және одан жоғары болған кезде шкаланың бірінші сегменті жанады.
- ♦ Қозғалтқышты оталдырғаннан бастап біраз уақыт өткеннен кейін салқындату сұйықтығы температурасының көрсеткіші ортаңғы күйде тұруы тиіс.
- ♦ Салқындату сұйықтығы температурасының көрсеткішінде 8-ші сегмент жанған кезде бұл қозғалтқышты салқындату сұйықтығының температурасы тым жоғары (118 °C немесе одан жоғары) екенін білдіреді, бір мезгілде салқындату сұйықтығының жоғары температурасының бақылау шамы  жыпылықтайды, «Салқындату сұйықтығының деңгейін тексеріңіз» хабарламасы көрсетіледі және ескерту сигналы беріледі. Суытып алу үшін қозғалтқышты өшіру және салқындату сұйықтығының деңгейін тексеру қажет. Егер салқындату сұйықтығының деңгейі қалыпты, алайда температурасы тым жоғары болса, техникалық қызмет көрсету үшін КАІҮ дилеріне жүгінуге кеңес беріледі.

Сақтандыру

- Қозғалтқыштың температурасы жоғары кезде кеңейткіш бактың қақпағын ашпаңыз, қозғалтқыш суығанша күтіңіз, содан кейін салқындату сұйықтығының деңгейінің түсіп кетпегенін тексеріңіз.





Одометр

Автокөліктің қазіргі сәттегі жалпы жүрілген жолы көрсетіледі, көрсету диапазоны: 0–999 999 км.

Бір тәулікте жүрілген жол есептегіші

0-ден 9999,9 км дейінгі диапазонда ағымдағы тәулікте жүрілген жол көрсетіледі. Сағат 00:00 болған кезде тәулікте жүрілген жол есептегіші нөлге қайтарылады да, есептеу қайта басталады.

Беріліс қорабы режимінің индикаторы

Автокөліктің беріліс қорабының қазіргі режимі көрсетіледі, мысалы: P, R, N, D және т. б.

Борттық компьютер


Аспаптар тақтасын басқару түймелері



- ◀: Солға қарай жылжыту түймесі
- ▶: Оңға қарай жылжыту түймесі
- ▲ OK ▼: Жоғары/төмен жылжыту/растау түймесі

- ♦ Солға ◀ немесе оңға ▶ қарай жылжыту түймелерін басу арқылы «Автокөлік деректері», «Bluetooth телефоны», «Ескертуші индикация», «Баптаулар» және т. б. көрсету нұсқаларының циклдік ауысуы орын алады.
- ♦ Мәзірге өту үшін ▲ OK ▼ түймесін басыңыз.
- ♦ ▲ OK ▼ түймесін ұзақ басып тұру (≥ 2 с) арқылы нөлдеу орындалады.

Автокөлік деректерінің көрсетілуі




- ♦ Отын шығыны деректерін көрсету
 - ◇ Экранда «Отын шығынының деректері»: қазіргі сәттегі отын шығыны мен орташа отын шығыны көрсетіледі.
 - ◇ Отын шығынының деректері көрсетіліп тұрған кезде рульдегі ▲ OK ▼ түймесін басып тұру арқылы отынның орташа шығынын нөлге қайтаруға болады.






- ♦ Автокөлік күйінің деректерін көрсету
 - ◇ Рульдегі жоғары/төмен жылжыту/растау түймесін басу арқылы «Автокөлік күйі деректерінің» көрсетілуі қосылады.
 - ◇ «Автокөлік күйі деректерінің көрсетілуі» шиналардағы қысымды және температураны қамтиды.




- ♦ Ақаулықтар туралы ақпараттың көрсетілуі
 - ◇ «Ақаулықтар туралы ақпараттың» көрсетілуіне ауысу үшін «Автокөлік күйі деректерінің» көрсетілуі қосылып тұрған кезде рульдегі ▲ ОК ▼ жоғары/төмен жылжыту/растау түймесін басыңыз.
 - ◇ Осы кезде автокөліктің ағымдағы күйінің деректері сұралады.

Ақпараттық дисплей



- ♦ А аймағындағы көрсетілім

А ескертулер аймағында автокөліктің ағымдағы ақаулықтары туралы ақпарат көрсетіледі. Рульдегі ▲ ОК ▼ жоғары/төмен жылжыту/растау түймесін басып тұру арқылы ақаулық туралы хабарламаның күшін жою орындалады.




- ♦ В аймағындағы көрсетілім

В ескертулер аймағында жүргізушіге дұрыс оталдыруға арналған нұсқаулар көрсетіледі.



Ақпараттық-ойын-сауық жүйесінің индикаторы



Ақпараттық-ойын-сауық жүйесінің индикаторы ағымдағы ойнатылу туралы ақпаратты көрсету қызметін атқарады.

Жүргізушінің көмекші жүйелерінің дисплейі (ADAS)*



ADAS дисплейі алда орналасқан автокөлікке дейінгі қашықтық туралы ақпаратты көрсетеді.

Сағат



Аспаптар тақтасында ағымдағы уақыт көрсетіледі.



Жүру режимінің индикаторы



Аспаптар тақтасында 3 жүру режимі көрсетіледі: жайлы режим, спорттық режим және үнемді режим.

Сигнал және бақылау шамдары



Бұрылыс көрсеткішінің индикаторы

- ♦ Автокөлікте оталдыру жүйесі қосулы тұрған («ON» күйі) және бұрылыс көрсеткіші қосылған кезде тиісті тараптың бұрылыс көрсеткішімен бір мезгілде бұрылыс көрсеткішінің индикаторы жыпылықтайды. Бұрылыс көрсеткіші өшірілген кезде тиісті тараптың бұрылыс көрсеткішімен бірге бұрылыс көрсеткішінің индикаторы да өшіріледі.
- ♦ Автокөліктегі оталдыру жүйесінің кез келген күйінде апаттық жарық сигналын беру жүйесін қосқан кезде бұрылыс көрсеткіштерінің индикаторлары бірге жыпылықтайды. Апаттық жарық сигналын беру жүйесін өшірген кезде бұрылыс көрсеткіштері бірге өшеді және бұрылыс көрсеткіштерінің индикаторлары сөнеді.



Руль астындағы жарық/габарит шамдарының ауыстырып қосқышының бақылау шамы

- ♦ Жарықты/габарит шамдарын руль астындағы ауыстырып қосқышпен қосқан кезде бақылау шамы жанады.
- ♦ Жарықты/габарит шамдарын руль астындағы ауыстырып қосқышпен өшірген кезде бақылау шамы сөнеді.



Күндізгі жүріс шамдарының бақылау шамы

- ♦ Қозғалтқыш оталып тұрған, ал шалғай немесе таяу жарық қосылмай тұрған кезде автоматты түрде күндізгі жүріс шамдары қосылады және бір мезгілде күндізгі жүріс шамдарының бақылау шамы жанады.
- ♦ Шалғай не таяу жарық қосылған немесе қозғалтқыш өшірілген кезде күндізгі жүріс шамдары мен күндізгі жүріс шамдарының бақылау шамы сөнеді.



Таяу жарықтың бақылау шамы

- ♦ Оталдыру жүйесі қосулы тұрғанда («ON» күйі) таяу жарық қосылса, таяу жарықтың бақылау шамы жанады.
- ♦ Таяу жарық өшірілген кезде таяу жарықтың бақылау шамы сөнеді.





Шалғай жарықтың бақылау шамы

- ◆ Оталдыру жүйесі қосулы тұрғанда («ON» күйі) шалғай жарық қосылса, шалғай жарықтың бақылау шамы жанады.
- ◆ Шалғай жарық өшірілген кезде шалғай жарықтың бақылау шамы сөнеді.



Артқы тұман шамының бақылау шамы

- ◆ Оталдыру жүйесі қосулы тұрғанда («ON» күйі) артқы тұман шамы қосылса, артқы тұман шамының бақылау шамы жанады.
- ◆ Артқы тұман шамы өшірілген кезде артқы тұман шамының бақылау шамы сөнеді.



Жүргізушінің/алдыңғы жолаушының/екінші қатар орындықтарындағы жолаушылардың тағылмаған қауіпсіздік белбеуінің сигнал шамы



Оталдыру жүйесі қосулы тұрғанда («ON» күйі) бұл сигнал шамы жүргізушіге жүргізушінің тағылмаған қауіпсіздік белбеуі немесе қауіпсіздік белбеуінің дұрыс емес құлыпқа тағылғаны туралы ескерту қызметін атқарады. Сигнал шамы үнемі жыпылықтап тұрады немесе аспаптар тақтасында да «Қауіпсіздік белбеуін тағыңыз» хабарламасы көрсетіледі және ескерту сигналы беріледі. Тиісті жинақтамада бұл функция алдыңғы жолаушы орындығына және екінші қатар орындықтарына қарастырылған болуы мүмкін.

Пиктограмманың бұрышындағы **2** цифры: алдыңғы жолаушының қауіпсіздік белбеуі тағылмаған

Пиктограмманың бұрышындағы **3** цифры: екінші қатардың сол жақ орындығындағы жолаушының қауіпсіздік белбеуі тағылмаған

Пиктограмманың бұрышындағы **4** цифры: екінші қатардың ортаңғы орындығындағы жолаушының қауіпсіздік белбеуі тағылмаған

Пиктограмманың бұрышындағы **5** цифры: екінші қатардың оң жақ орындығындағы жолаушының қауіпсіздік белбеуі тағылмаған



Тұрақ тежегішінің бақылау шамы

Егер электр-механикалық тұрақ тежегіші қосылып тұрса, тұрақ тежегішінің бақылау шамы үздіксіз жанып тұрады.



Электр-механикалық тұрақ тежегіші ақаулығының сигнал шамы

Сигнал шамы электр-механикалық тұрақ тежегішінің ақаулығын көрсетеді, техникалық қызмет көрсету үшін КАІҮІ дилеріне жүгінуге кеңес беріледі.



AUTO HOLD функциясының бақылау шамы*

AUTO HOLD бақылау шамы функция іске қосылып тұрған кезде жанады.



Check Engine шамы

- ◆ Check Engine шамы оталдыру жүйесін қосқаннан кейін («ON» күйі) үздіксіз жанып тұрады. Қозғалтқышты оталдырғаннан және бірнеше секундтық өзін-өзі тексеруден кейін шам сөнеді, бұл қозғалтқыштың пайдаланылған газдарды бейтараптандыру жүйесінің ақаусыз жұмысын көрсетеді.
- ◆ Егер қозғалтқышты оталдырғаннан кейін шам тұрақты жанып тұрса немесе қозғалыс кезінде қосылса, бұл қозғалтқыштың пайдаланылған газдарды бейтараптандыру жүйесінде ақаулықтың бар екенін көрсетеді, техникалық қызмет көрсету үшін уақытылы КАІҮІ дилеріне жүгінуге кеңес беріледі.



EPS

Қозғалтқышты электрондық басқару ақаулығының сигнал шамы

- ◆ Қозғалтқышты электрондық басқару ақаулығының сигнал шамы оталдыру жүйесін қосқаннан кейін («ON» күйі) үздіксіз жанып тұрады. Қозғалтқышты оталдырғаннан және бірнеше секундтық өзін-өзі тексеруден кейін шам сөнеді, бұл қозғалтқышты электрондық басқару жүйесінің ақаусыз жұмысын көрсетеді.
- ◆ Егер қозғалтқышты оталдырғаннан кейін шам тұрақты жанып тұрса немесе қозғалыс кезінде қосылса, бұл қозғалтқышты электрондық басқару жүйесінде ақаулықтың бар екенін көрсетеді, техникалық қызмет көрсету үшін уақытылы КАІҮІ дилеріне жүгінуге кеңес беріледі.



Аккумулятор батареясының зарядталу және разрядталу сигнал шамы

Оталдыру жүйесін қосқаннан кейін («ON» күйі) қозғалтқыш оталмаған болса, аккумулятор батареясының зарядталу және разрядталу сигнал шамы аккумулятор батареясы энергиясының шығындалуын көрсетіп, үздіксіз жанып тұрады. Қозғалтқышты оталдырғаннан кейін аккумулятор батареясының зарядталу және разрядталу сигнал шамы сөнеді.



Техникалық қызмет көрсету сигнал шамы

Егер оталдыру жүйесі қосулы тұрса («ON» күйі) және техникалық қызмет көрсету сигнал шамы жанып тұрса, бұл автокөліктің жүріп өткен жолына байланысты техникалық қызмет көрсету мерзімінің келгенін білдіреді. Техникалық қызмет көрсетуден өту үшін КАІҮІ дилеріне уақытылы жүгінуге кеңес беріледі.



Тежегішті бұғаттау жүйесі (ABS) ақаулығының сигнал шамы

- ◆ Оталдыру жүйесін қосқаннан кейін («ON» күйі) тежегішті бұғаттау жүйесі ақаулығының сигнал шамы өзін-өзі тексеру барысында бірнеше секундқа жанады, содан кейін тежегішті бұғаттау жүйесінің ақаусыз екенін көрсетіп, сөніп қалады.
- ◆ Егер қозғалтқышты оталдырғаннан кейін шам жанып тұрса немесе қозғалыс кезінде қосылса, бұл тежегішті бұғаттау жүйесінде ақаулықтың бар екенін көрсетеді, техникалық қызмет көрсетуден өту үшін КАІҮІ дилеріне жүгінуге кеңес беріледі.



Бағдар тұрақтылығын ұстау электрондық жүйесінің (ESP) сигнал шамы

- ◆ Оталдыру жүйесі қосулы тұрғанда («ON» күйі) бағдар тұрақтылығын ұстау электрондық жүйесінің сигнал шамы жыпылықтап тұрса, бұл бағдар тұрақтылығын ұстау электрондық жүйесінің жұмыс істеп тұрғанын көрсетеді.
- ◆ Егер бағдар тұрақтылығын ұстау электрондық жүйесінің сигнал шамы тұрақты жанып тұрса және аспаптар тақтасында «ESP жүйесін тексеріңіз» мәтіндік хабарламасы көрсетілсе, бұл бағдар тұрақтылығын ұстау электрондық жүйесінің ақаулы екенін көрсетеді. Техникалық қызмет көрсетуден өту үшін КАІҮІ дилеріне уақытылы жүгінуге кеңес беріледі.



Бағдар тұрақтылығын ұстау электрондық жүйесінің (ESP) өшірілуін бақылау шамы

Оталдыру жүйесі қосулы тұрғанда («ON» күйі) бағдар тұрақтылығын ұстау электрондық жүйесін өшіру түймесін бассаңыз, бағдар тұрақтылығын ұстау электрондық жүйесінің өшірілуін бақылау шамы үздіксіз жанып, бағдар тұрақтылығын ұстау электрондық жүйесінің өшірілуі екенін көрсетіп тұрады.



Тежегіш сұйықтығының төмен деңгейінің/тежеу күшін үлестіретін электрондық жүйе (EBD) ақаулығының сигнал шамы

Егер оталдыру жүйесі қосулы тұрғанда («ON» күйі) бақылау шамы үздіксіз жанып тұрса және аспаптар тақтасында «Тежегіш сұйықтығын қосымша құйыңыз» хабарламасы көрсетіліп тұрса, бұл тежегіш сұйықтығының төмен деңгейін немесе тежеу күшін үлестіретін электрондық жүйенің ақаулығын көрсетеді. Тежегіш сұйықтығының деңгейін жүйелі түрде тексеріп отырыңыз және қажет болса, үстемелеп құйыңыз.



Қауіпсіздік жастықтарының сигнал шамы

- ♦ Оталдыру жүйесін қосқаннан кейін («ON» күйі) қауіпсіздік жастықтарының сигнал шамы бірнеше секундтық өзін-өзі тексеруден кейін сөнеді, бұл қауіпсіздік жастықтары жүйесінің ақаусыздығын көрсетеді.
- ♦ Егер қозғалтқышты оталдырғаннан кейін шам жанып тұрса немесе қозғалыс кезінде қосылса, бұл қауіпсіздік жастықтары жүйесінде ақаулықтың бар екенін көрсетеді, техникалық қызмет көрсетуден өту үшін КАІҮІ дилеріне жүгінуге кеңес беріледі.



Круз-контрольдің бақылау шамы

Оталдыру жүйесі қосулы тұрғанда («ON» күйі) круз-контроль қосулы болса, бақылау шамы жанып тұрады.



Рульмен басқару электр-механикалық күшейткіші (EPS) ақаулығының сигнал шамы

Егер сигнал шамы үздіксіз жанып тұрса, бұл рульмен басқару электр-механикалық күшейткішінің ақаулы екенін көрсетеді. Техникалық қызмет көрсетуден өту үшін КАІҮІ дилеріне уақытылы жүгінуге кеңес беріледі.



Беріліс қорабы ақаулығының сигнал шамы*

- ♦ Оталдыру жүйесін қосқаннан кейін («ON» күйі) беріліс қорабы ақаулығының сигнал шамы бірнеше секундтық өзін-өзі тексеруден кейін сөнетін болса, бұл беріліс қорабының ақаусыз екенін білдіреді.
- ♦ Егер беріліс қорабы ақаулығының сигнал шамы үздіксіз жанып тұрса және аспаптар тақтасында «Беріліс қорабын басқару жүйесін тексеріңіз» хабарламасы көрсетіліп тұрса, бұл беріліс қорабының ақаулы екенін көрсетеді. Техникалық қызмет көрсетуден өту үшін КАІҮІ дилеріне уақытылы жүгінуге кеңес беріледі.



Майдың төмен қысымының сигнал шамы

- ♦ Оталдыру жүйесін қосқаннан кейін («ON» күйі) мотор майының төмен қысымының сигнал шамы бірнеше секундтық өзін-өзі тексеруден кейін сөнетін болса, бұл мотор майы қысымының қалыпты екенін білдіреді.
- ♦ Егер майдың төмен қысымының сигнал шамы жыпылықтап тұрса, аспаптар тақтасында мәтіндік хабарлама көрсетілсе және ескерту сигналы берілсе, бұл мотор майының жеткіліксіз қысымын көрсетеді. Мүмкіндігінше тездетіп мотор майын қосымша құйыңыз.



Салқындату сұйықтығының жоғары температурасының сигнал шамы

Егер оталдыру жүйесі қосулы тұрғанда («ON» күйі) салқындату сұйықтығының жоғары температурасының сигнал шамы жыпылықтап тұрса және аспаптар тақтасында «Салқындату сұйықтығының деңгейін тексеріңіз» мәтіндік хабарламасы көрсетілсе, бұл салқындату сұйықтығының тым жоғары температурасын көрсетеді. Дерееу автокөлікті қауіпсіз жерге тоқтату және қозғалтқышты өшіру қажет. Қозғалтқыш суығаннан кейін салқындату сұйықтығының деңгейін тексеріңіз, қажет болса, салқындату сұйықтығын қосымша құйыңыз және радиатор бетінің таза екеніне көз жеткізіңіз.



Қозғалтқышты қыздыру бақылау шамы

Оталдыру жүйесінің және стартердің ажыратқышы «START» күйінде тұрғанда қозғалтқышты қыздыру бақылау шамы жанып тұрса, бұл қозғалтқыштың қыздырылып жатқанын білдіреді. Қыздыру аяқталғаннан кейін бақылау шамы сөнеді.





Отынның төмен деңгейінің сигнал шамы

Оталдыру жүйесі қосулы тұрғанда («ON» күйі) отынның төмен деңгейінің сигнал шамы жанса және аспаптар тақтасында «Отын құйыңыз» хабарламасы көрсетілсе, мүмкіндігінше тездетіп отын құйып алыңыз.



Шиналардағы қысымды бақылау жүйесі ақаулығының сигнал шамы

Егер оталдыру жүйесі қосулы тұрғанда («ON» күйі) сигнал шамы жыпылықтап немесе үздіксіз жанып тұрса, бұл шиналардағы қысымды бақылау жүйесінің ақаулы екенін білдіреді.



Жылдамдықты асыру/анықталған жол белгілері сигнал шамы

Автокөлік жылдамдығы белгіленген шекті мәнге жеткен кезде қозғалыс туралы ақпарат экранындағы автокөлік жылдамдығы индикаторының түсі қызылға өзгерген кезде, 3 рет зуммер дыбысы естіледі, жылдамдықты асыру сигнал шамы жанады және экранда белгіленген шекті жылдамдық мәні көрсетіледі. Автокөлік жылдамдығының спидометрдегі мәні белгіленген шекті мәннен 5 км/сағ төмен болған кезде жылдамдықты асыру сигнал шамы сөнеді.

Орталық дисплейде жол белгілерін тану жүйесін қосыңыз («Автокөлік баптаулары» — «Қозғалысты интеллектуалды басқару» — «Жүргізушінің көмекші жүйелері»), сонда жүйе анықталған жол белгілерін көрсетіп тұрады.



Бензинді қозғалтқыштың күйе сүзгісінің (GPF) толып қалуының сигнал шамы — GPF-ке арналған кеңестер

Оталдыру жүйесі қосулы тұрғанда («ON» күйі) сигнал шамы үздіксіз жанып тұрса, күйе сүзгісі толып қалған. Сүзгіні регенерациялау үшін қозғалыс жылдамдығын ұлғайтыңыз.



Бензинді қозғалтқыштың күйе сүзгісінің (GPF) шектен тыс толып қалуының сигнал шамы — GPF-ке қатысты ескерту

Оталдыру жүйесі қосулы тұрғанда («ON» күйі) сигнал шамы үздіксіз жанып тұрса, күйе сүзгісінің толу деңгейі шекті деңгейден асып кеткен. Дерету жөндету немесе ауыстыру қажет. Техникалық қызмет көрсетуден өту үшін КАІҮ дилеріне уақытылы жүгінуге кеңес беріледі.



Иммобилайзер сигнал шамы

Егер оталдыру жүйесі қосулы («ON» күйі) және қозғалтқыш жұмыс істеп тұрғанда сигнал шамы жыпылықтап тұрса, техникалық қызмет көрсетуден өту үшін КАІҮ дилеріне уақытылы жүгінуге кеңес беріледі.



AUTO HOLD белсенді функциясының бақылау шамы

Егер оталдыру жүйесі қосулы тұрғанда («ON» күйі) AUTO HOLD белсенді функциясының бақылау шамы жанып тұрса, бұл автокөлікті автоматты түрде ұстап тұру функциясының белсенді екенін білдіреді.



AUTO HOLD функциясы ақаулығының сигнал шамы

Егер оталдыру жүйесі қосулы тұрғанда («ON» күйі) AUTO HOLD функциясы ақаулығының сигнал шамы жанса, бұл автокөлікті автоматты түрде ұстап тұру функциясының ақаулы екенін білдіреді. Жөндету үшін КАІҮ дилеріне уақытылы жүгінуге кеңес беріледі.



Ылдиға қарай қозғалу көмекшісінің (HDC) бақылау шамы

Егер оталдыру жүйесі қосулы тұрғанда («ON» күйі) бақылау шамы үздіксіз жанып немесе жыпылықтап тұрса, бұл ылдиға қарай қозғалу көмекшісінің жұмыс істеп жатқанын білдіреді.



Ылдиға қарай қозғалу көмекшісі (HDC) ақаулығының сигнал шамы

Егер оталдыру жүйесі қосулы тұрғанда («ON» күйі) бақылау шамы үздіксіз жанса, бұл ылдиға қарай қозғалу көмекшісінің ақаулы екенін білдіреді. Техникалық қызмет көрсетуден өту үшін КАІҮІ дилеріне уақытылы жүгінуге кеңес беріледі.



Шаршау туралы ескерту сигнал шамы

Оталдыру жүйесі қосулы тұрғанда («ON» күйі) жүргізушінің шаршағанын бақылау жүйесі белсенді болса, сигнал шамы қозғалыс кезінде жануы мүмкін. Оған қосымша негізгі дисплейде хабарлама пайда болады.



Қосулы/белсенді автоматты шұғыл тежеу жүйесінің (АЕВ) бақылау шамы

Егер оталдыру жүйесі қосулы тұрғанда («ON» күйі) бақылау шамы жанып тұрса, бұл автоматты шұғыл тежеу жүйесінің қосылып тұрғанын білдіреді.



Автоматты шұғыл тежеу жүйесін (АЕВ) өшіру сигнал шамы

Егер оталдыру жүйесі қосулы тұрғанда («ON» күйі) сигнал шамы жанып тұрса, бұл автоматты шұғыл тежеу жүйесінің өшірулі екенін білдіреді.



Автоматты шұғыл тежеу жүйесі (АЕВ) ақаулығының сигнал шамы

Егер оталдыру жүйесі қосулы тұрғанда («ON» күйі) сигнал шамы жанып тұрса, бұл автоматты шұғыл тежеу жүйесінің ақаулы екенін білдіреді. Техникалық қызмет көрсетуден өту үшін КАІҮІ дилеріне уақытылы жүгінуге кеңес беріледі.



Ықтимал соқтығысу туралы қосулы тұрған ескерту жүйесінің (FCW) бақылау шамы

Егер оталдыру жүйесі қосулы тұрғанда («ON» күйі) бақылау шамы жанып тұрса, бұл ықтимал соқтығысу туралы ескерту жүйесінің белсенді күйде тұрғанын білдіреді.



Ықтимал соқтығысу туралы ескерту жүйесінің (FCW) өшірілу/ақаулығының сигнал шамы

Егер оталдыру жүйесі қосулы тұрғанда («ON» күйі) сигнал шамы жанып тұрса, бұл ықтимал соқтығысу туралы ескерту жүйесінің өшірулі немесе өшірулі болмаса, ақаулы екенін білдіреді. Техникалық қызмет көрсетуден өту үшін КАІҮІ дилеріне уақытылы жүгінуге кеңес беріледі.



Іске қосылған бейімделетін круиз-контрольдің (ACC) бақылау шамы

Егер оталдыру жүйесі қосулы тұрғанда («ON» күйі) бақылау шамы жанып тұрса, бұл бейімделетін круиз-контрольдің белсенді екенін білдіреді. Белгіленген шекті жылдамдықты өзгерткен жағдайда ішіндегі сан өзгереді.



Бейімделетін круиз-контрольдің (ACC) уақытша өшірілу сигнал шамы

Егер оталдыру жүйесі қосулы тұрғанда («ON» күйі) сигнал шамы жанып тұрса, бұл бейімделетін круиз-контрольдің уақытша белсенді емес күйде тұрғанын білдіреді.



Бейімделетін круиз-контроль (ACC) ақаулығының сигнал шамы

Егер оталдыру жүйесі қосулы тұрғанда («ON» күйі) сигнал шамы жанып тұрса, бұл бейімделетін круиз-контрольдің ақаулы екенін білдіреді. Техникалық қызмет көрсетуден өту үшін КАІҮІ дилеріне уақытылы жүгінуге кеңес беріледі.





Іске қосылған кептелісте қозғалу көмекшісінің (TJA) бақылау шамы

Егер оталдыру жүйесі қосулы тұрғанда («ON» күйі) бақылау шамы жанып тұрса, бұл кептелісте қозғалу көмекшісінің белсенді екенін білдіреді.



Кептелісте қозғалу көмекшісінің (TJA) уақытша өшірілу сигнал шамы

Егер оталдыру жүйесі қосулы тұрғанда («ON» күйі) сигнал шамы жанып тұрса, бұл кептелісте қозғалу көмекшісінің уақытша белсенді емес күйде тұрғанын білдіреді.



Кептелісте қозғалу көмекшісі (TJA) ақаулығының сигнал шамы

Егер оталдыру жүйесі қосулы тұрғанда («ON» күйі) сигнал шамы жанып тұрса, бұл кептелісте қозғалу көмекшісінің ақаулы екенін білдіреді. Жөндету үшін КАІҮІ дилеріне уақытылы жүгінуге кеңес беріледі.



Артқы жақтан соқтығысу туралы қосулы тұрған ескерту жүйесінің (RCW) бақылау шамы

Егер оталдыру жүйесі қосулы тұрғанда («ON» күйі) бақылау шамы жанып тұрса, бұл артқы жақтан соқтығысу туралы ескерту жүйесінің белсенді екенін білдіреді.



Артқы жақта көлденең бағыттағы қозғалыс туралы қосулы тұрған ескерту жүйесінің (RCTA) бақылау шамы*

Егер оталдыру жүйесі қосулы тұрғанда («ON» күйі) бақылау шамы жанып тұрса, бұл артқы жақта көлденең бағыттағы қозғалыс туралы ескерту жүйесінің белсенді екенін білдіреді.



Іске қосылған жолақпен жүру көмекшісінің (LDW) бақылау шамы

Егер оталдыру жүйесі қосулы тұрғанда («ON» күйі) бақылау шамы жанып тұрса, бұл жолақпен жүру көмекшісінің белсенді екенін білдіреді.



Жолақпен жүру көмекшісінің (LDW) уақытша өшірілу сигнал шамы

Егер оталдыру жүйесі қосулы тұрғанда («ON» күйі) сигнал шамы жанып тұрса, бұл жолақпен жүру көмекшісінің уақытша белсенді емес күйде тұрғанын білдіреді.



Жолақпен жүру көмекшісі (LDW) ақаулығының сигнал шамы

Егер оталдыру жүйесі қосулы тұрғанда («ON» күйі) сигнал шамы жанып тұрса, бұл жолақпен жүру көмекшісінің ақаулы екенін білдіреді. Техникалық қызмет көрсетуден өту үшін КАІҮІ дилеріне уақытылы жүгінуге кеңес беріледі.



Қосулы тұрған шалғай жарықты басқару көмекшісінің бақылау шамы

Егер оталдыру жүйесі қосулы тұрғанда («ON» күйі) бақылау шамы жанып тұрса, бұл шалғай жарықты басқару көмекшісінің қосулы екенін білдіреді.



Шалғай жарықты басқару көмекшісін іске қосу бақылау шамы

Егер оталдыру жүйесі қосулы тұрғанда («ON» күйі) бақылау шамы жанып тұрса, бұл шалғай жарықты басқару көмекшісінің белсенді екенін білдіреді.



Шалғай жарықты басқару көмекшісі ақаулығының бақылау шамы

Егер оталдыру жүйесі қосулы тұрғанда («ON» күйі) сигнал шамы жанып тұрса, бұл шалғай жарықты басқару көмекшісінің ақаулы екенін білдіреді. Техникалық қызмет көрсетуден өту үшін КАІҮІ дилеріне уақытылы жүгінуге кеңес беріледі.



Көзден таса аймақтарды бақылаудың (BSD)/қозғалыс жолағын ауыстыру көмекшісінің (LCA)/есікті ашу кезіндегі ескертудің (DOW) қосылу бақылау шамы

Егер оталдыру жүйесі қосулы тұрғанда («ON» күйі) бақылау шамы жанып тұрса, бұл көзден таса аймақтарды бақылаудың/қозғалыс жолағын ауыстыру көмекшісінің/есікті ашу кезіндегі ескертудің қосулы тұрғанын білдіреді.



Көзден таса аймақтарды бақылау (BSD)/қозғалыс жолағын ауыстыру көмекшісі (LCA)/есікті ашу кезіндегі ескерту (DOW) датчигінің бетінің жабылу сигнал шамы

Егер оталдыру жүйесі қосулы тұрғанда («ON» күйі) сигнал шамы жанып тұрса, бұл көзден таса аймақтарды бақылау/қозғалыс жолағын ауыстыру көмекшісі/есікті ашу кезіндегі ескерту датчигінің бетінің жабылып тұрғанын білдіреді. Техникалық қызмет көрсетуден өту үшін КАІҮІ дилеріне уақытылы жүгінуге кеңес беріледі.



Көзден таса аймақтарды бақылаудың (BSD)/қозғалыс жолағын ауыстыру көмекшісінің (LCA)/есікті ашу кезіндегі ескертудің (DOW) ақаулығының сигнал шамы


Егер оталдыру жүйесі қосулы тұрғанда («ON» күйі) сигнал шамы жанып тұрса, бұл көзден таса аймақтарды бақылаудың/қозғалыс жолағын ауыстыру көмекшісінің/есікті ашу кезіндегі ескертудің ақаулы екенін білдіреді. Техникалық қызмет көрсетуден өту үшін КАІҮІ дилеріне уақытылы жүгінуге кеңес беріледі.





Қашықтан басқару пульті бар кілт

Қашықтан басқару пульті бар кілттің түймелері



- ① Құлыптау түймесі
- ② Жүксалғыш бөлім қаппағының құлпын ашу түймесі
- ③ Құлыпты ашу түймесі

- ◆ Құлыптау түймесі
 - ◇ Қашықтан басқарудың жұмыс аймағының шегінде түймені бір рет басқан кезде барлық есіктер құлыпталады, ал барлық әйнектер автоматты түрде көтеріледі*.
 - ◇ Түймені (1 секунд ішінде) екі рет басқан кезде автокөлікті іздеу функциясы қосылады.
- ◆ Құлыпты ашу түймесі
 - ◇ Қашықтан басқарудың жұмыс аймағының шегінде түймені бір рет басқан кезде барлық есіктердің құлпы ашылады.
 - ◇ Түймені 1,5 секундтан ұзақ басып тұрған жағдайда барлық әйнектер автоматты түрде түсіріледі*.
- ◆ Жүксалғыш бөлім қаппағының құлпын ашу түймесі

Қашықтан басқарудың жұмыс аймағының шегінде түймені басып, 1,5 секунд бойы ұстап тұрған жағдайда жүксалғыш бөлім қаппағының құлпы ашылады және ол белгілі бір биіктікке дейін көтеріледі.
- ◆ Қоректендіру элементінің заряды жеткілікті болса, қашықтан басқару бірнеше метрлік радиуста жұмыс істейді. Алайда автокөлік пен кілттің арасында кедергі бар болса немесе ауа райы жағдайлары қолайсыз болса немесе қоректендіру элементінің заряды отырған болса, қашықтан басқарудың жұмыс істеу радиусы азаяды.
- ◆ Қашықтан басқару пульті мен автокөліктің арасындағы байланыс келесі жағдайларда бұзылуы мүмкін:
 - ◇ Қашықтан басқару пульті бар кілттің қоректендіру элементінің заряды отырған.
 - ◇ Автокөлік телемұнараларға, электр станцияларға, жанармай құю станцияларына, радиостанцияларға, медиақасбеттерге, әуежайларға және күшті электр-магнитті толқындар және электрондық құрылғыларға кедергілер шығаратын басқа объектілерге жақын қашықтықта орналасқан.
 - ◇ Жақын жерде портативті радиоқабылдағыш, мобильді телефон немесе басқа да сымсыз байланыс құрылғылары орналасқан.
 - ◇ Қашықтан басқару пульті бар кілт металл затқа тиіп тұр немесе оның бетін металл зат жауып тұр.
 - ◇ Автокөліктің жанында бірнеше кілт бар.
 - ◇ Әйнек металл жалатылған күннен қорғайтын үлдірмен жабылған.
- ◆ Қосымша кілт жасату үшін КАІҮІ дилеріне хабарласуға кеңес береміз.





Сақтандыру

- Ішінде балалар қараусыз қалатын болса, кілтті автокөлік ішінде қалдырмаңыз, бұл жазатайым жағдайларға және жарақаттарға алып келуі мүмкін.
- Балаларды немесе мүмкіндігі шектеулі адамдарды автокөлік ішінде жалғыз қалдырмаңыз, төтенше жағдайда олар автокөлік ішінде құлыпталып қалуы және өз қауіпсіздіктерін қамтамасыз ете алмауы мүмкін.




Назар аударыңыз

- Қашықтан басқару пульті бар кілтті жоғары температура және ылғалдылық жағдайларында қалдырмаңыз.
- Қашықтан басқару пульті бар кілтті соққыламаңыз және жерге құлатпаңыз.
- Қашықтан басқару пульті бар кілтті электр-магнитті толқындарды бұғаттай алатын магниттелген материалдарға немесе беттерге жақындатпаңыз.
- Егер қозғалтқышты қашықтан басқару пульті бар кілтпен оталдыру мүмкін болмай жатса, техникалық қызмет көрсетуден өту үшін КАІҮІ дилеріне уақытылы жүгінуге кеңес беріледі.
- Тарату жиілігін өзгертпеңіз, таратқыштың қуатын күшейтпеңіз (соның ішінде радиожиилікті қуат күшейткішінің көмегімен), сыртқы немесе басқа да таратқыш антенналар орнатпаңыз.
- Бұйым әртүрлі өнеркәсіптік, ғылыми немесе медициналық мақсаттағы радиобайланыс құрылғылары кедергілерінің әсеріне ұшырауы мүмкін төмен жиілікті радиожабдық болып табылады.


Қашықтан басқару пульті бар кілттің қоректендіру элементін ауыстыру

- ◆ Егер кедергілер жоқ болса да, қашықтан басқару жұмыс істемей тұрса немесе қашықтан басқарудың жұмыс істеу радиусы айтарлықтай қысқарса, қашықтан басқару пульті бар кілттің қоректендіру элементінің заряды отырған болуы мүмкін.
- ◆ Қашықтан басқару пульті бар кілттің қоректендіру элементін ауыстыру үшін келесі әрекеттерді орындаңыз (смарт-кілт үлгісінде):




1. Сәйкес келетін құралдың көмегімен бүйір бетіндегі ажырату сызығы бойынша қашықтан басқару пульті бар кілттің корпусын ажыратыңыз.





2. Қашықтан басқару пульті бар кілттің корпусының астыңғы бөлігінен баспа платаны шығарып алыңыз.



3. Шығарып алынған баспа платадан түйреуіштің көмегімен суретте көрсеткімен көрсетілген ұяшықтан қоректендіру элементін шығарып алыңыз.
4. Ескі қоректендіру элементінің орнына ұяшыққа жаңа қоректендіру элементін салыңыз (қоректендіру элементінің оң және теріс полюстеріне назар аударыңыз, теріс полюс жоғары қаратылған болуы тиіс).



5. Алдымен баспа платаның үстіңгі бөлігін бекіткіштерге (1) салыңыз, баспа платаның астыңғы бөлігін бекіткіш (2) сырт етіп бекітілгенше корпусқа басыңыз.
6. Қашықтан басқару пульті бар кілттің үстіңгі және астыңғы бөліктерін біріктіріңіз және қашықтан басқарудың жұмыс істейтініне көз жеткізіңіз.

Сақтандыру

- Балалардың кілттің шығарып алынған қоректендіру элементін немесе бөлшегін жұтып қоймауын қадағалаңыз.





! Назар аударыңыз

- Қашықтан басқару пульті бар кілттің қоректендіру элементінің типі: 3V-CR2032.
- Қашықтан басқару пульті бар кәдімгі кілттің қоректендіру элементін ауыстыру тәсілі смарт-кілттің қоректендіру элементін ауыстыру тәсіліне ұқсас. Қоректендіру элементінің оң және теріс полюстерінің дұрыс орналасқанына көз жеткізіңіз.
- Қоректендіру элементін өз бетіңізше ауыстыру қиындық тудыруы және зақым келтіруі мүмкін, сондықтан ауыстыру үшін KAIYI дилерлеріне жүгінуге кеңес беріледі.
- Жаңа қоректендіру элементінің кернеуі, өлшемдері және басқа да сипаттамалары бойынша бұрынғы элементке сәйкес келетініне көз жеткізіңіз.
- Қоректендіру элементін ауыстыру кезінде қашықтан басқару пультінің ішіндегі бөлшектерге қолыңызды тигізбеңіз және оларды орнынан қозғамаңыз, әйтпесе бұл қашықтан басқарудың жұмысына әсер етеді.
- Қолыңыз су, тер немесе май болса, қоректендіру элементін ұстамаңыз, әйтпесе бұл қоректендіру элементінің коррозиясына немесе қоректендіру элементі мен электрондық платаның сенімсіз түйісуіне алып келуі мүмкін.
- Қоректендіру элементінің оң және теріс полюстеріне қолыңызды тигізбеңіз, бұл қоректендіру элементінің қызмет ету мерзімін қысқартады.
- Қоректендіру элементін ауыстырғаннан кейін қашықтан басқарудың жұмысын тексеріңіз. Егер қашықтан басқару әлі де тиісінше жұмыс істемей тұрса, техникалық қызмет көрсетуден өту үшін KAIYI дилеріне уақытылы жүгінуге кеңес беріледі.

♻ Қоршаған ортаны қорғау

- Пайдаланылған қоректендіру элементтері қоршаған ортаны қорғау бойынша талаптарға сәйкес кәдеге жаратылуы тиіс, оларды тұрмыстық қоқыспен бірге тастамаңыз.

Механикалық кілт

Егер қашықтан басқару пульті бар кілттің қоректендіру элементінің заряды отырған болса немесе қашықтан басқару жұмыс істемей тұрса, есіктің құлпын механикалық кілтпен ашуға немесе жабуға болады, алайда қозғалтқышты оталдыру мүмкін емес.


i Хабарлама

- Егер автокөлікте күзеттік сигнал беру жүйесі қосулы болса, есіктің құлпын механикалық кілтпен ашқан кезде дыбыс және жарық дабыл сигналдары қосылып кетуі мүмкін.





Кілтсіз кіру*




- ◆ Смартфонға арналған қолданбадан «Автокөліктің кілті» опциясын таңдаңыз, «Қосу» пернесін басыңыз, автокөлік кілтін қосуды аяқтау үшін нұсқауларды орындаңыз және телефонның NFC картасының ақпаратын сәтті көшіріп алуын күтіңіз. Содан кейін NFC функциясын пайдалану үшін телефонның артқы бөлігін сыртқы артқы көрініс айнасындағы NFC сенсорлық аймағына жанастырып ұстаңыз.
- ◆ Смартфонды байланыстырғаннан кейін есіктің құлпын телефонның артқы панелін сыртқы артқы көрініс айнасындағы NFC сенсорлық аймағымен жүргізу арқылы ашуға болады.
- ◆ Есікті құлыптау үшін оталдыру жүйесін өшіргеннен кейін есікті жабыңыз және телефонның артқы жағын сыртқы артқы көрініс айнасындағы NFC сенсорлық аймағымен жүргізіп өтіңіз.






Қашықтан басқару пульті бар кілтпен құлыпты ашу және құлыптау

Қашықтан басқару пульті бар кілтпен құлыпты ашу



Қашықтан басқарудың жұмыс істеу радиусында оталдыру жүйесі өшірулі тұрған кезде («OFF» күйі) кілттің қашықтан басқару пультіндегі құлыпты ашу түймесін басыңыз, барлық есіктердің құлыптары ашылады, ал бұрылыс көрсеткіштері екі рет жыпылықтайды.

Қашықтан басқару пульті бар кілтпен құлыпты жабу



Қашықтан басқарудың жұмыс істеу радиусында оталдыру жүйесі өшірулі («OFF» күйі) және барлық есіктер (жүксалғыш бөлімнің қақпағын қоса алғанда) жабық тұрған кезде кілттің қашықтан басқару пультіндегі құлыптау түймесін басыңыз, барлық есіктер құлыпталады, бір рет сигнал естіледі және бұрылыс көрсеткіштері жыпылықтайды.


Хабарлама

- Қашықтан басқарудың көмегімен есіктерді құлыптаған кезде, егер оталдыру жүйесі өшірілмеген немесе есіктер және жүксалғыш бөлімнің қақпағы толық жабылмаған болса, бұрылыс көрсеткіштері айдап әкетуге қарсы жүйенің іске қосылмағанын көрсетіп, екі рет жыпылықтайды.
- Автокөлік есіктерін құлыптаудың сигнал беру жүйесі орталық дисплейден «Автокөлік баптаулары» — «Жарықтар» — «Айдап әкетуге қарсы жүйе туралы еске салу» мәзірінде тек бұрылыс көрсеткіштерінің жыпылықтауына немесе бұрылыс көрсеткіштерінің жыпылықтауы мен дыбыс сигналына баптала алады.






Қашықтан басқару пульті бар кілттің көмегімен автокөлікті іздеу



- ♦ Автокөлікті іздеу функциясын қосу үшін қашықтан басқарудың жұмыс істеу радиусында оталдыру жүйесі өшірулі тұрған кезде («OFF» күйі) кілттің қашықтан басқару пультіңдегі құлыптау түймесін екі рет (1 секунд ішінде) басыңыз. Автокөліктің орналасқан жерін көрсетіп, бұрылыс көрсеткіштері 3 рет жыпылықтайды, 3 рет сигнал беріледі және 15 секундқа таяу жарық қосылады.
- ♦ Егер автокөлікті іздеу функциясының жұмысы кезінде кілттің қашықтан басқару пультіңдегі кез келген түймені бассаңыз, іздеудің күші жойылады.


Механикалық кілтпен құлыптау және құлыпты ашу



Есік тұтқасының сол жақ ұшын басыңыз, есік тұтқасының оң жақ ұшынан тартыңыз, механикалық кілтті құлыптың өзегіне сұғыңыз да, бұраңыз.

- ♦ Кілтті сағат тіліне қарсы бағытта бұрау арқылы барлық есіктердің құлпы ашылады.
- ♦ Кілтті сағат тілінің бағытында бұрау арқылы барлық есіктер құлыпталады.

Орталық құлып



- ① Орталық құлыптың құлыпты ашу пернесі
Есіктер құлыпталып тұрған кезде барлық есіктердің құлпын ашу үшін орталық құлыптың құлыпты ашу пернесін басыңыз.
- ② Орталық құлыптың құлыптау пернесі
Барлық есіктер жабық және құлпы ашық тұрған кезде барлық есіктерді құлыптау үшін орталық құлыптың құлыптау пернесін басыңыз.





Балалар бекітпесі



Автокөліктің артқы сол жақ және оң жақ есіктері балалар бекітпесімен жабдықталған.

- ① Балалар бекітпесін өшіру
Ауыстырып қосқышты ② күйінен ① күйіне ауыстыру арқылы балалар бекітпесі өшіріледі.
- ② Балалар бекітпесін қосу
Ауыстырып қосқышты ① күйінен ② күйіне ауыстыру арқылы балалар бекітпесі қосылады.

Балалар бекітпесі қосулы тұрғанда есікті қалай ашуға болады

Есіктің құлпын ашқаннан кейін есікті ашу үшін автокөліктің сыртқы жағынан есік тұтқасын тартыңыз.

Сақтандыру

- Автокөлікте балалар отырғанда қозғалыс кезінде абайсызда есіктер ашылып кетіп, жарақат келуден сақтану үшін балалар бекітпесін қосып қою қажет.

Құлыптың автоматты түрде ашылуы және жабылуы

Оталдыру жүйесін өшіргеннен кейін құлыптың ашылуы

Токтағаннан кейін, егер алдыңғы сол жақ есік құлыптаулы болса және оталдыру жүйесі өшірілсе («OFF» күйі), есіктің құлпы автоматты түрде ашылады.

Соқтығысу кезінде құлыптың ашылуы


Оталдыру жүйесі қосулы тұрғанда («ON» күйі), автокөліктің соқтығысуы туралы сигнал алынғаннан кейін автокөліктің есіктері 1 секундтық интервалмен автоматты түрде екі рет ашылады, бір мезгілде құлыпталу бұғатталады және апаттық жарық сигналын беру жүйесі қосылады.

Қозғалыс кезіндегі автоматты түрде құлыпталу

Автокөлікті оталдырғаннан кейін қозғалыс жылдамдығы 20 км/сағ шамасынан асқан кезде, егер алдыңғы сол жақ есік жабық болса, барлық есіктер автоматты түрде құлыпталады.




Есіктің сыртқы тұтқалары



Автокөлік есіктерінің құлпын ашқаннан кейін есікті ашу үшін оның сыртқы тұтқасынан тартыңыз.

Есіктің ішкі тұтқалары



- ♦ Есіктің құлпы ашық тұрған кезде есікті ашу үшін оның ішкі тұтқасынан тартыңыз.
- ♦ Есік құлыптаулы тұрған кезде есікті ашу үшін оның ішкі тұтқасынан екі рет тартыңыз.

Хабарлама


- Балалар бекітпесі қосылып тұрған кезде есікті ішкі тұтқасының көмегімен ашу мүмкін емес.





Электрлік әйнеккөтергіштер

Жүргізуші есігіндегі әйнеккөтергіштердің пернелері



- ① Артқы сол жақ әйнеккөтергіштің пернесі
- ② Артқы оң жақ әйнеккөтергіштің пернесі
- ③ Алдыңғы сол жақ әйнеккөтергіштің пернесі
- ④ Алдыңғы оң жақ әйнеккөтергіштің пернесі
- ⑤ Жолаушылар есіктерінің әйнеккөтергіштерін бұғаттау пернесі

Оталдыру жүйесі қосулы тұрғанда («ON» күйі) (немесе оталдыру жүйесін өшіргеннен кейін 2 минуттың ішінде («OFF» күйі) және алдыңғы есіктер жабық тұрғанда) келесі әрекеттерді орындауға болады:

- ◆ Әйнектерді колмен көтеру: ①, ②, ③, ④ пернелерін жеңіл көтеріп ұстап тұрыңыз, сәйкес есіктердің әйнектері көтеріледі. Көтеру кезінде пернені жіберген кезде әйнек бірден тоқтап қалады.
- ◆ Әйнектердің автоматты түрде көтерілуі*: ①, ②, ③, ④ пернелерін тірелгенше күшпен жоғары тартыңыз да, жіберіңіз, сәйкес есіктердің әйнектері автоматты түрде шекті жоғарғы күйге дейін көтеріледі.
- ◆ Әйнектерді колмен түсіру: ①, ②, ③, ④ пернелерін жеңіл басып тұрыңыз, сәйкес есіктердің әйнектері түсіріледі. Түсіру кезінде пернені жіберген кезде әйнек бірден тоқтап қалады.
- ◆ Әйнектердің автоматты түрде түсірілуі: ①, ②, ③, ④ пернелерін тірелгенше күшпен төмен басыңыз да, жіберіңіз, сәйкес есіктердің әйнектері автоматты түрде шекті төменгі күйге дейін түсіріледі.
- ◆ Жолаушылар есіктерінің әйнеккөтергіштерін бұғаттау: жолаушылар есіктерінің әйнеккөтергіштерін бұғаттау пернесін ⑤ басыңыз, пернедегі индикатор жанады және жолаушы есігіндегі пернемен сәйкес есіктегі әйнеккөтергішті басқару мүмкін болмайды. Егер пернені тағы бір рет бассаңыз, пернедегі индикатор сөнеді және жолаушы есігіндегі әйнеккөтергіш пернесі бұғаттан шығарылады.

Жолаушы есігіндегі әйнеккөтергіш пернесі



Оталдыру жүйесі қосулы тұрғанда («ON» күйі) (немесе оталдыру жүйесін өшіргеннен кейін 2 минуттың ішінде («OFF» күйі) және алдыңғы есіктердің екеуі де жабық тұрғанда) жолаушы есігіндегі пернемен әйнеккөтергішті басқаруға болады.





- ◆ Әйнектерді қолмен көтеру: жолаушы есігіндегі әйнеккөтергіш пернесін жеңіл тартып ұстап тұрыңыз, әйнек көтеріледі. Көтеру кезінде пернені жіберген кезде әйнек бірден тоқтап қалады.
- ◆ Әйнектің автоматты түрде көтерілуі*: жолаушы есігіндегі әйнеккөтергіш пернесін күшпен тірелгенше тартыңыз, әйнек автоматты түрде шекті жоғарғы күйге дейін көтеріледі.
- ◆ Әйнектерді қолмен түсіру: жолаушы есігіндегі әйнеккөтергіш пернесін жеңіл басыңыз, әйнек түсіріледі. Түсіру кезінде пернені жіберген кезде әйнек бірден тоқтап қалады.
- ◆ Әйнектің автоматты түрде түсірілуі: жолаушы есігіндегі әйнеккөтергіш пернесін күшпен тірелгенше басыңыз, әйнек автоматты түрде шекті төменгі күйге дейін түсіріледі.

Хабарлама

- Әйнектің автоматты түрде көтерілуі кезінде әйнеккөтергіштің сәйкес пернесін басқан кезде әйнек бірден тоқтайды.

Әйнектерді қашықтан көтеру*

- ◆ Егер әйнектердің автоматты түрде көтерілу функциясы орталық басқару дисплейінде өшірілген, автокөлік құлыпталған, оталдыру жүйесі өшірілген («OFF» күйі), есіктер мен жүксалғыш бөлім қақпағы жабық болса, кілттің қашықтан басқару пультінен құлыптау түймесін басып тұрыңыз, құлыптаулы тұрған автокөліктегі барлық әйнектер автоматты түрде көтеріледі.
- ◆ Егер әйнектердің автоматты түрде көтерілу функциясы орталық басқару дисплейінде қосылы, автокөлік құлыпталған, оталдыру жүйесі өшірілген («OFF» күйі), есіктер мен жүксалғыш бөлім қақпағы жабық болса, кілттің қашықтан басқару пультінен құлыптау түймесін басыңыз, құлыптаулы тұрған автокөліктегі барлық әйнектер автоматты түрде көтеріледі.

Әйнектерді қашықтан түсіру

Оталдыру жүйесі өшірілуі («OFF» күйі), есіктер және жүксалғыш бөлімнің қақпағы жабық тұрғанда кілттің қашықтан басқару пультіндегі құлыпты ашу түймесін басып тұрыңыз, барлық әйнектер автоматты түрде түсіріледі. Құлыптау түймесін жіберген кезде әйнектер бірден тоқтайды.

Қауіп

- Жүргізуші жолаушылар есіктерінің әйнеккөтергіштерінің жұмысын қоса алғанда, барлық электрлік әйнеккөтергіштердің әрекеті үшін жауапкершілік көтереді. Кездейсоқ іске қосылуына жол бермеу үшін (әсіресе балалардың әрекетінен) балаларға электрлік әйнеккөтергіштерді басқаруға рұқсат етпеңіз, себебі балаларды немесе басқа жолаушыларды әйнек қысып қалуы мүмкін. Сонымен бірге автокөлік ішінде балалар отырса, жолаушылар есіктерінің әйнеккөтергіштерін бұғаттап қоюға кеңес беріледі.
- Әйнекті көтерген кезде жолаушының дене мүшелерінің әйнекке қысылып қалмауын қадағалаңыз, қысып қалу күрделі жарақаттарға алып келуі немесе тіпті өмірге қауіп төндіруі мүмкін.
- Қозғалыс кезінде басыңызды немесе қолдарыңызды терезеден шығармаңыз, автокөлік сыртындағы заттарға соғылу немесе шұғыл тежелу күрделі жарақаттарға алып келуі немесе тіпті өмірге қауіп төндіруі мүмкін.
- Балаларды автокөлік ішінде жалғыз қалдырмаңыз, балалар электрлік әйнеккөтергіштердің пернелерін дұрыс пайдаланбаған жағдайда, бұл күрделі жарақаттарға алып келуі немесе тіпті өмірлеріне қауіп төндіруі мүмкін.





Әйнеккөтергіштердің қысып қалудан қорғау функциясы*

Қысып қалудан қорғау функциясының жұмыс істеу аймағында әйнектің көтерілуіне қандай да бір кедергі бар болса, әйнек кедергіге кезіккен сәтте тоқтайды да, бірден төмен түседі. Егер осындай жағдай орын алса, әйнекті қайтадан көтеруге әрекеттенбес бұрын мұның себебін анықтап алу қажет.



Сақтандыру

- Қысып қалудан қорғау функциясын іске қосу үшін дене мүшеңізді әйнекке әдейі қыспаңыз.
- Егер терезенің толық жабылуына жақын күйінде қандай да бір объектіні әйнек қысып қалса, қысып қалудан қорғау функциясы іске қосылмауы мүмкін.

Қысып қалудан қорғау функциясын бейімдеу

Егер әйнектің автоматты түрде көтерілу функциясы немесе қысып қалудан қорғау функциясы жұмыс істемесе, бейімдеу барысында әйнектің қозғалу жолында ешқандай кедергілердің жоқ екеніне көз жеткізіп алып, функцияны қалпына келтіру үшін келесі әрекеттерді орындаңыз.

1. Оталдыру жүйесін қосыңыз («ON» күйі).
2. Электрлік әйнеккөтергіштің пернесін күшпен тартып ұстап тұрыңыз, әйнектің жоғарғы күйге көтерілуіне мүмкіндік беріңіз және электрлік әйнеккөтергіш пернесін 2–3 секунд бойы ұстап тұрыңыз, содан кейін оны жіберіңіз.
3. Электрлік әйнеккөтергіштің пернесін күшпен басып ұстап тұрыңыз, әйнектің төменгі күйге түсірілуіне мүмкіндік беріңіз және электрлік әйнеккөтергіш пернесін 2–3 секунд бойы ұстап тұрыңыз, содан кейін оны жіберіңіз.
4. Әйнектің автоматты түрде көтерілу функциясының әрекетін тексеріңіз.
5. Егер әйнек автоматты түрде көтерілмей тұрса, жоғарыда сипатталған әрекеттерді қайталаңыз.




Сақтандыру

- Қысып қалудан қорғау функциясын бейімдеу барысында қысып қалудан қорғау функциясы жұмыс істемейді. Ешқандай дене мүшеңіздің немесе басқа объектінің әйнектің көтерілуіне кедергі жасамауын қадағалаңыз, әйтпесе бұл зақымдануға алып келуі және қысып қалудан қорғау функциясын бейімдеудің нәтижесіне әсер етуі мүмкін.





Төбедегі панорамалық люк*




① Төбедегі панорамалық люктің ауыстырып қосқышы

② Электржетекті күнқағар қалқаның ауыстырып қосқышы

Төбедегі панорамалық люкті және күнқағар қалқаны басқару оталдыру жүйесі қосулы тұрғанда («ON» күйі) қолжетімді.

Төбедегі панорамалық люк ауыстырып қосқышының күйлері



♦ 0 күйі: төбедегі панорамалық люк ауыстырып қосқышының бастапқы күйі.

♦ 1-күй: төбедегі панорамалық люктің ауыстырып қосқышы 1-күй деп аталатын ортаңғы күйге артқа қарай жылжиды; төбедегі панорамалық люкті қолмен ашуға болады.

♦ 2-күй: төбедегі панорамалық люктің ауыстырып қосқышы 2-күй деп аталатын ортаңғы күйге алға қарай жылжиды; төбедегі панорамалық люкті қолмен жабуға болады.

♦ 3-күй: төбедегі панорамалық люктің ауыстырып қосқышы 3-күй деп аталатын артқы шеткі күйге қарай жылжиды; төбедегі панорамалық люк автоматты түрде ашыла алады.

♦ 4-күй: төбедегі панорамалық люктің ауыстырып қосқышы 4-күй деп аталатын алдыңғы шеткі күйге қарай жылжиды; төбедегі панорамалық люк автоматты түрде жабыла алады.

Хабарлама

- Егер ауыстырып қосқышқа әсер ету уақыты тым аз болса (≤ 50 мс), перне жұмыс істемейді.
- Ауыстырып қосқыш артқа 3-күйге ысырылып, содан кейін алға 1-күйге ысырылса, ауыстырып қосқыш 3-күйде қалды деп есептеледі. Ауыстырып қосқыш алға 4-күйге ысырылып, содан кейін артқа 2-күйге ысырылса, ауыстырып қосқыш 4-күйде қалды деп есептеледі.

Төбедегі панорамалық люктің ашылуы және жабылуы


- Төбедегі панорамалық люкті қолмен ашу: төбедегі панорамалық люктің ауыстырып қосқышын ① 1-күйге ауыстырыңыз да, төбедегі панорамалық люктің артқы бөлігі алдымен ашық күйге көтеріліп, содан кейін ашылу үшін артқа қарай жылжығанша ұстап тұрыңыз. Егер осы кезде ауыстырып қосқышты жіберсеңіз, панорамалық люктің ашылуы бірден тоқтайды. Сондай-ақ төбедегі панорамалық люктің ауыстырып қосқышын ① артқа 1-күйге ауыстырсаңыз, содан кейін ауыстырып қосқышты жіберіп, операцияны қайталайтын болсаңыз, төбедегі панорамалық люкті қолмен қажетті күйге дейін ашуыңызға болады.
- Төбедегі панорамалық люктің автоматты түрде ашылуы: төбедегі панорамалық люктің ауыстырып қосқышын ① 3-күйге ауыстырыңыз да, жіберіңіз, төбедегі панорамалық люктің артқы бөлігі автоматты түрде шекті үстіңгі күйге дейін көтеріледі. Төбедегі панорамалық люктің ауыстырып қосқышын қайтадан ① 3-күйге ауыстырыңыз да, жіберіңіз, төбедегі панорамалық люк автоматты түрде толықтай ашық күйге жылжиды.





- ♦ Төбедегі панорамалық люкті қолмен жабу: төбедегі панорамалық люктің ауыстырып қосқышын ① алға 2-күйге қарай ауыстырып, төбедегі панорамалық люк жабылмайынша ұстап тұрыңыз. Сондай-ақ төбедегі панорамалық люктің ауыстырып қосқышын ① алға 2-күйге ауыстырсаңыз, содан кейін ауыстырып қосқышты жіберіп, люктің қажетті жабылу күйіне дейін операцияны қайталайтын болсаңыз, төбедегі панорамалық люкті қолмен жабуыңызға болады.
- ♦ Төбедегі панорамалық люктің автоматты түрде жабылуы: төбедегі панорамалық люктің ауыстырып қосқышын ① алға қарай 4-күйге ауыстырыңыз да, жіберіңіз, төбедегі панорамалық люк автоматты түрде толық жабылады.

Электржетекті күнқағар қалқа ауыстырып қосқышының күйлері



- ♦ 0 күйі: күнқағар қалқа ауыстырып қосқышының бастапқы күйі.
- ♦ 1-күй: электржетекті күнқағар қалқаның ауыстырып қосқышы 1-күй деп аталатын ортаңғы күйге артқа қарай жылжиды; электржетекті күнқағар қалқаны қолмен ашуға болады.
- ♦ 2-күй: электржетекті күнқағар қалқаның ауыстырып қосқышы 2-күй деп аталатын ортаңғы күйге алға қарай жылжиды; электржетекті күнқағар қалқаны қолмен жабуға болады.

- ♦ 3-күй: электржетекті күнқағар қалқаның ауыстырып қосқышы 3-күй деп аталатын артқы шеткі күйге қарай жылжиды; электржетекті күнқағар қалқа автоматты түрде ашыла алады.
- ♦ 4-күй: электржетекті күнқағар қалқаның ауыстырып қосқышы 4-күй деп аталатын шеткі алдыңғы күйге қарай жылжиды; электржетекті күнқағар қалқа автоматты түрде жабыла алады.



Хабарлама

- Егер ауыстырып қосқышқа әсер ету уақыты тым аз болса (≤ 50 мс), перне жұмыс істемейді.
- Ауыстырып қосқыш артқа 3-күйге ысырылып, содан кейін алға 1-күйге ысырылса, ауыстырып қосқыш 3-күйде қалды деп есептеледі. Ауыстырып қосқыш алға 4-күйге ысырылып, содан кейін артқа 2-күйге ысырылса, ауыстырып қосқыш 4-күйде қалды деп есептеледі.

Электржетекті күнқағар қалқаның ашылуы және жабылуы

- ♦ Электржетекті күнқағар қалқаны қолмен ашу: электржетекті күнқағар қалқаның ауыстырып қосқышын ② 1-күйге ауыстырыңыз да, оны электржетекті күнқағар қалқа ашылғанша ұстап тұрыңыз. Егер осы кезде ауыстырып қосқышты жіберсеңіз, электржетекті күнқағар қалқаның ашылуы бірден тоқтайды. Сондай-ақ электржетекті күнқағар қалқаның ауыстырып қосқышын ② 1-күйге ауыстырсаңыз, содан кейін ауыстырып қосқышты жіберіп, операцияны қайталайтын болсаңыз, электржетекті күнқағар қалқаны қолмен қажетті күйге дейін ашуыңызға болады.
- ♦ Электржетекті күнқағар қалқаның автоматты түрде ашылуы: электржетекті күнқағар қалқаның ауыстырып қосқышын ② 3-күйге ауыстырыңыз да, жіберіңіз, электржетекті күнқағар қалқа автоматты түрде толық ашылады.
- ♦ Электржетекті күнқағар қалқаны қолмен жабу: электржетекті күнқағар қалқаның ауыстырып қосқышын ② 2-күйге ауыстырыңыз да, оны электржетекті күнқағар қалқа жабылғанша ұстап тұрыңыз; егер осы кезде ауыстырып қосқышты жіберсеңіз, электржетекті күнқағар қалқаның жабылуы бірден тоқтатылады. Сондай-ақ электржетекті күнқағар қалқаның ауыстырып қосқышын ② алға қарай 2-күйге ауыстырсаңыз, ауыстырып қосқышты жіберіп, операцияны қайталайтын болсаңыз, электржетекті күнқағар қалқаны қолмен қажетті күйге дейін жабуыңызға болады.
- ♦ Электржетекті күнқағар қалқаның автоматты түрде жабылуы: электржетекті күнқағар қалқаның ауыстырып қосқышын ② алға қарай 4-күйге ауыстырыңыз да, жіберіңіз, электржетекті күнқағар қалқа автоматты түрде толық жабылады.





Хабарлама

- Төбедегі панорамалық люктің немесе электржетекті күнқағар қалқаның автоматты түрде ашылуы/жабылуы кезінде төбедегі панорамалық люктің немесе электржетекті күнқағар қалқаның ауыстырып қосқышымен жасалатын әрекетті қайталаңыз, төбедегі панорамалық люк немесе электржетекті күнқағар қалқа бірден қозғалысын тоқтатады.
- Күнқағар қалқа әрдайым панорамалық люк қақпағы күйінің артында орналасады, электржетекті күнқағар қалқаны толық жабу үшін төбедегі панорамалық люк толық жабық күйде тұруы тиіс.

Сақтандыру

- Төбедегі панорамалық люкті немесе электржетекті күнқағар қалқаны басқарған кезде жолаушының қандай да бір дене мүшесінің қысылып қалмауын қадағалаңыз.
- Автокөліктің қозғалысы кезінде жолаушылардың бастары, қолдары және басқа дене мүшелері төбедегі панорамалық люктің ойығында болмауы тиіс, әйтпесе бұл шұғыл тежелген жағдайда немесе жол-көлік оқиғасы кезінде жарақаттарға алып келеді.
- Балаларға төбедегі панорамалық люкті және электржетекті күнқағар қалқаны басқаруға рұқсат етпеңіз.
- Төбедегі панорамалық люкті және электржетекті күнқағар қалқаны жапқан кезде жолаушылардың қолдарын, бастарын, мойындарын және басқа дене мүшелерін қысып қалмауын және күрделі жарақаттар алмауын қадағалаңыз.

Назар аударыңыз

- Электржетектің зақымдануына жол бермеу үшін электржетекті күнқағар қалқаны қолыңызбен тартпаңыз.
- Автокөлікті ұзақ уақыт тұраққа қойған кезде күн сәулесінің көп әсер етуінен салон ішінің зақымдануына жол бермеу үшін электржетекті күнқағар қалқаны жауып қоюға кеңес беріледі.
- Мұз қатып қалған болса, төбедегі панорамалық люкті күштеп ашпаңыз. Бұл төбедегі панорамалық люктің зақымдануына алып келуі мүмкін.

Төбедегі панорамалық люктің/электржетекті күнқағар қалқаның қысып қалудан қорғау функциясы*

Төбедегі панорамалық люк пен электржетекті күнқағар қалқаның қысып қалудан қорғау функциясы бар. Төбедегі панорамалық люктің немесе электржетекті күнқағар қалқаның қысып қалудан қорғау функциясының жұмыс істеу аймағында қандай да бір кедергі жабылуына бөгет болса, кедергіге тиген кезде жабылу тоқтатылады және люктің қақпағы/қалқа бірден кері бағытқа қарай жылжиды. Егер осындай жағдай орын алса, қайтадан жабуға әрекет жасамас бұрын төбедегі панорамалық люктің немесе электржетекті күнқағар қалқаның жабылмауының себебін анықтап алу қажет.

Сақтандыру

- Қысып қалудан қорғау функциясын іске қосу үшін дене мүшеңізді әйнекке әдейі қыспаңыз.





Төбедегі панорамалық люкті/электржетекті күнқағар қалқаны қайта баптау

- ♦ Егер төбедегі панорамалық люкті басқару модулінде тіркелген күй панорамалық люктің шыны қақпағының/электржетекті күнқағар қалқаның нақты күйіне сәйкес болмаса немесе панорамалық люктің шыны қақпағының/күнқағар қалқаның бағдарламалық нүктесінен ауытқу болған жағдайда панорамалық люктің шыны қақпағының/электржетекті күнқағар қалқаның қалыпты күйін қалпына келтіру үшін қайта баптау жолымен нөлдік нүктенің күйін нөлдеу әрекетін жасау қажет. Сондай-ақ төбедегі панорамалық люктің басқару блогы жұмысының бұзылуына байланысты апаттық режимге ауысқан жағдайда да төбедегі панорамалық люктің басқару блогын кәдімгі режимге қайтару үшін қайта баптау қажет болады. Төбедегі панорамалық люктің басқару блогындағы күйді болдырмау келесі себептерден туындаған болуы мүмкін:
 - ◇ Төбедегі панорамалық люктің басқару блогы немесе электрқозғалтқыш жаңадан орнатылған.
 - ◇ Төбедегі панорамалық люк/электржетекті күнқағар қалқа жаңадан орнатылған.
 - ◇ Панорамалық люктің шыны қақпағы/электржетекті күнқағар қалқа төбедегі панорамалық люктің басқару блогы ұйқы режимінде тұрғанда немесе оталдыру жүйесі өшірулі күйде сыртқы күштің әсерімен жылжытылған.
 - ◇ Төбедегі панорамалық люктің/электржетекті күнқағар қалқаның бекіту механизмінің тозуы, люфті немесе босауы бар.
- ♦ Төбедегі панорамалық люктің ауыстырып қосқышын алға қарай 4-күйге ауыстырыңыз, панорамалық люктің толық жабылуына мүмкіндік беріңіз, содан кейін төбедегі панорамалық люктің ауыстырып қосқышын қайтадан алға қарай 4-күйге ауыстырыңыз да, келесі әрекеттер аяқталғанға дейін оны кемінде 7 секунд бойы ұстап тұрыңыз:
 1. Панорамалық люктің шыны қақпағы жабылу бағытына қарай қозғалады.
 2. Панорамалық люктің шыны қақпағы жабылу бағытына қарай механикалық тіреуге тигеннен кейін бағдарламалық тоқтау нүктесіне дейін кері жылжиды.
 3. Панорамалық люктің шыны қақпағы тоқтағаннан кейін электржетекті күнқағар қалқа жабылу бағытына қарай қозғалады.
 4. Электржетекті күнқағар қалқа жабылу бағытына қарай механикалық тіреуге тигеннен кейін бағдарламалық тоқтау нүктесіне дейін кері жылжиды.
 5. Панорамалық люктің шыны қақпағы мен электржетекті күнқағар қалқа тоқтаған кезде қайта баптау аяқталады.
- ♦ Электржетекті күнқағар қалқаны бөлек қайта баптауға болады. Панорамалық люктің шыны қақпағының қосылу сигналы жұмыс істеп тұрғанда және люктің шыны қақпағының толық жабық күйінде электржетекті күнқағар қалқаның ауыстырып қосқышын алға қарай 4-күйге ауыстырыңыз. Электржетекті күнқағар қалқа жабылу бағытына қарай қозғалып бара жатқанда, жабылу бағытында механикалық тіреуге барып тигенше және содан кейін жабық күйдегі тоқтау нүктесіне қайтып оралғанша оны кемінде 7 секунд бойы ұстап тұрыңыз. Электржетекті күнқағар қалқаны қайта баптау аяқталды.



Сақтандыру

- Жарақат алып қалмау немесе төбедегі люктің механизмін зақымдап алмау үшін қайта баптау үдерісі кезінде төбедегі люктің/қалқаның ойығына қолдарыңызды немесе басқа заттарды қоюға тыйым салынады.





Хабарлама

- Егер қайта баптау үдерісі кезінде қозғалтқыш оталса, панорамалық люктің қақпағы/электржетекті күнқағар қалқа бірден тоқтайды. Қайта баптау орындалмайды.
- Егер қайта баптау үдерісі кезінде сәйкес ауыстырып қосқыш уақытынан бұрын босатылса, панорамалық люктің қақпағы/электржетекті күнқағар қалқа бірден тоқтайды. Қайта баптау орындалмайды.
- Егер қайта баптау үдерісі кезінде кернеу тым жоғары немесе тым төмен болса, панорамалық люктің қақпағы/электржетекті күнқағар қалқа бірден тоқтайды. Қайта баптау орындалмайды.
- Сәтсіз қайта баптаудан кейін қайта баптаудың деректері жойылады және жүйе қайта бапталмаған күйге өтеді.

Төбедегі панорамалық люктің/электржетекті күнқағар қалқаның қысып қалудан қорғау функциясын бейімдеу

Төбедегі панорамалық люк қайта баптау аяқталғаннан кейін 5 секунд бойы бейімделу режиміне өтуі мүмкін, төбедегі панорамалық люктің ауыстырып қосқышын жіберіңіз де, төбедегі панорамалық люктің ауыстырып қосқышын қайтадан алға қарай 4-күйге ауыстырыңыз және оны келесі әрекеттер аяқталғанша 3 секундтан ұзақ ұстап тұрыңыз:

1. Төбедегі панорамалық люк және электржетекті күнқағар қалқа бір мезгілде ашылып жатыр
2. Панорамалық люктің шыны қақпағы автоматты түрде тоқтағанға дейін толық ашылады, ал электржетекті күнқағар қалқа автоматты түрде тоқтағанға дейін жартылай ашылады
3. Панорамалық люктің шыны қақпағы жабылу бағытына қарай қозғалады
4. Панорамалық люктің шыны қақпағы толық жабылу бағытында қозғалу кезінде автоматты түрде тоқтайды
5. Электржетекті күнқағар қалқа жабылу бағытына қарай қозғалады
6. Электржетекті күнқағар қалқа толық жабылу бағытында қозғалу кезінде автоматты түрде тоқтайды
7. Панорамалық люктің шыны қақпағы мен электржетекті күнқағар қалқа тоқтағаннан кейін бейімделу аяқталады

Сақтандыру

- Қысып қалудан қорғау функциясын бейімдеу барысында қысып қалудан қорғау функциясы жұмыс істемейді. Қандай да бір дене мүшеніздің немесе басқа объектінің төбедегі панорамалық люктің жабылуына кедергі жасауына жол бермеңіз, әйтпесе бұл оның зақымдалуына алып келеді және қысып қалудан қорғау функциясын бейімдеудің нәтижесіне әсер етеді.

Хабарлама


- Егер бейімдеу кезінде қозғалтқыш оталса, панорамалық люктің қақпағы/электржетекті күнқағар қалқа бірден тоқтайды. Бейімдеу орындалмайды.
- Егер бейімдеу кезінде сәйкес ауыстырып қосқыш уақытынан бұрын босатылса, панорамалық люктің қақпағы/электржетекті күнқағар қалқа бірден тоқтайды. Бейімдеу орындалмайды.
- Егер бейімдеу кезінде кернеу тым жоғары немесе тым төмен болса, панорамалық люктің қақпағы/электржетекті күнқағар қалқа бірден тоқтайды. Бейімдеу орындалмайды.
- Сәтсіз бейімдеуден кейін қайта баптау деректері жойылмайды, төбедегі панорамалық люк/электржетекті күнқағар қалқа қалыпты режимде қалады.





Бассүйегіштер

- ♦ Жол-көлік оқиғасы кезінде жарақаттардың ауырлығын төмендету мақсатында жүргізуші мен жолаушыларды қорғау үшін бассүйегіштерді дұрыс реттеу қажет.
- ♦ Бассүйегіштерді жүргізушінің немесе жолаушының басы бассүйегіштің дәл ортасында орналасатындай етіп реттеңіз.



- ♦ Көтеру
Бассүйегішті шеттерінен ұстаңыз да, жоғары қарай қажетті биіктікке көтеріңіз.
- ♦ Түсіру
Орындықтың сыртқы жағындағы бассүйегішті бұғаттан шығару түймесін басыңыз, қажетті күйге түсіру үшін бір мезгілде бассүйегішті басыңыз, содан кейін бұғаттан шығару түймесін жіберіңіз.

- ♦ Бассүйегішті шешіп алу

Орындықтың екі жағынан бассүйегішті бұғаттан шығару түймелерін бірге басыңыз да, бассүйегішті жоғары қарай суырып алыңыз.



Сақтандыру


- Бассүйегіштердің дұрыс күйге орнатылғанына көз жеткізіңіз.
- Реттегеннен кейін бассүйегіштің бекітілгеніне көз жеткізу үшін оны басып көріңіз.
- Бассүйегішті шешіп алғаннан кейін орындықты пайдаланбаңыз.





Алдыңғы орындықтар

Электржетекті орындықты реттеу*



- ① Орындықты ілгері-кейін/биіктігін* реттеу пернесі
- ② Орындық арқалығының көлбеу бұрышын реттеу пернесі
- ③ Бел тіреуішінің электржетегінің ауыстырып қосқышы*

♦ Орындықты ілгері-кейін бағытта реттеу

Орындықты ілгері-кейін/биіктігін* реттеу пернесін ① алға немесе артқа қарай басу арқылы орындықты ілгері-кейін бағытта қажетті күйге жылжытыңыз да, пернені жіберіңіз.

♦ Орындық биіктігін реттеу*

Орындықты ілгері-кейін/биіктігін* реттеу пернесінің ① артқы бөлігін жоғары көтеру немесе төмен басу арқылы орындықты биіктігі бойынша реттеңіз және пернені жіберіңіз.

♦ Орындықтың арқалығын еңкейту бұрышын реттеу

Орындық арқалығының көлбеу бұрышын реттеу пернесінің ② үстіңгі бөлігін алға немесе артқа қозғау арқылы орындық арқалығының көлбеу бұрышын реттеп алып, пернені жіберіңіз.


♦ Электржетекті орындықтың бел тіреуішін реттеу*

Бел тіреуішінің электржетегінің ауыстырып қосқышын ③ жоғары, төмен, солға немесе оңға басу арқылы бел тіреуішінің күйін тік және көлденең бағытта реттеп алып, ауыстырып қосқышты жіберіңіз.





Орындықты қолмен реттеу*



- ① Орындықты ілгері-кейін бағытта реттеу иінтірегі
- ② Орындықтың биіктігін реттеу тұтқасы*
- ③ Орындық аралығының көлбеу бұрышын реттеу тұтқасы

♦ Орындықты ілгері-кейін бағытта реттеу

Орындықты ілгері-кейін бағытта реттеу иінтірегін жоғары қарай тартып, ұстап тұрыңыз, орындықты ілгері-кейін бағытта қажетті күйге жылжытыңыз да, иінтіректі жіберіңіз, орындықты бұғаттау механизмі бекітілгенше орындықты сәл жылжытыңыз.

♦ Орындық биіктігін реттеу*

Орындықты биіктігі бойынша реттеу үшін орындық биіктігін реттеу тұтқасын бірнеше рет жоғары қарай тартыңыз немесе төмен басыңыз, содан кейін тұтқаны жіберіңіз.

♦ Орындықтың арқалығын еңкейту бұрышын реттеу

Орындықтың арқалығының көлбеу бұрышын реттеу тұтқасын жоғары қарай тартыңыз; арқаңызбен сүйеніп отырып, орындық арқалығының көлбеу бұрышын өзгертіңіз де, тұтқаны жіберіңіз.



Сақтандыру

- Орындық арқалығының көлбеу бұрышын қолмен реттеген кезде орындық арқалығының тез алға жатып қалып, жарақат келтіруінен сақтану үшін оған арқаңызбен сүйеніп отырыңыз.
- Орындықтың жылжып кетуінен автокөлікті басқара алмай қалудан сақтану үшін қозғалыс кезінде орындықты реттемеңіз.
- Орындықты реттегеннен кейін көпшігі мен арқалығының сенімді бекітілгеніне көз жеткізу үшін орындықтың көпшігі мен арқалығын алға-артқа басып көріңіз.



Хабарлама

- Зауытта жүргізуші орындығының көпшігі орындықтың ілгері-кейін бағыттағы 240 мм жүрісінің толық ұзындығымен орындықты 200 мм алға және 40 мм артқа жылжытуға болатындай етіп орнатылады. Арқалықтың көлбеу бұрышы 28° алға және 50° артқа қарай реттеле алады. Орындық биіктігі бойынша 40 мм жоғарыға және 20 мм төменге реттеле алады (биіктігі бойынша максималды реттеу жүрісі — 60 мм).
- Зауытта алдыңғы жолаушы орындығының көпшігі орындықтың ілгері-кейін бағыттағы 240 мм жүрісінің толық ұзындығымен орындықты 200 мм алға және 40 мм артқа жылжытуға болатындай етіп орнатылады. Арқалықтың көлбеу бұрышы 28° алға және 50° артқа қарай реттеле алады.





Орындықтардың жылытқышы және желдеткіші*



- ① Жүргізуші орындығы желдеткішінің түймесі*
- ② Жүргізуші орындығы жылытқышының түймесі*
- ③ Алдыңғы жолаушы орындығының жылытқышының түймесі*
- ④ Алдыңғы жолаушы орындығының желдеткішінің түймесі*
- ⑤ Артқы орындық жылытқышының түймесі*

Климаттық қондырғы мәзірін орталық басқару дисплейінде толық экранда көрсетуге ауысу климаттық

қондырғының басқару панеліндегі  түймесін басу арқылы немесе  температура белгішесін/  желдеткіш жылдамдығының белгішесін басу арқылы немесе кондиционерді қосуды/өшіруді дауыспен басқарудың көмегімен немесе орындықтар жылытқышын/желдеткішін дауыспен басқарудың көмегімен немесе әйнектердегі қырауды автоматты түрде ерітуді дауыспен басқарудың көмегімен жүзеге асырылады. Егер мәзірде ешқандай әрекет жасалмаса, 15 секундтан кейін орталық басқару дисплейі климаттық қондырғының мәзірін толық экранда көрсету режимінен автоматты түрде шығады. Орындықтарды жылыту және желдету функциясын пайдалану үшін қозғалтқышты оталдыру қажет.

- ♦ Жүргізуші орындығының желдеткішін қосу, өшіру және желдету қарқынының 1–3 деңгейлерінің бірін белгілеу үшін  пернесін ретімен басыңыз.
- ♦ Жүргізуші орындығының жылытқышын қосу, өшіру және жылыту қарқынының 1–3 деңгейлерінің бірін белгілеу үшін  пернесін ретімен басыңыз.
- ♦ Алдыңғы жолаушы орындығының желдеткішін қосу, өшіру және желдету қарқынының 1–3 деңгейлерінің бірін белгілеу үшін  пернесін ретімен басыңыз.
- ♦ Алдыңғы жолаушы орындығының жылытқышын қосу, өшіру және жылыту қарқынының 1–3 деңгейлерінің бірін белгілеу үшін  пернесін ретімен басыңыз.

Хабарлама

- Орындықтардың жылытқышы мен желдеткіші бір мезгілде жұмыс істей алмайды. Егер орындық желдеткіші қосылған болса, онда орындық жылытқышын қосқан кезде орындық желдеткіші өшеді. Егер орындық жылытқышы қосылған болса, онда орындық желдеткішін қосқан кезде орындық жылытқышы өшеді.





Екінші қатар орындықтары

Екінші қатар орындығын реттеу (7 орындық автокөлік)*



- ① Орындықты ілгері-кейін бағытта реттеу иінтірегі
- ② Орындық аралығының көлбеу бұрышын реттеу тұтқасы

◆ Орындықты ілгері-кейін бағытта реттеу

Орындықты ілгері-кейін бағытта реттеу иінтірегін жоғары қарай тартып, ұстап тұрыңыз, орындықты ілгері-кейін бағытта қажетті күйге жылжытыңыз да, иінтіректі жіберіңіз, орындықты бұғаттау механизмі бекітілгенше орындықты сәл жылжытыңыз.

◆ Орындықтың арқалығын еңкейту бұрышын реттеу

Орындықтың арқалығының көлбеу бұрышын реттеу тұтқасын жоғары қарай тартыңыз; арқаңызбен сүйеніп отырып, орындық арқалығының көлбеу бұрышын өзгертіңіз де, тұтқаны жіберіңіз.

Екінші қатар орындығын жинау (7 орындық автокөлік)*



Екінші қатар орындығы арқалығының көлбеу бұрышын реттеу тұтқасын жоғары қарай тартыңыз да, екінші қатар орындығының арқалығын алға еңкейтіп, орындықты жинаңыз.





Екінші қатар орындықтарын жинау (5 орындық автокөлік)*



Екінші қатар орындықтарын жинау үшін бұғаттан шығару пернесін басыңыз да, екінші қатар орындықтарының арқалықтарын алға еңкейтіңіз.

⚠ Назар аударыңыз

- Арқалықтарының тез қозғалуына байланысты екінші қатар орындықтарының қауіпсіздік белбеулерінің зақымдалуынан немесе жұмысының бұзылуынан сақтану үшін екінші қатар орындықтарын жинау және жазу әрекеттерін баяу орындаңыз.

i Хабарлама


- Екінші қатар орындықтарының арқалығы ені бойынша 4/6 арақатынаста бөлінген. Бір арқалықты жинау қажет болған кезде екінші қатар орындықтарының тиісті жағының жинау тұтқасын жоғары қарай тартыңыз.
- Бассүйегіштер екінші қатар орындықтарын жинауға кедергі келтірмеуі үшін оларды шекті төменгі күйге келтіріңіз немесе шешіп алыңыз және қауіпсіз жерге қойыңыз.
- Екінші қатар орындықтарын жазған кезде орындықтардың арқалықтарын бастапқы күйіне қайырып ашыңыз да, сырт еткен дыбыспен бекігенше оларды басып көріңіз.





Үшінші қатар орындықтары*

Үшінші қатар орындықтарына өту



Үшінші қатар орындықтарына кіріп-шығуды жеңілдету үшін екінші қатар орындығын жинау тұтқасын жоғары қарай тартыңыз, екінші қатар орындығының арқалығын алға қарай итеріңіз, екінші қатар орындығының арқалығын жатқызып жинаңыз да, бүкіл орындықты шекті алдыңғы күйге ысырыңыз.


Екінші қатар орындығының арқалығын бастапқы күйге қайтару

Екінші қатардағы оң жақ орындықтың арқалығының үстіңгі бөлігінен басыңыз, бір мезгілде бүкіл екінші қатар орындығын артқа ыңғайлы күйге дейін ысырыңыз.

Сақтандыру

- Екінші қатар орындықтарының күйін реттеген кезде жарақаттан сақтау үшін үшінші қатар орындықтарындағы жолаушылардың аяқтарына назар аударыңыз.

Үшінші қатар орындығын жинау



Үшінші қатар орындығының арқалығын бұғаттан шығару үшін арқалықтағы таспаны жүксалғыш жағынан тартыңыз, орындық арқалығын алға жатқызыңыз да, орындықты жинаңыз.





Сыртқы артқы көрініс айналары


Электрлік реттелетін сыртқы артқы көрініс айналары



Қозғалысты бастамас бұрын оталдыру жүйесі қосулы тұрғанда («ON» күйі) сыртқы артқы көрініс айналарын келесідей жолмен реттеуге болады.

1. Реттелуі тиіс айнаны таңдау үшін сыртқы артқы көрініс айнасы реттегішінің ауыстырып қосқышын солға немесе оңға қарай ауыстырыңыз.

- ◇ : Сол жақ сыртқы артқы көрініс айнасы
- ◇ : Оң жақ сыртқы артқы көрініс айнасы



2. Айнаны ең жақсы артқы көрініс күйіне қою үшін сыртқы артқы көрініс айналарын реттеу пернесін басыңыз.

- ◇ ▲: Жоғары
- ◇ ▼: Төмен
- ◇ ◀: Солға
- ◇ ▶: Оңға

Электржетекті сыртқы артқы көрініс айналарын жинау*



Оталдыру жүйесі қосулы тұрғанда («ON» күйі) сыртқы артқы көрініс айналары сыртқы артқы көрініс айналарын жинау пернесінің көмегімен жинала алады.

- ◆ Электржетек көмегімен жинау: сыртқы артқы көрініс айналары жазулы тұрған күйде сыртқы артқы көрініс айналарын жинау пернесін басыңыз.
- ◆ Электржетек көмегімен жазу: сыртқы артқы көрініс айналарын жазылған күйіне қайтару үшін сыртқы артқы көрініс айналарын жинау пернесін тағы бір рет басыңыз.

Сақтандыру

- Жарақаттардан және электржетектің зақымдалуынан сақтану үшін жиналуы және жазылуы кезінде сыртқы артқы көрініс айнасынан ұстамаңыз.
- Сыртқы артқы көрініс айналары жиналған күйдегі автокөлікті жүргізбеңіз. Қозғалысты бастамас бұрын сыртқы артқы көрініс айналарын жазу және оларды тиісті көрініске реттеп алу қажет.





Сыртқы артқы көрініс айналарының автоматты жиналуы*

Сыртқы артқы көрініс айналарының автоматты жиналу функциясы дұрыс жұмыс істеп тұрған жағдайда автокөлікті құлыптау сәтті орындалғаннан кейін сыртқы артқы көрініс айналары автоматты түрде жиналады. Автокөліктің құлпын ашу сәтті орындалғаннан кейін сыртқы артқы көрініс айналары автоматты түрде жазылады.

Сыртқы артқы көрініс айналарын қолмен жинау*



Егер автокөліктегі сыртқы артқы көрініс айналары жинау электржетегімен жабдықталмаған болса, оларды қажет болса, қолмен жинауға болады. Сыртқы артқы көрініс айнасын автокөліктің артқы жағына қарай қайырып басыңыз да, жинаңыз.

Назар аударыңыз


- Электржетекті сыртқы артқы көрініс айнасын қолмен жинамаңыз, себебі бұл ішкі жинағыш механизмді зақымдауы және электржетектің жұмысын бұзуы мүмкін.





Ішкі артқы көрініс айнасы

Қолмен күңгірттелетін ішкі артқы көрініс айнасы*



- ◆ Қозғалысты бастамас бұрын ішкі артқы көрініс айнасының күйін тиісінше реттеп алу қажет.
- ◆ Барынша жақсы артқы көріністі қамтамасыз ету үшін корпусынан ұстап ішкі артқы көрініс айнасын жоғары, төмен, солға және оңға бұру арқылы реттеңіз.

Егер артқы жақта келе жатқан автокөліктің жарығы тым күшті болса, жүргізушінің көздерінің қарығуына жол бермеу үшін ішкі артқы көрініс айнасын корпусының астыңғы жағындағы иінтіректен ұстап қайырып қоюға болады.

Автоматты түрде күңгірттелетін ішкі артқы көрініс айнасы*



Алдағы және арттағы жарықтандыру деңгейіне байланысты ішкі артқы көрініс айнасының шағылыстыру қабілеті автоматты түрде өзгере алады. Бұл көздеріңізді қарықтырмай, автокөліктің артындағы жағдайды бақылауға мүмкіндік береді.

Қауіп

- Жолдан көңіліңізді бұрмау үшін, автокөлікті басқара алмай қалудан және қауіпті жағдайдың туындауынан сақтану үшін ішкі артқы көрініс айнасын қозғалыс кезінде реттемеңіз.





Рульді реттеу



Рульді реттеу бойы мен дене бітімі әртүрлі адамдарға автокөлікті басқаруды жеңілдетеді. Автокөліктің қозғалысын бастамас бұрын өз қажеттіліктеріңізге сәйкес рульдің күйін реттеп алыңыз.


1. Рульді бұғаттан шығару үшін рульді реттеу тұтқасын төмен қайырыңыз, содан кейін оның күйін жоғары немесе төмен, алға* немесе артқа* қарай жылжыту арқылы реттеңіз.
2. Рульдің күйін бекіту үшін рульді реттеу тұтқасын жоғары қайырыңыз.

3. Сенімді бекітілгеніне көз жеткізу үшін реттеу аяқталғаннан кейін рульді жоғары және төмен қозғап көріңіз.

Қауіп

- Рульді қозғалыс кезінде реттемеңіз, себебі бұл жүргізушінің қате әрекеттеріне, күрделі жарақаттарға алып келуі немесе тіпті өмірге қауіп төндіруі мүмкін.
- Реттеуден кейін руль күйінің сенімді бекітілгеніне көз жеткізіңіз. Олай болмаса, руль күтпеген жерден ығысып кетуі мүмкін, бұл жол-көлік оқиғасына, ауыр жарақаттарға немесе тіпті өмірге қауіп төндіруі мүмкін.

Рульдегі басқару құралдары



- ① Сол жақта аспаптар тақтасын басқару түймелері, круиз-контрольді* басқару және жүру режимін таңдау пернелері орналасқан:
 - ♦ Аспаптар тақтасын басқару түймелері  21-бет
 - ♦ Круиз-контрольді басқару пернелері*  155, 158-беттер
- ② Дыбыс сигналының белгішесі  61-бет
- ③ Оң жақта мультимедиа жүйесін басқару түймелері, қозғалтқышты оталдыру түймесі орналасқан:
 - ♦ Мультимедиа жүйесін басқару түймелері  89-бет
 - ♦ Оталдыру жүйесі және стартер ажыратқышының түймесі  125-бет


Хабарлама

- Автокөліктің жинақтамасына байланысты рульдегі басқару құралдары әртүрлі болуы мүмкін, автокөліктің нақты жинақтамасын ескеріңіз.





Рульдің жылытқышы*



Оталдыру жүйесі қосулы тұрғанда («ON» күйі) руль жылытқышының түймесін басыңыз, түйме индикаторы жанады және рульді жылыту басталады.

Дыбыс сигналы



Автокөліктің дыбыс сигналы ерекше жол жағдайларында қауіпсіздікті қамтамасыз ету және жол-көлік оқиғаларының алдын алу мақсатында жол қозғалысының басқа қатысушыларына ескерту қызметін атқарады. Оталдыру жүйесінің қосылу күйіне қарамастан дыбыс сигналы рульдің дыбыс сигналының белгішесімен белгіленген аймағын басу жолымен беріледі.

⚠ Сақтандыру

- Автокөлік тік бұрылысқа, төбенің шыңына және көру мүмкіндігі шектеулі басқа да жол телімдеріне жақындаған кезде, сондай-ақ басып озу әрекетін жасауға ниеттенгенде немесе апаттық жағдайда тиісті жағдайларда жылдамдықты түсіру және басқа қозғалыс қатысушыларына ескерту үшін дыбыс сигналын беру қажет.

⚠ Назар аударыңыз

- Рульдегі дыбыс сигналының белгішесімен белгіленген аймақты ұзақ баспаңыз, әйтпесе дыбыс сигналы зақымдалуы мүмкін.


i Хабарлама

- Дыбыс сигналын қозғалыс іркілген жағдайда және өтетін өз кезеңіңізді күткен кезде басқа жүргізушілер мен жаяу жүргіншілерді асықтыру үшін бермеген жөн.






Жарық аспаптарының орнатылған орындары



- | | |
|--|--|
| ① Алдыңғы төбе плафоны | ⑥ Шалғай жарық |
| ② Артқы төбе плафоны | ⑦ Бұрылыс көрсеткіші |
| ③ Жүксалғыш бөлімді жарықтандыру плафоны | ⑧ Күндізгі жүріс жарығы |
| ④ Габарит жарығы | ⑨ Сәлемдесу жарығы* |
| ⑤ Таяу жарық | ⑩ Сыртқы артқы көрініс айнасындағы бұрылыс көрсеткішінің қайталағышы |






- | | |
|--|---|
| ① Үстіңгі стоп-сигнал | ⑥ Артқы жарық шағылыстырғыш |
| ② Артқы шам (жүксалғыш қақпағындағы жолақ) | ⑦ Бұрылыс көрсеткіші (артқы жүріс шамы) |
| ③ Нөмір белгісін жарықтандыру шамы | ⑧ Габарит жарығы |
| ④ Артқы жүріс шамы | ⑨ Стоп-сигнал |
| ⑤ Артқы тұман шамы | |





Жарық ауыстырып қосқышы




- ① Жарық ауыстырып қосқышы
- ② Артқы тұман шамының ажыратқышы

Хабарлама

- Белгілі бір пайдалану жағдайларында (мысалы, ауаның ылғалдылығы жоғары болған кезде немесе көлікті жуғанда) жарық аспаптарының ішкі бетінде конденсат немесе тіпті су тамшылары пайда болуы мүмкін, жаңбыр кезінде әйнектердің буланатыны секілді бұл ақаулықтың белгісі болып табылмайды.
- Құрғақ жерде тұрақта тұрғанда барлық жарық аспаптарын қосу және автокөліктің жүруі булануды кетіруге көмектеседі, алайда ол қайтадан пайда болуы мүмкін.
- Жарық аспабының ішінде тамшылар көп болған немесе су жиналған жағдайда жөндету үшін KAIYI дилеріне уақытылы жүгінуге кеңес беріледі.

Автоматты жарықтандыру*



Жарық ауыстырып қосқышын «AUTO» күйіне бұраңыз, сонда таяу жарық, габарит жарықтары, аспаптар тақтасы мен басқару құралдарының көмескі жарығы нашар жарықтандыру жағдайында автоматты түрде қосыла және жарықтандыру жеткілікті болған жағдайда автоматты түрде өшіріле алады.





Габарит шамдар



Жарық ауыстырып қосқышын  күйіне бұрау арқылы габарит шамдар, аспаптар тақтасының және басқару құралдарының көмескі жарығы, нөмір белгісін жарықтандыру шамдары қосылады, сондай-ақ аспаптар тақтасындағы бақылау шамы  жанады.

Сақтандыру


- Тәуліктің қараңғы мезгілінде немесе көру мүмкіндігі нашар жағдайларда тек габарит шамдарын ғана қосумен шектелмеңіз, бұл жол-көлік оқиғасына алып келуі мүмкін.
- Тәуліктің қараңғы мезгілінде немесе жолдағы көру мүмкіндігі нашар жағдайларда габарит шамдарын тұрақ жарықтары ретінде қолданбаңыз, ескерту үшін апаттық жарық сигналын беру жүйесін қосып қойыңыз.

Таяу жарық



Оталдыру жүйесі қосулы тұрғанда («ON» күйі) жарық ауыстырып қосқышын  күйіне бұрау арқылы таяу жарық қосылады.

Фаралар түзеткіші



- ♦ Автокөлікке жүк артылуына байланысты, жылдамдықты үдету немесе тежелу және т. с. с. кезінде шанақтың күйі өзгереді. Таяу жарық шоғының бағытын сәйкесінше фаралар түзеткішінің көмегімен реттеуге болады.
- ♦ Реттегішті жоғары қарай бұрау арқылы таяу жарық шоғының бағыты жоғары көтеріледі. Реттегішті төмен қарай бұрау арқылы таяу жарық шоғының бағыты төмен түсіріледі. Реттегіштің «0», «1», «2», «3» бекітілген күйлері бар. Сандар мәні ұлғайған сайын жарық шоғының биіктігі кемиді.





Ілеспе жарық

Орталық басқару дисплейінде «Автокөлік баптаулары» — «Автокөлік» — «Ілеспе жарық — 15 с / 30 с / 60 с / 90 с / Өшір.» мәзірінде ілеспе жарықтың қосылу уақытын баптауға және функцияны өшіріп қоюға болады.

Егер функция қосылы, оталдыру жүйесі өшірулі («OFF» күйі), жарық ауыстырып қосқышы «AUTO» күйінде болса және сырттағы жарық таяу жарықтың қосылу шарттарына сәйкес келсе, онда автокөлік сыртынан есіктерді құлыптау сәтті орындалғаннан кейін (механикалық кілтпен құлыптауды қоспағанда) автоматты түрде белгілі бір уақытқа габарит шамдар мен таяу жарық қосылады.


Шалғай жарық

Шалғай жарықты қосу және өшіру




Таяу жарық қосылы тұрғанда жарық ауыстырып қосқышын рульден сыртқа қарай итеріңіз, шалғай жарық қосылады, ал аспаптар тақтасында шалғай жарықтың бақылау шамы  жанады. Егер жарық ауыстырып қосқышын рульге қарай тартсаңыз, шалғай жарық өшіріледі. Осылайша таяу жарықтан шалғай жарыққа және керісінше ауыстырып қосуға болады.

Басып озу жарық сигналы



Жарық ауыстырып қосқышын артқа рульге қарай шекті күйге дейін тартыңыз, шалғай жарық қосылады. Жарық ауыстырып қосқышын жібергеннен кейін шалғай жарық автоматты түрде өшеді. Басып озу кезінде жарық сигналын беру үшін жарық ауыстырып қосқышын бірнеше рет артқа тартыңыз да, жіберіңіз.

Шалғай және таяу жарықтың автоматты түрде басқарылуы*




Шалғай жарықты басқару көмекшісін қосыңыз. Шалғай және таяу жарықты ауыстырып қосу айналадағы қоршаған жарыққа байланысты автоматты түрде жүзеге асырылады.

Хабарлама

- Шалғай жарық жақын қашықтықта өзге автокөліктердің жүргізушілерінің көздерін қарықтырады, бұл жол-көлік оқиғасына алып келуі мүмкін, сондықтан оны қисынымен пайдаланыңыз.
- Тік бұрылыстарда, беткейлерде, аркалы көпірлерде, жаяу жүргіншілер өтетін жолдарда немесе бағдаршамдары жоқ жол қиылыстарында шалғай жарықты таяу жарыққа ауыстырыңыз.

Бұрылыс көрсеткіштері




- Оталдыру жүйесі қосулы тұрғанда («ON» күйі) жарық ауыстырып қосқышының тұтқасын жоғары немесе төмен ауыстыру арқылы оң немесе сол жақтағы бұрылыс көрсеткішінің жыпылықтауы қосылады, оң немесе сол жақ бұрылыс көрсеткішінің бақылау шамы жыпылықтайды және шыртылдаған дыбыстар шығарылады.
- Бұрылу әрекеті аяқталғаннан кейін руль түзу қозғалу күйіне қайтып келген кезде немесе жарық ауыстырып қосқышының тұтқасы ортаңғы күйге ауыстырылғанда қосылған бұрылыс көрсеткіші өшіріледі.

- Оталдыру жүйесі қосулы тұрғанда («ON» күйі), егер жарық ауыстырып қосқышының тұтқасы аз уақытқа жоғары немесе төмен ауыстырылатын, содан кейін бастапқы күйге қайтарылатын болса, сәйкес тараптың бұрылыс көрсеткіші үш рет жыпылықтайды.

Сақтандыру

- Қозғалыс кезінде бұрылу әрекетін жасар алдында, қозғалыс жолағын ауыстырар алдында, басып озуға дайындалу кезінде, тұрақтан шыққанда немесе артқа бұрылғанда бұрылыс көрсеткішін алдын ала қосыңыз.

Артқы тұман шамы



- Оталдыру жүйесі қосулы тұрғанда («ON» күйі) және таяу жарықты қосқаннан кейін тұман шамының ажыратқышын  күйіне ауыстырыңыз да, жіберіңіз, ажыратқыш автоматты түрде «OFF» күйіне қайтып оралады, артқы тұман шамы, сондай-ақ аспаптар тақтасындағы артқы тұман шамының бақылау шамы  қосылады.
- Артқы тұман шамын өшіру үшін тұман шамының ажыратқышын қайтадан  күйіне ауыстырыңыз немесе оталдыру жүйесін өшіріңіз («OFF» күйі).
- Таяу жарықты өшірген кезде артқы тұман шамы бірге өшеді.



Күндізгі жүріс жарықтары

Күндізгі жүріс жарықтары қозғалтқыш оталған, ал шалғай немесе таяу жарық қосылмаған кезде автоматты түрде қосылады. Күндізгі жүріс жарықтары шалғай немесе таяу жарықты қосқан кезде немесе қозғалтқышты өшіргенде автоматты түрде өшеді.

Хабарлама

- Күндізгі жүріс жарықтары функциясын орталық басқару дисплейіндегі «Автокөлік баптаулары» — «Жарықтар» — «Габарит шамдарын автоматты түрде қосу» мәзірінен қосуға немесе өшіруге болады.
- Күндізгі жүріс жарықтары жанып тұрған кезде алдыңғы және артқы габарит шамдары бірге қосылады.


Стоп-сигналдар

Тежегіш педалін басқан кезде артқы шамдардағы стоп-сигналдар және үстіңгі стоп-сигнал жанады. Тежегіш педалін жіберген кезде артқы шамдардағы стоп-сигналдар және үстіңгі стоп-сигнал сөнеді.

Артқы жүріс шамы

Оталдыру жүйесі қосулы тұрғанда («ON» күйі) және селектор иінтірегі артқы жүріс күйіне ауыстырылған кезде артқы жүріс шамы қосылады. Егер селектор иінтірегі артқы жүріс күйінен шығарылса, артқы жүріс шамы сөнеді.

Алдыңғы төбе плафоны




- ① Алдыңғы сол жақ жеке жарықтандыру плафонының ажыратқышы
- ② Төбе плафонының жалпы жарықтандыру ажыратқышы
- ③ Алдыңғы оң жақ жеке жарықтандыру плафонының ажыратқышы
- ④ Есіктер ашылған кездегі салон жарығын басқару ажыратқышы

- ◆ Төбе плафонының ажыратқышын ② басу арқылы салонның жалпы жарығы қосылады. Қайта басқан кезде салонның жалпы жарығы өшіріледі.
- ◆ Төбе плафонының ажыратқышын ① басу арқылы алдыңғы сол жақ жеке жарықтандыру плафоны қосылады немесе өшіріледі. ③ ажыратқышын басу арқылы алдыңғы оң жақ жеке жарықтандыру плафоны қосылады немесе өшіріледі.
- ◆ Төбе плафонының ажыратқышын ④ басу арқылы есіктер ашылғандағы салон жарығын басқару қосылады немесе өшіріледі.
 - ◇ Егер есіктер ашылған кездегі салон жарығын басқару қосулы болса, есіктердің кез келгені ашылғанда төбе плафоны 3 минутқа қосылады, содан кейін сөнеді.




- ◇ Егер 3 минуттың ішінде салон жарығы қосылып тұрған кезде есіктердің бірі ашылатын болса, таймер нөлденеді, ал салон жарығы нөлдеуден кейін 3 минут өткенде өшеді.
- ◇ Егер салон жарығы қосылып тұрған кезде 3 минуттың ішінде оталдыру жүйесі және стартер ажыратқышы «OFF» немесе «ACC» күйіне ауыстырылса, төрт есіктің бәрі жабық болса, онда салон жарығы 8 секунд бойы қосылып тұрады да, содан кейін сөнеді. Егер 8 секундтың ішінде оталдыру жүйесі қосылса («ON» күйі), төбе плафоны бірден өшеді.

Артқы төбе плафондары



Артқы сол жақ төбе плафонын қосу немесе өшіру үшін артқы сол жақ төбе плафонының ажыратқышын басыңыз. Артқы оң жақ төбе плафонын қосу немесе өшіру үшін артқы оң жақ төбе плафонының ажыратқышын басыңыз.

Салонның эстетикалық көмескі жарығы*




- ◇ Баптау мәзіріне кіру үшін орталық басқару мәзірінен пернесін басыңыз, «Эстетикалық көмескі жарық» тармағын таңдаңыз және баптауларды орындаңыз.
- ◇ Эстетикалық көмескі жарықты қосу немесе өшіру үшін пернесін басыңыз.

- ◇ , , пернелерін басу арқылы сәйкесінше эстетикалық көмескі жарықтың сәлемдесу режимін, эстетикалық көмескі жарықтың жүру режимдеріне сәйкестігін, есікті ашқан кездегі ескертуші эстетикалық көмескі жарықты және музыка ырғағындағы эстетикалық көмескі жарықты баптауға болады.
- ◇ Эстетикалық көмескі жарықтың жарықтығын баптау үшін реттегішінің үстімен саусағыңызды жүргізіңіз.
- ◇ Эстетикалық көмескі жарықтың түсін баптау үшін реттегішінің үстімен саусағыңызды жүргізіңіз.



Жүксалғыш бөлімді жарықтандыру плафоны



- ◆ Жүксалғыш бөлімнің қақпағын ашқан кезде жүксалғыш бөлімді жарықтандыру плафоны автоматты түрде қосылады.
- ◆ Жүксалғыш бөлімнің қақпағын жапқан кезде жүксалғыш бөлімді жарықтандыру плафоны автоматты түрде өшеді.
- ◆ Егер жүксалғыш бөлімнің қақпағы ашық тұратын болса, жүксалғыш бөлімді жарықтандыру плафоны 15 минуттан кейін автоматты түрде өшеді.

Сәлемдесу жарығы*

Сәлемдесу жарығы функциясы бар қашықтан басқару

- ◆ Оталдыру жүйесі және стартер ажыратқышы «OFF»/«ACC» күйінде автокөліктің құлпы қашықтан басқару пульті бар кілтпен немесе қашықтан басқарудың көмегімен ашылған кезде 15 секундқа сәлемдесу жарығы қосылады.
- ◆ Оталдыру жүйесі өшірулі тұрған («OFF» күйі), қашықтан басқару пульті бар кілт бейімделген/қашықтан басқару бапталған және автокөліктің баптаулары сәтті орындалған жағдайда сәлемдесу жарығы 15 секундқа қосылады.
- ◆ Оталдыру жүйесі қосылған кезде («ON» күйі) немесе сәлемдесу жарығының 15 секундтық қосылу уақыты аяқталғанда сәлемдесу жарығы өшеді.


Есіктердің күйі және сәлемдесу жарығы функциясы

- ◆ Кез келген есікті ашсаңыз, сәлемдесу жарығы 3 минут бойы жанып тұрады.
- ◆ Егер сәлемдесу жарығы жанып тұрған кезде 3 минуттың ішінде есік ашылса, сәлемдесу жарығы тағы 3 минут жанып тұрады, содан кейін өшеді.
- ◆ Оталдыру жүйесі мен стартердің «OFF»/«ACC» күйінде сәлемдесу жарығы төрт есік жабық тұрғанда жанады және 8 секунд өткеннен кейін өшеді. Егер 8 секундтың ішінде оталдыру жүйесі қосылса («ON» күйі), сәлемдесу жарығы бірден өшеді.
- ◆ Егер сәлемдесу жарығы қосулы және оталдыру жүйесі қосулы («ON» күйі) болса, онда төрт есіктің бәрі жабылған кезде сәлемдесу жарығы бірден өшеді.





Әйнектазартқыштардың ауыстырып қосқышы




- ① Руль астындағы әйнектазартқыштар ауыстырып қосқышы
- ② Әйнектазартқыштың автоматты жұмыс режиміндегі сезімталдығының ауыстырып қосқышы
- ③ Артқы әйнектазартқышты басқару ауыстырып қосқышы

Әйнектазартқыштарды және әйнекжуғыштарды басқару оталдыру жүйесі мен стартердің «ON» күйінде қолжетімді.

! Назар аударыңыз

- Әйнек құрғақ кезде немесе бетінде шаң не құм түйіршіктері болса, әйнектазартқышты пайдаланбаңыз, себебі әйнектазартқыш щеткалары әйнекті кырнауы мүмкін және әйнектазартқыш щеткаларының қызмет ету мерзімі қысқарады.

Алдыңғы әйнектазартқыш



- ◆ Алдыңғы әйнектазартқыштың бір рет іске қосылуы
 - ◇ Руль астындағы әйнектазартқыштардың ауыстырып қосқышын «MIST» күйіне ауыстырыңыз да, жіберіңіз. Руль астындағы әйнектазартқыштардың ауыстырып қосқышы автоматты түрде «OFF» күйіне қайтып оралады, ал алдыңғы әйнектазартқыш бір рет іске қосылады.
 - ◇ Егер руль астындағы әйнектазартқыштардың ауыстырып қосқышы «MIST» күйінде тұрса, алдыңғы әйнектазартқыш үздіксіз жұмыс істейді.

- ◆ Алдыңғы әйнектазартқышты өшіру

Руль астындағы әйнектазартқыштардың ауыстырып қосқышын «OFF» күйіне ауыстыру арқылы алдыңғы әйнектазартқышты өшіруге болады.

- ◆ Алдыңғы әйнектазартқыштың автоматты жұмысы (AUTO)*

Руль астындағы әйнектазартқыштардың ауыстырып қосқышын төмен қарай «AUTO» күйіне ауыстырыңыз. Бұл ретте әйнектазартқышты басқару жүйесі жаңбырдың күшіне байланысты автоматты түрде алдыңғы әйнектазартқыш щеткаларының қозғалу жылдамдығын реттейді. Әйнектазартқыш сезімталдығының ауыстырып қосқышының көмегімен щеткалардың іске қосылуының арасындағы интервалды баптауыңызға болады.

- ◆ Алдыңғы әйнектазартқыштың үзік жұмыс режимі (INT)*

Руль астындағы әйнектазартқыштардың ауыстырып қосқышы «INT» күйінде тұрған кезде алдыңғы әйнектазартқыш үзік режиммен жұмыс істейді. Щеткалардың іске қосылу интервалын әйнектазартқыш сезімталдығының ауыстырып қосқышымен реттеуге болады.





- ♦ Алдыңғы әйнектазартқыш щеткаларының төмен қозғалу жылдамдығы

Руль астындағы әйнектазартқыштардың ауыстырып қосқышын төмен қарай «LO» күйіне ауыстырыңыз, алдыңғы әйнектазартқыш төмен жылдамдықпен жұмыс істейді.


- ♦ Алдыңғы әйнектазартқыш щеткаларының жоғары қозғалу жылдамдығы

Руль астындағы әйнектазартқыштардың ауыстырып қосқышын «HI» күйіне ауыстырыңыз, алдыңғы әйнектазартқыш жоғары жылдамдықпен жұмыс істейді.

Хабарлама

- Алдыңғы әйнектазартқыш өшкен кезде, егер бастапқы күйінде тұрмаған болса, әйнектазартқыш жетектемелері автоматты түрде бастапқы күйге қарай жылжиды.

Алдыңғы әйнекжуғыш



Руль астындағы әйнектазартқыштардың ауыстырып қосқышын рульге қарай тартыңыз, алдыңғы әйнекжуғыш сұйықтық шаша бастайды, әйнектазартқыш щеткалардың төмен қозғалу жылдамдығымен 3 рет іске қосылады, содан кейін 6 секунд өткен кезде тағы 1 рет іске қосылады да, тоқтайды.

Алдыңғы әйнекжуғыш бүріккіштерінің жылытқышы*

Функция келесі шарттар сақталған жағдайда іске қосылады: оталдыру жүйесі мен стартердің ажыратқышы «ON» күйінде тұр, сыртқы температура 5 секундтан ұзақ уақыт бойы 2 °C-тан төмен, аккумулятор батареясының кернеуі 11,5 В шамасынан жоғары.

Функция келесі шарттардың бірінде өшеді: оталдыру жүйесінің және стартердің ажыратқышы «ACC»/«OFF» күйінде тұр, жылыту уақыты 200 секундтан асып кетті, сыртқы температура 5 секундтан ұзақ уақыт бойы 4 °C-қа жетеді, аккумулятор батареясының кернеуі 5 секундтан ұзақ уақыт бойы 11,5 В шамасынан асады.

Артқы әйнектазартқыш



- ♦ Артқы әйнектазартқышты басқару ауыстырып қосқышы «OFF» күйінен «ON» күйіне сағат тіліне қарсы бағытта бұралған кезде артқы әйнектазартқыштың қозғалысы басталады. Егер ауыстырып қосқышты әрі қарай сағат тіліне қарсы бағытта  күйіне бұрасаңыз, щетканың қозғалысы кезінде әйнекжуғыш сұйықтығы бүркіледі. Ауыстырып қосқышты жіберген кезде ол автоматты түрде «ON» күйіне қайтып оралады және щетканың қозғалысы жалғасады. Артқы әйнектазартқышты басқару ауыстырып қосқышы «OFF» күйіне бұралған кезде әйнектазартқыштың жұмысы тоқтайды.


- ♦ Артқы әйнектазартқышты басқару ауыстырып қосқышы сағат тілінің бағытында «OFF» күйінен  күйіне бұралған кезде әйнекжуғыш сұйықтығы бүркіледі және әйнектазартқыш жұмыс істейді. Ауыстырып қосқышты жіберген кезде ол автоматты түрде «OFF» күйіне қайтып оралады, артқы әйнектазартқыштың жұмысы тоқтайды.





Капотты ашу және жабу

Капотты ашу



1. Салон ішіндегі капоттың құлпын ашу тұтқасын жоғары қарай тартыңыз, капот сәл көтеріліп ашылады.



2. Капотты көтеріңіз, капоттың газды тіреуіштері оны ашық күйінде ұстап тұрады.

Капотты жабу

Капотты жаппас бұрын мотор бөлімінде құрал-саймандардың, қоқыстың және т. б. қалып қоймағанына көз жеткізіңіз. Капотты төмен қарай басыңыз және оның жабық күйде құлыпталғанына көз жеткізіңіз. Қажет болса, құлыптау үшін капоттың алдыңғы жиегінен басыңыз. Жапқаннан кейін толық жабылғанына көз жеткізу үшін капотты абайлап жоғары тартып көріңіз.

Сақтандыру


- Қозғалысты бастамас бұрын капоттың толық жабылғанына көз жеткізіңіз, әйтпесе ол қозғалыс кезінде абайсызда ашылып кетуі және жол-көлік оқиғасына алып келуі мүмкін.






Жүксалғыш қақпағын ашу және жабу

Жүксалғыш бөлім қақпағын қашықтан басқару пульті бар кілттің көмегімен ашу



- ♦ Автокөлік құлыптаулы тұрғанда кілттің қашықтан басқару пультіндегі жүксалғыш бөлім қақпағының құлпын ашу түймесін басыңыз, жүксалғыш бөлім қақпағының құлпы ашылады және оны ашуға болады.
- ♦ Автокөліктің құлпы ашық және ол қозғалыссыз тұрғанда қашықтан басқару пульті бар кілт қажет емес кезде жүксалғыш бөлімнің қақпағын жүксалғыш бөлімнің қақпағындағы микрожыратқыш түймесін басу арқылы ашуға болады.

Жүксалғыш қақпағының құлпын кілтсіз ашу және ашу*



Автокөлік құлыптаулы тұрған кезде смарт-кілтті жүксалғыш бөлімнің қақпағына жақындатыңыз, ашу үшін жүксалғыш бөлім қақпағындағы микрожыратқыш түймесін басыңыз.

Жүксалғыш бөлімнің қақпағын қолмен жабу

Жүксалғыш бөлімнің қақпағын артқы бампердің қаптауышына қарай төмен тартыңыз, содан кейін жабу үшін жүксалғыш бөлімнің қақпағын екі қолыңызбен мықтап төмен басыңыз.

Жүксалғыш бөлімнің қақпағын электржетек көмегімен жабу*



Жүксалғыш бөлімнің қақпағы ашық тұрған кезде жүксалғыш бөлім қақпағын жабу түймесін басыңыз, ол автоматты түрде жабылады. Егер жабылу кезінде жүксалғыш бөлім қақпағының жабу түймесін тағы бір рет бассаңыз, жүксалғыш бөлімнің қақпағы қазіргі қалпында тоқтайды.





Жүксалғыш бөлім қақпағының датчик сигналы бойынша ашылуы/жабылуы*

- ♦ Автокөлік және жүксалғыш бөлімнің қақпағы жабық және құлыптаулы тұрған кезде смарт-кілтпен жүксалғыш бөлімнің қақпағына жақындап келсеңіз және автокөліктің артқы бөлігінің астында аяғыңызбен төменнен жоғары қарай қимыл жасасаңыз, жүксалғыш бөлімнің қақпағын ашуға болады. Егер аяқтың қимылын қайталасаңыз, жүксалғыш қақпағының ашылуы тоқтайды.
- ♦ Автокөліктің және жүксалғыш бөлім қақпағының құлыптары ашық тұрған кезде автокөліктің артқы бөлігінің астында аяғыңызбен төменнен жоғары қарай қимыл жасасаңыз, жүксалғыш бөлімнің қақпағын ашуға болады. Егер аяқтың қимылын қайталасаңыз, жүксалғыш бөлім қақпағының жабылуы тоқтайды.

Қауіп

- Жүксалғыш бөлімді пайдаланбас бұрын жүксалғыш бөлім қақпағының толық ашылғанына көз жеткізіңіз. Толық ашылмаған жағдайда жүксалғыш бөлім қақпағының түсірілуі ауыр жарақат алып келуі немесе тіпті өмірге қауіпті болуы мүмкін.
- Автокөлікпен қозғалуды бастамас бұрын жүксалғыш бөлім қақпағының сенімді құлыпталып жабылғанына көз жеткізіңіз. Қозғалыс кезінде жүксалғыш бөлімнен заттардың құлап түсуіне жол бермеңіз, бұл жол-көлік оқиғасына алып келуі мүмкін.

Сақтандыру

- Жүксалғыш бөлімнің қақпағын жапқан кезде оны автокөліктің сырт жағынан басыңыз, әйтпесе қолыңызды қысып, жарақаттап алуыңыз мүмкін.
- Бастары мен қолдарының қысылып қалуынан сақтану үшін балалар жүксалғыш бөлімнің қақпағын ашып-жаппауы тиіс.

Назар аударыңыз

- Қақпақтың кедергімен соқтығысуына жол бермеу үшін жүксалғыш бөлімнің қақпағын ашар немесе жабар кезде айналада жүксалғыш бөлімнің қақпағын ашу немесе жабу үшін жеткілікті орынның бар-жоғын тексеріп алу қажет.
- Жүксалғыш бөлім қақпағы құлпының сұққысының көтергіш панелін жүкті бекітуге қолданбаңыз, әйтпесе құлып сұққысының көтергіш панелі зақымдалуы және жүксалғыш бөлім қақпағының толық жабылмай қалуы мүмкін.
- Жүксалғыш бөлім қақпағының зақымдалуына жол бермеу үшін жүксалғыш бөлімнің қақпағын жапқан кезде шектен тыс күш салмаңыз.
- Жүксалғыш ішінің кеңістігін жүктерді орналастыруға қисынмен пайдаланыңыз. Егер жүксалғыштың іші шектен тыс толып кетсе, жүксалғыш бөлімнің қақпағын күштеп жаппаңыз, әйтпесе бұл тиелген жүкті бүлдіруі немесе жүксалғыш бөлімнің қақпағын деформациялауы мүмкін.





Жүксалғыш қақпағының құлпын апаттық жағдайда ашу



Егер автокөліктің борттық желісінде кернеу болмаса және жүксалғыш бөлімнің қақпағы әдеттегі жолмен ашыла алмайтын болса, оны автокөліктің ішінен ашуға болады.

1. Жүксалғыш бөлімнің ішіне өту үшін үшінші қатар орындықтарын  (56-бет) жинаңыз.
2. Суретте көрсетілгендей, автокөліктің ішкі жағынан апаттық ажыратқыштың қақпағының астынан іліп алып, ашыңыз, құлып ажыратқышын оңға қарай ысырыңыз да, жүксалғыш бөлімнің қақпағын ашыңыз.

Хабарлама

- Егер жүксалғыш бөлімнің қақпағы апаттық режимде ашылмай тұрса, техникалық қызмет көрсетуден өту үшін КАІҮІ дилеріне уақытылы жүгінуге кеңес береміз.





Отын багының отын құю аузын ашу және жабу

Отын багының отын құю аузын ашу тәртібі



1. Оталдыру жүйесі өшірулі және автокөліктің құлпы ашық (кілттің қашықтан басқару пультіңде құлыпты ашу түймесі басылған/есіктердің құлыптары ашылған) тұрған кезде қақпағын ашу үшін отын құю люгінің қақпағының артқы бөлігінен басыңыз.



2. Отын құю аузының тығынын сағат тіліне қарсы бағытта ақырын бұраңыз, бұрап ашқаннан кейін шешіп алыңыз.
3. Отын құйғаннан кейін отын құю аузының тығынын сырт еткен дыбыспен бекігенше сағат тілінің бағытында ақырын бұраңыз.
4. Отын құю люгінің қақпағын жабыңыз.

Сақтандыру

- Отынның шашырауынан болуы мүмкін жарақаттардан сақтану үшін отын багының отын құю аузының тығынын ақырын ашып алыңыз.
- Отынның төгілуінің және жол-көлік оқиғасы жағдайында тұтануының алдын алу үшін отын багының отын құятын аузының тығынының тығыз жабылғанына көз жеткізіңіз.

Назар аударыңыз

- Отын құю люгінің қақпағының ішкі жағында осы автокөлікте қолданылатын отын сұрыпы көрсетілген.
- Отын құю аузының тығынын зақымдап алмау үшін тек бұрау бағытында ғана күш салуға болады. Отын құю аузының тығынын күшпен тартып шығармаңыз.





Отын құю

- ♦ Автокөлік жүрген кезде отын мөлшері азайған сайын шкаладағы отын деңгейінің көрсеткіші біртіндеп азаяды.
- ♦ Отын қоры тым аз болған жағдайда отынның төмен деңгейінің сигнал шамы  жанады, ал аспаптар тақтасының ақпараттық дисплейінде «Отын құйыңыз» деген хабарлама көрсетіледі; мүмкіндігінше тездетіп отын құйып алыңыз.
- ♦ Отын сұрыпы: октандық саны 92 немесе одан жоғары этилденбеген бензин.

Сақтандыру

- Отын құяр алдында қозғалтқышты өшіріңіз, барлық есіктерді жабыңыз және әйнектерді көтеріңіз.
- Құрғақ ауа райында электр-статикалық заряд түзілуі әбден мүмкін. Отын бағының отын құятын аузының тығынын ашпас бұрын бойыңыздағы электр-статикалық зарядты кетіру үшін және электр разряды кезінде пайда болатын ұшқындардан отын буларының тұтануының алдын алу үшін боялмаған металл беттен ұстау қажет.
- Бензин жеңіл тұтанғыш зат болып табылады. Сондықтан отын құю кезінде отты пайдалануға және темекі шегуге қатаң тыйым салынады.
- Отынның теріңізге немесе киіміңізге тиюіне жол бермеңіз. Теріге отынның тікелей тиюі немесе отын буларымен тыныс алу денсаулыққа зиян. Егер отын кездейсоқ теріңізге тисе, дереу сумен жуып тастаңыз.
- Бензинді қозғалтқышы бар автокөлікке дизель отынын құймаңыз, бензинді дизель отынымен араластырмаңыз, себебі бұл отын жүйесін және қозғалтқышты зақымдайды, сондай-ақ автокөліктің жануына алып келуі мүмкін.
- Отын құятын пистолет автоматты түрде өшкеннен кейін отын құюды жалғастыруға әрекеттенбеңіз, әйтпесе отын бағына шектен тыс отын құйылып кетуі мүмкін, бұл отынның отын бағынан төгілуіне, өртке, жарылысқа және ауыр жаракаттарға алып келеді.

Назар аударыңыз

- Сапасыз отынды немесе октандық саны төмен отынды пайдалану қозғалтқыштың зақымдануына немесе пайдалану сипаттамаларының сәйкес болмай шығуына алып келуі мүмкін.
- Егер отын құю кезінде отын төгілсе, автокөліктің және лак-бояу жабынының бүлінуіне жол бермеу үшін оны дереу сүртіп алыңыз.

Қоршаған ортаны қорғау


- Отын қоршаған ортаны ластай алады, оны мамандар жинап алуы және кәдеге жаратуы тиіс.





Климаттық қондырғыны басқару панелі

Климаттық қондырғыны басқару панелі




- | | |
|--|---|
| ① AUTO түймесі (климат-контроль)* | ⑤ Кондиционерді қосу түймесі |
| ② Желдеткіш жылдамдығын азайту түймесі | ⑥ Желдеткіш жылдамдығын көбейту түймесі |
| ③ Температураны азайту түймесі | ⑦ Температураны көбейту түймесі |
| ④ Ауаны рециркуляциялау түймесі | ⑧ Алдыңғы әйнек жылытқышының түймесі |





Климаттық қондырғы мәзірі*




- | | |
|--|--|
| ① Температура реттегіші мен индикаторы | ⑨ Қырауды еріту және аяққа ауа үрлеу түймесі |
| ② Ауаны рециркуляциялау түймесі | ⑩ Бетке және аяққа ауа үрлеу түймесі |
| ③ Алдыңғы әйнек жылытқышының түймесі | ⑪ Аяққа ауа үрлеу түймесі |
| ④ Артқы әйнек жылытқышының түймесі | ⑫ Бетке ауа үрлеу түймесі |
| ⑤ Желдеткіш жылдамдығының реттегіші және индикаторы | ⑬ Жүргізуші орындығы жылытқышы мен желдеткішінің түймесі |
| ⑥ Максималды салқындату түймесі | ⑭ Кондиционерді қосу түймесі |
| ⑦ Алдыңғы жолаушы орындығы жылытқышы мен желдеткішінің түймесі | ⑮ Артқы сол жақ орындықтың жылытқышы |
| ⑧ Қырауды еріту режимінің түймесі | ⑯ Артқы оң жақ орындықтың жылытқышы |





Климат-контроль мәзірі*



- | | |
|---|--|
| ① Климаттандыру ажыратқышы | ⑪ Қырауды еріту және аяққа ауа үрлеу түймесі |
| ② Желдеткіш жылдамдығының реттегіші және индикаторы | ⑫ Бетке және аяққа ауа үрлеу түймесі |
| ③ Ауаны рециркуляциялау түймесі | ⑬ Аяққа ауа үрлеу түймесі |
| ④ Алдыңғы әйнек жылытқышының түймесі | ⑭ Бетке ауа үрлеу түймесі |
| ⑤ Артқы әйнек жылытқышының түймесі | ⑮ Жүргізуші орындығы жылытқышының түймесі |
| ⑥ Алдыңғы жолаушы орындығының жылытқышының түймесі | ⑯ Автоматты түрде қырауды еріту режимінің түймесі |
| ⑦ Алдыңғы жолаушы орындығының желдеткішінің түймесі | ⑰ AUTO түймесі |
| ⑧ Максималды салқындату түймесі | ⑱ Жүргізуші орындығы желдеткішінің түймесі |
| ⑨ Кондиционерді қосу түймесі | ⑲ Температура реттегіші мен индикаторы |
| ⑩ Қырауды еріту режимінің түймесі | ⑳ Екінші қатар орындықтарының жылытқышының түймелері |





Климаттық қондырғының функциялары

Климаттық қондырғы мәзірін толық экранда көрсетуге ауысу климаттық қондырғының басқару панеліндегі



түймесін басу арқылы немесе орталық басқару дисплейіндегі бас мәзірде  температура

белгішесін/  желдеткіш жылдамдығының белгішесін басу арқылы немесе кондиционерді қосуды/өшіруді дауыспен басқарудың немесе орындықтар жылытқышын/желдеткішін дауыспен басқарудың немесе әйнектердегі қырауды автоматты түрде ерітуді дауыспен басқарудың көмегімен жүзеге асырылады. Егер мәзірде ешқандай әрекет жасалмаса, 15 секундтан кейін орталық басқару дисплейі климаттық қондырғының мәзірін толық экранда көрсету режимінен автоматты түрде шығады. Климаттық қондырғының функцияларын баптау үшін оталдыру жүйесін қосу («ON» күйі), кондиционерді («A/C»), максималды салқындатуды («A/C MAX») қосу қажет. Орындық жылытқышын/желдеткішін пайдалану қозғалтқышты оталдыруды қажет етеді.

Желдеткіш жылдамдығын реттеу

- ◆ Желдеткіш жылдамдығын басқару панелінен реттеу: басқару панелінде желдеткіш жылдамдығын ұлғайту/азайту түймесін басыңыз. Әр басқан сайын жылдамдық шкаланың 1 бөлігіне, ал реттеу диапазоны шкаланың 1–7 бөлігіне өзгереді.
- ◆ Желдеткіш жылдамдығын орталық басқару дисплейінен реттеу: климаттық қондырғы мәзірінде желдеткіш жылдамдығы реттегішінің  немесе  түймелерін басу арқылы желдеткіш жылдамдығын ұлғайтуға немесе азайтуға болады, сондай-ақ желдеткіштің жылдамдығын  сырытпалы реттегішін жылжыту арқылы да ұлғайтуға немесе азайтуға болады.

Алдыңғы әйнек жылытқышы

- ◆ Алдыңғы әйнек жылытқышы климаттық қондырғының басқару панеліндегі немесе орталық дисплейдегі алдыңғы әйнек жылытқышының түймесін басу арқылы қосылады.
- ◆ Алдыңғы әйнек жылытқышы түймесінің индикаторы жанады, бұл алдыңғы әйнекті жылыту функциясының іске қосылғанын білдіреді. Алдыңғы әйнек жылытқышын өшірген кезде индикатор сөнеді.
- ◆ Алдыңғы әйнек жылытқышы функциясы қосулы тұрғанда автоматты түрде келесі баптаулар орындалады:
 - ◇ Желдеткіш жылдамдығы ұлғаяды.
 - ◇ Кондиционердің салқындату функциясы (A/C) қосылады.
 - ◇ Алдыңғы әйнекке ауа үрлеу режимі орнатылады.
 - ◇ Ауа рециркуляциясы өшіріледі.
- ◆ Алдыңғы әйнек жылытқышын өшіру үшін климаттық қондырғының басқару панеліндегі немесе орталық дисплейдегі алдыңғы әйнек жылытқышының түймесін қайтадан басыңыз. Түймедегі индикатор сөнеді.



Сақтандыру

- Қосулы кондиционермен әйнекті жылытуды пайдалану кезінде кондиционердің салқындату функциясын (A/C) өшірмеңіз, әйтпесе бұл алдыңғы әйнектің булануына алып келеді және қозғалыс кезінде көріністі нашарлатады.





Артқы әйнек жылытқышы

- ♦ Артқы әйнек жылытқышы климаттық қондырғының басқару панеліндегі немесе орталық дисплейдегі артқы әйнек жылытқышының түймесін басу арқылы қосылады.
- ♦ Артқы әйнек жылытқышы түймесінің индикаторы жанады, бұл артқы әйнекті жылыту функциясының іске қосылғанын білдіреді. Артқы әйнек жылытқышын өшірген кезде индикатор сөнеді.
- ♦ Артқы әйнек жылытқышын өшіру үшін климаттық қондырғының басқару панеліндегі немесе орталық дисплейдегі артқы әйнек жылытқышының түймесін қайтадан басыңыз. Түймедегі индикатор сөнеді. Егер функция қолмен өшірілмеген болса, ол 20 минут үздіксіз жұмыс істегеннен кейін автоматты түрде өшеді.

Хабарлама

- Артқы әйнек жылытқышы қосулы тұрғанда бір мезгілде сыртқы артқы көрініс айналарын жылыту функциясы қосылады*. Бір қосқан кездегі жылытқыштың жұмыс істеу уақыты 20 минутқа дейін.

Ауа рециркуляциясы

- ♦ Ауаны рециркуляциялау режимін орнату климаттық қондырғының басқару панеліндегі немесе орталық дисплейдегі ауаны рециркуляциялау түймесін басу арқылы жүзеге асырылады.
 - ◇ Ауаның ішкі циркуляциясы: автокөлік сыртындағы ауаның ішке кіруін болдырмайды және автокөлік ішіндегі ауаның айналуын қамтамасыз етеді.
 - ◇ Ауаның сыртқы циркуляциясы: автокөлік ішінде таза ауаны қамтамасыз ете отырып, сырттағы ауаның автокөлік ішіне кіруіне мүмкіндік береді.

Хабарлама

- Ауаны ұзақ рециркуляциялау салондағы көмірқышқыл газы концентрациясының жоғарылауына алып келеді, бұл жүргізушінің сергек қалпын сақтауына оң ықпал етпейді.
- Суық немесе жаңбырлы ауа райында ауа рециркуляциясын пайдалану әйнектерді буландырып жіберуі және қозғалыс кезінде көріністі нашарлатуы мүмкін.

Температураны баптау

- ♦ Басқару панелінде температураны баптау: берілген температура мәнін көбейту немесе азайту үшін басқару панелінде температураны реттеу түймесін түртіңіз. Әр басқан сайын температура мәні шкаланың 1 бөлігіне, ал реттеу диапазоны шкаланың 1–16 бөлігіне өзгереді (климат-контрольдің температураны баптау диапазоны 17,5 °C–32,5 °C).
- ♦ Температураны орталық басқару дисплейінен баптау: климаттық қондырғы мәзірінде температура реттегішінің  немесе  түймелерін басу арқылы температураның берілген мәнін ұлғайтуға немесе азайтуға болады, сондай-ақ температура мәнін сырғытпалы реттегішті жылжыту арқылы да ұлғайтуға немесе азайтуға болады.

Хабарлама

- Орталық басқару дисплейінде көрсетіліп тұрған температура температураның берілген мәні болып табылады, бұл салон ішінде өлшенген нақты температура емес.





Ауаның үлестірілуі

♦ Ауаның үлестірілуі климаттық қондырғы мәзірінде төмендегідей тәртіппен түймелерді басу арқылы орнатылады:

- ◇  Бетке ауа үрлеу режимі: ауа алдыңғы панельдегі дефлекторлар арқылы беріледі.
- ◇  Бетке және аяққа ауа үрлеу режимі: ауа алдыңғы панельдегі дефлекторлар және аяқтарға арналған кеңістіктегі ауа өткізгіштер арқылы беріледі.
- ◇  Аяққа ауа үрлеу режимі: ауа аяқтарға арналған кеңістіктегі ауа өткізгіштер арқылы беріледі.
- ◇  Аяққа ауа үрлеу және терезенің қырауын еріту режимі: ауа алдыңғы әйнекті жылыту дефлекторлары және аяқтарға арналған кеңістіктегі ауа өткізгіштер арқылы беріледі.
- ◇  Әйнектің қырауын еріту режимі: ауа алдыңғы әйнекті жылыту дефлекторлары арқылы беріледі.

Кондиционер ажыратқышы

Ауаны кондициялау басқару панеліндегі немесе орталық басқару дисплейіндегі кондиционерді қосу түймесін басу арқылы қосылады немесе өшіріледі.


Салқындату режимі

Кондиционердің салқындату функциясы климаттық қондырғының басқару панеліндегі немесе орталық басқару дисплейіндегі А/С түймесімен қосылады. Салқындату режимін қосқан кезде түймедегі индикатор жанады. А/С түймесін тағы бір рет басқан кезде түймедегі индикатор сөнеді және кондиционердің салқындату режимі өшеді.





Климаттық қондырғының ауа тазалау мәзірі*



① PM2.5 түймесі

③ Автоматты тазалау түймесі

② Иондандыру түймесі

④ AQS түймесі



Хабарлама

- Егер ауаны автоматты түрде тазалау кезінде PM2.5 түймесі немесе иондандыру түймесі басылса, автоматты түрде тазалау үдерісі үзіледі, ал қалған түймелер автоматты түрде тазалау іске қосылғанға дейінгі күйге қайтып оралады.





Дефлекторлар




◆ Алдыңғы панельдегі орталық дефлекторлар

Алдыңғы панельдегі орталық дефлекторлардан ауаның бағытталуын дефлектор торындағы тұтқамен жоғары/төмен және солға/оңға өзгертуге болады.



◆ Алдыңғы панельдегі шеткі дефлекторлар

Алдыңғы панельдегі шеткі дефлекторлардан ауаның бағытталуын дефлектор торындағы тұтқамен жоғары/төмен және солға/оңға өзгертуге болады.



◆ Артқы дефлекторлар

Артқы дефлекторлардан ауаның бағытталуын дефлектор торындағы тұтқамен жоғары/төмен және солға/оңға өзгертуге болады.



Кондиционерді қолдануға қатысты ескертпелер

- ◆ Жоғары ылғалдылық және жоғары температура жағдайларында ауаны тез салқындатқан кезде дефлектордан тұманның шығып тұрғанын байқауға болады, бұл қалыпты жағдай.
- ◆ Әр ай сайын әйнектерді түсіріп қойып, кондиционерді кемінде 5 минутқа қосып алуға кеңес беріледі. Бұл майланудың жеткіліксіздігінен ауаны кондициялау жүйесінің зақымдалуының алдын алуға көмектеседі, сондай-ақ буландырғышта ылғал ортада бактериялардың көбеюінен туындаған иістің пайда болуының алдын алады.
- ◆ Пайдалану барысында ауаны кондициялау жүйесіндегі салқындату агентінің мөлшері азаяды. Егер кондиционердің ауаны салқындатуы жеткіліксіз екенін сезсеңіз, тексерту және салқындату агентін қосымша құю үшін жақын жердегі КАІҮІ дилеріне уақытылы жүгінуге кеңес береміз. Салқындату агентін құюдың дұрыс емес тәсілі немесе оның дұрыс емес мөлшері кондиционердің ауаны салқындату тиімділігіне әсер етуі және ауаны кондициялау жүйесінің зақымдануына алып келуі мүмкін.
- ◆ Егер кондиционер конденсаторының беті ластанған болса, бұл салқындату тиімділігін нашарлатады, сондықтан конденсаторды таза ұстап отыруға кеңес беріледі.
- ◆ Бактериялардың көбеюінің және буландырғыштан иістің пайда болуының алдын алу үшін кондиционерді өшірер алдында бірнеше минутқа сырттан ауа беру режимін қосып қойыңыз және буландырғыштың бетіндегі конденсаттың кебуін қамтамасыз ету үшін климаттық қондырғының желдеткішін тоқтағанша жұмыс істетіп қойыңыз.
- ◆ Кондиционер ауаны салқындатқан кезде кондиционердің дренаждық түтікшесінен конденсат тамшылайды және автокөлік астында жерге су жиналып қалады, бұл қалыпты құбылыс.





Мультимедиа жүйесін қолдану бойынша нұсқаулар

- ◆ Көлік жүргізу кезінде мультимедиа жүйесін басқару жүргізушіні алаңдатады және жол-көлік оқиғасына алып келуі мүмкін.
- ◆ Мультимедиа жүйесін қолдану бойынша нұсқауларды орындаңыз. Кепілдік дұрыс пайдаланбаудан туындаған зақымдарға қолданылмайды. Барлық әрекеттер мультимедиа жүйесінің ағымдағы күйі есепке алына отырып орындалуы тиіс.
- ◆ Автокөліктердің жинақтамаларында болатын айырмашылыққа және жүйенің кейінірек жаңартылуына байланысты мультимедиа жүйесінің мәзірі әртүрлі болуы мүмкін. Өз автокөлігіңіздегі нақты күйді есепке алыңыз.
- ◆ Мультимедиа жүйесінің жұмысы бұзылған жағдайда мультимедиа жүйесін өшіріп қайта жүктеу үшін орталық консольдағы AVM пернесін басып 10 секунд бойы ұстап тұрыңыз.
- ◆ Мультимедиа жүйесі Bluetooth функциясы бар кеңінен таралған көптеген смартфондармен байланысты қолдайды, алайда смартфондардың арасында айырмашылықтар болатындықтан кейбір Bluetooth функциясы бар смартфондардың үйлеспейтін және жұптастырыла алмайтын болып шығуы мүмкін екенін жоққа шығаруға болмайды.
- ◆ Бөгде өндірушілердің кейбір ойнатқыштарымен музыканы Bluetooth арқылы ойнатуға қолдау көрсетілмейді.
- ◆ Аудио және бейнедеректер немесе суреттер сақтау көзі ретінде USB жинақтағыш қолданылған жағдайда мультимедиа жүйесіне арналған бөлек USB жинақтағышты қолдануға және жүктелу уақытының ұзаруына алып келуі мүмкін болғандықтан оның ішіндегі артық файлдарды барынша азайтуға кеңес беріледі.
- ◆ Мультимедиа жүйесі ажыратымдылығы жоғары және деректер көлемі үлкен бейнефайлдарды қолдамайды, кейбір бейнефайлдардың ойнатылуы бейнедеректер жазбасының сапасына немесе басқа себептерге байланысты мінсіз болмауы мүмкін. Аудиофайлдар мен суреттер де тиісінше ойнатылмауы мүмкін.
- ◆ Мультимедиа жүйесі мультимедиалық файлдардың келесі форматтарын қолдамайды:

Ойнату	Қолдау көрсетілетін форматтар	Ескертпе
Аудио	*.aac, *.he-ac, *.mp3, *.amr, *.ape, *.flac, *.m4a, *.ogg, *.wav, *.wma, *.aiff, *.au, *.mka, *.mmf, *.mp2, *.wav pack, *.wv	* кестеде файл атының орнында тұрады
Бейне	*.mp4, *.3gp (h.264), *.avi (mpeg2/4/avc), *.mpeg (mpeg1/2video), *.aac, *.he_aa, *.mov, *.amr, *.ape, *.vob, *.flv, *.mpg, *.mkv, *.ts, *.wmv	
Сурет	*.jpg, *.png, *.gif (статикалық), *.bmp	

Хабарлама


- Бұл нұсқаулық мультимедиа жүйесі туралы кейбір базалық мәліметтер ұсынады. Басқаруға қатысты толық ақпарат алу үшін 92-беттегі Орталық басқару дисплейіндегі ақпараттық-ойын-сауық жүйесін пайдалану нұсқаулығының электрондық нұсқасын  қараңыз.





Басқару түймелерінің функциялары

Рульдегі мультимедиа жүйесін басқару түймелері



- ① **Қоңырауды қабылдау түймесі**
Басып қалу арқылы қоңырау жоқ кезде Bluetooth телефонының мәзіріне кіру немесе кіріс қоңырауын қабылдау жүзеге асырылады.
- ② **Дыбыс күшін реттеу түймесі**
Дыбыс күшін ұлғайту үшін жоғары қарай, азайту үшін төмен қарай айналдырыңыз. Басып қалу арқылы мультимедиа жүйесінің дыбысы өшіріледі.
- ③ **Алдыңғы трек түймесі**
Басып қалу арқылы алдыңғы трекке ауысу немесе соңғы қабылданған радиостанцияны іздеу жүзеге асырылады.

- ④ **Келесі трек түймесі**
Басып қалу арқылы келесі трекке ауысу немесе келесі қабылданатын радиостанцияны іздеу жүзеге асырылады.
- ⑤ **MODE режимдерін ауыстырып қосу түймесі**
Әр басқан кезде келесі тәртіппен ойнату көздерін циклмен ауыстырып қосу орын алады: FM → AM → Bluetooth арқылы музыка → USB арқылы музыка → FM.

- ⑥ **Қоңырауды өшіру түймесі**
Басып қалу арқылы кіріс қоңырауынан бас тартылады.
- ⑦ **Мобильді телефонды көрсетудің APP түймесі**

Мультимедиа жүйесін басқару орталық түймесі




Оталдыру жүйесі қосулы тұрғанда AVM түймесін басып қалу арқылы айнала шолу режиміне кіру жүзеге асырылады. Мультимедиа жүйесін өшіріп, қайта жүктеу үшін түймені 10 секунд бойы басып тұрыңыз.






Бас мәзір



- | | |
|---|---|
| ① Bluetooth арқылы музыка
Музыка туралы ақпараттың көрсетілуі, музыканың ойнатылуын және ойнату барысындағы үзілісті басқару | ⑥ Жүксалғыш бөлім қақпағының құлпын ашу түймесі*
Жүксалғыш бөлім қақпағының құлпын ашу түймесін басу арқылы жүзеге асырылады |
| ② Күй жолағы
Жүйенің ағымдағы күйінің көрсетілуі | ⑦ Спорттық режим түймесі
Спорттық режимге ауысу түймені басу арқылы жүзеге асырылады |
| ③ Орташа отын шығыны | ⑧ Орындықтарды реттеу түймесі*
Орындықтарды реттеу мәзіріне кіру түймені басу арқылы жүзеге асырылады |
| ④ Қолданба таңбалары
Қолданбаларға өту сәйкес таңбашаны басу арқылы жүзеге асырылады | ⑨ Үнемді режим түймесі
Үнемді режимге ауысу түймені басу арқылы жүзеге асырылады |
| ⑤ Bluetooth телефоны
Bluetooth қоңыраулар журналы мен мекенжайлар кітапшасының көрсетілуі | ⑩ Алдыңғы радар түймесі*
Радарды өшіру түймені басу арқылы жүзеге асырылады |





- ⑪ Жайлы режим түймесі
Жайлы режимге ауысу түймені басу арқылы жүзеге асырылады
- ⑫ Панорамалық кескін түймесі*
Айнала шолуды қосу түймені басу арқылы жүзеге асырылады
- ⑬ Қолданбалар тізімі
Барлық орнатылған қолданбаларды қарап көруге өту түймені басу арқылы, қолданба мәзіріне өту сәйкес қолданбаның белгішесін басу арқылы жүзеге асырылады.
- ⑭ Bluetooth телефоны
Bluetooth телефонына кіру түймені басу арқылы жүзеге асырылады
- ⑮ Музыка түймесі
Құрылғыдан музыка ойнату мәзіріне кіру түймені басу арқылы жүзеге асырылады, нақты автокөлік түріне байланысты.
- ⑯ Климаттық қондырғы мәзіріне тез кіру түймесі
Климаттық қондырғыны басқару мәзіріне кіру түймені басу арқылы жүзеге асырылады
- ⑰ Жүйе баптауларының түймесі
Жүйе баптауларының мәзіріне кіру түймені басу арқылы жүзеге асырылады
- ⑱ Автокөлік баптауларының мәзіріне тез кіру түймесі
Автокөлік баптауларының мәзіріне кіру түймені басу арқылы жүзеге асырылады
- ⑲ Бас мәзір
Бас мәзірге қайтып оралу түймені басу арқылы жүзеге асырылады



Ақпараттық-ойын-сауық жүйесін пайдалану бойынша нұсқаулық

Орталық дисплейдің бас мәзірінде «Қолданбалар тізімін» солға немесе оңға жылжыту арқылы «Пайдалану бойынша нұсқаулық» қолданбасын таңдаңыз және Ақпараттық-ойын-сауық жүйесін пайдалану бойынша нұсқаулықтың электрондық нұсқасын қарап көруге арналған түймені басыңыз.



Хабарлама

- Автокөліктердің жинақтамаларында болатын айырмашылыққа және жүйенің кейінірек жаңартылуына байланысты мультимедиа жүйесінің мәзірі әртүрлі болуы мүмкін. Өз автокөлігіңіздегі нақты күйді есепке алыңыз.





Сақтауға арналған орындар



◆ Есіктегі ұсақ-түйек бөлімі

Алдыңғы және артқы орындықтардағы ұсақ-түйек бөлімдері сусындары бар бөтелкелерді, географиялық карталарды және басқа заттарды салып қоюға арналған.




◆ Орталық консольдағы ұсақ-түйек бөлімі

Ұсақ-түйек заттарды салып қоюға арналған.

Хабарлама

- Мобильді телефондарды сымсыз зарядтау функциясы бар модельдерде* бұл орын мобильді телефондарды сымсыз зарядтауға арналған алаң ретінде қолданылады, бұл орынға басқа заттарды қоймас бұрын мобильді телефондарды сымсыз зарядтау функциясын өшіру қажет.



◆ Ұсақ-түйек тартпасы

- ◇ Ұсақ-түйек тартпасының қақпағын ашу құлып түймесін алға қарай басу арқылы жүзеге асырылады.
- ◇ Ұсақ-түйек тартпасын жабу үшін қақпақты сырт еткен дыбыспен бекітілгенше көтеру қажет.

Сақтандыру

- Шұғыл тежелу кезінде ықтимал жарақаттардан сақтану үшін қозғалыс кезінде ұсақ-түйек тартпасын жабық күйінде ұстау қажет.





- ◆ Алдыңғы ортаңғы шынтақтаяныштағы ұсақ-түйек бөлімі

Алдыңғы ортаңғы шынтақтаяныштағы ұсақ-түйек бөлімі ұсақ заттарды салып қоюға арналған, ұсақ-түйек бөліміне заттарды алып-салу үшін қақпағын ашу керек.




- ◆ Орталық консольдың артқы бөлігіндегі ұсақ-түйек бөлімі

Ұсақ-түйек заттарды салып қоюға арналған.



- ◆ Үшінші қатар орындықтары аймағындағы ұсақ-түйек бөлімдері

Сусындары бар бөтелкелерді және ұсақ заттарды салып қоюға арналған.



- ◆ Көзілдірікке арналған бөлім

- ◇ Көзілдірікке арналған бөлімді ашу үшін бөлімнің жиегіндегі жылтыр қаптаманы басу қажет, бөлім автоматты түрде ашылады.
- ◇ Көзілдірікке арналған бөлімді жабу үшін бөлімнің корпусын сырт еткен дыбыспен бекігенше көтеру қажет.





Күнқағарлар



- ◆ Күнқағарлар жүргізушінің және алдыңғы жолаушының басының үстіңгі жағында орналасқан. Алдыңғы жақтан түскен көз қарықтыратын жарықтан қорғану үшін күнқағарды төмен қайыру қажет.



- ◆ Бүйірден түскен көз қарықтыратын жарықтан қорғану үшін күнқағарды ішкі қронштейнінен ажыратып алып, есік әйнегіне қарай бұру қажет.

Косметикалық айна




- Косметикалық айнаны ашу үшін айна қақпағын шетке қарай ысыру қажет.





Төбедегі тұтқалар



Автокөліктің қозғалысы кезінде жолаушылар төбедегі тұтқалардан ұстап отыра алады.

! Назар аударыңыз

- Автокөлікке мінгенде және одан түскенде немесе орындықтан тұрған кезде төбедегі тұтқаны пайдаланбаңыз.
- Төбедегі тұтқаға ауыр заттарды іліп қоймаңыз.

Стақанқойғыштар



Стақанқойғыштарды сусындары бар саптыаяқтарды немесе банкаларды салып қою үшін пайдалануға болады.

! Сақтандыру

- Қозғалыс кезінде сұйықтық төгіліп кетпеуі үшін сусыны бар ыдыстың қақпағы жабық екеніне көз жеткізіңіз.
- Қозғалыс кезінде стақанқойғыштан саптыаяқты алмаңыз немесе оған саптыаяқ қоймаңыз.





Алдыңғы орындықтардың арқалықтарындағы қалталар



Алдыңғы орындықтардың арқалықтарында географиялық карталарды, журналдарды, газеттерді және басқа да заттарды сақтауға арналған қалталар бар.

Электрмен қоректендіру ағытпасы



Оталдыру жүйесі қосулы тұрғанда («ON» немесе «ACC» күйі) электрмен қоректендіру ағытпасының қақпағын ашыңыз да, зарядтауға арналған құрылғыны жалғаңыз.

Сақтандыру

- Автокөліктің ішінде адам жоқ кезде электрмен қоректендіру ағытпасын пайдаланбаңыз, дұрыс пайдаланбау өрттің шығуына алып келуі мүмкін.
- Балалардың электрмен қоректендіру ағытпасын пайдалануына рұқсат бермеңіз.
- Ағытпаны тұтынатын қуаты жоғары электр жабдықты қоректендіруге пайдаланбаңыз.

Назар аударыңыз


- Автокөліктің электр жүйесінің зақымдалуынан сақтану үшін электрмен қоректендіру ағытпасына электр қуатын өндіретін электр жабдықты жалғамаңыз.
- Электр-магниттік үйлесімділік талаптарына сәйкес келетін электр жабдықты ғана қолданыңыз.
- Кернеу ауытқуларына байланысты электр жабдықтың зақымдалуынан сақтану үшін оталдыру жүйесін қосар немесе өшірер алдында электрмен қоректендіру ағытпасына жалғанып тұрған зарядтау құрылғысын ажыратыңыз.






USB ағытпалары

Оталдыру жүйесі қосулы тұрғанда («ACC» немесе «ON» күйі) ағытпаға мобильді құрылғыны жалғауға және оны пайдалануға болады.



◆ Алдыңғы USB ағытпалары

- ◇ Тек сол жақтағы USB ағытпасы ғана USB жинақтағыштарынан деректердің берілуін қолдайды.
- ◇ Оң жақтағы USB ағытпасы тек шағын құрылғыларды, мысалы, мобильді телефонды электрмен қоректендіруге арналған



◆ Артқы USB ағытпалары*

Артқы USB ағытпасын шағын құрылғыларды, мысалы, мобильді телефонды зарядтау үшін қолдануға болады.

Мобильді телефондарды сымсыз зарядтау*

- ◆ Мобильді телефондарды сымсыз зарядтау сымды жалғамай, электр-магнитті индукция арқылы жүзеге асырылады.



Хабарлама

- Сымсыз зарядтау функциясы Qi қоректендіру стандартына сәйкес келетін мобильді телефондар үшін ғана қолжетімді. Біз Qi қоректендіру стандартына сәйкес келмейтін мобильді телефонды немесе сымсыз зарядтау алаңына қойылған басқа құрылғыны қолданудан туындаған кез келген зақым үшін жауапкершілік көтермейміз.





- ◆ Мобильді телефондарды сымсыз зарядтауға арналған алаң

Сымсыз зарядтау тиімді аймағы орталық консольдың ұсақ-түйек бөлімінде орналасқан. Тиісті зарядтауды қамтамасыз ету үшін телефонды сымсыз зарядтауға арналған алаңға орналастыру қажет.

Хабарлама

- Егер сымсыз зарядтау аймағын ұсақ-түйек салатын бөлім ретінде пайдалану қажет болса, алдымен сымсыз зарядтау функциясын өшіріп қойыңыз.

Мобильді телефондарды сымсыз зарядтау ажыратқышы



- ◆ Баптаулар мәзіріне кіру үшін орталық басқару дисплейінен  белгішесін басыңыз, содан кейін сымсыз зарядтау мәзіріне кіру үшін  белгішесін басыңыз.

- ◆ Сымсыз зарядтауды қосу немесе өшіру үшін  белгішесін басыңыз. Мобильді телефондарды сымсыз зарядтау функциясын қосқаннан кейін есіктердің жабық екеніне көз жеткізіңіз, сымсыз зарядтауға арналған алаңға қойылған мобильді телефонды зарядтау үшін қозғалтқышты оталдырыңыз. Ұмытылған мобильді телефон туралы еске салуды  тек 2 сымсыз зарядтау функциясын* қосқаннан кейін ғана қосуға болады.


- ◆ Сонымен бірге мәзірді орталық дисплейдің күй жолағын төмен қарай айналдыру арқылы ашуға және сымсыз зарядтау функциясын тез қосу немесе өшіру үшін  белгішесін басуға болады.

Хабарлама

- Мобильді телефондарды сымсыз зарядтау функциясы қосулы тұрған кезде орталық дисплейдің күй жолағында таңба көрсетіліп тұрады, оның мәртебесі мобильді телефондарды сымсыз зарядтау функциясының қолданылуына байланысты өзгереді.



Сымсыз зарядтау күйінің дисплейі*

- ◆ Күй жолағы сымсыз зарядтау функциясы қосулы тұрған кезде көрсетіледі. Сымсыз зарядтау 1 немесе сәйкесінше сымсыз зарядтау 2*  қосылу мәртебесі көрсетіліп тұрса, екі телефонның біреуі зарядтала алады.
- ◆ Сымсыз зарядтау дисплейінде келесі күйлер көрсетіледі:
 - ◇ Зарядтау жүріп жатқан жоқ 
 - ◇ Тез зарядтау 
 - ◇ Баяу зарядтау 
 - ◇ Сымсыз зарядтау ажыратқышы қосулы күйінде, сымсыз зарядтау алаңында бөтен металл зат анықталды 
 - ◇ Сымсыз зарядтау ажыратқышы қосулы күйінде, ал сымсыз зарядтау функциясы өшірулі 



Сақтандыру

- Қауіпті жағдайлардан сақтану үшін автокөлікте жүргізуші жоқ кезде мобильді телефонды сымсыз зарядтауға арналған алаңға қоймаңыз.
- Егер сымсыз зарядтау барысында телефон мен сымсыз зарядтауға арналған алаңның арасында бөтен металл зат анықталса, саусақтарыңызды күйдіріп алмау үшін бұл затты дереу қолыңызбен алып тастауға асықпаңыз. Бірден сымсыз зарядтау функциясын өшіріп қою және бөтен затты алып тастар алдында оның суығанын күту қажет.



Назар аударыңыз

- Сымсыз зарядтау функциясы қосулы тұрғанда сымсыз зарядтау алаңына тиындар, кілттер және т. с. с. металл заттарды қоймаңыз.
- Сымсыз зарядтау функциясы қосулы тұрғанда сымсыз зарядтау алаңына магнитті жолағы бар карталар секілді магнитті заттарды қоймаңыз.
- Сымсыз зарядтау функциясы қосулы тұрғанда сымсыз зарядтау алаңына қашықтан басқару пульті бар кілтті қоймаңыз.
- Сымсыз зарядтау модулінің ақаулығын тудырмау үшін сымсыз зарядтау алаңына су төгіп алмаңыз.
- Егер сымсыз зарядтау функциясы тиісінше жұмыс істемей тұрса, техникалық қызмет көрсетуден өту үшін КАІҮІ дилеріне уақытылы жүгінуге кеңес беріледі.



Хабарлама

- Қозғалтқышты оталдыру кезінде қашықтан басқару пульті бар кілттің жұмысына байланысты сымсыз зарядтау уақытша тоқтайды. Қашықтан басқару пульті бар кілттің жұмысы аяқталғаннан кейін сымсыз зарядтау қайта жалғасады.
- Бір мезгілде тек бір телефон ғана зарядтала алады.
- Ойлы-қырлы жолдарда мобильді телефондарды сымсыз зарядтау мезгіл-мезгілімен тоқтап және қайта жалғасып отыруы мүмкін. Егер телефон сымсыз зарядтауға арналған алаңда орнынан жылжып кетсе және зарядталмай қалса, телефонды зарядталу орнына қайтарып қою қажет.
- Егер жүйе немесе мобильді телефон ақаулы болса, зарядтау жұмыс істемеуі мүмкін.





Қауіпсіздік белбеулерінің қорғау әрекеті

- ◆ Қозғалыс кезінде автокөлікте, жүргізушіде және жолаушыларда кинетикалық энергия болады, ол автокөліктің жылдамдығына, автокөліктің, жүргізушінің және жолаушылардың массасына байланысты. Жылдамдық пен масса неғұрлым көбірек болса, соқтығысу болған жағдайда жұтылуы тиіс кинетикалық энергия соғұрлым көп болады. Автокөліктің жылдамдығы шешуші роль ойнайды, мысалы, массалар бірдей болған жағдайда автокөлік жылдамдығы 25 км/сағ шамасынан 50 км/сағ шамасына дейін жоғарылаған кезде кинетикалық энергия төрт есе ұлғаяды.
- ◆ Автокөлік соқтығысқан жағдайда қауіпсіздік белбеулерін таппаған жүргізуші мен жолаушылар инерцияның әсерімен соқтығысуға дейінгі жылдамдықпен ілгері қозғалуын жалғастырады, ал автокөлік бұл кезде олармен бірге қозғалмайды, бұл жүргізуші мен жолаушылардың күрделі жарақаттар алуына алып келуі мүмкін.
- ◆ Тағылған қауіпсіздік белбеулері автокөлік соқтығысқан жағдайда жүргізушіні және жолаушыларды тиісті күйде ұстап қала, автокөліктен ұшып шықпауы үшін олардың инерция бойынша алға қарай қозғалысын баяулата, сондай-ақ қауіпсіздік жастықтары ашылған кезде ең үздік қорғанышты қамтамасыз ете және ықтимал жарақаттардың ауырлығын максималды дәрежеде төмендетеді.

Сақтандыру

- Тіпті автокөліктің өте төмен жылдамдығының өзінде автокөлік соқтығысқан жағдайда адамның денесіне әсер ететін күш өте үлкен. Жүргізуші мен жолаушылар қолдарының көмегімен өздерін орындарында ұстап қала алмайды. Қауіпсіздік белбеулерін таппаған жүргізуші мен жолаушылар алға қарай ұшып кетеді, ал автокөлік ішіндегі кез келген затқа соғылу күрделі жарақаттар келтіруі мүмкін.
- Артқы орындықтардағы жолаушылар да қауіпсіздік белбеулерін дұрыс тағып отыруы тиіс. Әйтпесе автокөлік соқтығысқан жағдайда олар күшпен алға қарай лақтырылуы мүмкін. Артқы орындықтардағы қауіпсіздік белбеулерін таппаған жолаушылар өздеріне ғана зиян келтіріп қоймай, алда отырған адамдарға да қауіп төндіреді.
- Әр қауіпсіздік белбеуі тек бір адамға ғана арналған. Бір қауіпсіздік белбеуін біреуден артық (балаларды қоса алғанда) адамға таппаңыз.
- Қауіпсіздік белбеулері тек ересек жолаушыларға ғана арналған, балаларды артқы орындықтарға отырғызып тасымалдау және оларға сәйкес бала бекіту құрылғыларын пайдалану қажет.

Дұрыс отыру

Жүргізушінің дұрыс отыру қалпы

- ◆ Жүргізушінің орындықтағы дұрыс отыру қалпы автокөлікті басқаруға көмектеседі және шаршауды азайта алады.
- ◆ Жүргізушінің қауіпсіздігі үшін келесі реттеулерді орындауға кеңес беріледі:
 - ◇ Педальдарды және барлық ауыстырып қосқыштарды ыңғайлы және тиімді басқару үшін жүргізуші орындығының күйін реттеп алыңыз.
 - ◇ Орындықтың арқалығын жүргізушінің арқасы орындық арқалығына толықтай жанасып тұратындай етіп реттеңіз.
 - ◇ Бассүйегішті жүргізушінің басы бассүйегіштің дәл ортасында орналасатындай етіп реттеңіз.
 - ◇ Рульді жүргізуші мен рульдің арасында тиісті арақашықтықты қамтамасыз ететіндей етіп реттеңіз.
 - ◇ Қауіпсіздік белбеуін дұрыс тағыңыз.





Алдыңғы жолаушының дұрыс отыру қалпы

- ◆ Алдыңғы жолаушының қауіпсіздігін қамтамасыз ету және жол-көлік оқиғасы жағдайында жарақат алу қаупін төмендету үшін келесі реттеулерді орындауға кеңес беріледі:
 - ◇ Алдыңғы жолаушы орындығының күйін алдыңғы жолаушы мен алдыңғы панельдің арасында тиісті қашықтықты қамтамасыз ететіндей етіп тиісінше реттеңіз.
 - ◇ Орындықтың арқалығын алдыңғы жолаушының арқасы орындық арқалығына толықтай жанасып тұратындай етіп реттеңіз.
 - ◇ Бассүйегішті алдыңғы жолаушының басы бассүйегіштің дәл ортасында орналасатындай етіп реттеңіз.
 - ◇ Қауіпсіздік белбеуін дұрыс тағыңыз.

Сақтандыру

- Қозғалыс кезінде алдыңғы жолаушының аяқтары алдыңғы панельдің астында орналасуы тиіс. Аяқтарыңызды алдыңғы панельдің үстіне қоймаңыз, қолдарыңызды терезеден шығармаңыз және орындыққа түзу отырыңыз, әйтпесе шұғыл тежелген немесе жол-көлік оқиғасы болған жағдайда күрделі жарақаттар алып қалуыңыз мүмкін.

Артқы жолаушылардың дұрыс отыру қалпы

- ◆ Жүргізушінің және жолаушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету және жол-көлік оқиғасы жағдайында жарақат алу қаупін төмендету үшін келесілерді орындауға кеңес беріледі:
 - ◇ Бассүйегішті артқы жолаушының басы бассүйегіштің дәл ортасында орналасатындай етіп реттеңіз.
 - ◇ Орындықта дененіздің тік күйін сақтаңыз, арқаңызбен орындық арқалығына толықтай сүйеніп отырыңыз.
 - ◇ Қауіпсіздік белбеуін дұрыс тағыңыз.

Сақтандыру


- Қозғалыс кезінде артқы жолаушылардың аяқтары артқы орындықтардың алдындағы аймақта орналасуы тиіс. Қолдарыңызды терезеден шығармаңыз және орындыққа түзу отырыңыз, әйтпесе шұғыл тежелген немесе жол-көлік оқиғасы болған жағдайда күрделі жарақаттар алып қалуыңыз мүмкін.
- Артқы орындықтарда балаларды тасымалдаған жағдайда сәйкес бала бекіту құрылғыларын пайдалану қажет.






Қауіпсіздік белбеуін дұрыс тағу


Автокөліктегі барлық отыратын орындар үш нүктелі қауіпсіздік белбеулерімен жабдықталған. Төменде қауіпсіздік белбеуін қалай дұрыс тағуға болатыны сипатталған.



1. Орындықта денеңізді дұрыс қалыпқа келтіріңіз.
2. Қауіпсіздік белбеуін орағыш құрылғыдан ақырын және жатық қимылмен тартып шығарыңыз, оны кеудеңіз бен сандарыңыздың үстінен асырып өткізіңіз, содан кейін белбеудің тілшігін сырт еткен дыбыспен бекігенше құлыпқа сұғыңыз.



3. Қауіпсіздік белбеуінің құлыпқа сенімді бекітілгеніне көз жеткізу үшін қауіпсіздік белбеуін қарсы бағытқа қарай тартып көріңіз.




4. Үш нүктелі қауіпсіздік белбеуінің күйін реттеңіз.
 - ◇ Қауіпсіздік белбеуінің иық тармағын таспасы иықты тұтастай орап тұратындай, алайда мойынға тимейтіндей және иықтан сырғып түспейтіндей етіп орналастырыңыз.
 - ◇ Қауіпсіздік белбеуінің бел тармағын мүмкіндігінше төмен сандарыңыздың үстіне орналастырыңыз.





Қауіпсіздік белбеуін ағыту



1. Қауіпсіздік белбеуін қолыңызбен ұстаңыз да, құлыптың бүйіріндегі қызыл түсті түймені басыңыз, тілшік құлыптан автоматты түрде босап шығады.
2. Қауіпсіздік белбеуін ұстап тұрып, орағыш құрылғысына баяу оралып тартылуына мүмкіндік беріңіз.

Қауіп

- Қауіпсіздік белбеуінің бел тармағының тым биік немесе тым бос орналасуы соқтығысу немесе басқа жол-көлік оқиғасы жағдайында дененің белбеуден сырғып шығып кетуінің нәтижесінде жүргізушінің, жолаушының күрделі дене жарақаттар алуына алып келуі немесе тіпті олардың өміріне қауіп төндіруі мүмкін.
- Апатқа ұшыраған жағдайда күрделі жарақаттардан сақтану үшін автокөліктің қозғалысы кезінде немесе автокөлік толық тоқтағанша қауіпсіздік белбеуін ағытпаңыз.

Назар аударыңыз

- Қауіпсіздік белбеуінің біркелкі тартылып шығарылатынына көз жеткізіңіз, олай болмаса, қауіпсіздік белбеуінің таспасын тартып шығару және шиыршықталып қалмағанын тексеру қажет.

Тағылмаған қауіпсіздік белбеуінің сигнал шамы



Бұл автокөлікте жүргізушінің және жолаушылардың тағылмаған қауіпсіздік белбеуінің сигнал шамы, сондай-ақ қауіпсіздік белбеуін тағу қажеттігін еске салуға арналған дыбыстық сигнал құрылғысы бар. Толық ақпарат 25-беттегі «Автокөлік жабдықтары және басқару» бөліміндегі «Сигнал және бакылау шамдары» тармағында берілген.





Алдыңғы қауіпсіздік белбеуін биіктігі бойынша реттеу

- ♦ Жүргізуші мен алдыңғы жолаушының қауіпсіздік белбеулері биіктігі бойынша реттегіштермен жабдықталған.
- ♦ Қауіпсіздік белбеуін биіктігі бойынша иық тармағы шамамен иықтың ортасымен өтетіндей және бетке және мойынға тимейтіндей етіп реттеңіз.

Қауіпсіздік белбеуін биіктігі бойынша төмен қарай реттеу



1. Қауіпсіздік белбеуін биіктігі бойынша реттегіш түймесін басыңыз да, реттегіштен ұстап тұрып, оны төмен қарай қажетті күйге дейін жылжытыңыз.
2. Реттеу аяқталғаннан кейін реттегіш түймесін жіберіп, бекітілгеніне көз жеткізу үшін реттегішті төмен жылжытып көріңіз.

Қауіпсіздік белбеуін биіктігі бойынша жоғары қарай реттеу



1. Қауіпсіздік белбеуін биіктігі бойынша реттегіш түймесін басыңыз да, реттегіштен ұстап тұрып, оны жоғары қарай қажетті күйге дейін жылжытыңыз.
2. Реттеу аяқталғаннан кейін реттегіш түймесін жіберіп, бекітілгеніне көз жеткізу үшін биіктік реттегішін төмен жылжытып көріңіз.

Сақтандыру

- Жол-көлік оқиғаларына ұшырап қалмау үшін жүргізушінің автокөліктің қозғалысы кезінде қауіпсіздік белбеуін реттемегені жөн.

Жүктілік кезінде қауіпсіздік белбеуін қалай пайдалану қажет

Аяғы ауыр әйелдер өздерінің жеке қауіпсіздігі мен баланың қауіпсіздігіне ерекше көңіл бөлуі және автокөлікті жүргізгенде немесе автокөлікпен жүрген кезде қауіпсіздік белбеуін тиісінше тағуы тиіс.

1. Орындықты және бассүйегішті дұрыс қалыпқа қойыңыз.
2. Тілшігінен ұстаңыз да, иығыңыз арқылы өткізе отырып, қауіпсіздік белбеуін ақырын тартыңыз. Қауіпсіздік белбеуінің таспасы ешбір жағдайда құрсаққа қысым түсірмей, құрсақтың астынан мүмкіндігінше төмен өтуі тиіс.
3. Қауіпсіздік белбеуінің тілшігін сырт еткен дыбыспен бекігенше сәйкес құлыпқа сұғыңыз.
4. Қауіпсіздік белбеуін белбеудің иық тармағы иықты орап тұратындай, алайда мойынға тимейтіндей және иықтан сырғып түспейтіндей, ал белбеудің бел тармағы мүмкіндігінше төмен сандардың үстінде орналасатындай етіп реттеңіз.





Сақтандыру

- Адам денесі мен қауіпсіздік белбеуінің арасында ешқандай зат болмауы тиіс.

Қауіпсіздік белбеулерін тексеру

Қауіпсіздік белбеулерін мезгіл-мезгілімен тексеріп отырыңыз:

- ♦ Тағылмаған қауіпсіздік белбеуінің сигнал шамының жұмыс істейтінін не істемейтінін, қауіпсіздік белбеуі таспасының, тілшігінің, құлпының, инерциялық шарғысының және бекіткішінің дұрыс қалыпта болуын жүйелі түрде тексеріп отырыңыз.
- ♦ Қауіпсіздік белбеулерінде люфттердің немесе зақымдану белгілерінің болмауын тексеріңіз, қауіпсіздік белбеулерінің қалыпты жұмысына әсер етуі мүмкін бөлшектерді тексеріңіз.
- ♦ Егер қауіпсіздік белбеуінде жарықтар, үзілген жерлер немесе тозу белгілері болса, қауіпсіздік белбеуін дереу ауыстыру қажет.
- ♦ Қауіпсіздік белбеулерінің таза және құрғақ болуын қадағалаңыз.

Қауіпсіздік белбеулерінің компоненттерін ауыстыру

- ♦ Егер қауіпсіздік белбеуі лайықсыз күйде болса, кідірместен КАҮҮ дилеріне жүгінуге кеңес беріледі. Қауіпсіздік белбеуі жөнделмейінше орындықты пайдаланбаңыз.
- ♦ Болттарын қоса алғанда, күрделі соқтығысу кезінде пайдаланылған қауіпсіздік белбеулері жөнделуі тиіс. Тіпті мардымсыз зақымы болса да, бүкіл белбеу жиынтығы ауыстырылуы тиіс.






Қауіпсіздік жастықтарының қорғау әрекеті

- ♦ Қауіпсіздік жастықтары қауіпсіздік белбеулерін алмастыра алмайды, бұл қауіпсіздік белбеулеріне қосымша автокөліктің бүкіл пассивті қауіпсіздігінің ажырамас бөлігі. Тек дұрыс тағылған қауіпсіздік белбеулерімен ғана қауіпсіздік жастықтары максималды қорғанышты қамтамасыз ете алады.
- ♦ Іске қосылған қауіпсіздік жастықтары жүйесі толық көлемде өзінің қорғаныш әсерін көрсетуі үшін жүргізушілер мен жолаушылар қозғалыс басталмай тұрып қауіпсіздік белбеулерін дұрыс таққан, орындықтар мен руль дұрыс реттелген, бассүйегіштер дұрыс реттелген болуы тиіс. Балалар тиісті бала орындықтарымен тасымалдануы тиіс.
- ♦ Қауіпсіздік жастықтары автокөліктердің нақты модельдеріне арналып әзірленеді, сондықтан аспаны, шиналарды, бамперлерді және басқа да түпнұсқа жабдықтарды модификациялау қауіпсіздік жастықтарының жұмысына кері әсер етеді. Қауіпсіздік жастықтары жүйесінің бірде-бір компоненті басқа автокөлікте қолданыла алмайды, әйтпесе бұл қауіпсіздік жастықтарының ақаулығына және жарақаттарға алып келуі мүмкін.

Қауіп

- Күрделі соқтығысу жағдайында қауіпсіздік жастығы қас қағым сәтте ашылады, сондықтан күрделі жарақаттардан сақтану үшін жүргізуші мен жолаушылар орындықта дұрыс отыру қалпын сақтауы тиіс. Бірден баяулаған кезде қауіпсіздік белбеулерін тақпаған жүргізуші мен жолаушылар алға қауіпсіздік жастықтарының ашылу аймағына қарай ұшып кетуі, ал ашылып жатқан қауіпсіздік жастықтары жүргізушіге және жолаушыларға жарақаттар келтіруі немесе тіпті өмірлеріне қауіп төндіруі мүмкін.
- Қауіпсіздік жастықтарының ашылу аймағына ешқандай зат орналастырмаңыз, орнатпаңыз және желімдеп жабыстырмаңыз, әйтпесе қауіпсіздік жастығы ашылған жағдайда жарақат алу қаупі артады.
- Қозғалыс кезінде басқа жолаушылардың (балалардың), үй жануарларының немесе қандай да бір заттың жүргізуші, алдыңғы жолаушы және қауіпсіздік жастықтары арасында болуына жол бермеңіз.

Қауіпсіздік жастықтарының орнатылған орындары



Алдыңғы қауіпсіздік жастықтары


- ♦ Жүргізушінің алдыңғы қауіпсіздік жастығы рульге орнатылған, алдыңғы жолаушының қауіпсіздік жастығы алдыңғы панельге орнатылған; рульдегі және алдыңғы панельдегі орнатылу орындарында «AIRBAG» деген жазулар бар.
- ♦ Қозғалыс кезінде алдынан соққы болған жағдайда алдыңғы қауіпсіздік жастықтары ашылады, олар жүргізушінің және алдыңғы жолаушының басы мен кеудесін жарақаттардан қорғауға көмектеседі.





Алдыңғы орындықтардың бүйірлік қауіпсіздік жастықтары*

- ♦ Бүйірлік қауіпсіздік жастықтары жүргізуші мен алдыңғы жолаушы орындықтарының арқалықтарының қапталына орнатылған (орнатылу орнының үлгісі сол жақтағы суретте көрсетілген), орындықтардың арқалықтарында «AIRBAG» таңбаламасы бар.
- ♦ Бүйірден соқтығысқан жағдайда бүйірлік қауіпсіздік жастығының іске қосылу шарты орындалса, жүргізушінің және алдыңғы жолаушының денесін қорғау үшін бүйірлік қауіпсіздік жастығы ашылады.



Бүйірлік қауіпсіздік қалқалары*

- ♦ Бүйірлік қауіпсіздік қалқалары төбенің сол және оң жақтарына орнатылған (орнатылу орнының үлгісі сол жақтағы суретте көрсетілген), орнатылған орындарда «AIRBAG» жазуы бар.
- ♦ Орташа немесе үлкен күшпен бүйірден соққы болған жағдайда бүйірлік қауіпсіздік қалқасының іске қосылу шарты орындалса, ол ашылып, автокөлікте отырған адамдардың бастарын қорғауға көмектеседі.

Сақтандыру

- Егер адамның денесі рульге немесе алдыңғы панельге тым жақын орналасса, ашылып жатқан қауіпсіздік жастығынан күшті соққы алуы мүмкін.





Қауіпсіздік жастықтарының іске қосылуы


- ♦ Қауіпсіздік жастығының іске қосылуын немесе қосылмауын шешетін фактор автокөлік соқтығысқан кездегі соққының күші болып табылады, соққы күші соқтығысу түріне, соқтығысу бұрышына, кедергі түріне және автокөліктің жылдамдығына байланысты. Егер соқтығысу кезінде басқару блогы анықтаған соққы күші басқару блогында бағдарламаланған іске қосылуға қажетті шарттан кем болса, жүйе қауіпсіздік жастықтарын іске қоспайды. Сондықтан тіпті автокөлікке күшті зақым келген жағдайда да бұл қауіпсіздік жастығы іске қосылуы тиіс екенін білдірмейді.
- ♦ Қауіпсіздік жастықтары іске қосылуы мүмкін жағдайлар:



- ◇ Терең шұңқырға түскен кезде автокөліктің алдыңғы бөлігінің жерге соғылуы



- ◇ Автокөліктің алдыңғы бөлігінің жиектасқа, тастарға және т. б. соғылуы




- ◇ Тік беткейден түскен кезде автокөліктің алдыңғы бөлігінің жерге соғылуы






◆ Қауіпсіздік жастықтары іске қосылмауы мүмкін жағдайлар:




◇ Бетон бағанға, ағашқа немесе басқа биік және еңсіз объектіге соғылу



◇ Жүк автокөлігінің артқы бөлігіне соғылу



◇ Артқы жақтан басқа көлік құралының келіп соғылуы



◇ Автокөліктің бүйіріне қарай аударылуы



- ◇ Қозғалыс бағытына қиғаш орналасқан қабырғамен немесе көлік құралымен соқтығысу

Қауіпсіздік жастықтарының сигнал шамы



Автокөлікте жүргізушіге қауіпсіздік жастықтары жүйесінің ақаулы күйі туралы ескертетін сигнал шамы бар 27-беттегі «Автокөлік жабдықтары және басқару» бөліміндегі «Сигнал және бақылау шамдары» тарамағын қараңыз.

Қауіпсіздік жастықтары жүйесінің компоненттерін ауыстыру

- ◆ Егер қауіпсіздік жастықтары жүйесі ақаулы болса, соқтығысқан жағдайда ол автокөлікте отырған адамдарды қорғай алмайды, бұл жарақаттарға алып келеді немесе тіпті өмірге қауіп төндіреді. Соқтығысқан жағдайда қауіпсіздік жастықтары жүйесінің тиісті жұмысын қамтамасыз ету үшін автокөлікті сатып алғаннан кейін 10 жыл өткенде КАІҮ дилеріне бүкіл қауіпсіздік жастықтары жүйесін ауыстыртып алу маңызды.
- ◆ Қауіпсіздік жастықтары жол-көлік оқиғасы кезінде тек бір рет қорғанышты қамтамасыз ете алады, іске қосылғаннан немесе зақымдалғаннан кейін қауіпсіздік жастықтары жүйесі ауыстырылуы тиіс.
- ◆ Қауіпсіздік жастықтары жүйесінің ешбір компонентіне (сәйкес заттаңбаларды қоса алғанда) өзгертулер енгізуге рұқсат етілмейді. Қауіпсіздік жастықтары жүйесімен жасалатын кез келген операцияны КАІҮ дилеріне тапсыруға кеңес беріледі.

Автокөлікті иеліктен шығару немесе кәдеге жарату

- ◆ Автокөлікті сатқан немесе өзгеге берген кезде автокөліктің жаңа иесінің автокөліктегі қауіпсіздік жастықтары жүйесінің компоненттерін ауыстыру тарихы туралы хабардар екеніне көз жеткізіңіз.
- ◆ Қауіпсіздік жастықтары жүйесін кәдеге жаратқан кезде сәйкес қауіпсіздік ережелері мен кәдеге жарату тәртібін сақтаңыз.





Автокөлікпен балаларды тасымалдау

- ♦ Ересектермен салыстырғанда балалардың сүйектері мен жұмсақ ұлпалары әлі дамымаған, сондықтан балалар көбірек осал келеді. Жарақат алу қаупін төмендету үшін балаларды автокөлікпен арнайы бала орындықтарына отырғызып тасымалдау қажет.
- ♦ Бойы мен салмағы бойынша балаға сәйкес келетін бала орындығын таңдап алыңыз және бала орындығын пайдалану бойынша нұсқаулықты автокөлік құжаттарының жиынтығына қосып қойыңыз.
- ♦ Тиісті қорғанышты қамтамасыз ету үшін бала бекіту құрылғысы баланың жасы және денесінің өлшемдері ескеріле отырып, өндірушінің нұсқауларына сәйкес пайдаланылуы тиіс.



- ♦ Алдыңғы жолаушының күнқағарына алдыңғы жолаушының алдыңғы қауіпсіздік жастығының қаупі туралы ескертетін жапсырма орналастырылған. Тиісті нұсқауларды оқып шығыңыз және оларды орындаңыз.

Қауіп

- Алдыңғы қауіпсіздік жастығымен қорғалған орындыққа артқа қаратылған бала орындығын орнатуға тыйым салынады.
- Бала бекіту құрылғыларын қолданған кезде бала бекіту құрылғысының өндірушісі ұсынған орнату бойынша барлық нұсқауларды орындаңыз және бала бекіту құрылғысын дұрыс орнатыңыз. Дұрыс орнатпау шұғыл тежелгенде, кілт бұрылғанда немесе жол-көлік оқиғасы жағдайында баланың жарақат алуына алып келуі немесе тіпті оның өміріне қауіп төндіруі мүмкін.
- Баланы қолға ұстап отыру бала бекіту құрылғысын алмастырмайды, апатқа ұшыраған жағдайда бала алдыңғы әйнекке соғылуы немесе жолаушы мен салон жабдығының арасына қысылып қалуы мүмкін.

Сақтандыру

- Балаларды тиімді қорғау үшін бала орындығын баланың жасына, бойына және салмағына сәйкес таңдаңыз, сондай-ақ автокөліктің қауіпсіздік белбеуін немесе бала бекіту құрылғысын пайдаланыңыз.

Хабарлама


- Бала орындығы немесе бесік — баланың қауіпсіздігін қамтамасыз ететін сенімді құрал, сондықтан бала дүниеге келген кезден бастап бала бекіту құрылғысының қолданылуын қадала талап етіңіз. Баланың сәби шағынан бастап бала орындығын пайдалану дағдысын дамытыңыз. Егер бала орындығын анда-санда қолданатын болсаңыз, бала оған қызығушылығын жоғалтуы мүмкін.





Бала орындықтарының жіктемесі

Бала бесік-орындықтары




- ◆ Нәрестелерге 0 және 0+ топтарының бала орындықтары арналған.
- ◆ 2 жасқа дейінгі және салмағы 13 кг шамасынан төмен нәрестелерге көлбеу бұрышы реттелетін бала бесік-орындығын қолданыңыз.

Бала орындықтары



- ◆ Кішкентай балаларға I топтың бала орындықтары арналған.
- ◆ Салмағы 9–18 кг, 4 жасқа дейінгі балаларға қозғалыс бағытына қаратылған бала орындығын қауіпсіздік белбеуімен бірге қолданыңыз.

Бустерлер



- ◆ Бустерлерге II және III топтардың бала орындықтары жатады.
- ◆ Салмағы 15–36 кг, 12 жасқа дейінгі балалар бустермен бірге автокөліктің үш нүктелі қауіпсіздік белбеуін пайдалануы тиіс.

⚠ Сақтандыру

- Бала орындығы баланың жасына және денесінің өлшемдеріне сәйкес таңдалуы тиіс. Бала орындығы автокөліктің артқы орындығына орнатылуы тиіс.
- Егер баланың бойы бала орындығын қолдануға мүмкіндік бермесе, ол артқы орындыққа отыруы және қауіпсіздік белбеуін тағып отыруы тиіс.





Бала орындығын орнату

Автокөлік орындықтарына бала бекіту құрылғыларын орнату мүмкіндігі туралы ақпарат:

Топ (салмақ бойынша класы)	Орнату орны			
	Алдыңғы жолаушы орындығы	Екінші қатардағы шеткі орындықтар	Екінші қатардың ортаңғы орындығы	Үшінші қатар орындықтары*
0 тобы: 10 кг дейін	X	U	X	X
0+ тобы: 13 кг дейін	X	U	X	X
I топ: 9–18 кг	X	U	X	X
II топ: 15–25 кг	X	U	X	X
III топ: 22–36 кг	X	U	X	X

Жоғарыдағы кестеде келтірілген әріптік таңбалардың келесідей мағыналары бар:

U= осы топтағы «әмбебап» санатты бала бекіту құрылғыларын орнатуға жарайды.

X= бұл орын осы топтағы бала бекіту құрылғыларын орнатуға жарамайды.

Ескертпе: бес орындық модельдерде үшінші қатар орындықтары жоқ.

Ұсынылатын бала орындықтарының тізімі:

Топ (салмақ бойынша класы)	Орнату тәсілі		Өнімнің атауы
0 тобы: 10 кг дейін	0–4 жас (18 кг дейін)	Қауіпсіздік белбеуімен бекітіледі, қозғалыс бағытына қарсы қаратылып орнатылады	Babyfirst Space Castle Z
0+ тобы: 13 кг дейін			
I топ: 9–18 кг			
II топ: 15–25 кг	15–36 кг	ISOFIX бекітпесі: қозғалыс бағытына қаратылып орнатылады	Britax Cadet S
III топ: 22–36 кг			





ISOFIX бекіту жүйелері бар бала бекіту құрылғыларына ISOFIX бекітпелерін қолдану мүмкіндігі туралы ақпарат:

Топ (салмақ бойынша класы)	Өлшем бойынша санаты	Бекіту модульдері	Автокөліктегі ISOFIX бекітпелерімен орнату орны			
			Алдыңғы жолаушы орындығы	Екінші қатардағы шеткі орындықтар	Екінші қатардың ортаңғы орындығы	Үшінші қатар орындықтары*
Бесік	F	ISO/L1	X	X	X	X
	G	ISO/L2	X	X	X	X
0 тобы: 10 кг дейін	E	ISO/R1	X	IL	X	X
0+ тобы: 13 кг дейін	E	ISO/R1	X	IL	X	X
	D	ISO/R2	X	IL	X	X
	C	ISO/R3	X	IL	X	X
I топ: 9–18 кг	D	ISO/R2	X	IL	X	X
	C	ISO/R3	X	IL	X	X
	B	ISO/F2	X	IUF	X	X
	B1	ISO/F2X	X	IUF	X	X
	A	ISO/F3	X	IUF	X	X
II топ: 15–25 кг	-	-	X	IL	X	X
III топ: 22–36 кг	-	-	X	IL	X	X

Жоғарыдағы кестеде келтірілген әріптік таңбалардың келесідей мағыналары бар:

IUF = бұл орын осы топқа рұқсат етілген, қозғалыс бағытына қаратып орнатуға арналған «әмбебап» санатының ISOFIX бала бекіту құрылғыларын орнатуға жарайды.

IL = бұл орын тізімде көрсетілген автокөліктің белгілі бір модельдеріне ғана арналған қолданысы шектеулі немесе «жартылай әмбебап» санатының ISOFIX бала бекіту құрылғыларын орнатуға жарайды.

X = бұл орын берілген топтың және/немесе өлшем бойынша берілген санаттың ISOFIX бала бекіту құрылғыларын орнатуға жарамайды.





Қауіпсіздік жастығының күйіне байланысты бала бекіту құрылғыларын қолдану мүмкіндігі туралы ақпарат:

Топ (салмақ бойынша класы)	Орнату орны				
	Алдыңғы жолаушы орындығы		Екінші қатардағы шеткі орындықтар	Екінші қатардың ортаңғы орындығы	Үшінші қатар орындықтары*
	Қауіпсіздік жастығы қосулы	Қауіпсіздік жастығы өшірулі			
0 тобы: 10 кг дейін	X	X	U	X	X
0+ тобы: 13 кг дейін	X	X	U	X	X
I топ: 9–18 кг	X	X	U	X	X
II топ: 15–25 кг	X	X	U	X	X
III топ: 22–36 кг	X	X	U	X	X

Жоғарыдағы кестеде келтірілген әріптік таңбалардың келесідей мағыналары бар:

U= бұл орын жалпы санатқа жататын осы топтағы бала бекіту құрылғыларын орнатуға жарайды.

X= бұл орын осы топтағы бала бекіту құрылғыларын орнатуға жарамайды.

Ескертпе: бес орындық модельдерде үшінші қатар орындықтары жоқ.


Хабарлама

- Екінші қатардағы орындықтарға (үлкен) бала орындықтарын орнату үшін жеткілікті орын қалдырылуы тиіс. Қажет болса, жүргізуші мен алдыңғы жолаушының орындықтарының күйін реттеңіз, алайда жүргізуші мен жолаушының өз орындарында дұрыс күйде отыра алатынына көз жеткізіңіз.
- Егер бала орындығын орнатуға немесе пайдалануға автокөлік орындығының бассүйегіші кедергі келтірсе, бассүйегіштің күйін сәйкесінше реттеуге немесе қажет болса, бассүйегішті шешіп алуға және оны автокөлік ішіне қауіпсіз етіп орналастыруға болады.
- Үстіңгі және астыңғы ISOFIX бекіту нүктелері сәндік қақпақтармен жабылған. Бала орындығын орнатпас бұрын сәндік қақпақтарды бекіту нүктелері қолжетімді болатындай сенімді бекітіп, бекіту нүктелерін дайындап алу қажет.







Бала орындықтарын орнату үшін ISOFIX бекітпелерінің қолданылуы



1. ISOFIX бекіту нүктелері артқы орындықтың арқалығы мен көпшігінің арасындағы саңылауда орналасқан.
2. Алдыңғы орындықты шекті алдыңғы күйге жылжытыңыз және бала орындығын автокөліктің артқы орындығына орнатыңыз.



3. Бала орындығының астыңғы құлыптарын автокөліктің артқы орындығындағы 2 ISOFIX бекітпесіне сырт еткен дыбыс естілгенше кигізіңіз.



4. Бала орындығының үстіңгі белбеуін автокөліктің артқы орындығының арқалығындағы құлақшаға іліңіз, белбеудің шиыршықталуына жол бермеңіз және белбеуді керіңіз.
5. Абайлап шайқап көріп, бала орындығының бекітілгенін тексеріңіз.
6. Бала орындығына дейін жеткілікті қашықтықты сақтай отырып, алдыңғы орындықты қайтадан дұрыс күйіне орнатыңыз.

Қауіп

- Орнатылған бала орындығы алдыңғы орындықтың реттелген күйінде бекітілуіне кедергі жасамауы тиіс.
- Бала орындықтарының бірнеше үстіңгі белбеуін бір құлақшаға бекітпеңіз.

Хабарлама

- Жоғарыда келтірілген бала орындығын орнату сипаттамасы жалпы сипатқа ие, нақты бала орындығын орнату тәсілінің өз ерекшеліктері болуы мүмкін, қолыңыздағы бала орындығына қосымша берілген орнату бойынша нұсқаулықты орындаңыз.





Автокөліктің айдап әкетуге қарсы жүйесі

Автокөліктің айдап әкетуге қарсы жүйесін іске қосу

Оталдыру жүйесі өшірулі («OFF» күйі) және барлық есіктер жабық күйде кілттің қашықтан басқару пультіндегі құлыптау түймесін басыңыз, автокөлік құлыпталады, барлық бұрылыс көрсеткіштері бір рет жыпылықтайды, бір рет сигнал естіледі, автокөліктің айдап әкетуге қарсы жүйесі іске қосылады.

Хабарлама

- Автокөліктің айдап әкетуге қарсы жүйесінің іске қосылу сигналдарын автокөліктің орталық басқару дисплейінен баптауға болады: «Баптаулар» — «Автокөлік» — «Ескертуді баптау» мәзірінде «Жарық сигналы + дыбыс сигналы» немесе тек «Жарық сигналы».

Автокөліктің айдап әкетуге қарсы жүйесінің іске қосылу қатесінің сигналы

Егер оталдыру жүйесі өшірулі күйде («OFF» күйі) қандай да бір есік толық жабылмаған болса және кілттің қашықтан басқару пультіндегі құлыптау түймесі басылған болса, автокөлік есіктері құлыптала алмайды. Бұл жағдайда барлық бұрылыс көрсеткіштері автокөліктің айдап әкетуге қарсы жүйесінің іске қосылу қателігін көрсетіп, екі рет жыпылықтайды.

Күзеттік сигнал беру жүйесінің іске қосылуы

Егер автокөлікте айдап әкетуге қарсы жүйе белсенді болса, онда кез келген есікті немесе жүксалғыш бөлімнің қақпағын ашқан кезде күзеттік сигнал беру жүйесі іске қосылады: 30 секунд бойы барлық бұрылыс көрсеткіштері жыпылықтап және дабыл сигналы беріліп тұрады.

Хабарлама

- Күзеттік сигнал беру жүйесінің іске қосылуының бір себебі дабыл сигналдарының 3 цикліне дейін тудыруы мүмкін.
- Күзеттік сигнал беру жүйесінің іске қосылуының бірнеше себебі болған жағдайда дабыл сигналдарының 8 цикліне дейін іске қосылуы мүмкін.
- Егер дабыл сигналдарынан кейін барлық есіктер мен жүксалғыш бөлімнің қақпағы жабық болса, автокөлік белсенді айдап әкетуге қарсы жүйе режиміне кіреді.

Дабыл сигналдарын өшіру

Күзеттік сигнал беру жүйесі іске қосылған кезде кілттің қашықтан басқару пультіндегі кез келген түймені бассаңыз немесе оталдыру жүйесін қоссаңыз («ON» күйі), дабыл сигналдарын өшіруге болады.

Автокөліктің айдап әкетуге қарсы жүйесін өшіріп қою / қайтадан іске қосу

Автокөлік айдап әкетуге қарсы жүйенің белсенді режимінде тұрған кезде кілттің қашықтан басқару пультіндегі құлыпты ашу түймесін басыңыз, автокөліктің құлыптары ашылады, барлық бұрылыс көрсеткіштері екі рет жыпылықтайды, айдап әкетуге қарсы жүйе өшіріледі. Егер 30 секундтың ішінде бірде-бір есік немесе жүксалғыш бөлімнің қақпағы ашылмаса, автокөлік автоматты түрде қайта құлыпталады және айдап әкетуге қарсы жүйе қайтадан іске қосылады.

Электрондық иммобилайзер

Егер оталдыру жүйесі өшірулі болса («OFF» күйі), айдап әкетуге қарсы жүйе өшіріп қойылған болса және қашықтан басқару пульті бар жарамды кілт автокөліктің ішінде болса, онда оталдыру жүйесін қосқан («ON» күйі) және электрондық иммобилайзер сәтті тексерілген кезде қозғалтқышты оталдыруға болады. Тексеруден өтпеген жағдайда иммобилайзер қозғалтқышты оталдыруға мүмкіндік бермейді.





Сынап жүргізу кезеңі

Бөлшектерді өңдеудің және құрастырудың сөзсіз болатын дәлсіздіктерінен пайдаланудың басында жаңа автокөліктің қозғалатын бөлшектерінің арасындағы үйкеліс әдеттегіден гөрі әлдеқайда көбірек болады. Автокөлікті пайдаланудың бастапқы кезеңіндегі сынап жүргізу автокөліктің қызмет ету мерзіміне, жұмысының сенімділігіне және үнемділігіне көп әсер етеді. Сондықтан жаңа автокөлікті пайдалану кезінде сынап жүргізу ережелерін қатаң сақтау қажет. Сынап жүргізу кезеңі әдетте 3000 км құрайды.

Сынап жүргізу ережелері

- ◆ 1000 км шегіндегі сынап жүргізу кезеңі:
 - ◇ Максималды жылдамдыққа дейін көтермеңіз.
 - ◇ Қозғалу жылдамдығы 100 км/сағ шамасынан аспауы тиіс.
 - ◇ Барлық берілістерде қозғалтқыштың максималды рұқсат берілген айналу жиілігімен жүруден сақтаныңыз.
- ◆ 3000 км дейінгі сынап жүргізу кезеңі:
 - ◇ Қозғалу жылдамдығын бірте-бірте жол қозғалысы ережелерінде рұқсат етілген максималды мәнге дейін ұлғайтуға болады.
 - ◇ Қозғалтқыштың айналу жиілігін бірте-бірте максималды рұқсат етілген мәнге дейін көбейтуге болады.

Сынап жүргізуден кейін көлік жүргізу бойынша кеңестер

Автокөлікпен жүрген кезде аз уақытқа қозғалтқыштың айналу жылдамдығын 6000 айн/мин дейін көтеруге жол беріледі. Тахометр көрсеткісі шкаланың қызыл аймағына жеткен кезде автоматтық беріліс қорабында келесі жоғары беріліске ауыстырып қосу орын алуы тиіс, ал тахометр көрсеткісі ұзақ уақыт бойы шкаланың қызыл аймағында тұрмауы тиіс.

Шиналарды сынап жүргізу бойынша кеңестер

Жаңа шиналар пайдалану басталған кезде жолмен оңтайлы ілінісуді қамтамасыз етпейді. Сондықтан шиналар да сынап жүргізуді қажет етеді. Алғашқы 100 км жол жүргенде жылдамдық жоғары болмауы тиіс, ал көлікті жүргізгенде ерекше сақ болу қажет.

Тежеу жүйесін сынап жүргізу бойынша кеңестер

Жаңа тежегіш қыспақтары да сынап жүргізуді қажет етеді. Алғашқы 200 км жол жүргенде тежегіш ең жақсы тиімділікті қамтамасыз етпейді, сондықтан тежегіш педалін көбірек күшпен басу қажет болуы мүмкін. Бұл автокөлікті әрі қарай пайдалану барысында ауыстырудан кейінгі жаңа тежегіш қыспақтарына да қатысты.



Қоршаған ортаны қорғау

- Қозғалтқышты шектен тыс жоғары айналу жиілігімен жұмыс істетпеген жөн. Жоғарырақ беріліске уақытылы ауыстырып қосу отынды үнемдеуге, қозғалтқыш жұмысының шуын төмендетуге және қоршаған ортаның ластануын азайтуға ықпал етеді.





Заттарды тиеу

- ♦ Барлық жүк бөлшектері жүксалғыш бөлімге қозғалыс кезінде автокөліктің жүру сипаттамалары мен қауіпсіздігіне әсер ететіндей жылжып кетуін болдырмайтындай етіп орналастырылуы тиіс.
- ♦ Салмағы ауыр жүк бөліктерін мүмкіндігінше жүксалғыш бөлімнің алдыңғы бөлігіне жақынырақ орналастырыңыз.
- ♦ Оське рұқсат берілген жүктемеден және жүккөтергіштік мәнінен асырмаңыз, әйтпесе бұл автокөліктің жүру сипаттамаларына әсер етуі, жол-көлік оқиғаларына, автокөліктің зақымдалуына немесе жарақаттарға алып келуі мүмкін.
- ♦ Автокөлікті жүксалғыш бөлімінің қақпағы ашық күйде қараусыз қалдырмаңыз.
- ♦ Адамдардың жүксалғыш бөлімде отыруына рұқсат бермеңіз.
- ♦ Жүкті түсіру үшін жүксалғыш бөлімнің қақпағын ашпас бұрын жүксалғыш бөлімнің ашылатын қақпағына жеткілікті орынның бар екеніне, ал жүк бөліктерінің өлшемі оларды еш жерге соғып алмай тиеуге мүмкіндік беретініне көз жеткізіңіз.

Қауіп

- Автокөліктің қозғалысы кезінде жүксалғыш бөлімнің қақпағы жабық болуы тиіс, әйтпесе бұл күрделі жарақаттарға алып келуі немесе өмірге қауіп төндіруі мүмкін.

Сапар алдындағы бақылау қарап тексеруі

Қауіпсіздікті тексеру

Сапар алдында автокөлікті қарап тексеріп алу қажет. Қарап тексеру қозғалыс қауіпсіздігін қамтамасыз етуге және көлікті жүргізуден ләззат алуға көмектеседі.

Сырттан қарап тексеру

- ♦ Шиналардың зақымдалмағанына, шиналардағы қысымның қалпында екеніне, протекторға кептеліп қалған заттардың жоқ екеніне көз жеткізіңіз. Қажет болса, кемшіліктерді түзеу бойынша шаралар қолданыңыз.
- ♦ Дөңгелек болттарының босап кетпегенін тексеріңіз.
- ♦ Барлық әйнектердің, артқы көрініс айналарының және жарық аспаптарының таза екеніне және беті жабылмай тұрғанына көз жеткізіңіз. Олардың бетіне тұрған мұзды және қарды тазалап алыңыз.
- ♦ Автокөлік тұрақта ұзақ уақыт тұрғаннан кейін отынның, майдың, салқындату сұйықтығының немесе басқа пайдалану сұйықтықтарының жылыстаған іздерінің бар-жоғын тексеріңіз. (Кондиционерді қолданғаннан кейінгі су тамшылары — бұл қалыпты құбылыс).
- ♦ Автокөліктің жүріс бөлігіне ілініп қалған бөтен заттардың жоқ екенін тексеріңіз.
- ♦ Блок-фаралардың, артқы құрама шамдардың, үстіңгі стоп-сигналдың және басқа жарық аспаптарының ақаусыздығын тексеріңіз.

Мотор бөлімін қарап тексеру

- ♦ Тежегіш сұйықтығының, салқындату сұйықтығының, мотор майының, трансмиссия майының деңгейлерін тексеріңіз.
- ♦ Аккумулятор батареясының клеммаларында коррозияның болмауын немесе клеммалардың босап кетпеуін, сондай-ақ сымдар жүйесінің күйі мен қосылысын тексеріңіз.





Салонды және жүксалғыш бөлімді қарап тексеру

- ◆ Құрал-саймандар жинағының толық жиынтығының болуын тексеріңіз.
- ◆ Қозғалтқышты оталдырған кезде аспаптар тақтасындағы индикацияның қалыпты болуын тексеріңіз.
- ◆ Қауіпсіздік белбеулері құлыптарының ақаусыздығына, қауіпсіздік белбеулерінде тозу және зақымдалу белгілерінің жоқ екеніне көз жеткізіңіз.
- ◆ Тежегіш педалінің жүрісіне ешнәрсенің кедергі келтірмейтініне көз жеткізіңіз.

Қозғалысты бастау алдындағы сақтық шаралары

- ◆ Алдыңғы панельден көрініске кедергі келтіретін немесе шұғыл тежеу кезінде жүргізушіге және жолаушыларға соғылуы, жарақаттар келтіруі немесе автокөлікті зақымдауы мүмкін заттарды алып тастаңыз.
- ◆ Орындықтарды, рульді, ішкі/сыртқы артқы көрініс айналарын және т. б. реттеңіз.
- ◆ Автокөліктегі барлық жолаушылардың қауіпсіздік белбеулерін дұрыс тағып отырғанына көз жеткізіңіз.
- ◆ Барлық есіктердің, жүксалғыш бөлім қақпағының және капоттың сенімді жабылып құлыпталғанына көз жеткізіңіз.





Түймемен оталдыру

Оталдыру жүйесі және стартер ажыратқышының түймесі

Смарт-кілт/қашықтан басқару пульті бар кілт автокөлік ішінде болғанда және тиісінше танылған жағдайда қозғалтқышты түймені басу арқылы оталдыруға болады:



Селектор иінтірегі «Р» немесе «N» күйінде тұрғанда тежегіш педалін және оталдыру жүйесі ажыратқышының және стартердің түймесін басыңыз, қозғалтқыш оталады.

Оталдыру жүйесі ажыратқышының күйлері

- ◆ Смарт-кілт/қашықтан басқару пульті бар кілт автокөлік ішінде болғанда және тиісінше танылған жағдайда оталдыру жүйесі ажыратқышының күйлері «OFF» → «ACC» → «ON» арасында ауыса алады. Егер тежегіш педалі басылмай тұрса және ретімен оталдыру жүйесі және стартер ажыратқышының түймесі басылса, оталдыру жүйесі ажыратқышының күйі келесі циклмен ауысады: «OFF» → «ACC» → «ON» → «OFF».
- ◆ Егер смарт-кілт/қашықтан басқару пульті бар кілт автокөлік ішінде болса және тиісінше танылған болса, онда тежегіш педалін басқан және селектор иінтірегі «Р» немесе «N» күйінде тұрған кезде оталдыру жүйесі және стартер ажыратқышының түймесін басу «START» күйіне ауыстырады.
- ◆ OFF (түймедегі индикатор жанбай тұр): бастапқы күй, оталдыру жүйесі өшірілі.
- ◆ ACC (түймедегі индикатор қызғылт сары түспен жанып тұр): автокөліктің кейбір электр жабдықтарын электрмен қоректендіру қосулы.
- ◆ ON (түймедегі индикатор қызғылт сары түспен жанып тұр): автокөліктің барлық электр жабдықтарын электрмен қоректендіру қосулы.
- ◆ START (түймедегі индикатор жанбай тұр): қозғалтқышты оталдыру.

! Назар аударыңыз

- Қозғалтқыш оталмай тұрған кезде аккумулятор батареясы зарядының отыруынан және әрі қарай қозғалтқышты оталдыра алмай қалудан сақтану үшін оталдыру жүйесін өшіріп қойыңыз («OFF» күйі).
- Оталдыру жүйесі және стартер ажыратқышының түймесін қолданған кезде оны аз уақыт және сенімді басыңыз. Егер оталдыру жүйесі және стартер ажыратқышының түймесі дұрыс қолданылмаса, оталдыру жүйесі ажыратқышы күйінің ауысуы орын алмауы және қозғалтқыш оталмауы мүмкін.





Педаљдар



- 1 Тежегіш педалі
- 2 Акселератор педалі

Сақтандыру

- Жүргізушінің аяқтарына арналған кеңістікке ешқандай зат қоймаңыз, заттар педаљдар аймағына сырғып кетуі және педаљдарды басқаруға кедергі жасауы мүмкін. Бұл жол-көлік оқиғасына алып келуі мүмкін.
- Қозғалысты бастамас бұрын барлық педаљдарды тірелгенше басуға болатынына және жіберген кезде олардың қиындықсыз бастапқы күйіне қайтып оралатынына көз жеткізіңіз.
- Жүргізуші педаљдардың қозғалысын жақсы бақылауға мүмкіндік беретін ыңғайлы аяқ киім киюі тиіс.





Автоматтық беріліс қорабы



- ◆ Автоматтық беріліс қорабының (DCT) «P», «R», «N», «D» жұмыс режимдері бар.
- ◆ Қозғалысты бастау үшін тежегіш педалін басыңыз, селектор иінтірегін «P» күйінен қозғалысқа арналған күйге ауыстырыңыз, тұрақ тежегішін өшіріңіз де, тежегіш педалін жіберіңіз.

◆ P: тұрақта тұрғанда трансмиссияны бұғаттау

- ◇ Бұл режим автокөлікті тұраққа қойған кезде қолданылады.
- ◇ Автокөлік толық тоқтаған кезде режимді қосу үшін тежегіш педалін басыңыз, селектор иінтірегін «N» күйіне қойыңыз және селектор иінтірегіндегі «P» түймесін басыңыз.

! Назар аударыңыз

- Беріліс қорабында «P» режимі қосулы тұрған кезде жетекші дөңгелектер бұғатталып тұрады. Егер аккумулятор батареясы зарядының отыруына немесе басқа себептерге байланысты әдеттегі тәсілмен «P» режимін өшіру мүмкін болмаса және трансмиссия бұғаттан шықпаса, автокөліктің зақымдалуына жол бермеу үшін техникалық қызмет көрсетуден өтуге КАІҮІ дилеріне уақытылы жүгінуге кеңес беріледі.
- Автокөлік тұраққа қойылған кезде алдымен электр-механикалық тұрақ тежегішінің пернесін басыңыз, содан кейін селектор иінтірегін «P» күйіне ауыстырыңыз.

◆ R: артқа жүру берілісі

- ◇ Бұл режим артқы жүріспен қозғалу үшін қолданылады.
- ◇ Артқы жүріспен жүру үшін автокөлік толық тоқтаған кезде тежегіш педалін басыңыз, селектор иінтірегін «R» күйіне қойыңыз, тежегіш педалін жіберіңіз де, ақырын акселератор педалін басыңыз.

! Сақтандыру

- «R» режимін қосар немесе өшірер алдында автокөліктің тоқтағанына көз жеткізіңіз, әйтпесе беріліс қорабына зақым келуі және апат орын алуы мүмкін.

◆ N: бейтарап беріліс

- ◇ Бұл режим аз уақытқа аялдаулар кезінде қолданылады.
- ◇ Автокөлік толық тоқтағаннан кейін тежегіш педалін басыңыз және селектор иінтірегін «R» немесе «D» күйінен «N» күйіне ауыстырыңыз.

! Сақтандыру

- «N» режимін қозғалыс кезінде қоспаңыз, әйтпесе бұл жол-көлік оқиғасына алып келуі мүмкін.
- «N» режиміне ауыстырып қосқан кезде автокөліктің жылжып кетуіне жол бермеу үшін тежегіш педалін басыңыз және қажет болса, электр-механикалық тұрақ тежегішінің пернесін басыңыз.

◆ D: алға жүруге арналған күй

- ◇ Бұл режим алға қарай жүру үшін қолданылады.
- ◇ Бұл режимде қозғалтқышқа түсетін жүктемеге және автокөліктің жылдамдығына байланысты берілістерді жоғары немесе төмен автоматты түрде ауыстырып қосу жүзеге асырылады.
- ◇ Автокөлік толық тоқтағаннан кейін тежегіш педалін басыңыз және селектор иінтірегін «N» күйінен «D» күйіне ауыстырыңыз.





Электр-механикалық тұрақ тежегіші (EPB)

Электр-механикалық тұрақ тежегішінің пернесі тұрақ тежегішін қосу немесе өшіру қызметін атқарады.



Оталдыру жүйесі қосулы тұрғанда («ON» күйі), автокөлік тоқтап тұрған және селектор иінтірегі «P» немесе «N» күйінде тұрған кезде электр-механикалық тұрақ тежегіші пернесінің үстіңгі бөлігін басыңыз. Электр-механикалық тұрақ тежегіші пернесінің үстіңгі бөлігін басқан кезде электр-механикалық тұрақ тежегішінің қосылғанын көрсетіп, пернедегі индикатор және аспаптар тақтасындағы тұрақ тежегішінің бақылау шамы **(P)** жанады.

Электр-механикалық тұрақ тежегішін өшіру

Оталдыру жүйесі қосулы тұрғанда («ON» күйі), селектор иінтірегі «P» немесе «N» күйінде тұрған кезде тежегіш педалін басыңыз және электр-механикалық тұрақ тежегіші пернесінің астыңғы бөлігін басыңыз. Электр-механикалық тұрақ тежегіші пернесінің астыңғы бөлігін басқан кезде электр-механикалық тұрақ тежегішінің өшірілгенін көрсетіп, пернедегі индикатор және аспаптар тақтасындағы тұрақ тежегішінің бақылау шамы **(P)** сөнеді.



Хабарлама

- Электр-механикалық тұрақ тежегішін қосқан немесе өшірген кезде тұрақ тежегіші электржетегінің жұмыс істеген дыбысы естілуі мүмкін. Бұл қалыпты жағдай.

Қозғалыс кезінде апаттық тежелу

Егер автокөліктің қозғалысы кезінде жұмыстық тежеу жүйесі істен шықса, электр-механикалық тұрақ тежегіші пернесінің үстіңгі бөлігін қатарынан бірнеше рет басу арқылы апаттық тежелуді орындауға болады. Апаттық тежелу кезінде аспаптар тақтасында тұрақ тежегішінің бақылау шамы **(P)** жыпылықтап тұрады. Апаттық тежелу режимінен шығу үшін перненің көмегімен электр-механикалық тұрақ тежегішін өшіріңіз немесе акселератор педалін басыңыз.



Сақтандыру

- Егер қажеттілік болмаса, қозғалыс кезінде апаттық тежелуді қолданбаңыз. Апаттық тежелу жол-көлік оқиғасына алып келуі, ал тежелу жолы тежегіш педалімен тежелумен салыстырғанда ұзынырақ болуы мүмкін. Апаттық тежелу тұрақ тежегішінің қызмет ету мерзімін қысқартады.





Оталдыру жүйесін өшірген кезде тұрақ тежегішінің автоматты түрде қосылуы

Оталдыру жүйесін өшірген кезде («OFF» күйі), автокөлік қозғалыссыз, ал селектор иінтірегі «Р» немесе «N» күйінде тұрғанда, автоматты түрде электр-механикалық тұрақ тежегіші қосылады.

Автокөліктің сырғып бара жатқанын анықтау

Оталдыру жүйесін өшіргеннен кейін белгілі уақыт мезетінің барысында автокөлік беткейде тұруына немесе тежегіш қыспақтарының қысылу күшінің жеткіліксіздігіне байланысты сырғып бара жатса, электр-механикалық тұрақ тежегіші автоматты түрде тежегіш қыспақтарының қысылуын күшейтеді.

Хабарлама

- Егер автокөлік тіпті тежегіш қыспақтарының қысылуын күшейткеннен кейін де әрі қарай жылжып бара жатса, автокөлікті тежегіш педалін басу арқылы тежеңіз және жолдың тегіс аймағына ауыстырып қойыңыз. Техникалық қызмет көрсетуден өту үшін КАІҮІ дилеріне уақытылы жүгінуге кеңес беріледі.





AUTO HOLD функциясы*

AUTO HOLD функциясының қолданылу мақсаты:

- ◆ Жүргізушіге қажет болған кезде автокөлікті бір орында автоматты түрде ұстап тұру.
- ◆ Жүйе жүргізушінің қозғалысты бастағалы жатқанын анықтаған кезде (мысалы, акселератор педалін басқан кезде) тежегішті автоматты түрде өшіру.
- ◆ Бұл автокөліктің беткейде орыннан қозғалуын жеңілдетуге мүмкіндік береді.
- ◆ Тежеу күші жеткіліксіз болғанда, автокөлікті толық тоқтатуға дейін тежегіштердің әрекетін белсенді түрде күшейту.

AUTO HOLD функциясының жұмыс істей бастауына қажетті шарттар

Қозғалтқыш оталып тұр, жүргізушінің есігі жабық, жүргізушінің қауіпсіздік белбеуі тағылған.

AUTO HOLD функциясының қосылуы



Егер AUTO HOLD функциясының жұмыс істей бастауына қажетті шарттар орындалған болса, AUTO HOLD пернесін басыңыз, AUTO HOLD функциясының қосылғанын білдіріп, пернедегі индикатор жанады.

AUTO HOLD функциясын іске қосу

- ◆ AUTO HOLD функциясы қосылуы тұрған кезде автокөлікті тоқтату үшін тежегіш педалін басыңыз, содан кейін тежегіш педалін жіберіңіз, AUTO HOLD функциясы іске қосылады, аспаптар тақтасында AUTO HOLD функциясының бақылау шамы (A) жанады.
- ◆ Келесі жағдайларда AUTO HOLD функциясы бірден іске қосылады (электр-механикалық тұрақ тежегіші қосылады):
 - ◇ Автокөлік тоқтағаннан кейін жүргізушінің есігі ашылады.
 - ◇ Автокөлік тоқтағаннан кейін жүргізушінің қауіпсіздік белбеуі ағытылады.
 - ◇ Автокөлік тоқтағаннан кейін қозғалтқыш өшіріледі, ал электр-механикалық тұрақ тежегіші пернесінің астыңғы бөлігі бұл ретте басылмайды.
- ◆ Келесі жағдайларда AUTO HOLD функциясы іске қосылмайды:
 - ◇ Автокөлік тоқтағаннан кейін тежегіш педалі жіберілмейді.
 - ◇ Автокөлік тоқтағаннан кейін электр-механикалық тұрақ тежегіші пернесінің астыңғы бөлігі басылады, ал тежегіш педалі бұл кезде жіберіледі.

AUTO HOLD функциясын өшіру

AUTO HOLD функциясы қосылуы тұрғанда AUTO HOLD пернесін басыңыз, AUTO HOLD функциясының өшірілгенін білдіріп, пернедегі индикатор сөнеді.





AUTO HOLD функциясы әрекетінің аяқталуына қажетті шарттар (бір мезгілде орындалуы тиіс)

- ◆ Қозғалтқыш оталып тұр, жүргізушінің есігі жабық, жүргізушінің қауіпсіздік белбеуі тағылған.
- ◆ Селектор иінтірегі «N» немесе «P» күйінде тұрған жоқ.
- ◆ Акселератор педалі басылған.

Хабарлама

- Автокөлік транспортердің көмегімен жылжытылған кезде, мысалы, автоматты жуу алаңында AUTO HOLD функциясы өшірулі болуы тиіс, әйтпесе автокөлік қозғалмай қалады немесе жуу алаңындағы қозғалу траекториясынан ауытқып кетеді.

Қозғалтқышты оталдыру

Қозғалтқышты оталдыруға дайындау

1. Автокөлікке отырап алдында айналадағы қоршаған мән-жайды тексеріп алыңыз.
2. Орындықтың күйін, орындық арқалығының көлбеу бұрышын, бассүйегіштің биіктігін және рульдің күйін реттеңіз.
3. Ішкі және сыртқы артқы көрініс айналарын реттеңіз.
4. Қауіпсіздік белбеуін тағыңыз.
5. Тұрақ тежегішінің қосылып тұрғанына көз жеткізіңіз.
6. Аспаптар тақтасындағы сигнал шамдарының күйін тексеріңіз, егер олар ақаулықтың бар екенін көрсетіп тұрса, жөндету үшін КАІҮІ дилеріне уақытылы жүгінуге кеңес беріледі.

Қозғалтқышты кілтсіз оталдыру

1. Тұрақ тежегіші қосулы және селектор иінтірегі «P» немесе бейтарап күйде тұрғанына көз жеткізіңіз.
2. Тежегіш педалін басыңыз.
3. Қозғалтқышты оталдыру үшін оталдыру жүйесі және стартер ажыратқышының түймесін басыңыз.

Хабарлама

- Оталдыру жүйесі және стартер ажыратқышының түймесін аз уақыт және сенімді басыңыз.





Қозғалтқышты апаттық жағдайда оталдыру*

Егер қашықтан басқару пульті бар кілттің қоректендіру элементінің заряды отырған болса немесе радиожилікті сигналдың берілуінде елеулі кедергілер бар болса, оталдыру жүйесі және стартер ажыратқышының түймесімен оталдыру тиісінше жұмыс істемейді. Мұндай жағдайда төменде сипатталғандай қозғалтқышты апаттық жағдайда оталдыруға болады:



1. Қашықтан басқару пульті бар кілтті түймелерін жоғары қаратып стақанқойғыштың түбіндегі смарт-кілттің/қашықтан басқару пульті бар кілттің таңбасымен белгіленген жерге қойыңыз. Осы кезде тежегіш педалін басаңыз.
2. Оталдыру жүйесі және стартер ажыратқышының түймесін «ON» күйіне ауыстырыңыз, селектор иінтірегінің «Р» немесе бейтарап күйде тұрғанына көз жеткізіңіз, қозғалтқышты оталдыру үшін тежегіш педалін және оталдыру жүйесі және стартер ажыратқышының түймесін басыңыз.

Сақтандыру

- Қозғалтқышты жұмыс істеп тұрған автокөлікті қараусыз қалдырмаңыз.
- Қозғалтқышты жабық үй-жайдың, мысалы, гараждың ішінде ұзақ уақыт жұмыс істетіп қоймаңыз. Қозғалтқыштың пайдаланылған газдарының құрамында тыныстаған жағдайда денсаулыққа зиян келтіруі мүмкін зиянды заттар бар.

Қозғалтқышты өшіру

Қозғалтқышты оталдыру жүйесі және стартер ажыратқышының түймесімен өшіру

1. Автокөлік қозғалыссыз тұр.
2. Селектор иінтірегі «Р» күйінде тұр.
3. Смарт-кілт/қашықтан басқару пульті бар кілт автокөлік ішінде тұрған кезде. Оталдыру жүйесі және стартер ажыратқышының түймесін басыңыз, оталдыру жүйесі өшіріледі («OFF» күйі), қозғалтқыш өшеді.

Қозғалтқышты апаттық жағдайда өшіру*

Қозғалыс кезінде төтенше жағдайда қозғалтқышты оталдыру жүйесі және стартер ажыратқышының түймесін 2 секундтың ішінде қатарынан үш рет басу және басып тұру арқылы өшіруге болады, бұл ретте оталдыру жүйесі және стартер ажыратқышының «ACC» күйіне ауысуы орын алады.





Қозғалысты бастау

Қалыпты жағдайда қозғалысты бастау

1. Қозғалтқышты оталдырыңыз.
2. Қозғалтқыштың айналу жиілігі тұрақтанғаннан кейін тежегіш педалін басыңыз және селектор иіңтірегін «Р» күйінен «D» күйіне ауыстырыңыз.
3. Бұрылыс көрсеткішін қосыңыз және тұрақ тежегішін өшіріңіз.
4. Тежегіш педалін ақырын жіберіңіз және акселератор педалін жатық қимылмен басыңыз.

Беткейде қозғалысты бастау

1. Қозғалтқышты оталдырыңыз.
2. Қозғалтқыштың айналу жиілігі тұрақтанғаннан кейін тежегіш педалін басыңыз және селектор иіңтірегін «Р» күйінен «D» күйіне ауыстырыңыз.
3. Бұрылыс көрсеткішін қосыңыз және тұрақ тежегішін өшіріңіз.
4. Тежегіш педалін жіберген кезде акселератор педалін жатық қимылмен басыңыз.

Тұраққа қою

Тұраққа қою кезіндегі әрекеттер тәртібі

1. Тежегіш педалін басыңыз, автокөлікті тоқтатыңыз және селектор иіңтірегін «N» күйіне қойыңыз.
2. Тұрақ тежегішін қосыңыз.
3. Тежегіш педалін басып тұрып, селектор иіңтірегін «Р» күйіне ауыстырыңыз, қозғалтқышты өшіріңіз және тежегіш педалін ақырын жіберіңіз.

Тұраққа қою кезіндегі сақтық шаралары

- ◆ Тұраққа қою кезінде соқтығысулардан сақтану үшін маңайда жаяу жүргіншілердің немесе кедергілердің жоқ болуына назар аударыңыз.
- ◆ Тұраққа тұру үшін басқа көлік құралдарының қозғалысына және тұрақтан шығуына кедергі жасамайтындай орынды таңдаңыз.
- ◆ Автокөлікті жеңіл тұтанатын және жарылу қаупі бар материалдардың жанына тұраққа қоймаңыз.
- ◆ Тұраққа тұрғаннан кейін автокөлік ішінде тынығатын болсаңыз, қозғалтқышты өшіріп қоюға кеңес беріледі.
- ◆ Барлық жарық аспаптарын өшіріңіз, аспаптар тақтасындағы сигнал шамдарының күйі мен мәтіндік хабарламаларды тексеріңіз, барлық есіктерді құлыптаңыз және айдап әкетуге қарсы жүйенің іске қосылғанына көз жеткізіңіз.
- ◆ Барлық бағалы заттарыңызды өзіңізбен бірге алыңыз, оларды автокөлік ішінде қалдырмаңыз.





Апаттық аялдау

Егер төтенше жағдайда аялдау қажет болса, жолдың көзге жақсы көрінетін аймағын таңдаңыз және апаттық аялдау жолағына барып тоқтаңыз. Басқа көлік құралдарының жүргізушілеріне ескерту үшін тоқтағаннан кейін бірден апаттық жарық сигналын беру жүйесін қосыңыз. Жолаушылар есіктерін ашпас бұрын артқы жақтан басқа көлік құралының жақындап келе жатпағанына көз жеткізіп алып, мүмкіндігінше тездетіп автокөліктен түсіп кетуі тиіс. Автокөліктен шығар алдында жүргізуші апаттық кеудеше киіп алуы, содан кейін автокөліктің артында 50–150 метр қашықтыққа апаттық аялдау белгісін орнатуы тиіс.

Жүру режимдерін ауыстырып қосу*



Оталдыру жүйесі қосулы тұрғанда («ON» күйі) жүру режимдерін ауыстырып қосу үшін рульдегі «DRIVEMODE» пернесін басыңыз.

Хабарлама

- Жүру режимін ауыстырып қосқаннан кейін таңдалған жүру режиміне байланысты аспаптар тақтасының фоны өзгереді.





Тежегішті бұғаттау жүйесі (ABS)

- ◆ Егер тежелген кезде алдыңғы дөңгелектер бұғатталып қалса, автокөлік басқарылуын жоғалтады. Тежелу кезінде жүргізушінің кедергілерден және жаяу жүргіншілерден айналып өту, сондай-ақ бұрылыстан өту үшін жасауы тиіс маневрлерді жасау мүмкін болмайды. Егер артқы дөңгелектер бұғатталса, автокөліктің бағдарлық тұрақтылығы төмендейді және мардымсыз көлденең күштердің әсерінен (мысалы, бүйірден соққан желдің) автокөлік бүйірге қарай сырғуы немесе тіпті аударылуы мүмкін. Сонымен бірге дөңгелектердің бұғатталуы жолмен жанасқан жерінде желінуіне байланысты шиналардың қызмет ету мерзімінің айтарлықтай қысқаруына алып келеді.
- ◆ Тежегішті бұғаттау жүйесі (ABS) белгілі диапазонда дөңгелектердің сырғанап өту дәрежесін бақылайды, тежегіш суппорттарының цилиндрлеріндегі қысымды реттейді және осылайша әрбір дөңгелектің бұғатталып қалуының алдын алады. Бұл тежелу кезінде автокөліктің басқарылуын сақтауға, тежелу жолын қысқартуға және автокөліктің бағдарлық тұрақтылығын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.
- ◆ ABS жүйесінің артықшылықтары
 - ◇ Тежегіштердің тиімділігі толық дәрежеде қолданылады, тежелу уақыты мен тежелу жолы қысқарады.
 - ◇ Шұғыл тежелген жағдайда автокөліктің тайғанауына және бүйірге сырғуына тиімді түрде жол берілмейді, сондай-ақ бағдарлық тұрақтылық қамтамасыз етіледі.
 - ◇ Шұғыл тежеу кезінде рульдің көмегімен автокөлік басқару мүмкіндігі және жақсы маневрлік сақталады.
 - ◇ Шиналардың қызмет ету мерзімінің қысқаруына алып келетін жолмен жанасқан жерінде жоғары дәрежеде желінуіне жол берілмейді.
- ◆ Тежегішті бұғаттау жүйесі (ABS) ақаулығының сигнал шамы

Тежегішті бұғаттау жүйесінің (ABS) ақаулығы болған жағдайда аспаптар тақтасында сигнал шамы  жанады. Мұндай жағдайда техникалық қызмет көрсетуден өту үшін КАІҮІ дилеріне уақытылы жүгінуге кеңес беріледі.

Сақтандыру

- Әрдайым қозғалыс жылдамдығын ауа райы, жол жағдайларына және жол қозғалысының қарқындылығына сәйкес таңдаңыз. Ешқашан тек қауіпсіздік жүйелері мен жүргізушінің көмекші жүйелеріне ғана сенім артып, тәуекелге бармаңыз.

Назар аударыңыз

- Автокөліктің дұрыс жұмыс істемеуі немесе модификациялануы (мысалы, тежеу жүйесіне өзгертулер енгізу немесе дөңгелек дискілері мен шиналардың типтік өлшемін өзгерту) ABS жүйесінің жұмысына әсер етуі мүмкін.
- Шиналар тағайындалған өлшемге сай болуы тиіс. Егер шиналардың өлшемі тағайындалған өлшемнен өзгеше болса немесе әртүрлі өлшемді шиналар орнатылған болса, ABS жүйесі тиімді жұмыс істемейді.
- ABS жүйесінің ақаулығы кәдімгі тежеу жүйесінің жұмысына әсер етпейді, әдеттегі тежеу жүйесімен тежелу мүмкіндігі сақталады, алайда тежелу сипаттамалары өзгереді. Техникалық қызмет көрсетуден өту үшін КАІҮІ дилеріне уақытылы жүгінуге кеңес беріледі.





Тежеу күшін үлестіретін электрондық жүйе (EBD)

Тежеу күшін үлестіретін электрондық жүйе (EBD) тежегішті бұғаттау жүйесінің (ABS) бөлігі болып табылады. EBD жүйесі автокөліктің әдеттегі тежелуі кезінде автокөлікке түсетін жүктемеге байланысты алдыңғы және артқы дөңгелектердің арасында тежеу күшін бөліп үлестіреді. Бірінші кезекте артқы дөңгелектердің бұғатталуының және бүйірге сырғудың алдын алу үшін EBD жүйесі тайғанау дәрежесіне байланысты артқы дөңгелектердің тежегіштеріндегі қысымды реттейді. Тежелу кезінде (әсіресе сырғанақ жолмен жүрген кезде) бағдарлық тұрақтылықты сақтай отырып, ең қысқа тежелу жолын, сондай-ақ тежеу кезіндегі автокөліктің басқарылуын қамтамасыз етеді.

Бағдар тұрақтылығын ұстау электрондық жүйесі (ESP)

- ◆ Бағдар тұрақтылығын ұстау электрондық жүйесі (ESP) автокөліктің бүйірге қарай сырғанау қаупін тиімді түрде төмендетеді.
- ◆ ESP жүйесі рульдің бұрылу бұрышы және автокөліктің жылдамдығы секілді деректердің негізінде жүргізушінің ниетін анықтайды және оларды үздіксіз автокөлік қозғалысының нақты жағдайларымен салыстырады. Егер автокөлік қарастырылған қозғалу траекториясынан ауытқитын болса (мысалы, сырғанаған кезде), ESP жүйесі тиісті дөңгелектердің тежеу механизмдерін іске қосу арқылы басқаруға араласады.
- ◆ ESP жүйесі жеке дөңгелектерді сәл тежеу кезінде туындайтын бұрғыш күштің есебінен автокөліктің қалпын тұрақтандырады.




- ◆ Егер автокөлік шектен тыс бұрылғыштыққа (яғни бүйірге сырғуға) бейім болса, жүйе негізінен бұрылудың сыртқы жағындағы алдыңғы дөңгелекті ақырын тежейді.



- ◆ Егер автокөлік жеткіліксіз бұрылғыштыққа бейім болса (яғни бұрылыста қозғалу траекториясы түзуленеді), жүйе негізінен бұрылудың ішкі жағындағы артқы дөңгелекті ақырын тежейді.

- ◆ Егер автокөлік ESP жүйесінсіз жүріп бара жатса, бүйірге сырғанау орын алады және автокөлік бағдардан ауытқиды. Егер автокөлік жұмыс істеп тұрған ESP жүйесімен жүріп бара жатса, бүйірге сырғудың үлкендігіне байланысты бағдарды тұрақтандыру үшін жеке дөңгелектер аздап тежеледі.





Қосу және өшіру

- ♦ Баптаулар мәзіріне кіру үшін орталық басқару мәзіріндегі  белгішесін басыңыз және ESP жүйесінің мәзірін ашу үшін «Көлік жүргізу» тармағын таңдаңыз.
- ◇ Автокөлік жүріп бара жатқанда әдепкі қалып бойынша ESP жүйесі қосулы тұрады. ESP жүйесін өшіру үшін  белгішесін басыңыз. Осы кезде аспаптар тақтасында ESP жүйесінің өшірілу бақылау шамы  жанады.
- ◇ ESP жүйесін қосу үшін  белгішесін қайта басыңыз. Осы кезде аспаптар тақтасындағы ESP жүйесінің өшірілу бақылау шамы  сөнеді.

♦ ESP жүйесінің сигнал шамы

- ◇ Бағдар тұрақтылығын ұстап отыру электрондық жүйесі жұмыс істеп тұрған кезде аспаптар тақтасындағы ESP жүйесінің сигнал шамы  жыпылықтайды.
- ◇ Бағдар тұрақтылығын ұстау электрондық жүйесі ақаулы болған жағдайда аспаптар тақтасындағы ESP жүйесінің сигнал шамы  үздіксіз жанып тұрады.
- ♦ Бағдар тұрақтылығын ұстау электрондық жүйесі тек автокөлік жүріп бара жатқанда ғана жұмыс істейді. Қозғалыс қауіпсіздігі үшін бағдар тұрақтылығын ұстау электрондық жүйесі қосулы болуы тиіс. Келесі ерекше жағдайларда ESP жүйесін өшіріп қоюға болады.
 - ◇ Дөңгелектерге сырғытпайтын шынжырлар орнатылған.
 - ◇ Алда омбы қармен немесе борпылдақ топырақтың үстімен жүру қажет болады.
 - ◇ Батпаққа батып қалған автокөлік тербелу арқылы шығып жатыр.

Сақтандыру

- ESP жүйесі төтенше жағдайларда автокөліктің басқарылуының сақталуына толық кепілдік бере алмайды. Тіпті автокөлік бағдар тұрақтылығын сақтайтын электрондық жүйемен жабдықталған болса да, апаттардан сақтану үшін жүргізуші қозғалыс ережелерін сақтауы және автокөлікті абайлап жүргізуі тиіс.
- Әрдайым қозғалыс жылдамдығын ауа райы, жол жағдайларына және жол қозғалысының қарқындылығына сәйкес таңдаңыз. Ешқашан тек қауіпсіздік жүйелері мен жүргізушінің көмекші жүйелеріне ғана сенім артып, тәуекелге бармаңыз.
- ESP жүйесінің жұмысы кезінде тым жоғары қозғалыс жылдамдығы, кілт бұрылыстар, жол жабынының нашар жағдайы және өзге факторлар апатқа алып келуі мүмкін.

Назар аударыңыз

- Автокөліктің дұрыс жұмыс істемеуі немесе модификациялануы (мысалы, тежеу жүйесіне өзгертулер енгізу немесе дөңгелек дискілері мен шиналардың типтік өлшемін өзгерту) бағдар тұрақтылығын ұстау электрондық жүйесінің жұмысына әсер етуі мүмкін.





Бос айналуудан сақтау жүйесі (TCS)

Бос айналуудан сақтау жүйесі (TCS) бағдар тұрақтылығын ұстау электрондық жүйесінің (ESP) қосымшасы болып табылады. Автокөлік қозғалысты бастаған немесе жылдамдығын тез үдеткен кезде (әсіресе тайғанақ жолдарда, мысалы, қар және мұз басқан жолдарда) дөңгелектер бос айналуы мүмкін. Бұл басқарылуды жоғалтуға алып келуі және қауіпті жағдай тудыруы мүмкін. Бос айналуудан сақтау жүйесі (TCS) бос айналуудың басталғанын анықтау үшін дөңгелектерге орнатылған датчиктерді пайдаланады және қозғалыс тұрақтылығын және жайлылықты қамтамасыз ету үшін тарту күшін басқаруға араласады немесе дөңгелекті ақырын тежейді.

Тежеу көмекшісі (EBA)

Электрондық түрде басқарылатын тежеу көмекшісі (EBA) төтенше жағдайда жүргізушінің тежегіш педалін басқан жылдамдығы мен күшін талдаудың негізінде максималды тежеу күшін қалыптастыру қажеттігін анықтай отырып, жүргізушіге автокөлікті тежеуге көмектеседі. Тежеу көмекшісі шұғыл тежелу кезінде тежегіш педалі шұғыл, алайда жеткіліксіз күшпен басылған жағдайда ESP жүйесінің көмегімен белсенді түрде күшейтудің есебінен тежеу жүйесіндегі қысымды көбейтеді. Жүргізуші педалды басып отырған кезде тежеу көмекшісі автоматты түрде тежеу күшін тежегішті бұғаттау жүйесінің (ABS) іске қосылу шегіне жеткенге дейін көбейтеді. Егер жүргізуші тежегіш педалін жіберсе, тежеу көмекшісі тежеу күшін берілген мәнге дейін төмендетеді.

Өрге қарай орыннан қозғалу көмекшісі (HHC)

Өрге қарай орыннан қозғалу көмекшісі (HHC) өрде орыннан қозғалған кезде автокөліктің сырғып кетуіне жол бермейді. Автокөлік қозғалыссыз тұрған кезде көмекші бойлық екпіндеу датчигінің көмегімен автокөліктің өрде тұрғанын анықтайды. Автокөлік өрде тұрған жерінен орыннан қозғалған кезде (өрге алдымен немесе өрге артқы жүріспен) көмекші автоматты түрде қосылады. Жүргізуші тежегіш педалін жіберген кезде автокөлік қозғалыссыз орнында тұруы үшін көмекші осыған дейін тежеу жүйесінде жасалған қысымды бірнеше секунд бойы ұстап тұрады. Айналысу сәті ұлғайған сайын көмекші тежеу жүйесіндегі қысымды азайтады, осылайша өрге қарай орыннан қозғалған кезде автокөліктің кері жүріп кетуімен байланысты қауіптің алдын алады.





Ылдиға қарай қозғалу көмекшісі (HDC)*

Ылдиға қарай қозғалу көмекшісі (HDC) автокөлікке тік ылдиларға қарай қауіпсіз түсуіне мүмкіндік береді. Көмекші қосулы тұрғанда ылдиға қарай қозғалған кезде автокөліктің жылдамдығы 10–35 км/сағ диапазонында бақылана алады. Егер бастапқы жылдамдық минималды жылдамдықтан төмен болса, автокөліктің қозғалысы автоматты түрде минималды жылдамдық деңгейінде ұсталады. Ағымдағы бақыланатын жылдамдық акселератор немесе тежегіш педалін басу жолымен белгіленген диапазонда ұлғайтыла немесе азайтыла алады.

Ылдиға қарай қозғалу көмекшісінің (HDC) ажыратқышы



- ♦ Автокөліктің жылдамдығы ≤ 60 км/сағ болған кезде ылдиға қарай қозғалу көмекшісі (HDC) ажыратқыш пернесін басу арқылы қосылады. Аспаптар тақтасында ылдиға қарай қозғалу көмекшісінің бақылау шамы  жанады.
- ♦ Автокөліктің жылдамдығы 60 км/сағ шамасынан асқан кезде немесе ажыратқыш пернесі қайтадан басылғанда ылдиға қарай қозғалу көмекшісі (HDC) өшеді және аспаптар тақтасындағы ылдиға қарай қозғалу көмекшісінің бақылау шамы  сөнөді.

! Назар аударыңыз

- Жүргізуші толықтай назарын рульді басқаруға шоғырландыра алуы үшін ылдиға қарай түсуді бастамас бұрын ылдиға қарай қозғалу көмекшісін (HDC) қосып қою қажет.
- Егер ылдиға қарай қозғалу көмекшісінің (HDC) жұмысы кезінде дөңгелекті бұғаттау орын алса, тежегішті бұғаттау жүйесі (ABS) автоматты түрде іске қосылады.
- Егер ылдиға қарай қозғалу көмекшісінің (HDC) жұмысы кезінде кемінде бір дөңгелек жолмен ілінісуінен айырылса, тежеу күші анағұрлым жоғары ілінісу коэффициенті бар дөңгелекке қайта үлестіріледі.
- Ылдиға қарай қозғалу көмекшісі (HDC) ESP жүйесінің көмегімен тежеу механизмдерін белсенді түрде қолданады, бұл ретте тежегіштердің гидрожетегінің жұмыс істеп тұрғанының дыбысы естіледі, бұл қалыпты құбылыс. Егер ESP жүйесі істен шықса, ылдиға қарай қозғалу көмекшісін (HDC) қосуға болмайды. Техникалық қызмет көрсетуден өту үшін КАІҮІ дилеріне уақытылы жүгінуге кеңес беріледі.

! Сақтандыру

- Ылдиға қарай қозғалу көмекшісінің (HDC) жұмыс істеп тұрғанына қарамастан жүргізуші автокөліктің басқарылуына толық жауапкершілік көтереді және қауіпті жағдайлардың алдын алу үшін басқаруға араласуы тиіс.

Ылдиға қарай қозғалу көмекшісінің (HDC) индикациясы

- ♦ Ылдиға қарай қозғалу көмекшісі (HDC) белсенді кезде аспаптар тақтасында бақылау шамы  жыпылықтайды.
- ♦ Ылдиға қарай қозғалу көмекшісі (HDC) қосулы тұрғанда аспаптар тақтасында бақылау шамы  үздіксіз жанып тұрады.
- ♦ Ылдиға қарай қозғалу көмекшісі (HDC) ақаулы болған жағдайда аспаптар тақтасында сигналы шамы  жанып тұрады.





Рульмен басқару жүйесінің электр-механикалық күшейткіші (EPS)

Рульмен басқару жүйесінің электр-механикалық күшейткіші (EPS) рульді бұруға жұмсалатын күшті азайту үшін электрқозғалтқыш жасап шығаратын айналдыру сәтін қолданады. Танымал руль гидрокүшейткішімен салыстырғанда гидравликалық сорғы қолданылмайды.

EPS ақаулығының сигнал шамы

Рульмен басқару жүйесінің электр-механикалық күшейткіші (EPS) ақаулы болған жағдайда аспаптар тақтасында EPS ақаулығының сигнал шамы жанып тұрады, мұндай жағдайда техникалық қызмет көрсетуден өту үшін КАІҮІ дилеріне жүгінуге кеңес беріледі.

Шиналардағы қысымды бақылау жүйесі (TPMS)

Шиналардағы қысымды бақылау жүйесі (TPMS) қысымды және температураны қадағалап отыру үшін дөңгелек дискілеріне орнатылған қысым датчиктерін қолданады. Шиналардағы қысым мен температура деректері нақты уақыт режимінде аспаптар тақтасында көрсетіледі.



- ◆ Борттық компьютердің шиналардағы қысымды көрсетуге ауыстырып қосылуы рульдің сол жағындағы солға/оңға қарай ауысу түймесін басу арқылы жүзеге асырылады. Толық ақпарат 22-беттегі «Автокөлік жабдықтары және басқару» тарауындағы «Аспаптар тақтасы» тармағының «Борттық компьютер» тармақшасында берілген
- ◆ Оталдыру жүйесі қосулы тұрғанда («ON» күйі) аспаптар тақтасының дисплейінде шиналардағы қысымның және температураның мәндері көрсетіледі.

⚠ Сақтандыру

- Шиналардағы қысымды бақылау жүйесінің ақаулығы туралы ескерту пайда болған жағдайда техникалық қызмет көрсетуден өту үшін КАІҮІ дилеріне уақытылы жүгінуге кеңес беріледі.

Егер шиналардағы қысым тым төмен немесе шиналардың температурасы тым жоғары болса, аспаптар тақтасында шиналардағы қысымды бақылау жүйесінің сигнал шамы  жанады, ал дисплейде нақты проблемалы шина белгіленіп көрсетіледі. Егер шиналардағы қысым тым төмен болса, мүмкіндігінше тездетіп қысымды қалыпқа келтіріңіз. Егер шиналардың температурасы тым жоғары болса, шиналарды суыту үшін автокөлікті сәйкес келетін жерге тоқтатыңыз.


⚠ Назар аударыңыз

- Шиналардағы тым төмен қысым отын шығынының ұлғаюына және шиналардың тозуына алып келеді, ал шиналар тозған жағдайда шиналардың жарылу қаупі және өзге апаттар тәуекелі жоғарылайды.
- Егер шиналардағы қысым тым төмен болса, шинадағы ауаның жылыстауының себебін анықтаңыз. Қажет болса, техникалық қызмет көрсетуден өту үшін КАІҮІ дилеріне жүгініңіз.
- Егер шинадағы қысым датчигі ауыстырылған, шина ауыстырылған немесе дөңгелектердің орны ауыстырып салынған болса, шиналардағы қысымды бақылау жүйесін қайтадан калибрлеу қажет. Ол үшін КАІҮІ дилеріне жүгінуге кеңес беріледі.
- Егер шинаның жоғары температурасы туралы ескерту пайда болса, шинаны табиғи жолмен суыту үшін автокөлікті тоқтату қажет. Шинаны суық су құю арқылы суытуға қатаң түрде тыйым салынады, себебі бұл шинаның зақымдануына және жол-көлік оқиғасына алып келуі мүмкін. Қажет болса, проблеманы шешу үшін КАІҮІ дилеріне жүгініңіз.





Жылдамдықты асыру туралы ескерту*




Автокөлік баптауларының мәзіріне кіру үшін басты беттегі «Автокөлік баптаулары» қолданбасының таңбашасын  немесе автокөлік баптауларына тез қол жеткізу түймесін  басыңыз. Жылдамдықты асыру туралы ескертуді қосып қою және жылдамдықтың шекті мәнін баптау үшін «Аспаптар тақтасы» тармағын таңдаңыз.

Жылдамдықты асыру туралы ескерту функциясын қосу немесе өшіру үшін жылдамдықты асыру туралы ескерту ажыратқышын басыңыз. Жылдамдықты асыру туралы ескерту қосылғаннан кейін 20–200 км/сағ диапазонында шекті жылдамдық мәнін белгілеуге болады.

Автокөлік жылдамдығы белгіленген шекті мәнге жеткен кезде қозғалыс туралы ақпарат экранындағы автокөлік жылдамдығы индикаторының түсі қызылға өзгерген кезде, 3 рет зуммер дыбысы естіледі, жылдамдықты асыру сигнал шамы жанады және экранда белгіленген шекті жылдамдық мәні көрсетіледі. Автокөлік жылдамдығының индикатордағы мәні белгіленген шекті мәннен 5 км/сағ төмен болған кезде жылдамдықты асыру сигнал шамы сөнеді.

Жолақпен қозғалу көмекшісі (LDW)*



- ♦ Автокөлік баптауларының мәзіріне кіру үшін «Автокөлік баптаулары» қолданбасының таңбашасын  немесе автокөлік баптауларына тез қол жеткізу түймесін  басыңыз.
- ♦ Қозғалыс жолағынан шығып кету туралы ескертуді баптау үшін «Жүргізушінің көмекші жүйелері» → «Жолақпен қозғалу көмекшісі» пернесін басыңыз.

- ♦ Қозғалыс жолағынан шығу туралы ескертудің дыбыс сигналын қосу немесе өшіру үшін «Жүргізушінің көмекші жүйелері» → «Қозғалыс жолағынан шығып кету туралы ескертетін дыбыс сигналы» пернесін басыңыз.

Назар аударыңыз

- Кейбір жағдайларда автокөліктің күйі және қоршаған жағдайлар қозғалыс жолағынан шығып кету туралы ескерту функциясының жұмысына әсер етуі мүмкін:
 - ♦ Жолдың айқын емес белгілеу сызықтары
 - ♦ Күшті жарық түсіп тұрғандағы немесе ашық түсті жол жабынындағы сары түсті белгілеу сызықтары
 - ♦ Тәуліктің қараңғы мезгілінде қарсы қозғалыстан камераға жарық түсірілу
 - ♦ Жарықтың жолдан шағылысуы
 - ♦ Алда жүріп бара жатқан автокөлікке дейін тым жақын қашықтық немесе белгілеу сызықтарының үстінің жабылуы
 - ♦ Автомагистральдардан шығатын жолдардағы немесе құрылыс жұмыстары жүргізіліп жатқан жерлердегі белгілеу сызықтарының бұзылуы
 - ♦ Нашар ауа райы жағдайларында (жаңбыр, қар, тұман) белгілеу сызықтарының көрінуінің қиындауы
 - ♦ Жолдағы судан, қардан немесе балшықтан белгілеу сызықтарының көрінуінің қиындауы
 - ♦ Камераға күшті соққының тиюі
 - ♦ Камераның бетінің бөтен заттармен немесе жаңбыр суымен жабылуы





Сақтандыру

- Жолақпен қозғалу көмекшісінің жұмысы ауа райы жағдайларына және қоршаған ортаға байланысты. Кез келген жағдайда жолақпен қозғалу көмекшісі жүргізушінің зейінін алмастыра алмайтын көмекші жүйе ғана болып табылады. Жүргізушілер қауіпті жағдайлардан сақтануы және автокөлікті абайлап жүргізуі тиіс.





Тұраққа қою көмекші жүйесі (PAS)

Тұраққа қою көмекші жүйесі (PAS) автокөліктің айналасындағы кедергілерді анықтау үшін ультрадыбыстық датчиктерді қолданады және шамамен 15 км/сағ тең немесе одан төмен жылдамдықпен гаражда тұраққа қойғанда немесе параллель тұраққа қойған кезде қолданыла алады. Жүйе жүргізушіге ескертуші дыбыс сигналдарының және анықталған кедергілердің индикациясының* көмегімен автокөлік пен кедергілердің арасындағы шамамен алынған қашықтық туралы ақпарат береді.




Сақтандыру

- Тұраққа кіру кезінде толықтай тұраққа қою көмекші жүйесіне ғана сенім артпаңыз. Автокөліктің айналасындағы кеңістіктің қозғалуға қауіпсіз екенін өз көзіңізбен тексеріп алыңыз. Жүйе алдыңғы және артқы жүріспен тұраққа қою кезінде жүргізушіге тек көмектеседі. Датчиктердің жұмыс істеу радиусы шектеулі, сондықтан тұраққа қою көмекші жүйесі жүргізушінің зейінділігін алмастыра алмайды.





Алдыңғы/артқы радарлардың индикациясы және дыбыстық ескерту



Аймақ	Қашықтық, см	Индикация түсі	Индикация түсі
Сыни қашықтық	≤ 35	Қызыл	Қызыл
Дереу тоқтату	40–60	Қызыл	Қызыл
Баяу қозғалу	65–90	Сары	Сары
Ескерту	95–150	Жасыл	Жасыл
Ескертусіз	>150	Түсі жоқ (тек графикалық жақтау)	Түсі жоқ (тек графикалық жақтау)

- ◆ Алдыңғы радар жүйесі тек автокөліктің алдындағы кедергілер туралы ескертеді; артқы радар жүйесі тек автокөліктің артындағы кедергілер туралы ескертеді.
- ◆ Кедергілер алдыңғы жақтан да, артқы жақтан да анықталса және оларға дейінгі қашықтық дыбыс сигналымен ескертудің әртүрлі деңгейіне сәйкес келсе, дыбыс сигналы ең жақын кедергі туралы ескертетін болады. Алдыңғы және артқы жақтағы кедергілерге дейінгі қашықтық дыбыс сигналымен ескертудің бір деңгейіне сәйкес келетін кезде ескертуші сигнал автокөліктің қозғалу бағытына байланысты болады. Артқы жүріспен жүрген кезде дыбыс сигналы артқы бамперден кедергіге дейінгі қашықтық туралы ескертеді, ал алға қарай жүрген кезде дыбыс сигналы алдыңғы бамперден кедергіге дейінгі қашықтық туралы ескертеді.
- ◆ Алдыңғы немесе артқы жақтан бір мезгілде бірнеше кедергі болған жағдайда дыбыс сигналымен ескерту деңгейі кедергіге дейінгі ең қысқа қашықтыққа сәйкес келетін болады.
- ◆ Егер бір мезгілде алдыңғы және артқы жақтан кедергілер анықталса және алдыңғы кедергілер жақынырақ болса, онда алдыңғы жақтағы кедергілер туралы ескерту дыбыс сигналы іске қосылады. Егер алдағы кедергі жойылса, алайда артқы жақтағы кедергі сақталып қалса, артқы жақтағы кедергілер туралы ескерту дыбыс сигналы іске қосылады. Кері жағдайда да дәл осылай ескерту орын алады.
- ◆ Ескертуші индикация кедергі жойылғаннан кейін 3 секунд бойы сақталады, содан кейін оның күші жойылады.
- ◆ Алдыңғы сол жақ (FL) және алдыңғы оң жақ (FR) датчиктерінің индикациясы тек сыни қашықтық, дереу тоқтату қажет және баяу қозғалу қажет аймақтары үшін ғана қарастырылған:

Аймақ	Қашықтық, см	Индикация түсі
Сыни қашықтық	≤ 35	Қызыл
Дереу тоқтату	40–60	Қызыл
Баяу қозғалу	65–90	Сары





Алдыңғы радар*



Алдыңғы радар алда кедергіні анықтаған кезде әдепкі қалып бойынша ескертуші дыбыс сигналы және аспаптар тақтасының дисплейіндегі индикация іске қосылады. Кейбір жағдайларда, мысалы, кептелістерде немесе жол қозғалысы баяулағанда жүргізушінің назарын алаңдатып, ескерту сигналы берілуі мүмкін. Сол себепті орталық басқару дисплейінің басты бетінде және AVM экранында алдыңғы радардың ескертуші дыбыс сигналын өшіру түймесі бар. Егер жүргізуші ескертуші дыбыс сигналын өшірсе, тұраққа қою көмекші жүйесінің индикациясы сақталады.

- ◆ Алдыңғы радардың ескертуші дыбыс сигналын орталық басқару дисплейінің басты бетіндегі түймемен өшіруге болады, алайда бұл ретте аспаптар тақтасының дисплейіндегі индикация өшірілмейді.
- ◆ Оталдыру жүйесін әрбір қосқан кезде («ON» күйі) алдыңғы радар әдепкі қалып бойынша қосылады.
- ◆ Егер жүргізуші оталдыру жүйесін қосқаннан кейін алдыңғы радарды өшіріп қойса, алдыңғы радар автокөлікте артқа жүру берілісін қосқаннан кейін автоматты түрде қосылады, егер осыдан кейін беріліс қорабының басқа жұмыс режимдері қосылатын болса, радардың өшірілген күйінің күші жойылады.
- ◆ AVM экраны және аспаптар тақтасының дисплейі: егер AVM экраны көрсетіліп тұрса, онда тұраққа қою көмекші жүйесінің аспаптар тақтасының дисплейіндегі индикациясының күші жойылады және тек AVM экранын өшіргеннен кейін ғана аспаптар тақтасының дисплейіндегі индикация мүмкін болады.
- ◆ Ескертпе: алдыңғы радардың ескертуші дыбыс сигналын өшіргеннен кейін кәдімгі режимдегі кедергілерге дейінгі қашықтық индикациясы қалады, ескертуші сигнал тек артқы жақтағы ультрадыбыстық датчиктер кедергілерді анықтаған кезде ғана берілетін болады.

Хабарлама

- Алдыңғы радарды алдыңғы радар ажыратқышының көмегімен қосуға/өшіруге болады. Алдыңғы радар оталдыру жүйесінің және стартердің ажыратқышын алдымен «OFF» күйіне, содан кейін «ON» күйіне ауыстырған кезде әдепкі қалып бойынша қосылады.





Артқы радар*



Артқы радардың индикациясы төрт ультрадыбыстық датчикке сәйкес келетін төрт бекітілген сегментке бөлінген (алдыңғы радардың аспаптар тақтасының дисплейіндегі және мультимедиа жүйесінің экранындағы бірыңғай индикациясымен салыстырғанда).

! Назар аударыңыз

Радар жүргізушінің мән-жайды көзбен қарап қабылдауын алмастырмайды. Радар келесі жағдайларда тиісінше жұмыс істемеуі мүмкін:


- Кедергілер бамперден төмен, автокөліктің астында, автокөлікке тым жақын немесе одан тым алыс орналасқан.
- Жүйе балаларды, жаяу жүргіншілерді, велосипедшілерді немесе үй жануарларын анықтамауы мүмкін.
- Өлшемі өте кіші кедергілер анықталмауы мүмкін (мысалы: сымдар, сымарқандар, қоршаулар және көлденең қимасы шағын өзге объектілер).
- Автокөлік жоғары жиілікті радиоантеннамен қосымша жабдықталған және ол жұмыстық күйде тұр.
- Датчиктердің бетінде кедергілердің анықталуына бөгет болатын қатқан мұз, балшық, қар және т. б. бар.
- Датчиктер ультрадыбыстық толқындарды жұтатын борпылдақ қарды және мақта, поролон секілді заттарды анықтай алмайды.
- Бамперден жоғары орналасқан объектілер анықталмауы мүмкін.
- Автокөліктің жанындағы күшті шу немесе ультрадыбыстық толқындар көзі радар жүйесінің жұмысына кедергілер тудырып тұр.
- Артқы жүріспен жүрмес бұрын және артқы жүріспен жүру кезінде автокөліктің артындағы мән-жайға көңіл бөлмеу апатқа, автокөліктің зақымдануына, адамдардың жарақат алуына және тіпті олардың опат болуына алып келуі мүмкін. Тіпті автокөлік ультрадыбыстық датчиктері бар тұраққа қою көмекші жүйесімен жабдықталған болса да, жүргізуші артқы жүріспен қозғалысты бастамас бұрын мән-жайды мұқият бағалап алуы тиіс. Артқы жүріспен қозғалған кезде кедергілерді бақылап отыру, соның ішінде артқы көрініс айнасы арқылы бақылау қажет.



Автоматты шұғыл тежеу жүйесі (АЕВ)/ықтимал соқтығысу туралы ескерту жүйесі (FCW)*


Автоматты шұғыл тежеу жүйесі (АЕВ) жүргізушіге алдыңғы жақтағы қауіп туралы ескерту үшін ықтимал соқтығысу туралы ескерту жүйесімен (FCW) бірлесіп жұмыс істейді. Егер жүргізуші алдыңғы жақтағы автокөлік немесе жаяу жүргінші туралы ескертуге тез жауап әрекетін жасап үлгермесе, соқтығысудың салдарының ауырлығын төмендету үшін автоматты түрде тежелу әрекеті қолданылады.

Автоматты шұғыл тежеу жүйесінің (АЕВ)/ықтимал соқтығысу туралы ескерту жүйесінің (FCW) жұмысы



- ① Ескерту соқтығысу орын алғанға дейін іске қосылады.
- ② Ішінара тежелу соқтығысу орын алғанға дейін басталады.
- ③ Шұғыл тежеу соқтығысу орын алғанға дейін басталады.
- ④ Егер жүргізуші сәйкесінше жауап әрекетін орындаса (мысалы, кедергіден айналып өту үшін рульді бұрса), әрі қарайғы шұғыл тежелудің күші жойылады.

Автоматты шұғыл тежеу жүйесінің (АЕВ)/ықтимал соқтығысу туралы ескерту жүйесінің (FCW) баптаулары



Баптаулар мәзіріне кіру үшін орталық басқару дисплейінен белгішесін басыңыз, «Интеллектуалды жүргізу» тармағын таңдаңыз, содан кейін автоматты шұғыл тежеу немесе ықтимал соқтығысу туралы ескерту функциясын қосу немесе өшіру үшін «Автоматты шұғыл тежеу жүйесі» немесе «Ықтимал соқтығысу туралы ескерту жүйесі» тармағын таңдаңыз. Сондай-ақ ықтимал соқтығысу туралы ескерту функциясының сезімталдығын баптауыңызға болады.

Сақтандыру

- Автоматты шұғыл тежеу жүйесінің (АЕВ) және ықтимал соқтығысу туралы ескерту жүйесінің (FCW) жұмыс істеп тұрғанына қарамастан жүргізуші автокөліктің басқарылуына толық жауапкершілік көтереді және қауіпті жағдайлардың алдын алу үшін басқаруға араласуы тиіс.
- Автоматты шұғыл тежеу жүйесі (АЕВ) тек жүргізушіге көмектесуге арналған, кейбір қозғалыс жағдайларында, ауа райы жағдайларында, жолдағы мән-жайларда және жолдың күйінде жүйе тиімсіз жұмыс істеуі мүмкін.
- Автоматты шұғыл тежеу жүйесі (АЕВ) жеңіл және жүк автокөліктері мен автобустар секілді көлік құралдарының типтерін анықтай алады, алайда автобетонараластырғыштар және шассиі өте биік немесе өте төмен мамандандырылған автокөліктер секілді көлік құралдарының кейбір модификацияларының анықталуы шектеулі.
- Автоматты шұғыл тежеу жүйесі (АЕВ) басын, қолдары мен аяқтарының қимылын, сондай-ақ адамның әдеттегі жүрісінің басқа да белгілерін таныған кезде жаяу жүргіншіні барынша жақсы анықтайды. Жаяу жүргіншілер тек автокөліктің қозғалу жолағын кесіп өтіп бара жатқан жағдайда ғана жүйенің іске қосылуына түрткі болатын объектілер ретінде қарастырылады. Жаяу жүргіншілер қозғалыс жолағының бойымен жүріп бара жатқанда немесе бұрылыста тұрғанда немесе басқа объектілермен жабылып тұрғанда АЕВ жүйесі іске қосылмауы мүмкін.



Сақтандыру

- Автоматты шұғыл тежеу жүйесі (АЕВ) жолда әдеттегі қозғалыс кезінде адамның немесе велосипедтің профилін таныған кезде велосипедшіні барынша жақсы анықтайды. Велосипедшілер автокөлікке қарсы жүріп келе жатқанда АЕВ жүйесі іске қосылмауы мүмкін.
- Автоматты шұғыл тежеу жүйесі (АЕВ) көлік құралдарын, велосипедшілерді немесе жаяу жүргіншілерді барлық уақытта бірдей анықтай бермейді. Қажетсіз автоматты тежелуге немесе тежелудің іске қосылмауына алып келуі мүмкін бірқатар себептер бар. АЕВ жүйесі жұмыс істейтін жылдамдықтар диапазонында соқтығысудан барлық уақытта бірдей сақтанудың сәті түсе бермейді. Бұл жүйе тек соқтығысу салдарының ауырлығын төмендету мақсатында жүргізушіге көмектесу қызметін атқарады.

Назар аударыңыз

- Жүргізуші қауіпсіздік белбеуінің тағылғанына, есіктердің жабылғанына көз жеткізуі тиіс, әйтпесе автоматты шұғыл тежеу жүйесі (АЕВ) іске қосылмайды.
- Бағдар тұрақтылығын ұстау электрондық жүйесі (ESP), ықтимал соқтығысу туралы ескерту жүйесі (FCW) және автоматты шұғыл тежеу жүйесі (АЕВ) қосулы тұруы тиіс, әйтпесе ықтимал соқтығысу туралы ескерту жүйесі (FCW) мен автоматты шұғыл тежеу жүйесі (АЕВ) жұмыс істемейді.
- Егер аспаптар тақтасында сигнал шамы  жанып тұрса, техникалық қызмет көрсетуден өту үшін мүмкіндігінше тездетіп КАІҮІ дилеріне жүгініңіз.
- Автокөлік тоқтауға дейін автоматты түрде тежелген кезде ол тежегіштермен қозғалыссыз күйде ұсталып тұрмайды, жүргізуші автокөлікті бақылауды өз қолына алуы тиіс.
- Егер автоматты шұғыл тежеу жүйесі (АЕВ) белсенді болса, ал жүргізуші рульді тез бұрып немесе акселератор педалін қатты басып жатса, АЕВ жүйесінің автоматты шұғыл тежеуінің күші жойылады.

Автоматты шұғыл тежеу жүйесін (АЕВ) қолдану кезіндегі сақтық шаралары

1. Автоматты шұғыл тежеу жүйесі (АЕВ) физика заңдарынан асып түсе алмайды және оның өз мүмкіндіктер шекарасы бар, сондықтан жүргізуші үнемі автокөлікті бақылауда ұстап отыруы тиіс және қозғалыс қауіпсіздігі үшін толық жауапкершілік көтереді.
2. Жүргізуші әрдайым ауа райы жағдайларына, жолдың күйіне және қозғалыс қарқындылығына сәйкес жылдамдықты және автокөліктер арасындағы арақашықтықты бақылап отыруы тиіс.
3. Автоматты шұғыл тежеу жүйесі (АЕВ) жануарларға және көлденең бағыттағы қозғалысқа, сондай-ақ қарсы бағытта жүріп келе жатқан велосипедшілерге немесе жаяу жүргіншілерге әрекет етпейді.
4. Қозғалыс жолағында кенеттен пайда болатын немесе автокөлік қозғалыс жолағын ауыстырғаннан кейін анықталған объектілер немесе бұрылыстардағы объектілер жағдайында жүйенің мүмкіндіктері айтарлықтай шектеулі болады.
5. Автоматты шұғыл тежеу жүйесі (АЕВ) іске қосылған кездегі қауіптен сақтану үшін автокөлікте отырған барлық жолаушылар қауіпсіздік белбеулерін тағып отыруы, жүк бөліктері бекітілген болуы тиіс.
6. Егер аспаптар тақтасында сигнал шамы  жанып тұрса, автоматты шұғыл тежеу жүйесі (АЕВ) ақаулы, мүмкіндігінше тездетіп КАІҮІ дилеріне жүгініңіз.
7. Автокөлікті барабанды сынақтық стендте тексерген кезде ықтимал соқтығысу туралы ескерту жүйесі (FCW) мен автоматты шұғыл тежеу жүйесі (АЕВ) өшірілген болуы тиіс.
8. Шағын қосалқы дөңгелекті орнатқан жағдайда ықтимал соқтығысу туралы ескерту жүйесі (FCW) мен автоматты шұғыл тежеу жүйесін (АЕВ) өшіріп қоюға, сондай-ақ шағын қосалқы дөңгелекті толық өлшемді дөңгелекке уақытылы ауыстырып алуға кеңес беріледі.
9. Автоматты шұғыл тежеу жүйесі (АЕВ) жолдағы теміржол өткелдері, бұрылысқа жерасты тұрағына кіру және т. с. с. кейбір ерекше жағдайларда қажетсіз ескертулер беруі және тежеу әрекеттерін орындауы мүмкін. Кейбір жағдайларда, мысалы, тоннельдерде, қарсы келе жатқан көлік құралдарының күшті жарығы түскенде,





ылғал жолдардан жарық шағылысқанда және т. б. жағдайларда датчиктердің жұмысқа қабілеттілігі төмендеуі мүмкін, бұл өз кезегінде жүйенің сәйкес функцияларына әсер етеді.

10. Радар датчиктері мен камералар автокөліктің алдыңғы бөлігінде және алдыңғы әйнектің артында орнатылған. Олардың шолу аймағының балшықпен, нөмір белгісінің жақтауымен және т. б. жабылмауын қадағалау қажет. Егер датчиктер толықтай қармен жабылып қалса, бұл АЕВ жүйесі жұмысының тоқтауына алып келеді. Датчиктер сілкудің немесе соққының нәтижесінде зақымдануы мүмкін. Мұндай жағдайда датчикті калибрлеу үшін мүмкіндігінше тездетіп КАІҮІ дилеріне жүгінуге кеңес беріледі.

Жоғарыда көрсетілген сақтандырулар автоматты шұғыл тежеу жүйесінің (АЕВ) дұрыс жұмыс істеуіне әсер етуі мүмкін кейбір жағдайларды қамтымайды. Жүйе басқа себептермен де тиісінше жұмыс істемеуі мүмкін, жүргізуші әрдайым автокөліктің бақылауда ұсталуын қамтамасыз етуге жауапкершілік көтереді.






Круиз-контроль (CCS)*

Алыс қашықтықтарға жол жүрген кезде жүргізушінің шаршауын азайту үшін круиз-контроль жүйесі, егер қозғалтқыштың қуаты жеткілікті болса, 30–130 км/сағ диапазонында автокөліктің тұрақты қозғалу жылдамдығын қамтамасыз етіп отыра алады.

⚠ Сақтандыру

- Қарқынды қозғалысы бар, таулы, ирелең немесе сырғанақ жол аймақтарында жүрген кезде круиз-контрольді қолданбаңыз, апаттардан сақтаныңыз.
- Берілген жылдамдық берілген уақыт мезетіндегі жолдағы жағдайларға сәйкес болуы тиіс, ал круиз-контроль жай ғана жүргізушінің абайлап қолданылуы тиіс көмекші жүйесі болып табылады.
- Берілген жылдамдықпен қозғалу режимінен шыққаннан кейін круиз-контрольді уақытылы өшіріп қою қажет.

Круиз-контроль пернелері



- ① RES+ пернесі: круиз-контрольдің жұмысын қайта жалғастыру/жылдамдықты үдету
- ② Круиз-контроль ажыратқышының пернесі: круиз-контрольді қосу/өшіру
- ③ SET- пернесі: круиз-контрольді баптау/баяулау
- ④ Круиз-контрольдің жұмысын үзу пернесі: круиз-контрольдің жұмысын уақытша тоқтату

Круиз-контрольді қосу

1. Автокөлік жүріп келе жатқан кезде рульдегі круиз-контроль ажыратқышының пернесін ② басыңыз, бұл ретте аспаптар тақтасында круиз-контрольмен жүруге дайындықты көрсетіп, круиз-контрольдің бақылау шамы  жыпылықтай бастайды.
2. Автокөліктің жылдамдығын круиз-контроль ұстап отыруы тиіс жылдамдыққа дейін (30–130 км/сағ) ұлғайтыңыз.
3. Ағымдағы жылдамдықты круиз-контроль үшін берілген жылдамдық ретінде қабылдау үшін SET- ③ пернесін басыңыз, бұл ретте аспаптар тақтасында круиз-контрольдің бақылау шамы  тұрақты жанып тұрады.
4. Автокөлік круиз-контрольмен тұрақты жүру режиміне өтеді, акселератор педалін босатыңыз.





Круз-контрольмен жүру режимінде берілген жылдамдықты ұлғайту

Егер круз-контрольді қолдану кезінде берілген жылдамдықты ұлғайту қажет болса, келесі әрекеттерді жасауға болады:

- ♦ Әр басқан сайын берілген жылдамдықты 2 км/сағ шамасына арттыру үшін RES+ ① пернесін қайталап басыңыз.
- ♦ RES+ ① пернесін басып тұрыңыз, берілген жылдамдық пернені жібермейінше ұлғая береді.

Хабарлама

- Егер басып озу маневрін жасау қажет болса, акселератор педалін тез басыңыз, осы кезде автокөлік уақытша круз-контрольмен жүру режимінен шығады, қуат акселератор педалінің басылуына байланысты өзгереді, акселератор педалін жібергеннен кейін круз-контроль жұмысын қайта жалғастырады.

Круз-контрольмен жүру режимінде берілген жылдамдықты азайту

Егер круз-контрольді қолдану кезінде берілген жылдамдықты азайту қажет болса, келесі әрекеттерді жасауға болады:

- ♦ Әр басқан сайын берілген жылдамдықты 2 км/сағ шамасына азайту үшін SET- ③ пернесін қайталап басыңыз.
- ♦ SET- ③ пернесін басып тұрыңыз, берілген жылдамдық пернені жібермейінше азая береді.

Хабарлама

- Автокөлік инерциямен қозғалуы үшін SET ③ пернесін басып тұрыңыз және автокөлікті жылдам баяулату қажет болса, тежегіш педалін басыңыз.

Круз-контрольмен жүру режимінен уақытша шығу

Автокөлік круз-контрольмен жүру режимінде тұрған кезде келесі әрекеттер круз-контрольдің жұмысын үзе және автокөлікті круз-контрольмен жүруге дайындау режиміне ауыстыра алады, бұл ретте аспаптар тақтасында круз-контрольдің бақылау шамы  жыпылықтап тұрады.

- ♦ Тежегіш педалін басыңыз.
- ♦ Рульдегі круз-контрольдің жұмысын үзу пернесін ④ басып қалыңыз.

Круз-контрольмен жүруді қайта жалғастыру

Круз-контрольдің жұмысы үзілген, алайда круз-контроль өшірілмеген кезде аспаптар тақтасында круз-контрольдің бақылау шамы  жыпылықтап тұрғанда, келесі әрекеттердің көмегімен круз-контрольдің жұмысы қайта жалғаса алады:

- ♦ Егер автокөліктің жылдамдығы 30–130 км/сағ диапазонында болса, RES+ ① пернесін басып қалыңыз, жылдамдық круз-контрольді соңғы қосқан кезде берілген мәнге дейін қалпына келтіріледі, ал аспаптар тақтасындағы круз-контрольдің бақылау шамы  тұрақты жанып тұрады.
- ♦ Егер автокөліктің жылдамдығы 30 км/сағ шамасынан төмен болса, RES+ ① пернесін басып қалу арқылы жылдамдықты круз-контрольді соңғы қосқан кездегі мәнге дейін қалпына келтіру мүмкін емес, ол үшін акселератор педалін басу қажет, ал жылдамдық 30 км/сағ шамасынан асқан кезде акселератор педалін жіберіңіз және RES+ ① пернесін басып қалыңыз, жылдамдық круз-контрольді соңғы қосқан кездегі мәнге дейін қалпына келтіріледі, ал аспаптар тақтасындағы круз-контрольдің бақылау шамы  тұрақты жанып тұрады.





Круиз-контрольді өшіру

Автокөлік круиз-контрольмен жүру режимінде тұрған кезде круиз-контрольді өшіру үшін рульдегі круиз-контроль ажыратқышының пернесін ② басыңыз, осы кезде аспаптар тақтасындағы круиз-контрольдің бақылау шамы  сөнеді.

Хабарлама


- Автокөліктің жылдамдығы круиз-контроль ұстап отыратын жылдамдық диапазонының шегінен шығып кеткен кезде круиз-контроль пернесін круиз-контрольмен жүру режиміне ауысу үшін қолдануға болмайды.
- Аспаптар тақтасында круиз-контрольдің бақылау шамы  жанбай тұрған кезде бұл круиз-контрольдің өшірулі екенін білдіреді, бұл ретте круиз-контрольді баптау мүмкін емес.
- Егер автокөлікте круиз-контрольдің жұмыс істеу қауіпсіздігіне әсер ететін ақаулық бар болса (мысалы, қозғалтқыштың салқындату сұйықтығының температурасы тым жоғары, акселераторды электрлік басқару ақаулы, беріліс қорабы ақаулы және т. б.), круиз-контрольмен жүру режиміне өту мүмкін емес. Техникалық қызмет көрсетуден өту үшін KAIYI дилеріне жүгінуге кеңес беріледі.



Бейімделетін круиз-контроль (ACC)*

Бейімделетін круиз-контроль жүргізушінің берген автокөлік жылдамдығын (30–130 км/сағ диапазонында) немесе берілген арақашықтықты (1,2 с, 1,7 с, 2,2 с) ұстап отыруға мүмкіндік береді.

Бейімделетін круиз-контрольдің (ACC) пернелері



- ① RES+ пернесі: круиз-контрольдің жұмысын қайта жалғастыру/жылдамдықты үдету
- ② Круиз-контроль ажыратқышының пернесі: круиз-контрольді қосу/өшіру
- ③ Круиз-контрольдің жылдамдығын баптау пернесі: бейімделетін круиз-контрольдің берілген жылдамдығын баптау
- ④ SET- пернесі: круиз-контрольді баптау/баяулау
- ⑤ Круиз-контрольдің жұмысын үзу пернесі: круиз-контрольдің жұмысын уақытша тоқтату
- ⑥ Круиз-контрольдің арақашықтығын баптау пернесі: алда жүріп бара жатқан автокөлікке дейінгі уақыт интервалын баптау

Бейімделетін круиз-контрольдің (ACC) жұмысы

- ◆ Бойлық бағыттағы қозғалысты бақылау: бейімделетін круиз-контроль белсенді күйге келтірілгенде жүргізушінің берген жылдамдығына және арақашықтығына сәйкес автокөліктің бойлық бағыттағы жылдамдықты үдетуі, сондай-ақ алда жүріп бара жатқан автокөлікке қатысты орналасу, арақашықтық пен жылдамдық бақыланады.
- ◆ Жүргізушінің басқаруды өзіне қабылдауын сұрау: алдыңғы монокулярлық камера (FVC) жүргізушіден автокөлікті басқаруды өзіне алуын талап ететін сигналды береді және жүріп бара жатқан автокөлік үшін қауіп-қатерді танудың негізінде үздіксіз ескертуші дыбыс сигналын береді.
- ◆ Автокөлік қозғалыссыз тұрған және тежегіш педалі басылып тұрған кезде бейімделетін круиз-контроль SET- ④ пернесін басу арқылы іске қосылады, аспаптар тақтасында белсенді бейімделетін круиз-контрольдің бақылау шамы  қосылады. Қозғалысты бастау үшін RES+ ① пернесін басу немесе акселератор педалін басу қажет.
- ◆ Егер алда жүріп бара жатқан автокөлік тоқтаса және 3 секундтың ішінде қозғалысын қайта жалғастырса, бейімделетін круиз-контрольмен қозғалу режимінде қозғалысты автоматты түрде жалғастыруға болады. Егер алда жүріп бара жатқан автокөлік тоқтағаннан кейін 3 секундтан 3 минутқа дейінгі уақыттың ішінде қозғалысын қайта жалғастырса, онда жүруді жалғастыру үшін RES+ ① пернесін басу немесе акселератор педалін жеңіл басу қажет болады, егер 3 минуттан ұзақ уақыт өтсе, автоматты түрде электр-механикалық тұрақ тежегіші қосылады, бейімделетін круиз-контрольдің жұмысы тоқтатылады.

Бейімделетін круиз-контрольді (ACC) қосу/өшіру

Бейімделетін круиз-контроль әдепкі қалып бойынша оталдыру жүйесін қосқан кезде өшірулі күйде болады. Бейімделетін круиз-контроль рульдегі бейімделетін круиз-контроль ажыратқышының пернесін ② басу арқылы қосылады. Бейімделетін круиз-контрольді өшіру үшін рульдегі бейімделетін круиз-контроль ажыратқышының пернесін ② басып тұру қажет.

Бейімделетін круиз-контрольді (ACC) іске қосу

Бейімделетін круиз-контрольді іске қосу үшін рульдегі SET- ④ пернесін басыңыз, осы кезде аспаптар тақтасында белсенді күйдегі бейімделетін круиз-контрольдің бақылау шамы  жанады.



Бейімделетін круиз-контрольдің (ACC) жұмысын үзу

Бейімделетін круиз-контрольмен (ACC) жүру режимінен уақытша шығу үшін бейімделетін круиз-контроль жұмыс істеп тұрған кезде бейімделетін круиз-контрольдің жұмысын үзу пернесін ⑤ басыңыз, аспаптар

тақтасында бейімделетін круиз-контрольді уақытша өшіру сигнал шамы  жанады.

Бейімделетін круиз-контрольдің (ACC) жұмысын қайта жалғастыру

Бейімделетін круиз-контрольмен жүру режимінен уақытша шығу күйінде бейімделетін круиз-контрольдің (ACC) жұмысын қайта жалғастыру үшін RES+ ① пернесін басып қалыңыз, аспаптар тақтасында белсенді күйдегі

бейімделетін круиз-контрольдің бақылау шамы  жанады.

Бейімделетін круиз-контрольдің (ACC) жылдамдығын баптау

◆ Берілген жылдамдықты ұлғайту:

- ◇ RES+ ① пернесін басып қалу арқылы берілген жылдамдық 5 км/сағ шамасына көбейеді. RES+ ① пернесін басып тұрған жағдайда берілген жылдамдық үздіксіз көбейеді.
- ◇ Қозғалыс жылдамдығын берілген жылдамдықтан асырып ұлғайту үшін акселератор педалін басқан кезде SET- ④ пернесін басу арқылы ағымдағы жылдамдық берілген жылдамдық ретінде белгіленеді.

◆ Берілген жылдамдықты азайту:

- ◇ SET- ④ пернесін басып қалу арқылы берілген жылдамдық 5 км/сағ шамасына кемиді. SET- ④ пернесін басып тұрған жағдайда берілген жылдамдық үздіксіз кемі береді.
- ◇ Қозғалыс жылдамдығын берілген жылдамдықтан азайту үшін тежегіш педалін басқан кезде SET- ④ пернесін басу арқылы ағымдағы жылдамдық берілген жылдамдық ретінде белгіленеді.

Хабарлама

- Бейімделетін круиз-контроль пернені басу арқылы іске қосылған кезде автокөліктің жылдамдығы <30 км/сағ болғанда берілген жылдамдық мәні 30 км/сағ құрайды, автокөліктің жылдамдығы 30–130 км/сағ диапазонында болғанда берілген жылдамдық мәні ағымдағы жылдамдыққа тең, автокөліктің жылдамдығы ≥ 130 км/сағ болғанда берілген жылдамдық мәні 130 км/сағ құрайды. Автокөліктің жылдамдығы >150 км/сағ болғанда бейімделетін круиз-контроль іске қосылмайды.

Бейімделетін круиз-контрольдің (ACC) арақашықтығын баптау

Круиз-контрольдің арақашықтығын баптау пернесін ⑥ басқан кезде алда жүріп бара жатқан автокөлікке дейінгі уақыт интервалы циклді түрде 3→2→1→3 болып өзгереді, мұндағы сан уақыт интервалын сипаттайтын сегменттердің санына сәйкес келеді.


Бейімделетін круиз-контроль (ACC) ақаулығының сигнал шамы

Бейімделетін круиз-контроль қосулы тұрғанда, егер ақаулықтың сигнал шамы  жанып тұрса және сәйкес мәтіндік хабарлама көрсетілсе, бейімделетін круиз-контроль ақаулы.






Көзден таса аймақтарды бақылау (BSD)*



- ◆ Көзден таса аймақтарды бақылау үшін автокөліктің артындағы екі қапталда жүріп келе жатқан көлік құралдарын анықтауға арналған радар датчиктері қолданылады. Жол жиегіндегі қозғалыссыз объектілер есепке алынбайды.

Көзден таса аймақтарды бақылау жүйесінің индикаторлары



- ◆ Көзден таса аймақтарды бақылау индикаторы сол жақтағы суретте көрсетілгендей сол жақ/оң жақ сыртқы артқы көрініс айнасында жанады.

- ◆ Көзден таса аймақтарды бақылау сыртқы артқы көрініс айналарының артында 8,0–8,5 метр шегіндегі ені 3,0–3,5 метрлік бүйірлік аймақтарды қамтиды. Жақындап келе жатқан көлік құралы туралы жүргізушіге тиісті жақтағы сыртқы артқы көрініс айнасындағы индикатор ескертеді. Егер жақындап келе жатқан көлік құралдары автокөліктің екі жағында да анықталса, индикаторлар сыртқы артқы көрініс айналарының екеуінде де жанады.
- ◆ Көзден таса аймақтарды бақылау индикациясы:
 - ◇ Бірде-бір көзден таса аймақтарды бақылау индикаторы жанбай тұр: жүйенің белсенді күйінде көзден таса аймақтарда көлік құралдары анықталмады.
 - ◇ Сары түсті ескертуші индикатор жанып тұр: жүйенің белсенді күйінде көзден таса аймақта көлік құралы анықталды.
 - ◇ Сары түсті ескертуші индикатор жыпылықтап тұр: жүйенің белсенді күйінде көзден таса аймақта көлік құралы анықталды, бұрылыс көрсеткіші қосулы немесе автокөлік көлік құралы анықталған көзден таса аймақ жағындағы қозғалыс жолағына ауысып жатыр.
 - ◇ Сары түсті көзден таса аймақтарды бақылау сигнал шамы жанып тұр: жүйе белсенді емес немесе оның жұмысы бұзылған.
- ◆ Егер осы жаққа қарай бұрылыс көрсеткіші қосылған болса, сыртқы артқы көрініс айнасындағы индикатор жыпылықтайды.





Сақтандыру

- Көзден таса аймақтарды бақылау тек жүргізушіге көмектесуге арналған, кейбір қозғалыс жағдайларында, ауа райы жағдайларында, жолдағы мән-жайларда және жолдың күйінде жүйе тиімсіз жұмыс істеуі мүмкін.

Хабарлама

Көзден таса аймақтарды бақылаудың шектеулері бар және белгілі бір жағдайларда ол автоматты түрде өшеді. Мұндай жағдайда сары түсті сигнал шамы жанады. Келесі шектеулерді ескеру қажет:

- Көзден таса аймақтарды бақылау артқа жүру берілісін қосқан немесе тұрақта трансмиссияны бұғаттаған кезде іске қосылмайды.
- Егер қандай да бір радиолокациялық сигналдың беті жабылып немесе бұрмаланып тұрса (мысалы, сумен, балшықпен, қатқан мұзбен немесе қармен), көзден таса аймақтарды бақылау датчиктің бетінің жабылғанын анықтауы мүмкін. Мұндай жағдайда сары түсті сигнал шамы жанады. Көзден таса аймақтарды бақылау кедергілер жойылғанша өшеді.
- Егер желідегі байланыс бұзылса, сыртқы артқы көрініс айналарындағы сигнал шамы жанбауы мүмкін. Көзден таса аймақтарды бақылау ақаулы болған жағдайда ақаулықтың сигнал шамы ақау жойылғанша жанып тұрады.
- Көзден таса аймақтарды бақылау жолдағы немесе жол жиегіндегі қозғалыссыз объектілерге (мысалы: тосқауылдар, қабырғалар және тұраққа қойылған автокөліктер) әрекет етуі және ескертуші индикаторды қосуы мүмкін.
- Сыртқы кедергілер болған жағдайда көзден таса аймақтарды бақылау жұмыс істемейді.
- Егер радар датчиктерінің аймағында бампердің бетін қар немесе мұз басып тұрса немесе автокөлік ұзақ уақыт бойы қар басқан жолмен жүрген болса, көзден таса аймақтарды бақылау жұмыс істемейді.






Айнала шолу жүйесі (AVM)*

Айнала шолу жүйесі төрт камерадан алынған автокөліктің айналасындағы кеңістіктің суреттерін біріктіреді және жүргізушіге жолдағы мән-жайды қадағалауға көмектесу және көлік жүргізу қауіпсіздігін жоғарылату үшін орталық басқару дисплейінде панорама мен көмекші сызықтарды көрсетеді.

Айнала шолу жүйесінің камераларының орнатылған жерлері



- ① Сол жақ/оң жақ камера
- ② Алдыңғы камера
- ③ Артқы камера

⚠ Назар аударыңыз

- Камера прецизиялық аспап болып табылады, оған соққылардың немесе жоғары қысымды сумен жуу кезінде су арынының әсер етуіне жол бермеңіз, бұл камераның жұмысын бұзуы, тұтануға немесе герметикалық бүтіндігінің жойылуына алып келуі мүмкін.
- Камера объективін таза ұстаңыз және балшықтан немесе қардан тазалаған кезде оның зақымдануына жол бермеңіз.
- Айнала шолу жүйесін қосқан кезде сыртқы артқы көрініс айналарының жазылып тұрғанына, ал жүксалғыш бөлім қақпағының толықтай жабылғанына көз жеткізіңіз.
- Айнала шолу экранында көрсетілетін объектілердің өлшемдері мен оларға дейінгі қашықтық іс жүзіндегі параметрлерден өзгеше болуы мүмкін және тек шамамен алынған параметрлер болып табылады.
- Айнала шолу жүйесі автокөлікті басқару ыңғайлылығын жоғарылатады, алайда артқы жүріспен жүрген кезде мән-жайды бақылаудың жалғыз тәсілі бола алмайды. Міндетті түрде айналаңызды қарап шығыңыз, маневрдің қауіпсіз болатынын тексеріңіз, шағын жылдамдықпен қозғалыңыз.





Айнала шолу жүйесінің баптаулары



- ◆ Айнала шолу режимінен шығу жылдамдығына арналған жолақтың астындағы мәзірде «15 км/сағ», «20 км/сағ» және «30 км/сағ» түймелерін басу арқылы асырған кезде айнала шолу жүйесі автоматты түрде өшетін жылдамдық мәні белгіленеді.

Айнала шолу жүйесін қосу және өшіру

Оталдыру жүйесі қосұлы тұрғанда («ON» күйі) және айнала шолу режимінен шығудың белгіленген жылдамдығынан кем жылдамдықта жүйені қосу/өшіру келесі тәртіппен орындалады:

- ◆ Артқа жүру берілісі қосылған кезде («R» күйі) бірден айнала шолу жүйесі (артқы жақтың және қапталдардың көрінісі) қосылады, артқа жүру берілісін өшірген кезде 3 секундтық кідіріспен айнала шолу жүйесі өшеді.
- ◆ «Бұрылыс көрсеткішін қосқан кезде іске қосылу» баптауында және сол жақ/оң жақ бұрылыс көрсеткіші қосылған кезде автоматты түрде сол жақтағы үш өлшемді көрініс/оң жақтағы үш өлшемді көрініс қосылады, бұрылыс көрсеткішін өшірген кезде айнала шолу жүйесі өшеді.
- ◆ «Рульді бұрған кезде іске қосылу» баптауында және руль $\geq 190^\circ$ бұрышқа бұрылған кезде автоматты түрде сол жақтағы/оң жақтағы үш өлшемді көрініс қосылады, егер рульдің бұрылу бұрышы $< 180^\circ$ болса, айнала шолу жүйесі өшіріледі.



- ◆ Орталық дисплейдің басты бетіндегі айнала шолу жүйесінің түймесін  басқан кезде айнала шолу жүйесі қосылады, түймені қайта басқанда айнала шолу жүйесі өшіріледі.

- ◆ «Радармен іске қосу» баптауында және беріліс қорабының «D» режимі қосұлы тұрғанда автокөліктің алдыңғы жағындағы жақыннан әрекет ететін радар датчигі баяу қозғалу аймағында (қашықтық ≤ 90 см) кедергіні анықтаған кезде айнала шолу жүйесі автоматты түрде қосылады. Беріліс қорабының «D» режимі өшірулі тұрғанда, радар датчигі баяу қозғалу аймағында (қашықтық > 90 см) кедергіні анықтаған кезде айнала шолу жүйесі өшіріледі.
- ◆ Автокөліктің жылдамдығы жүргізушінің белгілеген айнала шолу режимінен шығу жылдамдығынан асатын жағдайда айнала шолу жүйесі автоматты түрде өшеді.





Айнала шолу жүйесінің экраны



- ◆ Бір жағынан қарағандағы көрініс + үстінен қарағандағы көрініс



- ◆ Үш өлшемді көрініс + үстінен қарағандағы көрініс

Экранның сенсорлық нүктелері	Сәйкес функция	Экранның сенсорлық нүктелері	Сәйкес функция
1	Үстінен қарағандағы көрініске + алдынан қарағандағы көрініске ауысу	11	Баптаулар мәзірін көрсету
2	Үстінен қарағандағы көрініске + артынан қарағандағы көрініске ауысу	12	Үстінен қарағандағы көрініске + алдынан қарағандағы үш өлшемді көрініске ауысу
3	Үстінен қарағандағы көрініске + сол жақтан қарағандағы көрініске ауысу	13	Үстінен қарағандағы көрініске + алдынан оң жақтан қарағандағы үш өлшемді көрініске ауысу
4	Үстінен қарағандағы көрініске + оң жақтан қарағандағы көрініске ауысу	14	Үстінен қарағандағы көрініске + оң жақтан қарағандағы үш өлшемді көрініске ауысу
5	Жүйеден шығу	15	Үстінен қарағандағы көрініске + артқы оң жақтан қарағандағы үш өлшемді көрініске ауысу
6	Алдыңғы радардың дыбыс сигналының ажыратқышы	16	Үстінен қарағандағы көрініске + артынан қарағандағы үш өлшемді көрініске ауысу
7	Екі өлшемді көрініске ауысу	17	Үстінен қарағандағы көрініске + артқы сол жақтан қарағандағы үш өлшемді көрініске ауысу
8	Үш өлшемді көрініске ауысу	18	Үстінен қарағандағы көрініске + сол жақтан қарағандағы үш өлшемді көрініске ауысу
9	Алдыңғы жақтан қарағандағы кең бұрышты көрініске ауыстырып қосу	19	Үстінен қарағандағы көрініске + алдыңғы сол жақтан қарағандағы үш өлшемді көрініске ауысу
10	Артқы жақтан қарағандағы кең бұрышты көрініске ауыстырып қосу		






Хабарлама

- Айнала шолу жүйесі жұмыс істеп тұрған кезде  түймесін басу арқылы сурет үлкейтіледі.

Сақтандыру

- Тек экрандағы суретке ғана сүйенбеңіз, жолдағы айнала қоршаған мән-жайды қадағалаңыз.
- Камераның объективі көру аймағындағы объектілерді жақындатып немесе бұрмалап көрсетуі мүмкін, экрандағы кескін шынайы объектіден өзгеше болуы мүмкін, сондай-ақ кішігірім көзден таса аймақтар мен кідірістер туындауы мүмкін. Сондықтан айнала шолу жүйесі жүргізушінің айналадағы мән-жайды бақылауын алмастыра алмайды. Егер маңайда балалар, үй жануарлары және басқа объектілер бар болса, артқы жүріспен жүргенде ерекше мұқият болыңыз. Қозғалыстың қауіпсіздігіне көз жеткізіңіз.
- Автокөлік зауыттан шығар алдында айнала шолу жүйесін мамандар калибрлейді. Камераны кез келген рұқсат етілмеген бөлшектеу, орнату орнын және бұрышын өзгерту жүйенің жұмысына және панорамалық кескіннің сапасына әсер етуі мүмкін.



Баптаулар мәзірі

Айнала шолу жүйесімен келесі баптауларды орындауға болады: рульді бұрған кезде іске қосылу, көмекші сызықтарды көрсету, шанақтың мөлдір кескіні, тұрақ радарларының индикациясы, радармен іске қосу, MOD еске салуы, автоматты масштабтау, шанақ түсі (суретте).

- «Бұрылғанда іске қосу» ажыратқышы: бұл функцияны қосқан және бұрылыс көрсеткішін қосқан кезде немесе рульді 190°-тан артық бұрған кезде айнала шолу жүйесі автоматты түрде қосылатын болады.
- «Көмекші сызықтарды көрсету» ажыратқышы: бұл функцияны қосқан кезде үш өлшемді көріністе көмекші сызықтар көрсетіледі.
- «Мөлдір шанақ» ажыратқышы: бұл функцияны қосқан кезде үш өлшемді көріністе автокөліктің кескіні мөлдір түске айналады, ал «Мөлдір шанақ» ажыратқышының астындағы реттегіштің көмегімен 0 %-дан 100 %-ға дейінгі мөлдірлік дәрежесін белгілеуге болады.
- «Тұрақ радарларының индикациясы» ажыратқышы: бұл функцияны қосқан кезде тұрақ радары айналадағы кедергілер туралы ескертетін болады, 150–91 см қашықтықтағы кедергі индикациясының түсі жасыл, 90–61 см қашықтықтағы кедергі индикациясының түсі сары, 60 см дейінгі қашықтықтағы кедергі индикациясының түсі қызыл болады.
- «Радармен іске қосу» ажыратқышы: бұл функцияны қосқан кезде айнала шолу жүйесі радар датчигі ≤ 90 см қашықтықта кедергі анықтаған жағдайда қосылады.
- «MOD еске салуы» ажыратқышы: бұл функцияны қосқан кезде бір көріністі экранда жүйе автокөліктің жанындағы адамдарды және қозғалып бара жатқан объектілерді анықтайды және оларды сары түсті жақтаумен белгілейді.
- «Автоматты масштабтау» ажыратқышы: бұл функцияны қосқан кезде датчик 40 см немесе одан кем қашықтықта кедергі анықтаса, алдынан қарағандағы көрініс немесе арттан қарағандағы көрініс автоматты түрде ұлғайтылады; орталық датчик 60 см кем қашықтықта кедергі анықтаса, арттан қарағандағы көрініс ұлғайтылады.
- «Шанақ түсі (суретте)» ажыратқышы: суреттегі автокөлік шанағының ақ немесе сұр түсін таңдауға болады.





Үнемді жүргізу

Үнемді жүргізу тек отынды ғана үнемдеп қоймай, автокөліктің қызмет ету мерзімін ұзартуға да көмектеседі.

Дроссельді жапқышты толық ашудан сақтаныңыз

Максималды жылдамдықпен жүрмеуге тырысыңыз. Жоғары жылдамдықта отын шығыны, зиянды шығарындылар және қозғалыс кезіндегі шу сәйкесінше көбейеді.

Қозғалтқыштың бос жүріспен жұмыс істеу уақытын қысқартыңыз

- ◆ Кептелістерде, теміржол өткелінің алдында және жол қиылыстарында бағдаршамның қызыл түсінде күткен кезде отынды үнемдеу үшін қозғалтқышты өшіріп қоюға болады.
- ◆ Қозғалтқышты бос жүріспен жұмыстық температураға дейін қыздыру көп уақыт алады. Мұндай қыздыру кезінде қозғалтқыш бөлшектерінің тозуы мен зиянды заттардың шығарылуы ерекше көп болады. Сондықтан оталдырғаннан кейін қозғалтқыштың жоғары айналу жиілігімен жұмыс істеуіне жол бермей, қозғалысты бірден бастау қажет.

Жылдамдықты жиі үдетуден және баяулаудан сақтануға тырысыңыз

Жылдамдықты үдету баяу және жатық орындалуы тиіс, ал жылдамдықты жиі үдету және қайта баяулау отын шығынын көбейтеді.

Қажетсіз жерде шұғыл тежелуден сақтануға тырысыңыз

Болдырмауға мүмкіндік бар кезде шұғыл тежелмеуге тырысыңыз. Жағдайды болжай отырып, қисынды жылдамдықпен қозғалыңыз. Шұғыл тежеуге тура келмеу үшін басқа көлік құралдарына дейін тиісті арақашықтықты сақтаңыз. Осы кезде шұғыл тежелгенде сөзсіз болатын бөлшектердің тозуы азаяды.

Жүйелі түрде техникалық қызмет көрсету

Автокөлікке тиісінше техникалық қызмет көрсету қозғалыс қауіпсіздігіне және автокөліктің қалдық құнының сақталуына ғана ықпал етіп қоймай, отынды да үнемдеуге көмектеседі.

Қысқа қашықтықтарға жиі жүруден сақтануға тырысыңыз

- ◆ Қозғалтқыш та, пайдаланылған газдарды бейтараптандыру жүйесі де оңтайлы жұмыс температурасына жеткен кезде тиімді жұмыс істейді.
- ◆ Жеткіліксіз қыздырылған автокөлікпен жүрген кезде көбірек отын шығындалады, сондықтан қысқа қашықтықтарға жол жүруден бас тартқан абзал.

Шиналардағы қысымға назар аударыңыз

Шиналардағы қысымды тағайындалған мәндерге сәйкес ұстап отырыңыз. Төмен қысым шиналардың тозу дәрежесін тездетеді және отын шығынын көбейтеді.

Дөңгелектердің дұрыс орнатылу бұрыштарын қадағалаңыз

Дөңгелектердің дұрыс емес орнатылу бұрыштары шиналардың тозуын тездетеді, сондай-ақ қозғалтқышқа түсетін жүктемені жоғарылатады және отын шығынын көбейтеді.





Автокөлікте артық жүк тасымалдамаңыз

Автокөлікке қажетсіз заттарды салмаңыз, әйтпесе бұл қозғалтқышқа түсетін жүктемені жоғарылатады және отын шығынын көбейтеді.

Электр энергиясын үнемдеу

Қозғалтқыш электр тогын өндіретін генераторды қозғалысқа келтіреді. Яғни электр энергиясына қажеттілік көбейген кезде отын шығыны да көбейеді, сондықтан электр энергиясының қажетсіз тұтынушыларын өшіріп қойған жөн.

Автокөліктің оңтайлы жұмыстық күйін сақтап отырыңыз

Ауа сүзгісінің, оталдыру бітелерінің және мотор майының ластануы, дұрыс реттелмеген клапандардың саңылауы мен тежегіш педалі өзгелерімен қатар қозғалтқыштың жұмыстық сипаттамаларына және отын шығынына әсер етеді. Автокөлік бөлшектері ұзақ уақыт қызмет етуі және отын шығынын азайту үшін автокөлікке жүйелі түрде техникалық қызмет көрсету жүргізіп отыру қажет. Егер автокөлік қоршаған ортаның ауыр жағдайларында жиі пайдаланылатын болса, сервисаралық интервалдарды қысқарту қажет.

Автомагистральдармен жүру

Автомагистральдармен жүрген кезде келесілерге назар аудару қажет:

- ◆ Түйісетін жолдан автомагистральға кірген кезде жылдамдықты үдету жолағында жылдамдықты арттырып алыңыз. Қозғалыс қатарын ауыстыру автомагистральмен жүріп келе жатқан автокөліктерге кедергі жасамайтындай жүзеге асырылуы тиіс.
- ◆ Жолақтармен қозғалу бағытын қатаң сақтаңыз. Автокөлікті мүмкіндігінше жүріс бөлігінің оң жақ жиегіне жақын жүргізуге тырысыңыз және басып озғанда ғана сол жақтағы қозғалыс жолағына шығыңыз.
- ◆ Автомагистральдан шыққан кезде ескертуші белгілер мен көрсеткіштерге назар аударыңыз, шығар алдында жылдамдықты баяулату жолағына ауысыңыз.
- ◆ Максималды жылдамдық шектеулерін қатаң түрде сақтаңыз. Жылдамдықты шектен асыру жол-көлік оқиғасына алып келуі мүмкін, ал тым төмен жылдамдық өзге көлік құралдарының қалыпты қозғалуына кедергі жасайды. Жаңбырлы күндері, қар жауып тұрғанда және мұз қатқан жолда жағдайларды есепке алып, қозғалыс жылдамдығын азайтыңыз.
- ◆ Көлік құралдарының арасындағы арақашықтықты сақтаңыз. Әдеттегі жағдайларда, құрғақ жол төсемінде тежеу тиімділігі жеткілікті болған жағдайда автокөліктердің арасындағы қашықтық автокөліктің жылдамдық мәнінен кем болмауы тиіс. Егер жылдамдық 80 км/сағ құрайтын болса, көлік құралдарының арасындағы арақашықтық 80 м шамасынан кем болмауы тиіс. Минималды арақашықтықты шектейтін жол белгілеріне назар аударыңыз. Жаңбыр жауып тұрғанда, тұманда, мұзтайғанда және қар жауып тұрғанда, сондай-ақ ылғал жолда көлік құралдарының арасындағы арақашықтық екі еседен көп үлкейтілуі тиіс.
- ◆ Автокөліктің жоғары жылдамдықта бүйірге сырғуына жол бермеу үшін қозғалыс қатарын ауыстырғанда немесе басып озғанда рульді тым тез бұрудан сақтаныңыз. Тежелу қажет болған кезде тежегіш педалін шұғыл басудан сақтаныңыз.





Тұман жағдайларында жүргізу

- ◆ Тұман кезінде жол жүргенде тұман жарығын қосыңыз, жылдамдықты азайтыңыз, жаяу жүргіншілер мен басқа көлік құралдарының жүргізушілеріне ескерту үшін дыбыс сигналын пайдаланыңыз.
- ◆ Өзге көлік құралының дыбыс сигналын естісеңіз, өз автокөлігіңіздің орналасқан жерін білдіру үшін сіз де дереу жауап ретінде дыбыс сигналын беріңіз.
- ◆ Тұман кезінде максималды жылдамдықтың шектеуіне назар аударыңыз, жылдамдықты 100 км/сағ шамасынан асырмаңыз. Автомагистральдармен жүрген кезде төмендегідей кеңес беріледі:
 - ◇ Егер көру мүмкіндігі 200 м шамасынан кем болса, жылдамдықты 60 км/сағ шамасынан асырмаңыз және алда дәл осы жолақта жүріп бара жатқан автокөлікке дейін 100 м шамасынан асатын арақашықтықты ұстап отырыңыз.
 - ◇ Егер көру мүмкіндігі 100 м шамасынан кем болса, жылдамдықты 40 км/сағ шамасынан асырмаңыз және алда дәл осы жолақта жүріп бара жатқан автокөлікке дейін 50 м шамасынан асатын арақашықтықты ұстап отырыңыз.
 - ◇ Егер көру мүмкіндігі 50 м шамасынан кем болса, жылдамдықты 20 км/сағ шамасынан төмен ұстап отырыңыз және ең жақын шығар жолда автомагистральдан шығып кетіңіз.
- ◆ Тұманды ауа райында жолдың ортаңғы жолағымен жүруге тырысыңыз, көру мүмкіндігінің жақсаруын күтіп тоқтап тұрған автокөліктерге соқтығысып қалмау үшін шетпен жүрмеңіз.
- ◆ Тұманда жол жүрер алдында автокөліктің жарық аспаптарын мұқият тексеріп алу, қозғалыс кезінде тұман фараларын және артқы тұман шамын, габарит шамдарын және фаралардың таяу жарығын қосып қою қажет. Автокөліктердің, жаяу жүргіншілердің және алдағы жолдың күйін жақсырақ көру үшін, сондай-ақ басқа қозғалыс қатысушылары сізді көруі үшін фараларды қолданыңыз. Сонымен бірге тұман кезінде жол жүргенде фаралардың шалғай жарығын қолданбаңыз.
- ◆ Тұманда жол жүргенде акселератор педалін тез басып, жібермеңіз, шұғыл тежелуден және рульді тез бұрудан сақтаныңыз. Егер жылдамдықты түсіру қажет болса, алдымен акселератор педалін ақырын жіберіңіз, содан кейін артқы жақтан келіп соқтығысудың алдын алу үшін тежегіш педалін бірнеше рет жеңіл басыңыз.

Қауіп

- Сапарға шығар алдында жарақаттарға алып келуі немесе тіпті өмірге қауіп төндіруі мүмкін жол-көлік оқиғаларының алдын алу үшін автокөліктің жарық аспаптарын: блок-фараларды және тұман жарығын тексеріп алу қажет.
- Тұманды ауа райында автокөлікпен жол жүруді барынша азайтыңыз. Тұманға байланысты жолдағы көру мүмкіндігі төмендегенде жарақаттарға алып келуі мүмкін немесе тіпті өмірге қауіп төндіретін жол-көлік оқиғаларының қаупі артады.





Жаңбырлы ауа райында жүргізу

- ♦ Жаңбыр жауып тұрғанда көріністің нашарлауына, әйнектердің булануына және жолдың сырғанақ болуына байланысты жылдамдықты азайту және абайлап жүру қажет.
- ♦ Жаңбыр жауып тұрғанда сыртқы артқы көрініс айналарын көрініске кедергі келтіріп тұрған жиналып қалған жаңбыр тамшыларынан уақытылы тазалап отыру қажет.
- ♦ Бұлтты күндері, нөсер жауын және тұман кезінде, сондай-ақ көру мүмкіндігі нашар жаңбырлы ауа райында тұман жарығы мен таяу жарықты дер кезінде қосып қою қажет.
- ♦ Нөсер жаңбырда немесе күн күркірегенде автокөлікпен қозғалысты жалғастыруға кеңес берілмейді. Су басып қалудан сақтану үшін автокөлікті су жиналмайтын жерге тұраққа қойыңыз, артқы жақта жүріп келе жатқан басқа автокөліктердің жүргізушілеріне ескерту үшін апаттық жарық сигналын беру жүйесін қосыңыз.
- ♦ Жаңбырлы ауа райында жол жүргенде акселератор педалін тез басып, жібермеңіз, шұғыл тежелуден және рульді тез бұрудан сақтаныңыз. Егер жылдамдықты түсіру қажет болса, алдымен акселератор педалін ақырын жіберіңіз, содан кейін артқы жақтан келіп соқтығысудың алдын алу үшін тежегіш педалін бірнеше рет жеңіл басыңыз.
- ♦ Жаңбыр кезінде жол жүргеннен кейін жаңбыр суындағы қышқылдан лак-бояу жабынының бұзылуына жол бермеу үшін автокөлікті уақытылы жуып алу қажет.

Қауіп

- Жаңбырлы ауа райында жол жүргенде жылдамдықты бақылап отыру қажет. Жаңбыр кезіндегі нашар көрініс және тайғақ жолдар жарақаттарға алып келуі мүмкін немесе тіпті өмірге қауіп төндіретін жол-көлік оқиғаларының қаупін арттырады.

Сақтандыру

- Тайғақ жолда шұғыл тежеу, жылдамдықты тез үдету немесе рульді тез бұру автокөліктің бүйірге сырғуына және басқарылуды жоғалтуға алып келуі мүмкін, сондықтан автокөлікті абайлап жүргізіңіз.
- Су басқан жолдармен жүрмеуге тырысыңыз, әйтпесе қозғалтқыштың ішіне су кіріп кетуі мүмкін, бұл қозғалтқышты зақымдайды және басқа да күрделі ақаулықтарға алып келеді.
- Су басқан жол аймағынан өткеннен кейін тежегіштердің жұмысын тексеру үшін тежегіш педалін ақырын басып көріңіз. Тежегіш қыспақтары су болған кезде тежелу тиімділігі айтарлықтай төмендейді, құрғақ тежегіш қыспақтары жағындағы тежегіштер ғана тежеуі мүмкін. Нәтижесінде бағдар тұрақтылығын жоғалтуға байланысты жол-көлік оқиғалары орын алуы мүмкін.

Назар аударыңыз

- Су басқан жол теліміне кірмес бұрын судың тереңдігін анықтап алу қажет. Судың тереңдігі автокөлік шанағының астыңғы жиегінен биік болмауы тиіс.
- Егер судан өту кезінде автокөлік өшіп қалса, қозғалтқышты қайтадан оталдыруға қатаң түрде тыйым салынады, оталдырған жағдайда қозғалтқышқа күрделі зақым келуі мүмкін.





Тәуліктің қараңғы мезгілінде жүргізу

Жарықты дұрыс пайдалану

- ♦ Тәуліктің қараңғы мезгілінде автокөлікпен жол жүрмес бұрын фаралардың таяу жарығын қосыңыз. Алдыңыздағы автокөліктің артынан жүрген кезде шалғай жарықты пайдаланбаңыз.
- ♦ Реттелмейтін жол қиылыстарынан өткен кезде жылдамдықты азайтыңыз және өз автокөлігіңізді байқату үшін шалғай жарық сигналдарын пайдаланыңыз.
- ♦ Тәуліктің қараңғы мезгілінде нашар жарықтандырылған жолдарда 30 км/сағ шамасынан жоғары жылдамдықпен жүрген кезде шалғай жарықты қолданыңыз.
- ♦ Түнде жол жүргенде жарықтың шектеулі болуына байланысты көз шаршайды, сондықтан жолдағы мән-жайды мұқият қадағалап отыру және төмен жылдамдықпен жүру қажет. Басып озу әрекеттерін жасамауға тырысыңыз, егер басқа көлік құралын басып озу шынымен қажет болса, алдағы жүргізушіге ескерту үшін шалғай жарықпен жарық сигналын беріңіз.

! Назар аударыңыз

- Тәуліктің қараңғы мезгілінде қозғалысты бастамас бұрын автокөліктің барлық жарық аспаптарының тиісінше жұмыс істеп тұрғанына көз жеткізіңіз.
- Түнде жарықтандырылған көшелермен жүрген кезде фаралардың шалғай жарығын ұзақ уақытқа қоспаңыз.
- Тәуліктің қараңғы мезгілінде қарсы қозғалыс болған жағдайда шалғай жарықты өшіріңіз!

Ыстық ауа райында жүргізу

- ♦ Ыстық ауа райында автокөлікті ұзақ уақытқа күннің астында қалдырмаңыз, сондай-ақ алдыңғы панельге және ондағы ұсақ-түйек тартпасына жеңіл тұтанатын заттарды (мысалы: оттықтарды, қағаздардың қиымдарын, матадан жасалған ойыншықтарды) қоймаңыз.
- ♦ Жазғы күнгі ыстық ауа райы автокөліктің тиісінше жұмыс істеуіне және жүргізушінің өзін-өзі жақсы сезінуіне жақсы ықпал етпейді. Қозғалыс қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін келесілерге назар аударыңыз:
 - ◇ Қозғалтқыштың қызып кетуінен сақтаныңыз. Жаз мезгілінде қозғалтқышты салқындату жүйесін тексеруге және оған қызмет көрсетуге көбірек көңіл бөлу қажет. Радиатордың пластиналарын уақытылы тазалап отырыңыз.
 - ◇ Шиналарда тағайындалған қысымды ұстап отырыңыз. Сыртқы температура көтерілгенде шиналардағы қысым жоғарылайды, бұл шинаның жарылуына алып келуі мүмкін. Аспаптар тақтасында шиналардағы қысымды бақылау жүйесінің сигнал шамы  жанса және қозғалыс кезінде шинаның тым жоғары температурасы туралы хабарлама көрсетілсе, дереу автокөлікті тоқтатыңыз және қозғалысты жалғастырмаз бұрын шинаның суығанын күтіңіз.
 - ◇ Ыстық өтіп кетуден сақтаныңыз. Жазғы күн мен жоғары температурадан ыстық өтіп кетуі мүмкін. Сапар кезінде салонның жеткілікті желдетілуін қамтамасыз етіңіз және жиірек тынығып отырыңыз.





Суық ауа райында жүргізу

Автокөлікті суық ауа райында басқарған кезде айналадағылардың және өзіңіздің қауіпсіздігіңізді қамтамасыз ету үшін жылдың суық мезгілінде көлік жүргізу кезіндегі сақтық шараларын орындаңыз.

Қауіп

- Қыс мезгілінде жол жүру жылдың басқа мезгілдерімен салыстырғанда ең көп қауіп төндіреді. Жарақаттарға алып келуі немесе тіпті өмірге қауіп төндіруі мүмкін жол-көлік оқиғаларынан сақтану үшін көлік жүргізу кезінде ерекше сақ болу және жылдамдықты түсіру қажет.

Жылдың суық мезгілінде көлік жүргізу кезіндегі сақтық шаралары

- ♦ Жылдың суық мезгілінде қозғалысты бастамас бұрын автокөліктің қауіпсіздікті қамтамасыз ететін жабдықтарын: рульмен басқаруды, тежегіштерді, жарықтандыруды, аспаптарды, дыбыс сигналын, әйнектазартқыштарды және т. б. мұқият тексеріп алу қажет.
- ♦ Қозғалтқышты оталдырғаннан кейін, егер салқындату сұйықтығының температурасы тым төмен болса, қозғалтқышты қыздыру функциясы қосылады, автокөлікпен жүруді аспаптар тақтасында қыздырудың аяқталуы туралы хабарлама пайда болғаннан кейін ғана бастауға болады.
- ♦ Қыста қар жауғаннан кейін жол тайғақ болады. Басқару әрекеттері мен қозғалыс жылдамдығының өзгерісі бірқалыпты болуы тиіс. Жылдамдықты күрт үдетуден, шұғыл тежелуден және рульді тез бұрудан сақтаныңыз. Жылдамдықты бірқалыпты үдетіңіз, жылдамдықты төмен деңгейден орташа деңгейге дейін ұстап отырыңыз.
- ♦ Орыннан қозғалған кезде абай болыңыз, дөңгелектердің бос тайғанауына және бүйірге сырғуға жол бермеу үшін жылдамдықты біркелкі көбейтіңіз.

Жылдың суық мезгілінде тұраққа қою кезіндегі сақтық шаралары

- ♦ Дөңгелектерінің мұзға қатып қалуына және зақымдалуына жол бермеу үшін автокөлікті қары немесе суы жоқ жерге тұраққа қойыңыз.
- ♦ Шығып кетуді жеңілдету үшін дөңгелектердің астына тақтай қойыңыз.
- ♦ Құлап түскен мұз автокөлікті зақымдамауы үшін автокөлікті ағаштардың астына қоймаңыз.
- ♦ Щеткалардың әйнекке мұз болып жабысып қалуын және әйнектазартқышты қосқан кезде щеткалардың және жетектің зақымдалуын болдырмау үшін әйнектазартқыштардың жетектемелерін көтеріп қойыңыз.
- ♦ Тұраққа қоюға тегіс алаңдарды таңдауға тырысыңыз.
- ♦ Тұраққа қояр алдында салонды суыту үшін есіктерді ашыңыз, есіктерді бірнеше минуттан кейін құлыптаңыз. Іштегі және сырттағы температураны теңестіру әйнектерде қыраудың қатуын болдырмауға көмектеседі.

Автокөлікке қыс мезгілінде техникалық қызмет көрсету

Қозғалтқыштың салқындату сұйықтығының типін тексеріңіз. Спирт негізіндегі антифриз қолданбаңыз.

Аккумулятор батареясының күйін тексеру

Суық ауа райында кез келген аккумулятор батареясының сыйымдылығы төмендейді, сондықтан қозғалтқыштың оталуын жеңілдету үшін аккумулятор батареясының күйін жүйелі түрде тексеріп және оны толық зарядталған күйде ұстап отыру қажет.





Мотор майының тұтқырлығының қысқы пайдалануға жарайтынына көз жеткізіңіз

Жылдың суық мезгіліндегі қозғалтқыштың қиын оталуы мотор майының сәйкес келмейтін сипаттамаларымен байланысты болуы мүмкін. Егер ол қыс мезгілінде пайдалануға жарамаса, оны уақытылы ауыстыру қажет.

Қату температурасы төмен әйнекжуғыш сұйықтығын қолданыңыз

КАИҮ дилерлерінен қату температурасы төмен әйнекжуғыш сұйықтығын сатып алуға кеңес беріледі.

Қажетті керек-жарақтарды дайындап қойыңыз

Төтенше жағдайларға бірқатар керек-жарақтарды дайындап қойыңыз. Сырғытпайтын шынжырларды, құм салынған қаптарды, жыпылықтайтын сигнал шамдарын, сыртқы қорек көзінен оталдыруға арналған кабельдерді және т. б. дайын ұстап отыруға кеңес беріледі.

Сырғытпайтын шынжырлардың қолданылуы

- ◆ Қыста қиын жағдайларда, мысалы, қар басқан немесе мұз қатқан жолдармен жүргенде дөңгелектерге сырғытпайтын шынжырларды орнатуға болады.
- ◆ 245/60 R18 шиналарына орнатылатын сырғытпайтын шынжырлардың қалыңдығы 10 мм шамасынан аспауы тиіс. Шынжырлар резеңкеден немесе басқа созылғыш материалдардан жасалған болуы тиіс. Басқа материалдар зақым келтіруі мүмкін.
- ◆ Әртүрлі елдер мен аймақтарда сырғытпайтын шынжырларды қолдануға қатысты әртүрлі ережелер қолданылады, сондықтан сырғытпайтын шынжырларды орнатпас бұрын жергілікті ережелермен танысып алу қажет. Жергілікті ережелерде сырғытпайтын шынжырлардың қолданылуына қатысты шектеулердің белгіленгенін немесе белгіленбегенін біліп алмай тұрып, сырғытпайтын шынжырларды орнатпаңыз.
- ◆ Сырғытпайтын шынжырлардың жұбын артқы емес, алдыңғы дөңгелектерге орнату қажет.
- ◆ Сырғытпайтын шынжырларды шағын қосалқы дөңгелекке орнатпаңыз. Егер алдыңғы оське шағын қосалқы дөңгелек орнатылған болса және сырғытпайтын шынжыр орнату қажет болса, міндетті түрде шағын қосалқы дөңгелекті артқы дөңгелекпен алмастырып салыңыз.
- ◆ Сырғытпайтын шынжырларды құрғақ жолда пайдаланбаңыз. Қары жоқ жолға шыққаннан кейін сырғытпайтын шынжырларды шешіп алыңыз.
- ◆ Кез келген ауа райында автокөлікті сенімді басқару мүмкіндігіне көз жеткізу үшін дөңгелектерге сырғытпайтын шынжырлар орнатыңыз. Сырғытпайтын шынжырларды орнатқаннан кейін автокөліктің қуаты жеткіліксіз болуы мүмкін екенін ескеру қажет. Тіпті жолдағы жағдайлар қолайлы болса да, автокөлікті абайлап жүргізіңіз. Қозғалыс кезінде дөңгелектердің сырғытпайтын шынжырларына белгіленген шекті жылдамдықтан және кез келген жағдайда 50 км/сағ шамасынан асырмаңыз.
- ◆ Сырғытпайтын шынжырларды алдыңғы дөңгелектерге мүмкіндігінше тығыз етіп орнатыңыз, ал 0,5–1,0 км жол жүріп өткеннен кейін сырғытпайтын шынжырларды тағы да тартып бекітіңіз.
- ◆ Сырғытпайтын шынжырлардың дұрыс қолданылмауы автокөліктің пайдаланушылық сипаттамалары мен қауіпсіздігіне кері әсер етуі мүмкін. Толық жүктемемен жүру, жылдамдықты шектен асыру, жылдамдықты күрт үдету, тежелу, бұрылу және басқа маневрлер өте қауіпті болуы мүмкін.
- ◆ Сырғытпайтын шынжырлар автокөліктің тиімді баяулауын қамтамасыз етеді. Қар басқан немесе мұз қатқан жолда шұғыл тежеу автокөліктің артқы бөлігінің бүйірге сырғуына алып келуі мүмкін. Алда жүріп бара жатқан көлік құралына дейін сәйкес қауіпсіз арақашықтықты ұстап отыру қажет. Тежегіш педалін бірқалыпты басыңыз және орнатылған сырғытпайтын шынжырлардың дөңгелектердің жолмен ілінісуін жақсартатынын, алайда бүйірге қарай сырғанауды тоқтата алмайтынын есте ұстаңыз.





Апаттық жарық сигналын беру жүйесі



- ◆ Апаттық жарық сигналын беру жүйесі оталдыру жүйесі ажыратқышының кез келген күйінде апаттық жарық сигналын беру жүйесінің пернесімен қосылады. Барлық бұрылыс көрсеткіштері мен аспаптар тақтасындағы бұрылыс көрсеткіштерінің сигнал шамдары бірге жыпылықтап тұрады.
- ◆ Апаттық жарық сигналын беру жүйесін өшіру үшін апаттық жарық сигналын беру жүйесінің пернесін тағы бір рет басыңыз.

- ◆ Апаттық сигнал беру жүйесі жол қозғалысының басқа қатысушыларының назарын аударту және жол-көлік оқиғаларының қаупін төмендету үшін келесі жағдайларда қосылуы тиіс:
 - ◇ Автокөлікте ақау пайда болған жағдайда.
 - ◇ Автокөлік жол кептелісінің аяғына жақындағанда.
 - ◇ Сүйрелетін автокөлікте және тартқыш автокөлікте.
 - ◇ Жеткіліксіз көрініс жағдайларында уақытша тоқтау қажет болғанда жақындап келе жатқан көлік құралдарының жүргізушілеріне ескерту үшін.

Хабарлама

- Апаттық жарық сигналын беру жүйесі аккумулятор батареясының энергиясын тұтынады, сондықтан қажеттілік болмаған кезде апаттық жарық сигналын беру жүйесін өшіріп қойыңыз.
- Апаттық жарық сигналын беру жүйесін қолданғанда сәйкес ережелерді қатаң түрде сақтаңыз.
- Төтенше жағдайларда апаттық жарық сигналын беру жүйесі жұмыс істемей тұрғанда жолдағы басқа адамдардың назарын аудартудың өзге тәсілдерін пайдалану қажет, алайда қолданылатын құралдар қауіпсіз болуы және жол қозғалысы ережелеріне сәйкес келуі тиіс.

Апаттық аялдау белгісі



- ◆ Апаттық аялдау белгісі жүксалғыш бөлімнің қуыс еденінің оң жақ ұсақ-түйек бөлімінде орналасқан.
- ◆ Автокөлікте ақау пайда болғанда немесе жол-көлік оқиғасы жағдайында құрал-саймандар жәшігінен апаттық аялдау белгісін алыңыз және орнатар алдында оны жазыңыз.





Хабарлама

- Апаттық аялдау белгісін жергілікті ережелерге сәйкес қолданыңыз.
- Апаттық аялдау белгісі жай жолдарда автокөліктің артқы жағына 50 м (күндіз) немесе 80 м (тәуліктің қараңғы мезгілінде) қашықтыққа және автомагистральдарда 150 м қашықтыққа орнатылуы тиіс. Кейбір жағдайларда ерекше талаптарды ескеру қажет, мысалы, жаңбырлы ауа райында немесе бұрылыстарда жүргізушілер ертерек байқай алуы үшін апаттық аялдау белгісі автокөліктің артына 150 м қашықтыққа орнатылуы тиіс.

Апаттық кеудеше




- ♦ Егер жолда, әсіресе тәуліктің қараңғы мезгілінде тексеру немесе ақауды жою үшін автокөліктен түсу қажет болса, онда артқы жақта келе жатқан көлік құралдарының жүргізушілерінің назарын аударту үшін автокөліктен шықпас бұрын апаттық жарық шағылыстыратын кеудеше киіп алу қажет.
- ♦ Зауыттан жөнелткен кезде апаттық кеудеше жүксалғыш бөлімнің қуыс еденінің астына салынады.

Сақтандыру

- Орташа деңгейлі қауіп туралы ескерту қызметін атқарады, бұл ақпаратты елемейу жарақатқа алып келуі мүмкін.

Борттық құрал

Борттық құрал жинағы жүксалғыш бөлімнің қуыс еденінің астында орналасқан.



- ① Домкрат
- ② Сүйреу құлақшасы
- ③ Баллон кілті
- ④ Домкрат тұтқасы
- ⑤ Қосалқы дөңгелектің бекіту сомынына арналған ұзартқыш бастиек*






Хабарлама

- Төтенде жағдайда әрекет ету үшін әр құралдың, мысалы, сүйреу құлақшасының орналасқан жерін және қолданылу мақсатын білу қажет.
- Қолданғаннан кейін құралды бірден тазалау және бұрынғы орнына салып, сенімді етіп бекітіп қою қажет.

Ауасы шыққан шина




Егер автокөліктің қозғалысы кезінде шинадағы қысым төмендеп кетсе, рульді екі қолыңызбен ұстаңыз, бағдардан еріксіз ауытқуға жол бермеуге тырысыңыз. Бұрынғы қозғалыс бағытын сақтай отырып, біртіндеп баяулау үшін тежегіш педалін жеңіл басыңыз. Автокөлікті тоқтатыңыз және қажет болса, дөңгелегін ауыстырыңыз.

Сақтандыру

- Тежегіш педалін шұғыл баспаңыз, әйтпесе бұл тұрақтылықты және автокөлікті бақылауды жоғалтуға және оның аударылуына алып келуі мүмкін.
- Тоқтап тұрған автокөлікке артқы жақтан келіп соғылуынан сақтану үшін бірден апаттық жарық сигналын беру жүйесін қосып қойыңыз және апаттық аялдау белгісін ережелерге сәйкес автокөліктің артқы жағына орнатыңыз.

Шағын қосалқы дөңгелек

Шағын қосалқы дөңгелекті шығарып алу (бес орындық автокөлік)*




- ♦ Шағын қосалқы дөңгелек жүксалғыш бөлімнің қуыс еденінің астында орналасқан. Шағын қосалқы дөңгелекті шығарып алмас бұрын жүксалғыш бөлімнің қуыс еденін шешіп алыңыз және құрал-саймандар жәшігін шығарыңыз.
- ♦ Шағын қосалқы дөңгелекті шешіп алу үшін оны бекітіп тұрған шағын сермерді сағат тіліне қарсы бағытта бұрап ашыңыз.







Шағын қосалқы дөңгелекті шығарып алу (жеті орындық автокөлік)*



- ♦ Шағын қосалқы дөңгелек сол жақтағы суретте көрсетілгендей, жүксалғыш бөлімнің астында орналасқан.



- ♦ Шағын қосалқы дөңгелектің бекіту сомыны жүксалғыш бөлімнің қуыс еденінің астында құрал-саймандар жәшігінде орналасқан.



- ♦ Ұзартқыш бастиегі бар баллон кілтімен сағат тіліне қарсы бағытта шағын қосалқы дөңгелектің бекіту сомынын бұрап ашып алып, шағын қосалқы дөңгелекті шешіп алыңыз.




! Назар аударыңыз

- Тағайындалған қысымға (420 кПа) сәйкес келетініне көз жеткізу үшін шағын қосалқы дөңгелектегі қысымды жүйелі түрде тексеріп отырыңыз.
- Шағын қосалқы дөңгелектің шинасында тозу белгілерінің, жарықтардың бар-жоғын жүйелі түрде тексеріп отырыңыз және шинаның тозу индикаторлары көрініп тұрса, уақытылы ауыстырыңыз. Зақымы бар немесе шинасы шегіне дейін тозған шағын қосалқы дөңгелекті қолданбаңыз.
- Майдың төгілуінен шинаның зақымдалуына және қызмет мерзімінің қысқаруына жол бермеу үшін шағын қосалқы дөңгелекті маймен бірге сақтамаңыз.
- Шағын қосалқы дөңгелекті орнатқаннан кейін мүмкіндігінше тездетіп шинадағы қысымның нормаға сәйкес келетінін не келмейтінін тексеру қажет.
- Шағын қосалқы дөңгелекті тек уақытша қолдануға болады, бұл ретте максималды қозғалу жылдамдығы 80 км/сағ шамасынан, ал шағын қосалқы дөңгелекпен жүретін жол 50 км шамасынан аспауы тиіс. Жылдамдықты тез үдетуден және тежелуден сақтануға тырысыңыз.
- Өндірілген күнінен бастап 4 жылдан көп уақыт өткен шағын қосалқы дөңгелекті ауыстыруға кеңес беріледі.

Дөңгелекті ауыстыру

◆ Дайындау:

1. Автокөлікті қатты тегіс жол бетіне тоқтатыңыз.
2. Тұрақ тежегішін қосыңыз және селектор иінтірегін «Р» күйіне ауыстырыңыз.
3. Оталдыру жүйесін өшіріңіз («OFF» күйі) және апаттық жарық сигналын беру жүйесін қосыңыз.
4. Барлық жолаушылар автокөліктен түсуі және қауіпсіз жерде тұрып күтуі тиіс.
5. Апаттық кеудешені киіңіз, ережелерге сәйкес автокөліктің артына апаттық аялдау белгісін орнатыңыз.
6. Ауыстыруды қажет етпейтін басқа дөңгелектердің астына тіреу үшін сәйкес келетін заттар тауып алыңыз. Бұл автокөліктің жылжып кетуінің алдын алуы тиіс.
7. Шағын қосалқы дөңгелекті және қажетті құрал-саймандарды (домкрат, баллон кілті және т. б.) шығарып алыңыз.




◆ Домкратқа арналған тіреу нүктелері

- ◇ Домкратқа арналған тіреу нүктелері автокөліктің екі жағынан екеу-екеуден шамамен көрсетілген орындарда орналасқан.
- ◇ Тіреу нүктесінің жанында ойықтар бар. Домкратты тіреу нүктесі белгіленген алдыңғы және артқы ойықтардың арасына орнату қажет.






◆ Дөңгелекті ауыстыруға қажетті әрекеттер төменде сипатталған:




1. Баллон кілтімен сағат тіліне қарсы бағытта бұрау арқылы дөңгелек болттарын бір-екі айналымға босатыңыз.



2. Домкратты ауыстырылатын дөңгелектің жанына тіреу нүктесінің астына орнатыңыз. Домкраттың тегіс және қатты бетке қойылғанына көз жеткізіңіз.




3. Домкраттың тұтқасын кигізіңіз, баллон кілтін домкраттың тұтқасына кигізіңіз. Тұтқаны баллон кілтімен сағат тілі бағытында бұрай отырып, ақырын автокөлікті домкратпен дөңгелек жерден ажырағанша көтеріңіз.




4. Дөңгелек болттарын бұрап шығарыңыз және зақымдалған дөңгелекті шешіп алыңыз.

5. Шағын қосалқы дөңгелекті орнатар алдында дөңгелектің тиісінше жанасуын қамтамасыз ету үшін дөңгелектің монтаждалатын бетіндегі барлық шаң-тозаңын матамен сүртіп алыңыз.



6. Шағын қосалқы дөңгелекті және дөңгелек болттарын салыңыз. Дөңгелек болттарын салған кезде оларды алдымен барынша қолмен бұрап қатырыңыз, баллон кілтінің көмегімен бастапқы сәтпен біркелкі бұрап қатырыңыз.



7. Автокөлікті домкратпен түсіріңіз де, дөңгелек болттарын суретте көрсетілген айқыш тәртібімен кезек-кезек бұрап қатырыңыз.

Дөңгелек болттарының тағайындалған бұрап қатыру сәті: 130 ± 10 Н·м

8. Домкратты және барлық қолданылған құрал-саймандарды, сондай-ақ ауыстырылған дөңгелекті жүксалғыш бөлімге салыңыз да, сенімді етіп бекітіңіз. Жүксалғыш бөлімнің қуыс еденін орнына салыңыз.

⚠ Сақтандыру

- Дөңгелекті шешіп алғанда және орнатқанда баллон кілтінің болттың басына тайып кету, болттың зақымдалуы немесе жарақат алу мүмкін болмайтындай етіп кигізілгеніне көз жеткізіңіз.
- Босап кетуіне және дөңгелектің ажырауына жол бермеу үшін болттарға май немесе жағармай жақпаңыз. Бұл күрделі апатқа алып келуі мүмкін.
- Көтеру кезінде автокөліктің күйін мұқият қадағалаңыз. Егер автокөлік шанағының қатты қисайып тұрғанын байқасаңыз, көтеруді доғарыңыз, себебін анықтаңыз және көтеруді қисаюдың себебін жойғаннан кейін ғана жалғастырыңыз.
- Автокөлікті түсірген кезде автокөлікті жерге түсірудің нәтижесінде ешқандай дене мүшесіздің жарақат алмайтынына көз жеткізіңіз.
- Дөңгелекті осы нұсқаулыққа сәйкес ауыстырыңыз. Сіз нұсқаулардың сақталмағаны үшін жауапкершілік көтересіз.

◆ Дөңгелекті ауыстырғаннан кейін тексеру

- ◇ Дөңгелекті ауыстырғаннан кейін шинадағы қысымын тексеріңіз, нормаға келтіріңіз. Егер қысым тағайындалған мәннен төмен болса, автокөлікпен ақырын шинаға ауа үрлеуге болатын жақын жердегі пунктке дейін жүріп баруға кеңес беріледі.
- ◇ Барлық борттық құралдың дұрыс орналастырылғанына көз жеткізіңіз.

⚠ Сақтандыру

- Шағын қосалқы дөңгелекті тек қысқа уақытқа пайдалануға болады, шағын қосалқы дөңгелекпен жоғары жылдамдықпен жүруге рұқсат етілмейді (максималды жылдамдық 80 км/сағ шамасынан аспауы тиіс). Толық өлшемді дөңгелекке ауыстыру үшін КАІҮ дилеріне уақытылы жүгінуге кеңес беріледі.





Қозғалтқыш оталмайды

- ◆ Егер оталдыру тәртібінің дұрыстығына қарамастан қозғалтқышты оталдыра алмасаңыз, оның келесідей себептері болуы мүмкін:
 - ◇ Аккумулятор батареясының заряды отырған.
 - ◇ Аккумулятор батареясының оң және теріс шықпаларындағы клеммалардың коррозиясы немесе босап кетуі.
- ◆ Егер стартер қалыпты жұмыс істеп тұрса, әйтсе де қозғалтқышты оталдыра алмай жатсаңыз, оның келесідей себептері болуы мүмкін:
 - ◇ Бақтағы отынның жеткіліксіз деңгейі, отын құю қажет.
 - ◇ Қозғалтқыштың ақауы, жөндету үшін КАІҮІ дилеріне жүгінуге кеңес беріледі.



Сақтандыру

- Қозғалтқышты автокөлікті сүйреу арқылы оталдырмаңыз, себебі бұл қозғалтқышты оталдырған кезде соқтығысуға алып келуі мүмкін.

Қозғалтқыш қозғалыс кезінде өшіп қалады

Егер қозғалыс кезінде қозғалтқыш күтпеген жерден өшіп қалса, келесі әрекеттерді орындаңыз:

1. Біртіндеп автокөліктің жылдамдығын азайтыңыз, автокөлікті абайлап қозғалыс жолағынан шығарыңыз және қауіпсіз жерге тоқтатыңыз.
2. Апаттық жарық сигналын беру жүйесін қосыңыз.
3. Қозғалтқышты қайтадан оталдыруға әрекет етіп көріңіз. Егер қозғалтқыш оталмаса, техникалық қызмет көрсетуден өту үшін КАІҮІ дилеріне жүгінуге кеңес беріледі.

Сыртқы қорек көзінен оталдыру

- ◆ Егер аккумулятор батареясының заряд деңгейі қозғалтқышты оталдыру үшін тым төмен болса, қозғалтқышты оталдыру кабельдерінің көмегімен оталдыру үшін басқа автокөліктің аккумулятор батареясын жалғауға болады. Оталдыру жүйесінің өшірулі («OFF» күйі) екеніне көз жеткізіңіз де, келесі тәртіппен әрекет етіңіз:



1. Қызыл түсті плюс (+) кабелінің бір ұшын автокөліктің заряды отырған аккумулятор батареясының оң (+) шықпасына ① жалғаңыз.
2. Қызыл түсті плюс (+) кабелінің екінші ұшын зарядталған аккумулятор батареясының оң (+) шықпасына ② жалғаңыз.
3. Қара түсті минус (-) кабелінің бір ұшын зарядталған аккумулятор батареясының теріс (-) шықпасына ③ жалғаңыз.
4. Қара түсті минус (-) кабелінің екінші ұшын заряды отырған аккумулятор батареясы бар автокөліктің боялмаған және аккумулятор батареясына жақын емес металл бөлшегіне ④ жалғаңыз.
5. Зарядталған аккумулятор батареясы бар автокөліктің қозғалтқышын оталдырыңыз және келесі автокөліктің қозғалтқышын оталдыру кезінде қозғалтқышты бос жүріспен істетіп қойыңыз.





Назар аударыңыз

- Келесі қадамға өтпес бұрын жалғанған оталдыру кабелінің екінші бос ұшының әлдебір нәрсеге жанасуына жол бермеңіз.
- Минустық (-) оталдыру кабелінің ұшын заряды отырған аккумулятор батареясына жалғамаңыз.
- Аккумулятор батареясының заряды отырған автокөліктің қозғалтқышын оталдыруға әрекет жасап көріңіз. Егер бірнеше рет әрекет етіп көрген кезде қозғалтқыш оталмаса, техникалық қызмет көрсетуден өту үшін КАІҮІ дилеріне жүгінуге кеңес беріледі.

♦ Оталдыру кабельдерін ажырату тәртібі:

1. Қара түсті минустық (-) оталдыру кабелін аккумулятор батареясы отырған автокөліктен ағытыңыз.
2. Қара түсті минустық (-) оталдыру кабелін аккумулятор батареясы зарядталған автокөліктен ағытыңыз.
3. Қызыл түсті плюстік (+) оталдыру кабелін аккумулятор батареясы зарядталған автокөліктен ағытыңыз.
4. Қызыл түсті плюстік (+) оталдыру кабелін аккумулятор батареясы отырған автокөліктен ағытыңыз.

Сақтандыру

- Оталдыру кабельдерін дұрыс емес тәртіппен жалғау немесе ажырату қысқа тұйықталуға және автокөліктің зақымдануына алып келуі мүмкін. Мұндай жағдайда жөндеу жұмыстарының ақысы кепілдік бойынша төленбейді. Сондықтан оталдыру кабельдерін әрдайым дұрыс тәртіппен жалғаңыз және ажыратыңыз және оталдыру кабельдерінің бір-біріне немесе басқа металл заттарға тимей тұрғанына көз жеткізіңіз.

Қозғалтқыштың қызып кетуі

Егер салқындату сұйықтығы температурасының көрсеткісі шкаланың «Н» аймағына жақындаса немесе аспаптар тақтасында салқындату сұйықтығының жоғары температурасының сигнал шамы  жанса, келесідей әрекет етіңіз:

1. Автокөлікті жүріс бөлігінен шетте қауіпсіз жерге тоқтатыңыз.
2. Тұрақ тежегішін қосыңыз және селектор иінтірегін «Р» күйіне ауыстырыңыз.
3. Кондиционерді өшіріңіз.
4. Оталдыру жүйесін өшіріңіз («OFF» күйі) және апаттық жарық сигналын беру жүйесін қосыңыз.
5. Мотор бөлімінен шығып тұрған будың немесе ағып тұрған сұйықтықтың бар-жоғын тексеріңіз. Егер бу немесе ағып тұрған сұйықтық жоқ болса, капотты ашуға болады.
- 6.

Жөндеу үшін КАІҮІ дилеріне жүгініңіз.

- ◇ Егер салқындату сұйықтығының деңгейі төмен болса, сәйкес салқындату сұйықтығын қосымша құйыңыз және салқындату сұйықтығының жылыстау себебін тексеріңіз.






! Назар аударыңыз

- Егер қозғалтқыш жиі қызып кететін болса, техникалық қызмет көрсетуден өту үшін KAIYI дилеріне уақытылы жүгінуге кеңес беріледі.

Сақтандырғышты ауыстыру

Қысқа тұйықталудың немесе шектен тыс жүктеменің нәтижесінде сымдар жүйесінің зақымдалуының алдын алу үшін автокөліктің барлық электрлік тізбектері сақтандырғыштармен қорғалған. Сақтандырғышты тексеру және ауыстыру қажет болса, оталдыру жүйесінің өшірулі («OFF» күйі) екеніне көз жеткізіңіз.

Мотор бөліміндегі сақтандырғыштар блогы




Сақтандырғыштар блогы мотор бөлімінің сол жақ артқы бөлігінде орналасқан. Сақтандырғыштарды тексеру және ауыстыру үшін капотты ашыңыз, сақтандырғыштар блогы қақпағының екі жағындағы ілгіштерін басыңыз, бір мезгілде сақтандырғыштар блогының қақпағын жоғары қарай тартыңыз.

Алдыңғы панельдегі сақтандырғыштар блогы



Сақтандырғыштар блогы алдыңғы панельдің сол жақ астыңғы қаптауышының артында орналасқан. Сақтандырғыштарды тексеру және ауыстыру үшін алдыңғы панельдің сол жақ астыңғы қаптауышының қақпағын шешіп алыңыз.

Сақтандырғышты тексеру



- ① Ақаусыз сақтандырғыш
- ② Күйіп кеткен сақтандырғыш





Сақтандырғышты тексеру келесідей жолмен орындалады:

1. Барлық электр жабдықтарды өшіріңіз.
2. Аккумулятор батареясының теріс шықпасының клеммасын ағытыңыз.
3. Мотор бөліміндегі сақтандырғыштар блогының қақпағын немесе алдыңғы панельдің сол жақ астыңғы қаптауышындағы қақпақты шешіп алыңыз және болжалды ақаулы сақтандырғыштарды тексеріңіз.

Хабарлама

- Сақтандырғыштың ішіндегі металл өткізгіш сымды тексеріңіз, егер ол күйіп кеткен болса, сақтандырғышты ауыстыру қажет.

Сақтандырғышты ауыстыру

1. Болжам бойынша ақаулы сақтандырғыштарды шығарып алу үшін арнайы пинцетті қолданыңыз.
2. Егер сақтандырғыштың күйіп кеткенін не күймегенін анықтай алмай жатсаңыз, оны ақаусыз екені белгілі сақтандырғышқа ауыстырып және электр жабдықтардың сәйкес компоненттерінің жұмысын тексеріп көруге болады.
3. Егер сақтандырғыштың күйіп кеткені анықталса, оны номиналы дәл осындай сақтандырғышқа ауыстыру қажет.

Назар аударыңыз

- Алдыңғы панельді зақымдап алмау үшін алдыңғы панельдің сол жақ астыңғы қаптауышындағы қақпақты шешіп алғанда және орнына салғанда абай болыңыз, қажет болса, КАІҮІ дилеріне жүгінуге кеңес береміз.
- Ауыстыру үшін номиналы жоғары сақтандырғышты немесе қандай да бір басқа затты қолданбаңыз, себебі бұл осы электр жабдық жүйесінің күрделі зақымдарына алып келеді және өрттің шығуына түрткі болуы мүмкін.
- Сақтандырғыштар блогының ішкі бөлігі таза және ылғалдан қорғалған болуы тиіс.
- Күйіп кеткен сақтандырғыштарды ауыстыру қажет.
- Егер ақаусыз сақтандырғыш аз уақыттың ішінде күйіп кететін болса немесе электр жабдықтың компоненттері жұмыс істемей қалса, бұл электр жабдық жүйесінің күрделі ақаулығын көрсетеді. Техникалық қызмет көрсетуден өту үшін КАІҮІ дилеріне уақытылы жүгінуге кеңес беріледі.

Хабарлама

- Сақтандырғыштарға арналған пинцет пен қосалқы сақтандырғыштар мотор бөліміндегі сақтандырғыштар блогының қақпағында орналасқан.





Автокөлік батып қалды

Егер автокөлік құмға, батпаққа немесе қарға батып қалса, оны шығарып алу үшін келесі әрекеттерді орындауға болады:



1. Қозғалтқышты өшіріңіз және электр-механикалық тұрақ тежегішін қосыңыз.
2. Дөңгелектердің жанындағы батпақты, қарды немесе құмды тазалап алыңыз.
3. Дөңгелектердің ілінісуін жақсарту үшін астына тақтайлар, тастар немесе басқа заттар қойыңыз.
4. Қозғалтқышты оталдырыңыз және айналу жиілігін баяу ұлғайта отырып, автокөлікті шығарып алыңыз.

Сақтандыру


- Айналу жиілігін көбейткен кезде айналадағы кеңістіктің басқа автокөліктермен, объектілермен немесе адамдармен соқтығысып қалмайтындай жеткілікті кең және бос екеніне көз жеткізіңіз.
- Батып қалған автокөлік шығар кезде алға немесе артқа ырғалуы мүмкін. Әрдайым автокөліктің айналасындағы жағдайды қадағалап отырыңыз.

Хабарлама


- Батып қалған автокөлікті шығару үшін көмекшіңізге оны итеруге болады.
- Егер бірнеше рет әрекеттенгеннен кейін автокөлікті шығара алмасаңыз, тартқыш көліктің көмегін пайдаланыңыз.

Автокөлікті сүйреу

- ◆ Егер автокөлікті сүйреу қажет болса, КАІҮІ дилерінің көмегіне жүгінуге немесе мамандандырылған ұйымның эвакуаторын шақыруға кеңес беріледі.
- ◆ Автокөлікті эвакуатордың платформасына артып эвакуациялаған жөн. Автокөліктің дөңгелектері мен осьтері ақаусыз күйде болса, оны алдыңғы немесе артқы осьтерін іліп қойып тартқыш көлікпен сүйреуге болады.




- ◇ Платформаға тиеу арқылы эвакуациялау



◇ Алдыңғы осін іліп қойып сүйреу

Алдыңғы осін іліп қойып сүйреу үшін тартқыш автокөлікті пайдаланған жағдайда артқы дөңгелектердің астына жылжымалы арба орнатыңыз.



◇ Артқы осін іліп қойып сүйреу

Артқы осін іліп қойып сүйреу үшін тартқыш автокөлікті пайдаланған жағдайда алдыңғы дөңгелектердің астына жылжымалы арба орнатыңыз.


! Назар аударыңыз

- Шасси биік жүк автокөлігімен алдыңғы немесе артқы жүріспен сүйреу әрекетін жасамаңыз, бұл шанақты зақымдауы мүмкін.
- Сүйреу кезінде бампердің немесе жүріс бөлігінің зақымдалуына жол бермеу үшін ілінбеген ось жағындағы жерге дейінгі қашықтықтың жеткілікті екеніне көз жеткізіңіз.

i Хабарлама

- Аталған тәсілдердің кез келгенімен сүйреген кезде сақтандыру шынжырлары қолданылуы және қолданыстағы ережелер сақталуы тиіс.

Сүйреу құлақшасын орнату



- Алдыңғы жақтағы сүйреу құлақшасын орнатуға арналған ұяшық автокөліктің оң жақ астыңғы бөлігінде орналасқан.
- Сүйреу құлақшасынан алдынан орнату тәсілі:
 - Сүйреу құлақшасына арналған ұяшықтың бітеуішін ашу үшін оқшаулағыш таспа оралған бұрауышты пайдаланыңыз.
 - Сүйреу құлақшасын ұяшыққа сағат тілінің бағытында бұрап кигізіңіз және баллон кілтінің көмегімен бұрап қатырыңыз.





- ♦ Артқы жақтағы сүйреу құлақшасын орнатуға арналған ұяшық автокөліктің оң жақ астыңғы бөлігінде орналасқан.
- ♦ Артқы жақтан сүйреу құлақшасы алдыңғы жақтан сүйреу құлақшасын орнатуға ұқсас орнатылады.

Сақтандыру

- Сүйреу құлақшасын орнатқан кезде оны міндетті түрде бұрап қатырыңыз. Бұрап қатырылмаған сүйреу құлақшасы сүйреу кезінде орнынан шығып кетуі мүмкін, бұл күрделі жарақаттарға немесе автокөліктің зақымдалуына алып келеді.
- Егер автокөлік батпаққа немесе құмға батып қалса немесе сүйреу құлақшасы басқа себептермен өз бетінше шыға алмайтын автокөлікті сүйреу үшін қолданылатын болса, абай болыңыз. Сүйреу сымарқаны немесе шынжыр тым жоғары жүктемеден үзіліп кетуі мүмкін, бұл ауыр жарақаттарға немесе автокөліктің зақымдануына алып келуі мүмкін.

Назар аударыңыз

- Сүйремес бұрын сүйреу құлақшасы зақымдарының жоқ екенін тексеріңіз.
- Сүйреу құлақшасын зақымдап алмау үшін автокөлікті бүйірге қарай немесе тік жазықтықта бұрышпен қиғаш тартпай, осінің бойымен сүйреуге тырысыңыз.
- Сүйреу кезінде жүлқулардан сақтаныңыз, тарту күші біркелкі болуы тиіс.
- Егер сүйрелетін автокөлікті орнынан қозғау қиын болса, сүйреуді жалғастырмаңыз, КАІҮІ дилеріне жүгінуге кеңес береміз.
- Сүйреу құлақшасын тек автокөлікке батып қалған жерден шығып кетуге көмектесу үшін қолдануға рұқсат етіледі. Осылайша автокөлікті белгілі бір қашықтыққа сүйреуге тыйым салынады, себебі бұл автокөліктің зақымдануына алып келуі мүмкін.





Күтім жасау және техникалық қызмет көрсету бойынша нұсқаулар

- ◆ Автокөлікті пайдалану барысында жүйелі техникалық қызмет көрсетудің маңызы зор. Автокөлігіңіздің оңтайлы техникалық күйін сақтау және оның қызмет ету мерзімін ұзарту үшін осы нұсқаулықта көрсетілгендей техникалық қызмет көрсетудің мерзімділігін қатаң сақтаңыз. Жүйелі техникалық қызмет көрсету сондай-ақ автокөліктің істен шығуының алдын алу үшін жасырын ақауларды анықтауға және уақытылы жөндеуге мүмкіндік береді.
- ◆ Автокөлікке техникалық қызмет көрсету көлік иесінің өзі жасай алатын ағымдық қызмет көрсетуді және КАІҮІ дилерлері орындауы тиіс инспекциялық сервисті және жөндеуді қамтитын мерзімді техникалық қызмет көрсетуді білдіреді.
- ◆ Осы нұсқаулықтағы кеңестерге сәйкес пайдалану сұйықтықтарын (бензин, май, салқындату және тежегіш сұйықтығы) қолданыңыз, әйтпесе автокөлікке зақым келуі мүмкін.





Тазалықты сақтау

Сыртынан жуу

- ◆ Автокөлікті үнемі жуу оның сыртқы көрінісін сақтауға көмектеседі. Автокөлікті әдеттегі тәсілмен жуыңыз.
- ◆ Келесі себептер лак-бояу жабынының қатпарланып түсуіне немесе шанақтың және бөлшектердің коррозиясына алып келуі мүмкін, сондықтан автокөлікті уақытылы жуып отыруды қажет етеді:
 - ◇ Су жағалауымен жүру.
 - ◇ Мұзтайғаққа қарсы құралдармен өңделген жолдармен жүру.
 - ◇ Битуммен, шайырмен, құстардың саңғырығымен немесе жәндіктердің қалдықтарымен ластану.
 - ◇ Күйемен ластану, жоғары шаң-тозаң деңгейі, металл қоқымының шөгуі немесе химиялық заттардың әсері.
 - ◇ Автокөліктегі көзге көрінетін балшық пен шаңның іздері.
- ◆ Автокөлікті қолмен жуу
 1. Құбыршектен атқылаған су арынымен түбін және дөңгелек аркаларын қоса алғанда, автокөліктің бетінен балшықты, тұзды және сілтілі шөгінділерді жуып кетіріңіз.
 2. Ысқышты автокөліктерге арналған арнайы жуғыш құралға малып алыңыз және беттен тұрып қалған ластануыштарды абайлап сүртіп кетіріңіз.
 3. Шиналарды арнайы ысқышпен және шиналарды тазалауға арналған щеткамен тазалаңыз.
 4. Автокөліктің бетіндегі бүкіл көбікті мұқият жуып шайыңыз.
 5. Арнайы сіңіргіш дәкемен шанақтың бетін құрғатып сүртіп шығыңыз. Бояуын бүлдіріп алмау үшін шанақтың бетін күшпен ысқыламаңыз.
 6. Автокөлікті фенмен кептіріңіз.



Сақтандыру

- Автокөліктің түбін тазалаған кезде саусақтарыңызды кесіп алудан сақтаныңыз.



Назар аударыңыз

- Жуар алдында автокөлікті көлеңкеге қойып және жеткілікті деңгейге дейін суытып алыңыз.
- Лак-бояу жабынының зақымдалуына жол бермеу үшін автокөліктің үстіңгі және астыңғы бөліктерін бөлек ысқыштармен жуу қажет.

- ◆ Автоматтандырылған жуу
 - ◇ Автоматты жуу алаңдарында щеткалардың кейбір түрлері, шаюға арналған сүзгіден өткізілмеген су немесе машиналы жуу бағдарламалары лак-бояу жабынын зақымдауы және оның беріктігі мен жылтырын төмендетуі мүмкін.
 - ◇ Автокөлігіңіздің боялған бетіне арналған ең қауіпсіз жуу бағдарламасын таңдау үшін автоматты жуу алаңының қызметкерлерімен кеңесіп алыңыз.





Қоршаған ортаны қорғау

- Құрамында майы бар тазартылмаған шайынды сулардың кәріз жүйесіне ағуының және қоршаған ортаның ластануының алдын алу үшін автокөліктерді мамандандырылған жуу алаңдарында жуу қажет.
- ◆ Автокөліктерді жуу кезіндегі сақтық шаралары
 - ◇ Автокөлік шанағының боялған бөліктерінен өзге бөлшектерді тазалаған кезде материалдың коррозияға ұшырауының алдын алу үшін бейтарап жуғыш құрал және жұмсақ щетка немесе мөлдір қорғаныш жабыны бар жеңіл қорытпалы дөңгелек дискілерін тазалауға арналған ысқыш қолданыңыз.
 - ◇ Фараларды және шамдарды тазалау үшін сабын ерітіндісін немесе фараларды тазалауға арналған арнайы құралды пайдалануға болады.
 - ◇ Шашыратқыштарға қатты басудан сызаттардың түсуіне жол бермеу үшін фаралар мен шамдарды абайлап жуыңыз.



Назар аударыңыз

- Фаралар мен шамдардың беттерін тазалау үшін бензин, спирт және еріткіштер қолданбаңыз, әйтпесе бұл олардың жарылуына алып келеді.

Ішкі жақтан тазалау

Салонды тазаламас бұрын алдымен келесі ақпаратпен танысып алыңыз.



Қауіп

- Автокөліктегі қауіпсіздік жастықтарының компоненттеріне немесе сымдар жүйесіне ылғалдың тиюіне жол бермеңіз, себебі бұл қауіпсіздік жастықтарының орынсыз іске қосылуына және мұның нәтижесінде күрделі жарақаттарға алып келуі немесе тіпті өмірге қауіп төндіруі мүмкін.
- Балауыз немесе полироль қолданбаңыз. Қолданған жағдайда алдыңғы панель алдыңғы әйнектен шағылысып көрініп тұруы мүмкін. Бұл жүргізушінің орнынан қарағандағы көрініске кедергі келтіреді және ауыр жарақаттарға алып келуі немесе тіпті өмірге қауіп төндіруі мүмкін.



Назар аударыңыз

- Автокөліктің ішіне сұйықтықтарды, мысалы, жуғыш құралдарды төкпеңіз, әйтпесе бұл ылғалдың әсерінен электр жабдық компоненттерінің ақаулығына алып келуі мүмкін. Егер оларға кездейсоқ сұйықтық шашыраған болса, дереу сүртіп алыңыз.
- Егер жуғыш құрал қолдану қажет болса, жуғыш құралдың нұсқаулығын мұқият оқып шығыңыз және оны қатаң түрде сақтаңыз. Түсті өзгертіп жіберуі немесе беттің қатпарлануына алып келуі мүмкін органикалық заттарды (еріткіштер, керосин, спирт, бензин және т.б.) немесе қышқылды-сілтілі ерітінділерді пайдаланудан сақтаныңыз.

- ◆ Алдыңғы панельді және салонның әрлеу элементтерін тазалау
 - ◇ Тазалау үшін алдыңғы панельді таза және ылғал жұмсақ сүрткішпен абайлап сүртіп шығыңыз.
 - ◇ Ішкі беттерден кірін кетіру үшін алмастарды немесе басқа өткір заттарды қолданбаңыз.
 - ◇ Қатты щеткалар қолданбаңыз, бұл автокөліктің әрлеуін зақымдауы мүмкін.
 - ◇ Шектен тыс күшпен ысқыламаңыз, бұл бетті зақымдауы мүмкін.
 - ◇ Жұмсақ бейтарап сабын қолдануға және концентрацияланған жуғыш құралдарды немесе майсыздандырығыштарды қолданудан бас тартуға тырысыңыз.
 - ◇ Беттің үстінде суды немесе жуғыш құралды ұзақ уақыт қалдырмаңыз.





◆ Былғарыны тазалау

- ◇ Жүйелі күтім жасамасаңыз және тазаламасаңыз, былғары тыстамаға ылғал жиналуы мүмкін, зең түзіледі, жылтыры кетеді, жарықтар пайда болады. Бұл жүргізушінің денсаулығына және көңіл-күйіне әсер етеді. Сондықтан автокөліктегі былғары әрлеу элементтеріне жүйелі күтім жасап тұруға кеңес беріледі.
- ◇ Былғарының бетін тазалау үшін ылғал жұмсақ сүрткішті пайдаланыңыз. Егер мұқият тазалау қажет болса, былғарыға арналған арнайы тазартқышты қолданыңыз. Тазалағаннан кейін кептіру үшін құрғақ сүрткішті қолдануға немесе былғарының табиғи жолмен кебуіне мүмкіндік беруге болады.
- ◇ Былғарыны тазалауға әдеттегі дақ кетіргіштерді (кір жуатын ұнтақ, жуғыш құралдар және т. б.) қолданбаңыз, әйтпесе бұл бетті бүлдіреді, желінуіне немесе түсінің өзгеруіне алып келеді.

◆ Ауыстырып қосқыштарды тазалау

Ауыстырып қосқыштардың шаңын кетіру үшін шағын жұмсақ щетканы қолданыңыз.

◆ Әйнектерді тазалау

Әйнектерді тазалау үшін жұмсақ сүрткішті және арнайы құралды пайдаланыңыз. Қырнағыш тазартқыш құралдарды қолданбаңыз. Олар әйнектердің бетін сызуы немесе артқы әйнектің қыздыру элементін зақымдауы мүмкін.

◆ Қауіпсіздік белбеулерін тазалау

Қауіпсіздік белбеулерін жуу үшін бейтарап сабын ерітіндісіне немесе жылы суға малынған ысқышты немесе жұмсақ сүрткішті қолданыңыз. Қауіпсіздік белбеулерінде шектен тыс тозу белгілерінің немесе сызаттардың бар-жоғын жүйелі түрде қарап тексеріңіз.



Назар аударыңыз

- Қауіпсіздік белбеуінің оралып жиналмай тұрып толық кебуін күту қажет, әйтпесе бұл қауіпсіздік белбеуінің инерциялық шарғысын зақымдауы мүмкін.

◆ Еден жабынын тазалау

- ◇ Еден жабынын көбікті негіздегі жоғары сапалы тазартқыш құралмен тазалаңыз.
- ◇ Алдымен шаңсорғышпен шаңын сорып алыңыз, содан кейін айналдырған қимылдармен еден жабынын көбікті типті тазартқыш құралға малынған ысқышпен немесе щеткамен сүртіп шығыңыз.
- ◇ Шанақтың коррозияға ұшырауына жол бермеу үшін суды қолданбаңыз және еден жабынын мүмкіндігінше құрғақ ұстауға тырысыңыз.





Автокөлікке күтім жасау

Сыртқы жағынан күтім жасау

◆ Балауызбен өңдеу

- ◇ Автокөліктің жылтыр өңін сақтау үшін шанақты жылтыратуға және балауызбен өңдеуге кеңес беріледі.
- ◇ Егер шанақтың беті су жұқтырмайтын қасиеттерін жоғалтса, шанаққа балауыз жағуға немесе шанақты айына бір рет балауызбен өңдеп отыруға кеңес беріледі.
- ◇ Балауыз жақпас бұрын автокөлікті жуып, шанақты кептіріп алуға кеңес беріледі.
- ◇ Егер қарқынды су тигеннен кейін шанақтың бетінде тамшылар түзілмейтін, су шанақ бетіне жайылып жағылатын болса, автокөлікті қайтадан балауызбен өңдеу қажет.

◆ Лак-бояу жабынына күтім жасау

- ◇ Шанақты жаңбырдан кейін бірден сумен шайыңыз. Шанақтағы жаңбырдан болатын тамшылар біртіндеп кішірейеді, ал осы кезде жаңбыр суындағы қышқылдың концентрациясы ұлғаяды. Егер жаңбыр дақтарын мүмкіндігінше тезірек таза сумен жуып тастамасаңыз, лак-бояу жабыны барған сайын көбірек зақымданатын болады.
- ◇ Балауызды жуып жібермеу және лак-бояу жабынының ескіруінің алдын алу үшін сілтілі жуғыш ұнтақ, сабынды су немесе детергент қолданбаңыз. Автожуу алаңында қызметкерлерге балауызды кетіруге арналған тазартқыштар қолданбауын ескертіңіз. Теңіз жағалауында немесе қатты ластанған жерде пайдаланылатын автокөліктерді күнделікті жуу қажет.
- ◇ Автокөлікті таза жұмсақ сүрткішпен немесе ысқышпен сүртіңіз. Құрғақ сүрткішті немесе құрғақ ысқышты қолданбаңыз, олардан кейін металл үгінділері мен құм түйіршіктерінен сызаттар қалады. Автокөлікті абайлап судың ағу бағытымен жоғарыдан төмен қарай сүртіңіз, айналдыру қимылдары мен көлденең қимылдар жасамаңыз.
- ◇ Кейбір тұрып қалған ластануларды (битум, құс саңғырығы, жәндіктер және т. б.) және коррозия іздерін арнайы тазартқыштармен дер кезінде кетіріңіз. Лак-бояу жабынының зақымдалуына жол бермеу үшін алмастарды немесе бензинді қолданбаңыз.
- ◇ Май қалдықтары бар лас қолдарыңызбен шанақтың бетінен ұстамаңыз және лак-бояу жабынын май сіңген шүберекпен сүртпеңіз, химиялық реакциялардан сақтану үшін шанақтың үстіне маймен, органикалық еріткіштермен ластанған құралдарды және шүберекті қоймаңыз.
- ◇ Егер боялған бетте айқын білінетін сызаттар болмаса, түстердің әртүрлі болып шығуын болдырмау үшін қосымша бояуға асықпаңыз.
- ◇ Лак-бояу жабынына соққылардың әсер етуінен және шанақ сызаттарынан сақтаныңыз. Егер сызатты, ішіне қарай майысқан жерді немесе бояудың қатпарланып түсуін байқасаңыз, жөндеу үшін КАІҮІ дилеріне уақытылы жүгінуге кеңес беріледі.
- ◇ Жылтыратылған металл бөлшектерді тазалау үшін көміртекті негіздегі тазартқышты қолдану қажет, ал оларды қорғау үшін жүйелі түрде балауызбен ысқылау қажет.
- ◇ Шанақтың сәндік бөлшектерін тазалау үшін жоғары сапалы жуғыш құралдарды қолданыңыз, боялған бетке сіңіп кетуіне жол бермеу үшін балауызды шектен тыс күшпен ысқыламаңыз.
- ◇ Балауыз лак-бояу жабынына уақытша қорғанышты қамтамасыз етеді, сондықтан лак-бояу жабынына күтім жасау және шанақтың жылтырын дер кезінде қалпына келтіру үшін КАІҮІ дилеріне жүйелі түрде (тоқсан сайын) жүгініп отыруға кеңес беріледі.





Салонға күтім жасау


Салон күтімі оны тазалаудан тұрады. Тазалаудан кейін тиісті күйін сақтау үшін келесі кеңестерді орындаңыз:

- ◆ Алдыңғы панельді тазалап алғаннан кейін пластиктің ескіруін баяулату үшін тазартқыш қорғаныш сұйық балауыз қабатын жағуға болады.
- ◆ Былғары тыстаманы былғарыға арналған арнайы аэрозольді балауызбен өндеуге, содан кейін құрғақ шүберекпен жылтыратып сүртуге болады.
- ◆ Әйнектерді жаңбыр жауғанда немесе қыста буланудың алдын алатын аэрозольді құралдармен өндеуге болады.
- ◆ Автокөліктердегі тығыздауыштарды резеңкеге күтім жасау құралымен жүйелі түрде өндеу тығыздауыштардың иілгіштігін ұзақ уақыт бойы сақтай алады.


Мотор майы

Мотор майының деңгейін тексеру

- ◆ Мотор майының деңгейін жүйелі түрде тексеріп отыру қажет.
 - ◆ Мотор майының деңгейін тексеру үшін келесі әрекеттерді орындаңыз:
1. Автокөлікті тегіс орынға тоқтатыңыз, тұрақ тежегішін қосыңыз, қозғалтқышты өшіріңіз де, қозғалтқыш суығаннан кейін капотты ашыңыз.



2. Май өлшегіш сүңгіні суырып алыңыз.
3. Түксіз дәкемен май өлшегіш сүңгінің майын сүртіп алыңыз да, оны тірелгенше орнына сұғыңыз.



4. Шамамен 3 секундтан кейін май өлшегіш сүңгіні суырып алып, майдың нормаға сәйкес келуін не келмеуін тексеріңіз.






Хабарлама

- Май өлшегіш сүңгіні суырып алғанда немесе орнына салғанда май тамшыларының мотор бөліміне тамуына жол бермеу үшін оның астына дәке қойыңыз.

Мотор майын қосымша құю



Мотор майын қосымша құю үшін келесі әрекеттерді орындаңыз:

1. Май құятын ауыздың қақпағын сағат тіліне қарсы бағытта бұрап ашыңыз.
2. Майды шағын порциялармен құйыңыз және әр құйған сайын майдың деңгейін тексеріп тұрыңыз.
3. Май деңгейін қалыпқа келтіргеннен кейін май құятын ауыздың қақпағын орнына салып, сағат тілінің бағытында бұрап қатырыңыз.

Сақтандыру

- Май құю кезінде төгіп алмау үшін абай болыңыз. Егер май теріңізге тисе, оны мұқият жуып кетіріңіз.
- Құйғаннан кейін қозғалтқышты оталдырған кезде майдың ағуына және өртенуіне жол бермеу үшін май құю аузының қақпағын бұрап қатырыңыз.
- Мотор майы улы зат болып табылады және уланудан сақтану үшін балалардың қолы жетпейтін жерде түпнұсқа ыдысында сақталуы тиіс.

Назар аударыңыз

- Мотор майын нормадан асырып құймаңыз, әйтпесе бұл қозғалтқыштың зақымдалуына алып келеді.
- Осы нұсқаулықта ұсынылған мотор майын ғана қолдануға болады. Кепілдік сәйкес келмейтін мотор майын қолданудан туындаған ақаулықтарға қолданылмайды.

Қоршаған ортаны қорғау

- Пайдаланылған мотор майын қоршаған ортаны қорғау ережелеріне сәйкес кәдеге жаратыңыз. Оны тұрмыстық қоқыспен бірге кәдеге жаратпаңыз, кәрізге немесе жерге төкпеңіз.






Қозғалтқыштың салқындату сұйықтығы

Салқындату сұйықтығының деңгейін тексеру

- ◆ Салқындату сұйықтығының деңгейін жүйелі түрде тексеріп отыру қажет.
 - ◆ Салқындату сұйықтығының деңгейін тексеру үшін келесі әрекеттерді орындаңыз:
1. Автокөлікті тегіс орынға тоқтатыңыз, тұрақ тежегішін қосыңыз, қозғалтқышты өшіріңіз де, қозғалтқыш суығаннан кейін капотты ашыңыз.



2. Кеңейткіш бактағы салқындату сұйықтығының деңгейі келесі таңбалардың арасында тұрғанына көз жеткізіңіз:

- ◇ «MAX» — салқындату сұйықтығының үстіңгі шекті деңгейінің таңбасы.
- ◇ «MIN» — салқындату сұйықтығының астыңғы шекті деңгейінің таңбасы.
- ◇ Салқындату сұйықтығының деңгейі «MIN» және «MAX» таңбаларының арасында тұруы тиіс.

! Назар аударыңыз

- Егер салқындату сұйықтығының деңгейі «MIN» таңбасынан төмен болса, салқындату сұйықтығын қосымша құю қажет. Салқындату сұйықтығының жеткіліксіздігі салқындату тиімділігіне әсер етеді және қозғалтқыштың зақымдалуына алып келеді.

Салқындату сұйықтығын қосымша құю

Салқындату сұйықтығын қосымша құю қауіпті болып табылады және мұны тек мамандар ғана орындай алады, сондықтан КАІҮІ дилеріне жүгінуге кеңес береміз.

! Сақтандыру

- Абайсызда жұтып қоюдың және уланудың алдын алу үшін салқындату сұйықтығы балалардың қолы жетпейтін жерде түпнұсқа ыдысында сақталуы тиіс.
- Қозғалтқыш қызып тұрған кезде салқындату жүйесінде қысым болады. Салқындату сұйықтығының шашырауынан күйік шалудан сақтану үшін кеңейткіш бактың қақпағын ашпаңыз.

! Назар аударыңыз

- Салқындату сұйықтығын ауыстыру 2 жыл сайын немесе 40 000 км жол жүргеннен кейін жүзеге асырылуы тиіс.
- Тек осы нұсқаулықта ұсынылған салқындату сұйықтығын қолданыңыз. Кепілдік сәйкес келмейтін салқындату сұйықтығын қолданудан туындаған ақаулықтарға қолданылмайды.
- Егер салқындату сұйықтығы деңгейінің тез төмендеуі байқалса, салқындату жүйесінде жылыстау бар. Техникалық қызмет көрсетуден өту үшін КАІҮІ дилеріне уақытылы жүгінуге кеңес беріледі.





! Назар аударыңыз

- Салқындату сұйықтығын тек қозғалтқыш суығаннан кейін қосымша құюға болады, ал салқындату сұйықтығының деңгейі «MAX» таңбасынан жоғары болуы тиіс, әйтпесе қозғалтқышты оталдырған кезде және салқындату сұйықтығы жоғары қысыммен тұрған кезде салқындату сұйықтығы шашырауы мүмкін.
- Суық ауа райында салқындату сұйықтығының қатып қалуына жол бермеу үшін қоршаған ортаның температурасын есепке ала отырып, салқындату сұйықтығын құю қажет.


♻️ Қоршаған ортаны қорғау

- Құйып алынған салқындату сұйықтығын қоршаған ортаны қорғау ережелеріне сәйкес кәдеге жаратыңыз. Оны тұрмыстық қоқыспен бірге кәдеге жаратпаңыз, кәрізге немесе жерге төкпеңіз.

Тежегіш сұйықтығы

Тежегіш сұйықтығының деңгейін тексеру

- ◆ Тежегіш сұйықтығының деңгейін жүйелі түрде тексеріп отыру қажет.
 - ◆ Тежегіш сұйықтығының деңгейін тексеру үшін келесі әрекеттерді орындаңыз:
1. Автокөлікті тегіс орынға тоқтатыңыз, тұрақ тежегішін қосыңыз, қозғалтқышты өшіріңіз де, қозғалтқыш суығаннан кейін капотты ашыңыз.



2. Компенсациялық бактағы тежегіш сұйықтығының деңгейі келесі таңбалардың арасында тұрғанына көз жеткізіңіз:

- ◇ «MAX» — тежегіш сұйықтығының үстіңгі шекті деңгейінің таңбасы.
- ◇ «MIN» — тежегіш сұйықтығының астыңғы шекті деңгейінің таңбасы.
- ◇ Тежегіш сұйықтығының деңгейі «MIN» және «MAX» таңбаларының арасында тұруы тиіс.

- ◆ Автокөлікті пайдалану барысында тежегіш қыспақтарының тозуынан және саңылауының автоматты түрде реттелуінен тежегіш сұйықтығының деңгейі сәл төмендейді. Алайда тежегіш сұйықтығының деңгейі аз уақыт ішінде едәуір төмендейтін немесе «MIN» таңбасынан төмен түсіп кететін болса, бұл тежеу жүйесінде ықтимал жылыстаудың бар екенін көрсетеді. Мұндай жағдайда техникалық қызмет көрсетуден өту үшін КАІҮІ дилеріне уақытылы жүгінуге кеңес береміз.

! Назар аударыңыз


- Егер тежегіш сұйықтығының деңгейі «MIN» таңбасынан төмен болса, тежегіш сұйықтығын қосымша құю қажет.





Тежегіш сұйықтығын қосымша құю

Егер тежегіш сұйықтығының деңгейін тексеру қосымша құю қажеттігін көрсетсе, келесі әрекеттерді орындауға болады:



1. Қозғалтқыш салқын күйде тежегіш сұйықтығына арналған компенсациялық бактың қаппағын сағат тіліне қарсы бағытта бұрап ашыңыз.
2. Тежегіш сұйықтығын «MAX» және «MIN» таңбаларының арасындағы деңгейге дейін қосымша құйыңыз.
3. Тежегіш сұйықтығына арналған компенсациялық бактың қаппағын орнына салыңыз да, сағат тілі бағытында бұрап қатырыңыз.



Сақтандыру

- Тежегіш сұйықтығы улы зат болып табылады және кездейсоқ денеге тиюінің және жұтып коюдан уланудың алдын алу үшін тежегіш сұйықтығы балалардың қолы жетпейтін жерде түпнұсқа герметикалық ыдысында сақталуы тиіс.
- Тежегіш сұйықтығы кездейсоқ денеңізге тиген жағдайда оны дереу сумен мұқият жуып кетіріңіз.



Назар аударыңыз

- Тежегіш сұйықтығын 2 жыл сайын немесе 40 000 км жол жүргеннен кейін ауыстырып отыру қажет, ерекше жағдайларда ауыстыру интервалы қысқартылуы тиіс.
- Тежегіш сұйықтығының сипаттамасы — теңгерілген қайнау температурасы (ERBP) 230 °C-тан кем емес және құрамындағы ылғалымен теңгерілген қайнау температурасы (WERBP) 155 °C-тан кем емес DOT4.
- Тежегіш сұйықтығы өте гигроскопиялы, сондықтан тежегіш сұйықтығына арналған компенсациялық бактың немесе тежегіш сұйықтығы бар ыдыстың қаппағын ұзақ уақыт ашық ұстамаңыз.
- Осы нұсқаулықта ұсынылған тежегіш сұйықтығын ғана қолдануға болады. Кепілдік сәйкес келмейтін тежегіш сұйықтығын қолданудан туындаған ақаулықтарға қолданылмайды.
- Тежегіш сұйықтығы шанақтың лак-бояу жабынына күйдіретін әсер береді, сондықтан боялған бетке тиген тежегіш сұйықтығын бірден сүртіп алу қажет.




Қоршаған ортаны қорғау

- Құйып алынған тежегіш сұйықтығы қоршаған ортаны қорғау ережелеріне сәйкес кәдеге жаратылуы тиіс. Оны тұрмыстық қоқыспен бірге кәдеге жаратпаңыз, кәрізге немесе жерге төкпеңіз.





Әйнекжуғыш сұйықтығы



Әйнекжуғыш бағындағы сұйықтықтың деңгейін тексеріп отырыңыз. Егер сұйықтықтың деңгейі тым төмен болса, әйнекжуғыш сұйықтығын немесе әйнекжуғыш сұйықтығы мен судың қоспасын қосымша құйыңыз. Тек судың көмегімен алдыңғы әйнектің тазалығын қамтамасыз ету қиын.

⚠ Сақтандыру

- Әйнекжуғыш бағына қандай да бір қосқыштар қоспаңыз. Қосқан жағдайда алдыңғы әйнекте май дақтары немесе басқа ластану іздері қалып қоюы мүмкін. Бұл алдыңғы әйнек арқылы көріністі айтарлықтай нашарлатады және жол-көлік оқиғасына алып келуі мүмкін.

⚠ Назар аударыңыз

- Әйнекжуғыш сұйықтығының орнына басқа сұйықтықтарды пайдаланбаңыз, себебі бұл лак-бояу жабынында дақтардың түзілуіне алып келуі мүмкін.
- Әйнекжуғыш сұйықтығын жуғыш құралмен араластырмаңыз, себебі бұл жуғыш құралдың ыдырауына және әйнекжуғыш бүріккіштерінің бітеліп қалуына алып келуі мүмкін.

Автоматтық беріліс қорабына арналған май

Автоматтық беріліс қорабындағы майды тексеру, қосымша құю және ауыстыру әрекеттерін мамандар орындауы тиіс, сондықтан КАІҮІ дилерлеріне жүгінуге кеңес береміз.






Аккумулятор батареясы

Аккумулятор батареясын пайдалану бойынша нұсқаулар

Қозғалтқышты өшіргеннен кейін борттық электр жабдықтар қолданылған кезде аккумулятор батареясының заряды тез отыра бастайды:

- ◆ Қозғалтқышты өшіргеннен кейін борттық электр жабдықтарды ұзақ уақыт бойы қолданбаңыз.
- ◆ Автокөліктен түскен кезде барлық есіктердің жабық екеніне және бүкіл электр жабдықтардың (мысалы, жарықтың және т. б.) өшірілгеніне көз жеткізіңіз.

Аккумулятор батареясын тексеру



- ① Теріс шықпа
- ② Оң шықпа

- ◆ Аккумулятор батареясының оң және теріс шықпасындағы клеммалардың босап кетпеуін және коррозияға ұшырамауын тексеріңіз. Жарықтарының, сұйықтығының аққан жерлерінің және өзге де ақаулық белгілерінің бар-жоғын тексеру үшін аккумулятор батареясын сыртынан қарап шығыңыз. Мұндай белгілер болған жағдайда жөндету үшін КАІҮІ дилеріне уақытылы жүгінуге кеңес беріледі.
- ◆ Егер автокөлік ұзақ уақыт бойы тұрақта тұратын болса, аккумулятор батареясын зарядтап алу үшін қозғалтқышты жүйелі түрде оталдырып отыру қажет.

Хабарлама

- Егер аккумулятор батареясы зарядының деңгейі төмен немесе аккумулятор батареясы зақымданған болса және бұл қозғалтқышты оталдыруды қиындатса, аккумулятор батареясын зарядтау немесе оны ауыстыру үшін КАІҮІ дилеріне уақытылы жүгінуге кеңес беріледі.
- Аккумулятор батареясын зарядтау білікті қызметкерлердің бақылауымен жүргізілуі тиіс, сондықтан аккумулятор батареясын зарядтауды КАІҮІ дилерлеріне тапсыруға кеңес беріледі.
- Егер аккумулятор батареясын ауыстыру қажет болса, КАІҮІ дилерлеріне хабарласуға кеңес береміз. Сәйкес келмейтін аккумулятор батареясын қолдану автокөліктің істен шығуына немесе электр жабдықтардың ақаулығына алып келуі мүмкін.

Қоршаған ортаны қорғау

- Қоршаған ортаның ластануына және денсаулыққа зиян келтіруге жол бермеу үшін аккумулятор батареясын кәдеге жаратуды мамандандырылған ұйым жүзеге асыруы тиіс.






Салон сүзгісі

Салон сүзгісі алдыңғы панельдегі ұсақ-түйек тартпасының артына орнатылған. Ол климаттық қондырғының дефлекторлары арқылы салонға шаң-тозаңның кіруіне жол бермейді және ұзақ пайдалану барысында бітеліп қалады. Егер климаттық қондырғының тиімділігі айтарлықтай төмендесе, салон сүзгісін тексеріңіз және қажет болса, оны ауыстырыңыз.

1. Желдеткішті және кондиционерді өшіріңіз, ұсақ-түйек тартпасын ашыңыз, шеткі күйге қайырыңыз да, ұсақ-түйек тартпасын шешіп алыңыз.



2. Салон сүзгісі қақпағының бекіткішін басыңыз және қақпақты шешіп алыңыз.



3. Сүзгіш элементті шешіп алыңыз.
4. Сүзгіш элементтің күйін тексеріңіз, сүзгіш элементтің бетіндегі ластауыштарды кетіріңіз, қажет болса, оны ауыстырыңыз.
5. Салон сүзгісінің таза сүзгіш элементін таңбасын төмен қаратып ұяшыққа салыңыз, салон сүзгісінің қақпағын орнына салыңыз, содан кейін ұсақ-түйек тартпасын орнына орнатыңыз.

⚠ Назар аударыңыз


- Салон сүзгісін 6 ай сайын немесе 10 000 км жол жүргеннен кейін тексеруге және тазалап отыруға, қажет болса, сүзгіш элементін ауыстыруға кеңес береміз.
- Салон сүзгісінің сүзгіш элементін тазалауға суды қолданбаңыз.
- Ауыстырған кезде КАІҮІ дилерлері ұсынатын түпнұсқа қосалқы бөлшектерді қолданыңыз.
- Ұсақ-түйек тартпасын шешіп алу және орнату техникалық күрделі әрекет, бұл жұмысты өз бетіңізше орындаған кезде ұсақ-түйек тартпасын зақымдап алуыңыз мүмкін, сондықтан КАІҮІ дилеріне жүгінуге кеңес беріледі.
- Ұсақ-түйек тартпасын шешіп алу және орнату үшін есепсіз күш қолданбаңыз.





Ауа сүзгісі

Сүзгіш элементке шөккен шаң-тозаңның шектен тыс мөлшері кіргізу жағындағы кедергіні ұлғайтады, қозғалтқыштың қуатын төмендетеді және отын шығынын көбейтеді. Ауа сүзгісінің сүзгіш элементінің күйін жүйелі түрде тексеріп және тазалап отыруға кеңес беріледі.



1. Капотты ашыңыз.
2. Ауа сүзгісі корпусының үстіңгі бөлігінің бекіту винттерін бұрап ашыңыз және ауа сүзгісі корпусының үстіңгі бөлігін шешіп алыңыз.

3. Ауа сүзгісінің сүзгіш элементін алыңыз.
4. Ауа сүзгісінің сүзгіш элементінің күйін тексеріңіз және оның бетін ластауыштардан тазартыңыз, қажет болса, ауыстырыңыз.
5. Ауа сүзгісінің таза сүзгіш элементін ұяшыққа салыңыз және ауа сүзгісі корпусының үстіңгі бөлігін орнатыңыз.

Назар аударыңыз

- Ауа сүзгісін 10 000 км жол жүрген сайын тексеруге және тазалап отыруға, қажет болса, сүзгіш элементін ауыстыруға кеңес береміз.
- Ауа сүзгісінің сүзгіш элементін тексергеннен және тазалағаннан кейін оны орнына орнату қажет. Деформацияланған немесе зақымданған жағдайда ауа сүзгісінің сүзгіш элементін бірден ауыстыру қажет.
- Ауыстырған кезде КАІҮІ дилерлері ұсынатын түпнұсқа қосалқы бөлшектерді қолданыңыз.






Әйнектазартқыштар

- ◆ Жүргізушінің көру мүмкіндігі жақсы болуы тиіс. Қауіпсіздік мақсатында әйнектазартқыш щеткалары ақаусыз күйде ұсталуы тиіс.
- ◆ Шектен тыс тозған немесе ластанған әйнектазартқыш щеткаларынан әйнекте сызаттар түзіледі, көрініс нашарлайды және қозғалыс қауіпсіздігі төмендейді.
- ◆ Әйнектазартқыш щеткаларының күйін жүйелі түрде тексеріп, тозған және зақымдалған жағдайда оларды дер кезінде ауыстырып отырыңыз.

Алдыңғы әйнектазартқыштың щеткаларын ауыстыру

1. Оталдыру жүйесін қосыңыз («ON» күйі), қайтадан өшіріңіз («OFF» күйі) және оталдыру жүйесін өшіргеннен кейін 10 секундтың ішінде әйнектазартқыштардың ауыстырып қосқышын аз уақытқа «MIST» күйіне ауыстырыңыз. Әйнектазартқыштардың жетектемелері бұрылады және аралық күйге келіп тоқтайды. Бұл сервистік күй.
2. Әйнектазартқыштың жетектемесін алдыңғы әйнектен қайырып көтеріңіз және ұстап тұрыңыз.



3. Бұғаттау түймесін басу арқылы алдыңғы әйнектазартқыш щеткасын тартып шығарыңыз.
4. Алдыңғы әйнектазартқыштың щеткасын кері тәртіппен орнатыңыз және оның орнына бекітілгеніне көз жеткізіңіз.
5. Әйнектазартқыштың жетектемесін абайлап алдыңғы әйнектің бетіне түсіріңіз.

6. Оталдыру жүйесін қосыңыз («ON» күйі), әйнектазартқыштардың ауыстырып қосқышын аз уақытқа «MIST» күйіне апарыңыз, әйнектазартқыш сервистік күйден шығады.
7. Алдыңғы әйнектазартқыштың тиісінше жұмыс істеп тұрғанына көз жеткізіңіз.

⚠ Назар аударыңыз

- Қозғалысты бастамас бұрын әйнектазартқыш жетектемелерінің бастапқы күйде тұрғанына көз жеткізіңіз.
- Жаңа әйнектазартқыш щеткалары ұзындығы және басқа өлшемдері бойынша сәйкес келуі тиіс.
- Әйнектазартқыш жетектемесін әйнек бетіне түсірген кезде әйнекке соғылуына жол бермеу үшін абайлау қажет.

ℹ Хабарлама

- Егер әйнектазартқыш щеткаларын ауыстыру қажет болса, ауыстыру үшін КАІҮІ дилеріне жүгінуге кеңес беріледі.





Дөңгелектер

Шиналарды сынап жүргізу

- ◆ Сынап жүргізу кезеңінде жаңа шиналар жолмен оңтайлы ілінісуді қамтамасыз етпеуі мүмкін, сондықтан жол-көлік оқиғаларынан сақтану үшін қозғалыс жылдамдығы жоғары болмауы, ал көлікті жүргізу ерекше сақтықпен жүзеге асырылуы тиіс.
- ◆ Шиналардың жолмен жеткіліксіз ілінісуі тежелу тиімділігін төмендетеді.
- ◆ Егер қозғалыс кезінде әдеттен тыс дірілді немесе автокөлікті шетке бұрып әкеткенін сезсеңіз, дереу көлікті тоқтату және шиналардың зақымдалмағанын тексеру қажет.
- ◆ Шиналардың біркелкі емес және шектен тыс тозуын байқасаңыз, техникалық қызмет көрсетуден өту үшін КАІҮІ дилеріне уақытылы жүгінуге кеңес беріледі.



Сақтандыру

- Шина жарылған немесе шинадағы қысым кенеттен түсіп кеткен жағдайда жол-көлік оқиғасының ықтималдығы жоғары болады.
- Зақымдалған шиналар мен дөңгелек дискілерін, сондай-ақ тозу индикаторларына дейін тозған шиналарды қолданбаңыз. Олай болмаған күнде қозғалыс кезінде шинаның жарылуының салдарынан жол-көлік оқиғалары және жарақаттар болуы әбден ықтимал.
- Алты жылдан асқан шиналарды қолданбаңыз.
- Ешбір жағдайда шыққан тегі белгісіз ескі дөңгелек дискілері мен шиналарды қолданбаңыз, әйтпесе бұл қозғалыс кезінде автокөлікті басқарудан айырылуға алып келуі және жол-көлік оқиғасына ұшыратуы мүмкін.
- Протекторы қалпына келтірілген шиналарды қолданбаңыз, себебі қызмет ету мерзімі аяқталғаннан кейін шина қаңқасында өзгерістер болуы мүмкін, мұндай шиналардың төзімділігі шектеулі болуы мүмкін, бұл қозғалыс қауіпсіздігіне әсер етеді.



Назар аударыңыз

- Шиналарды химиялық заттардың, майлардың, жағармайдың, отынның және тежегіш сұйықтығының әсеріне ұшыратпаңыз.

Дөңгелектердің істен шығуының алдын алу бойынша шаралар

- ◆ Жиектастан немесе осыған ұқсас кедергілерден мүмкіндігінше ақырын және тік бұрышпен басып өту қажет.
- ◆ Шиналарда зақымдарының (кесілулер, тозу, қатпарлану, деформация немесе ісінулер секілді) болмауын жүйелі түрде тексеріп отырыңыз.
- ◆ Шина протекторының жырашықтарына кептеліп қалған қоқысты мезгіл-мезгілімен тазалап отырыңыз.

Шиналарды сақтау бойынша нұсқаулар

- ◆ Дөңгелектің айналу бағытын және динамикалық теңгерімін сақтау үшін шинаны шешіп алар алдында оған айналу бағытын көрсететін белгі салу және кейін оны осы белгісіне сәйкес орнату қажет.
- ◆ Шешіп алынған дөңгелектерді немесе шиналарды салқын, құрғақ, жарықтан қорғалған болуы абзал жерде сақтау қажет.
- ◆ Дөңгелек дискілеріне орнатылған шиналар тік күйінде сақталмауы тиіс. Дөңгелек дискілеріне орнатылмаған шиналар тік күйінде (шина протекторына қойылған күйде) сақталуы тиіс.





Жаңа шиналар мен дөңгелек дискілері

- ♦ Жаңа шиналардың өлшемінің, жүктеме және жылдамдық индекстерінің, сондай-ақ конструкциялық типінің түпнұсқа шиналарға барынша ұқсас екеніне көз жеткізіңіз.
- ♦ Бір шинаны ғана емес, кемінде бір осьтегі екі шинаны бірге ауыстыруға тырысыңыз.
- ♦ Берілген модельге мақұлданған өлшемнен үлкен шиналарды қолданбаңыз, себебі бұл шинаның шанаққа тиюінің салдарынан апатқа алып келуі мүмкін.
- ♦ Автокөлікке өлшемдері немесе типтері әртүрлі шиналарды, сондай-ақ жаздық, қыстық немесе бүкілмаусымдық шиналарды бірге орнатпаңыз.
- ♦ Біз сәйкес модель үшін біздің компаниямыз тарапынан мақұлданған шиналар мен дөңгелек дискілерінің комбинацияларын қолдануға кеңес береміз. Мақұлданбаған дөңгелек дискілері мен шиналарды орнатқан жағдайда біз автокөліктің қауіпсіздігіне кепілдік бере алмаймыз.
- ♦ Автокөлікке дөңгелек орнатқаннан кейін әрбір жолы дөңгелек болттарының бұрап қатыру сәттерінің сәйкестігін (130 ± 10 Н·м) тексеріңіз.

Шағын қосалқы дөңгелек

- ♦ Шағын қосалқы дөңгелек конструкциясы, протекторының бедері, жүктеме және жылдамдық индекстері және т. б. бойынша стандартты дөңгелектермен бірдей емес. Автокөлікті шағын қосалқы дөңгелек орнатылған күйде ұзақ пайдалануға рұқсат етілмейді.
- ♦ Төтенше жағдайда шағын қосалқы дөңгелекті орнатқаннан кейін қауіпсіздік мақсатында дөңгелекті ауыстырып алу үшін мүмкіндігінше тездетіп КАІҮІ дилеріне жетіп алуға кеңес беріледі.



Сақтандыру

- Шағын қосалқы дөңгелекті тек төтенше жағдайда уақытша орнату үшін пайдалануға болады, бұл ретте максималды қозғалу жылдамдығы 80 км/сағ шамасынан аспауы тиіс.

Жаздық шиналар

Шина протекторының биіктігі күшті жаңбыр кезінде автокөліктің қозғалу қауіпсіздігіне тікелей әсер етеді. Егер протектордың биіктігі 3 мм шамасынан кем болса, аквакалықтау қаупі жоғары болады.

Қыстық шиналар

- ♦ Қыстық шиналар қар және мұз басқан жолмен ілінісу бойынша жақсартылған сипаттамаларға ие, ал резеңкенің арнайы құрамы қыстық шиналарға төмен температуралар жағдайында өз қасиеттерін сақтауға, ең жақсы тежелу тиімділігін және сәйкесінше қозғалыс қауіпсіздігін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.
- ♦ Қыстық шиналар барлық дөңгелектерде қолданылуы тиіс.
- ♦ Қармен және мұзбен немесе 7 °С-тан төмен температурада жүрген кезде қыстық шиналарды қолдануға кеңес беріледі.
- ♦ Тек осы автокөлікте қолдануға мақұлданған және өлшемі, жүктеме және жылдамдық индекстері бойынша түпнұсқа шиналармен бірдей радиалды қыстық шиналарды ғана қолданыңыз.
- ♦ Қыстық шиналардың протекторының биіктігі жеткілікті болуы тиіс (протектордың биіктігі 4 мм шамасынан кем болмауы тиіс; егер протектордың биіктігі 4 мм шамасынан кем болса, қыста қолданылуы шектеулі).





Сақтандыру

- Жаздық шиналар және қыстық шиналар сәйкес ауа райы жағдайларында жолдармен жүрудің әдеттегі жағдайлары есепке алына отырып әзірленген. Қыста қыстық шиналарды қолдануға кеңес беріледі. Жаздық шиналар төмен температуралар жағдайында жүруге айтарлықтай дәрежеде азырақ жарамды, мұның нәтижесінде жолмен ілінісу және тежелу тиімділігі нашарлайды.
- Жаздық шиналар қыста өте төмен температураларда қолданылған жағдайда бүкіл беттерінде жарықтар пайда болуы мүмкін, олар шектен тыс шуға және теңгерімінің бұзылуына алып келеді.
- Қыстық шиналарды орнатқаннан кейін құрғақ жолдарда жолмен ілінісудің төмендеуі, жоғары шу деңгейі және протектордың тез тозуы байқалуы мүмкін. Қыстық шиналарға ауысқан кезде автокөліктің басқарылуы мен тежелуіндегі өзгерістерді ескеріңіз.
- Қыстық шиналарға арналған максималды жылдамдық салыстырмалы түрде төменірек, шиналарға арналған максималды рұқсат етілген жылдамдықтан асырмаңыз.
- Температура 7 °C-тан жоғары көтерілген кезде қозғалыс қауіпсіздігін және ең жақсы пайдаланушылық сипаттамаларын қамтамасыз ету үшін қыстық шиналарды дер кезінде жаздық шиналарға ауыстырыңыз.

Жасырын зақымдар

Шиналар мен дөңгелек дискілерінің зақымдары көп жағдайда байқалмайды, ал қозғалыс кезіндегі әдеттен тыс діріл немесе автокөліктің шетке тартып әкетуі шиналардың зақымданғанының белгілері болуы мүмкін. Егер шиналар зақымдалған деп күдіктенсеңіз, автокөліктің жылдамдығын түсіріңіз және шиналардың зақымданғанын не зақымданбағанын тексеру үшін тоқтаңыз. Егер сыртынан зақымдану белгілері көрінбесе, шиналарды тексерту үшін КАІҮІ дилеріне жүгінуге кеңес беріледі.

Протекторының бағытталған бедері бар шиналар

Кейбір шиналар қапталындағы дөңгелектің айналу бағытын білдіретін көрсеткіштермен немесе таңбалармен таңбаланады. Мұндай шиналар айналу бағытының таңбаламасына сәйкес орнатылуы тиіс. Айналу бағыты сәйкес болмаған жағдайда қозғалыс кезінде діріл, шу, тез тозу, жаңбырлы күндері жолмен айтарлықтай нашар ілінісу және т. б. белгілер пайда болуы мүмкін.

Шиналардағы қысымды тексеру

Шиналардағы тағайындалған қысым мәндері бар жапсырма автокөліктің жүргізуші жағындағы В бағанында орналасқан.

- ◆ Шиналардағы қысымды жапсырмаға сәйкес тағайындалған мәнге сәйкестігіне қатысты тексеріп отырыңыз.
- ◆ Шина шұрасының қалпақшасын бұрап ашыңыз (қалпақша жоғалған жағдайда дер кезінде жаңасын салыңыз).
- ◆ Шиналардағы қысымды тексеру үшін жоғары сапалы манометр қолданыңыз. Визуалды тексерумен ғана шиналардағы қысымның нормаға сәйкестігін анықтау мүмкін емес.
- ◆ Манометрді шинаның шұрасына жалғаңыз.
- ◆ Шиналардағы қысымды салқын күйінде тексеріңіз. Температура жоғарылаған жағдайда ауа қысымы біршама жоғары болады, алайда мұндай жағдайда шиналардағы қысымды азайту қажет емес.
- ◆ Шиналардағы қысымды беткейлі жол аймақтарынан тыс жерлерде жолаушылар мен жүктің салмағын біркелкі етіп бөліп орналастырғандағы автокөліктің жүктемесіне сәйкес нормаға келтіріңіз.
- ◆ Сондай-ақ қосалқы дөңгелек шинасындағы қысымды тексеріп отыру қажет.
- ◆ Шиналардың шұраларының қалпақшаларын орнына салып, бұрап қатырыңыз.





⚠ Сақтандыру

- Шиналардағы сәйкес емес қысым шинаның жарылуына алып келуі мүмкін, бұл жол-көлік оқиғасына ұшыратады.
- Шиналардағы қысымды кемінде айына бір рет және алыс жолға шығар алдында тексеріп отырыңыз. Апаттардан сақтану үшін шиналардағы қысым тағайындалған мәнге сәйкес болуы тиіс.
- Қысым жеткіліксіз болған жағдайда шинаның деформациялануы, оның қызып кету ықтималдығы, протекторының қатпарланып ажырау және жыртылу ықтималдығы артады.
- Шиналардағы тым төмен немесе тым жоғары қысым шиналардың тозуын үдетеді және автокөліктің бағдарлық тұрақтылығын төмендетеді.
- Міндетті түрде шиналардың шұраларына қалпақшаларын орнатыңыз. Қалпақша шұраға шаң-тозаңның кіруін және ластануын болдырмайды.


Дөңгелектердің орындарын ауыстырып салу

- ♦ Шиналардың әркелкі тозуына жол бермеу және олардың қызмет мерзімін ұзарту үшін 30 000 км сайын дөңгелектердің орындарын ауыстырып салуға кеңес беріледі. Дөңгелектердің орындарын ауыстырып салу жиілігі көлікті жүргізу стиліне және жол жағдайларына байланысты.
- ♦ Дөңгелектерді ауыстырып салғаннан кейін шиналардағы қысымды нормаға келтіріңіз.

ℹ Хабарлама

- Дөңгелектерді ауыстырып салғаннан кейін шиналардағы қысымды бақылау жүйесі калибрлеуді қажет етеді. Ол үшін KAIYI дилеріне жүгінуге кеңес беріледі.

Шиналардың тозу индикаторлары



- ♦ Шинада тозу индикаторлары болады. ① көрсеткісі шинаның қапталындағы тозу индикаторының орналасқан жерін көрсететін таңбаны білдіреді.
- ♦ ② көрсеткісімен протектор блоктарының арасындағы биіктігі 1,6 мм дөңес түріндегі тозу индикаторы белгіленген. Егер протектор тозу индикаторларына дейін тозған болса, бұл шина әрі қарай пайдалануға қауіпсіз емес және дереу ауыстырылуы тиіс.

Дөңгелектерді теңгеру

Автокөлік әртүрлі факторлардың әсерімен жүрген кезде дөңгелектердің теңгерімі бұзылуы мүмкін, сондықтан дөңгелектердің динамикалық теңгерімін жүйелі түрде тексеріп отыру қажет.

Дөңгелектердің орнатылу бұрыштарының бұзылуы

Дөңгелектердің сәйкес емес орнатылу бұрыштары шиналардың әркелкі және шектен тыс тозуына алып келеді, бұл қозғалыс қауіпсіздігіне әсер етеді. Егер шиналардың біркелкі емес немесе шектен тыс тозуы байқалса немесе автокөліктің қозғалыс кезінде бір жаққа қарай тартып тұратынын байқасаңыз, дөңгелектердің орнатылу бұрыштарын тексерту үшін KAIYI дилеріне уақытылы жүгінуге кеңес беріледі.





Техникалық қызмет көрсету мерзімділігінің кестесі

Кестеде автокөлікке жүргізілуі тиіс техникалық қызмет көрсетудің түрлері көрсетілген. Белгіленген қашықтықты жүріп өткеннен кейін автокөлікті техникалық қызмет көрсетуден өткізу үшін КАІҮ дилеріне ұсыныңыз. (★ белгісімен берілген жүрілген жол мәнінде қажетті техникалық қызмет көрсетулер белгіленген)

№	Техникалық қызмет көрсету түрі	Техникалық талаптар	Жүрілген жол бойынша техникалық қызмет көрсету мерзімділігі		
			Әр 10 000 км сайын	Әр 20 000 км сайын	Әр 30 000 км сайын
1	Сырттан бақылап қарап тексеру	Күйі қалыпты	★	★	★
2	Сыртқы және ішкі есік тұтқаларын тексеру	Жұмысы қалыпты	★	★	★
3	Төрт есіктің топсаларын тексеру	Жұмысы қалыпты, бөтен шуы жоқ	-	★	★
4	Төрт есіктің ашылуын шектегіштерді тексеру және майлау	Есіктердің ашылуын шектегіштерді тазалаудан кейін екі А және В жағынан жағармайдың сәйкес мөлшерін жағу. 6 ай немесе 10 000 км жүрілген жол сайын техникалық қызмет көрсетуден өткізу.	★	★	★
5	Төрт есіктің әйнеккөтергіштерін тексеру	Әйнектердің қажалусыз көтерілуі және түсірілуі, бөтен шуы жоқ	★	★	★
6	Төрт есіктің ауыстырып қосқыштары мен құлыптарын тексеру	Жұмысы қалыпты, бөтен шуы жоқ	★	★	★
7	Орталық құлыпты тексеру	Жұмысы қалыпты	-	★	★
8	Жарық аспаптарын тексеру (шалғай және таяу жарық, бұрылыс көрсеткіштері, артқы тұман шамдары, апаттық жарық сигналын беру жүйесі, стоп-сигналдар, артқы жүріс шамдары, нөмір белгісін жарықтандыру шамдары, алдыңғы төбе плафоны және т. б.)	Жарық қалпында	★	★	★
9	Ауыстырып қосқыштарды тексеру (әйнектазартқыштардың ауыстырып қосқышы, жарық ауыстырып қосқышы, фаралар түзеткіші және т. б.)	Жұмысы қалыпты, қажалу жоқ	★	★	★
10	Аспаптар тақтасындағы әр сигнал және бақылау шамдарын тексеру	Әр сигнал және бақылау шамының индикациясы қалпында	★	★	★
11	Мультимедиа жүйесін тексеру (басқару панелі, орталық дисплей, динамиктер және т. б.)	Мультимедиа жүйесінің жұмысы қалыпты, пернелер бастапқы күйіне қайтып оралады	★	★	★
12	Дыбыс сигналын тексеру	Дыбыс сигналының жұмысы қалыпты	★	★	★





№	Техникалық қызмет көрсету түрі	Техникалық талаптар	Жүрілген жол бойынша техникалық қызмет көрсету мерзімділігі		
			Әр 10 000 км сайын	Әр 20 000 км сайын	Әр 30 000 км сайын
13	Рульді тексеру	Рульді биіктігі бойынша бірқалыпты реттеу	★	★	★
14	Төбедегі люктің күнқағар қалқасын* тексеру	Жұмысы қалыпты	★	★	★
15	Климаттық қондырғының басқару панелінің түймелерін және дефлекторларын тексеру	Ауаның жеткілікті кіріс ағыны, температураны реттеу қалыпты, ауаның үлестіру режимдерінің ауыстырылуы қалыпты, ауа рециркуляциясының қосылуы қалыпты	★	★	★
16	Күнқағарларды, стақанқойғыштарды, ұсақ-түйек бөлімдерін, электрмен қоректендіру ағытпасын және т. б. тексеру	Жұмысы қалыпты	-	★	★
17	Салон сүзгісін тексеру	Зақымдарының, қоқыстың болмауы	★	★	★
18	Орындықтарды және қауіпсіздік белбеулерін тексеру	Жұмысы қалыпты, бөтен шуы жоқ	★	★	★
19	Селектор иінтірегін тексеру	Қажалусыз біркелкі қозғалыс	★	★	★
20	Тежегіш педалін және акселератор педалін тексеру	Қажалусыз біркелкі жүріс	★	★	★
21	Тұрақ тежегішін тексеру	Тиісінше жұмыс істейді	★	★	★
22	Ішкі және сыртқы артқы көрініс айналарын тексеру	Зақымдарының болмауы	★	★	★
23	Әйнектазартқыштардың щеткалары мен әйнекжуғыштың бүріккіштерін тексеру	Жұмысы қалыпты, бүріккіштер бітелмеген	★	★	★
24	Аккумулятор батареясын тексеру	Оң және теріс шықпаларда клеммалардың сенімді қосылысы, коррозия жоқ, кернеуі қалыпты	★	★	★
25	Мотор бөліміндегі сымдар жүйесін және өткізгіш құбырларды тексеру	Сымдар жүйелері ақаусыз, зақымдары жоқ, дұрыс жүргізілген; жылыстаулар жоқ; жылу көздерінен жеткілікті қашықтықта	★	★	★
26	Әйнекжуғыш сұйықтығын тексеру	Нормаға сәйкес, қажеттілігіне қарай қосымша құю	★	★	★
27	Мотор майының деңгейін тексеру	Май деңгейі қалыпты	★	★	★
28	Майды, май сүзгісін ауыстыру және май табандығын тазалау	Әр 10 000 км сайын, май деңгейі «MIN» және «MAX» таңбаларының арасында	★	★	★





№	Техникалық қызмет көрсету түрі	Техникалық талаптар	Жүрілген жол бойынша техникалық қызмет көрсету мерзімділігі		
			Әр 10 000 км сайын	Әр 20 000 км сайын	Әр 30 000 км сайын
29	Май сүзгісін, май табандығын, құйып алу саңылауының тығынын және беріліс қорабының картерін майдың жылыстауына қатысты тексеру	Майдың жылыстау белгілері жоқ	★	★	★
30	Қозғалтқышты салқындату сұйықтығының деңгейін тексеру және қата бастау температурасын анықтау	Салқын күйінде сұйықтықтың деңгейі «MIN» және «MAX» таңбаларының арасында	★	★	★
31	Тежегіш сұйықтығының деңгейін тексеру және ылғалдың мөлшерін анықтау	2 жыл сайын немесе 40 000 км жол жүргеннен кейін ауыстыру, деңгейі «MIN» және «MAX» таңбаларының арасында	★	★	★
32	Генератор белбеуін тексеру	Босамаған, жарықтары, қатпарлануы, сырлануы жоқ (60 000 км сайын ауыстыру)	-	★	★
33	Ауа сүзгісінің сүзгіш элементін тексеру	Зақымдарының, қоқыстың болмауы	★	★	★
34	Ауа сүзгісінің сүзгіш элементін ауыстыру	20 000 км сайын ауыстыру	-	★	-
35	Оталдыру бітелерін ауыстыру	30 000 км сайын ауыстыру	-	-	★
36	Автоматтық беріліс қорабындағы майдың деңгейін тексеру	Май деңгейі қалыпты, майдың сапасы қалыпты, 3 жыл немесе 60 000 км жол жүрген сайын ауыстыру	★	★	★
37	Салқындату агентінің айналу контурын тексеру	Өткізгіш құбырлары дұрыс өткізілген, жылыстаулары жоқ	-	★	★
38	Салқындату сұйықтығының өткізгіш құбырларын тексеру	Жарықтары, жылыстаулары жоқ, дұрыс тартылған	★	★	★
39	Амортизаторларды тексеру	Майдың жылыстау белгілері, бөтен шу жоқ	★	★	★
40	Тежегіш қыспақтарын тексеру	Тозу шегіне жетпеген, әркелкі тозудың болмауы	-	★	★
41	Күпшек мойынтіректерінде сыртылдың бар-жоғын тексеру	Шу жоқ	-	★	★
42	Шиналардағы қысымды тексеру және бақылап қарап тексеру	Шиналардағы қысым қалыпты, әркелкі және шектен тыс тозу белгілері жоқ	★	★	★
43	Дөңгелектердің орындарын ауыстырып салу, дөңгелек болттарын бұрап қатыру, жетек біліктерінің сомындарын бұрап қатыру	Бұрап қатыру сәттері тағайындалған мәндерге сәйкес келеді	-	-	★





№	Техникалық қызмет көрсету түрі	Техникалық талаптар	Жүрілген жол бойынша техникалық қызмет көрсету мерзімділігі		
			Әр 10 000 км сайын	Әр 20 000 км сайын	Әр 30 000 км сайын
44	Төрт теңдей бұрыштық жылдамдықтар топсаларының тысқаптарында зақымдар бар-жоғын тексеру	Зақымдарының болмауы	★	★	★
45	Руль тартпалары топсаларының тысқаптарында зақымдар бар-жоғын тексеру	Зақымдарының болмауы	★	★	★
46	Бұрылыс құлақтарының шарлы тіреулерінің люфті тексеру	Люфті қалыпты	★	★	★
47	Жүріс бөлігінің бұрандалы бекіткіштерінің (алдыңғы амортизатор бағандарын шанаққа бекіту сомындарының, амортизатор бағандарын бұрылатын құлақтарға бекіту болттарының, бұрылу құлақтарының иінтіректерінің бекіту сомындарының, артқы иінтіректерді рама астына бекіту болттарының, артқы амортизаторларды шанаққа бекіту болттарының, артқы амортизаторларды күпшек мойынтіректерінің корпустарына бекіту болттарының, артқы аспаның бойлық иінтіректерінің кронштейндерін шанаққа бекіту болттарының, артқы аспа тартқыштарын рама астына бекіту болттарының, күпшек мойынтіректерінің корпустарын бекіту болттарының) бұрап қатыру сәттерін тексеру	Бұрап қатыру сәттері тағайындалған мәндерге сәйкес келеді	-	★	★
48	Жүріс бөлігіне бекітілген өткізгіш құбырларды, отын бағын тексеру	Дұрыс өткізілген, жылыстаулары жоқ	★	★	★
49	Жетек біліктерін және руль тартқыштарын тексеру	Люфті қалыпты	★	★	★
50	Отын сүзгісін бақылап қарап тексеру*	Әр 30 000 км сайын бақылап қарап тексеру/тазалау	-	-	★
51	Диагностикалық тестердің көмегімен тексеру	Ақаулықтар кодтары жоқ, датчиктердің жұмысы қалыпты	★	★	★





№	Техникалық қызмет көрсету түрі	Техникалық талаптар	Жүрілген жол бойынша техникалық қызмет көрсету мерзімділігі		
			Әр 10 000 км сайын	Әр 20 000 км сайын	Әр 30 000 км сайын
52	Борттық құралдарды және қосалқы дөңгелекті тексеру	Борттық құрал бар, қосалқы дөңгелек шинасындағы қысым қалыпты	★	★	★

Ауыстыру интервалдары (қай мерзімнің бұрын орын алатынына байланысты):

1. Тежегіш сұйықтығы және салқындату сұйықтығы 2 жыл сайын немесе 40 000 км жол жүргеннен кейін ауыстырылуы тиіс.
2. Белсендірілген көмірі бар адсорбер 3 жыл сайын немесе 60 000 км жол жүргеннен кейін ауыстырылуы тиіс.
3. Автоматтық беріліс қорабындағы май 3 жыл сайын немесе 60 000 км жол жүргеннен кейін немесе автокөлік суға батырылғаннан кейін ауыстырылуы тиіс.
4. Дроссельді жапқышты тазалау 20 000 км сайын.
5. Салон сүзгісінің сүзгіш элементін 6 ай сайын немесе 10 000 км жол жүргеннен кейін тексеру және қажеттілігіне қарай ауыстыру.
6. Дөңгелектердің орнатылу бұрыштарын реттеу 20 000 км жол жүрген сайын.
7. Дөңгелектердің орындарын ауыстырып салу 30 000 км жол жүрген сайын.
8. Отын бағының желдету жүйесінің құбыршектерін ауыстырудың қолайлы интервалы 10 жылды немесе 500 000 км жүрілген жолды құрайды.
9. Отын бағының отын құю аузының құбыршегін ауыстыру интервалы 10 жылды немесе 500 000 км жүрілген жолды құрайды.


! Назар аударыңыз

- Жүргізу стиліне, қоршаған орта жағдайларына және жол жағдайларына байланысты ауыстыру интервалдары қысқаруы мүмкін, компоненттерді ауыстыру қажеттілігі бақылап қарап тексерудің нәтижелері бойынша анықталады.
- Автокөлікке техникалық қызмет көрсеткеннен кейін КАІҮІ дилері техникалық қызмет көрсету сигнал шамының жанып не жанбай тұрғанына қарамастан диагностикалық тестердің көмегімен техникалық қызмет көрсету индикаторын нөлдеуі тиіс.






Көлік құралының сәйкестендіру нөмірі (VIN)



Көлік құралының сәйкестендіру нөмірі (VIN) — бұл автокөліктің бірегей сәйкестендіру коды. Көлік құралының сәйкестендіру нөмірінің (VIN) орналасқан жерлері суретте көрсетілген:

- ① Төбенің алдыңғы көлденең арқалығының ортасында.
- ② Мотор бөлімінде суды бұрып әкететін қораптың оң жағында.
- ③ Капоттың ішкі панелінің артқы бөлігінде.
- ④ Алдыңғы панельдің сол жақ үстіңгі бөлігінде.
- ⑤ Алдыңғы сол жақ есіктің ішкі панелінің үстіңгі бөлігінде.
- ⑥ Жүксалғыш бөлім қақпағының ішкі панелінің оң жағында.
- ⑦ Артқы еденнің алдыңғы бөлігінде.
- ⑧ Оң жақ В бағанының ішкі панелінде.





- ◆ Көлік құралының сәйкестендіру нөмірі (VIN) 17 таңбадан тұрады және автокөлікті өндіруші ел, өндіруші, шыққан жылы, сәйкестендіргіші секілді ақпаратты қамтиды.

Зауыттық тақтайша




- ◆ Зауыттық тақтайша жүргізуші немесе алдыңғы жолаушы жағында В бағанына бекітілген. Орнатылу орны ұлттық заңнама талаптарына байланысты.




Қозғалтқыштың моделі мен нөмірі

SQRF4J16C ҚОЗҒАЛТҚЫШЫ



- ◆ Қозғалтқыш моделінің белгілемесі мен нөмірі цилиндрлер блогында кіргізу коллекторының астында орналасқан.

SQRF4J20 ҚОЗҒАЛТҚЫШЫ



- ◆ Қозғалтқыш моделінің белгілемесі мен нөмірі цилиндрлер блогында кіргізу коллекторының астында орналасқан.

Ақпараттық жапсырмалар



- ◆ Қауіпсіздік жастығына қатысты ескертуші жапсырма

Қауіпсіздік жастығына қатысты ескертуші жапсырмалар алдыңғы жолаушының күнқағарының алдыңғы және артқы бетінде орналасқан.






◆ Балалар бекітпесіне қатысты жапсырма

Балалар бекітпесіне қатысты жапсырмалар артқы сол және оң жақ есіктер аймағында орналасқан.




◆ Отын құюға қатысты ескертуші жапсырма

Отын құюға қатысты ескертуші жапсырма отын бағының отын құятын люгінің қақпағының ішкі жағында орналасқан.



◆ Шиналардағы тағайындалған қысым көрсетілген жапсырма


Шиналардағы тағайындалған қысым мәндері көрсетілген жапсырма жүргізуші жағындағы В бағанында орналасқан.



◆ Тежегіш сұйықтығына қатысты ескертуші жапсырма

Тежегіш сұйықтығына қатысты ескертуші жапсырма тежегіш сұйықтығына арналған компенсациялық бактың қақпағында орналасқан.





- ♦ Салқындату сұйықтығына қатысты ескертуші жапсырма


Салқындату сұйықтығына қатысты ескертуші жапсырма кеңейткіш бактың қақпағында орналасқан.



- ♦ Кондиционердің салқындату агентіне қатысты ескертуші жапсырма

Кондиционердің салқындату агентіне қатысты ескертуші жапсырма капоттың ішкі панелінде орналасқан.

Радиожиилікті сәйкестендіруге арналған терезе



Алдыңғы әйнектің қара түсті жақтауы және жүргізушінің көру алаңының шегінен тыс аймақ (алдыңғы жолаушы жағында болғаны тәуір) автокөліктің радиожиилікті сәйкестендіру таңбасын орнатуға қолданыла алады (аймақ көрсеткімен көрсетілген).

Хабарлама

- Таңба әйнектің жақтауымен немесе басқа объектілермен жабылмауы тиіс.





Автокөліктің техникалық сипаттамалары

*Ескертпе: бұл белгімен белгіленген сипаттамалар анықтама ретінде ғана келтірілген.



Сипаттамалары		Мәндер	
Автокөлік моделі		AC1FPL4BL50E010A (5 орын) AC1FPL4BL70E010A (7 орын)	AC1FPL4BL51E011A (5 орын) AC1FPL4BL71E011A (7 орын)
Өлшемі, мм	Ұзындығы	4710	
	Ені	1955	
	Биіктігі	1705	
Дөңгелектердің жолтабаны, мм	алдыңғы	1652	
	артқы	1652	
Алдыңғы құлама, мм		924	
Артқы құлама, мм		986	
Дөңгелек базасы, мм		2800	



Сипаттамалары		Мәндер	
Қозғалтқыш		1.6Т	2.0Т
Автокөлік массалары ортасының биіктігі, мм	жүктемесіз	648,1 (5 орын)/648,1 (7 орын)	661,4 (5 орын)/661,4 (7 орын)
	толық жүктемемен	707,5 (5 орын)/707,5 (7 орын)	722,3 (5 орын)/722,3 (7 орын)
Жабдықталған массасы, кг		1675 (5 орын)/1735 (7 орын)	1775 (5 орын)/1825 (7 орын)
Жабдықталған массасымен оське түсетін жүктеме, кг	алдыңғы	935 (5 орын)/987 (7 орын)	1012 (5 орын)/1050 (7 орын)
	артқы	740 (5 орын)/748 (7 орын)	1050 (5 орын)/775 (7 орын)
Толық масса, кг		1975 (5 орын)/2185 (7 орын)	2075 (5 орын)/2275 (7 орын)
Толық массасымен оське түсетін жүктеме, кг	алдыңғы	1034 (5 орын)/1100 (7 орын)	1120 (5 орын)/1140 (7 орын)
	артқы	941 (5 орын)/1085 (7 орын)	955 (5 орын)/1135 (7 орын)
Минималды жол саңылауы, мм		221,6 (5 орын)/221,6 (7 орын)	210,6 (5 орын)/210,6 (7 орын)
Кіру бұрышы, °		18 (толық жүктемемен)	18 (толық жүктемемен)
Шығу бұрышы, °		20 (толық жүктемемен)	20 (толық жүктемемен)
Кіру бұрышы, ° (толық жүктемемен)		19 (5 орын)/19 (7 орын)	18 (5 орын)/18 (7 орын)
Шығу бұрышы, ° (толық жүктемемен)		21 (5 орын)/20 (7 орын)	21 (5 орын)/19 (7 орын)
Минималды кері бұрылу диаметрі, м		11,8	11,8
Максималды жылдамдық, км/сағ		180	180
Максималды еңсерілетін өр, %		30	30
Орындар саны		5/7	5/7
Аралас циклдегі отын шығыны, л/100 км		7,92	8,28



**Қозғалтқыштың техникалық сипаттамалары**

Қозғалтқыш моделі	SQRF4J16C	SQRF4J20
Түрі	Қатарлы, төрт цилиндрлі, цилиндрлері тігінен орналасқан, 4 тактілі, сұйықтықпен салқындатылатын, цилиндрлер блогының бастиегіндегі екі үлестіру білігімен, реттелетін газ үлестіру фазаларымен, турбоайдауышымен, отынды тікелей бүркітін	Қатарлы, төрт цилиндрлі, цилиндрлері тігінен орналасқан, 4 тактілі, сұйықтықпен салқындатылатын, цилиндрлер блогының бастиегіндегі екі үлестіру білігімен, реттелетін газ үлестіру фазаларымен, турбоайдауышымен, отынды тікелей бүркітін
Жетек түрі	Алдыңғы жетек 4×2	Алдыңғы жетек 4×2
Цилиндр диаметрі, мм	77,0	80,5
Поршень жүрісі, мм	85,80	98,12
Жұмыс көлемі, см ³	1598	1998
Экологиялық класы	Еуро 6	Еуро 6
Сығу деңгейі	9,9	10,2
Номиналды қуаты, кВт	136,5	175,0
Номиналды қуаттылық кезіндегі айналу жиілігі, айн/мин	5500	5500
Максималды қуаты, кВт	140	180
Максималды қуаттылық кезіндегі айналу жиілігі, айн/мин	5500	5500
Максималды айналдыру сәті, Н·м	275	375
Максималды айналдыру сәтіндегі айналу жиілігі, айн/мин	2000–4000	1750–4000
Минималды салыстырмалы отын шығыны, г/кВт сағ	270	258





Тежеу жүйесінің техникалық сипаттамалары

Сипаттамалары			Мәндер
Жұмыстық тежегіштердің типі			Дискілі
Тежегіштердің күшейткіші			Вакуумдық
Тұрақ тежегішінің типі			Электр-механикалық
Тежегіш педалінің рұқсат етілген жүрісі, мм			5–10
Тежегіш қыспақтары мен тежегіш дискілерінің фрикциондық қаптамаларының өлшемдері	Алдыңғы тежегіштердің фрикциондық қаптамалары	Материалдың қалыңдығы, мм	10,3
		Тозу шекарасы, мм	2,0
	Алдыңғы тежегіш дискілері	Материалдың қалыңдығы, мм	28
		Тозу шекарасы, мм	26
	Артқы тежегіштердің фрикциондық қаптамалары	Материалдың қалыңдығы, мм	11
		Тозу шекарасы, мм	2
	Артқы тежегіш дискілері	Материалдың қалыңдығы, мм	12
		Тозу шекарасы, мм	10



**Дөңгелек дискілері мен шиналардың техникалық сипаттамалары**

Сипаттамалары		Мәндер
Шиналар өлшемі		245/60 R18, 255/50 R20
Қосалқы (шағын қосалқы) дөңгелектің өлшемі		T125/80R17
Дөңгелек дискілерінің өлшемі		18×7J/20×8,5J
Шиналардағы қысым, кПа		240 ±10
Қосалқы (шағын қосалқы) дөңгелектің шинасындағы қысым, кПа		420 ±20
Дөңгелек болттарын бұрап қатыру сәті, Н·м		130 ±10
Дөңгелектердің орнатылу бұрыштары	Алдыңғы дөңгелектердің құлау бұрышы	-0°25' ±45'
	Дөңгелектердің бұрылу осінің бойлық еңкею бұрышы	4,5° ±45'
	Дөңгелектердің бұрылу осінің көлденең еңкею бұрышы	12,2°±45'
	Алдыңғы дөңгелектердің түйісу бұрышы	0°5' ±5' (бір жағында)
	Артқы дөңгелектердің құлау бұрышы	-0°53' ±30'
	Артқы дөңгелектердің түйісу бұрышы	-0°7' ±10' (бір жағында)
Дөңгелектерді теңгеру		Ұрып қыстырылатын теңгергіш жүктердің массасы 8 г шамасынан көп емес, өзі жабықшы жүктердің массасы 10 г шамасынан көп емес

Басқа техникалық сипаттамалар

Сипаттамалары		Мәндер
Аспа	Алдыңғы аспа	Тәуелсіз, MacPherson типті
	Артқы аспа	Тәуелсіз, көпиінтіректі
Рульмен басқару түрі		Электр-механикалық күшейткішімен





Пайдалану сұйықтықтары және құю көлемдері

Пайдалану сұйықтығы	Сипаттамасы	Құю көлемі	Ескертпе
Тежегіш сұйықтығы	DOT4	0,8 л	/
Салқындату сұйықтығы (SQRF4J16C)	Қата бастау температурасы -40 °C	7,5 +0,5 л	/
Салқындату сұйықтығы (SQRF4J20)	Қата бастау температурасы -40 °C	7,5 +0,5 л	/
Әйнекжуғыш сұйықтығы	Сумен 2:1 арақатынастағы қоспа	0,67 л	/
Кондиционер жүйесіне арналған салқындату агенті	R134a	550 ±10 г 470 г (Таяу Шығыс, Африка, жазғы күндізгі температура 35 °C-тан жоғары болғанда)	/
Отын	Октандық саны 92 және одан жоғары этилденбеген бензин	60 л	/
Мотор майы (SQRF4J16C)	SM 5W-30 немесе SM 0W-30 және одан жоғары (қоршаған орта температурасы ≥ -30 °C болғанда) SM 0W-30 және одан жоғары (қоршаған орта температурасы < -30 °C болғанда)	4,0 ±0,2 л	Майды және сүзгіні ауыстырған кезде
Мотор майы (SQRF4J20)	C5 0W-20	3,8–4,1 л	Майды және сүзгіні ауыстырған кезде
Трансмиссия майы (7DCT300)	Sinopec DCTF-GS	3,25 ±0,10 л	Майды ауыстырған кезде
Трансмиссия майы (7DCT380)	PetroChina DCTF-7S	5,0 ±0,1 л	Майды және сүзгіні ауыстырған кезде

